	Ойлау қабілеттерін және шығармашылығын дамыту, еңбекқорлыққа баулу. Сөздік қорын байыту, бауырмалдылыққа, адамгершілікке тәрбиелеу. Саусақ моторикаларын дамыту. **Қауіпсіздігі:** Ойындардың ережелерін бұзбай ойнай білу керек. **Кіріктірілген:**сөйлеуді дамыту,қоршаған әлеммен танысу. **Қосымша жабдықтар**: Әр балаға жеткілікті таратпа суреттер. **Дидактикалық ойынды өткізуге арналған әдістемелік нұсқаулар**: ***Ойынның шарты:*** Балаларға таратпалы суреттерді көрсетеді (гүл, мысық, күшік,үй, көжек т.б). Суреттерді қарап, сұрақтарға толық жауап береді, қандай пішіндерден құралғанын атайды. Ойынға барлық парталас балалар қатысуға болады. Аталған бала бірінші болып текшені қояды, қалған балалар қойылған суретке байланысты өздерінде бар текшелерді ретімен қояды.Кімнің қолындағы текше бұрын бітсе, сол жеңеді. Бүтіндеп қойған бала затты жоғары көтеріліп, қол шапалақталады. Балалар тапсырмаларды орындау барысында сандарды тура және кері санап, реттік санды дұрыс қолдана білді.	**Қауіпсіздігі:** Ойындардың ережелерін бұзбай ойнай білу керек. Сандарды білу, заттарды санау, салыстыру, ажырату. **Кіріктірілген:** Сөйлеуді дамыту,шығармашы-лық дағдылар. **Қосымша жабдықтар**: суретте берілген қазақ, орыс, өзбек, татар халқының ұлттық киімінің суреттері. **Әдістемелік нұсқаулар:** ***Ойынның шарты:*** Балаларға Қазақстан халықтар бірлігі күні туралы әңгімелеу, ұлттық киімдердің нұсқаларын, осы елдердің туын,ұлттық өнер,тағам т.б.көрсету. **Ықтимал күрделендіру:** Құрастырылған заттарға байланысты тұжырым шығару. Оларды бір сөзбен қалай атауға болады? Ең маңыздысын тауып, дәлелдеу. **Ойынның нұсқаулары:** Құрастырылған жұмыстарына байланысты түсінік беру суреттер арқылы. **Жоспарланатын нәтижелер:** Ортақ мекен жер шары, Төбемізде бір аспан. Барлық ұлттың баласы, Достығымыз жарасқан. (өлеңге сәйкес қимылдар жасайды) **Жүйелі - әрекеттік нәтижелер:** танымдық, зерттеушілік,	сөйлеу дағдыларын қалыптастыру.Тіл мәдениетін, логикалық ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Ойын шартын орындауға, сыйластыққа, жауапкершілікке тәрбиелеу. **Ықтимал күрделендіру**: тілдік әріптерге байланысты іс-қимыл арқылы көрсете білу. **Тіл ұстарту жаттығулары (Артикуляциялық гимнастика):** **«Сағат»:** Тілді оңға-солға, бұрыш-бұрышқа қозғалту. **«Тәтті тосап»:** Тілдің ұшымен жоғарғы ерінді жалау. **«Тіс тазалау»:** Тілдің ұшымен тістердің ішкі жағын тазалау. **«Түтікше»:** Ерінді алға қарай түтікше қылып созу. **Тыныс алу жаттығулары:** **«Шар үрлеу»:** Мұрынмен терең дем алып, ауызбен баяу шарды үрлеу. **«Қағазды ұшыру»:** Үстел үстіндегі қағаз қиындыларын немесе мақтаны үрлеп түсіру. **«Кемені жүргізу»:** Суға салынған кемені үрлеп, қозғалысқа келтіру. **«Гүлді иіскеу»:** Мұрынмен терең тыныс алып, "а-а-х" деп шығару. 	**Ықтимал күрделендіру:** Әр мамандық иесіне тән құралды тауып, орналастыру. - Балалар бағанадан бері сендер көптеген мамандық иелерінің еңбегімен таныстыңдар. Енді өздерің де өскенде кім болғыларың келетінін айтатын кез келді. **Ойынның нұсқаулары:** Әскери мамандық туралы айтып өту.Мамандық бейнеленген үлкен карточкалардың бірін таңдағаннан кейін, ол туралы өз ойларымен түсіндіре білу.Барлығы бірге. Мамандық бейнеленген карточкаларды үстелге өқойылады,әр баланың таңдауы мен өз қалаулары бойынша алады. Балалар жұппен бөліктерден тұтас суретті құрастырады, уақыт бойынша, жылдамдық үшін бөліктерден бүтін құрайды.Балалар үстел үстіндегі мамандық иелерінің қолданатын құралдарын, аз уақыттың ішінде табулары керек. **Батыр гимнастикасы:** «Жерде, әуеде, суда» Шарты:Суда дегенде балалар жүзіп көрсетеді,әуеде дегенде қолдарымен ұшып көрсетеді,жерде дегенде аяқтарымен жүреді. **«Шаршасақ, дем алайық»** Бір екі, үш,	


	Ықтимал күрделендіру: Сандарға байланысты тура және кері санап,санның құрамын айтып беруге ынталандыру. **Бой сергіту сәтінде пайдаланатын математикалық тақпақ:** Бойды сергек тік ұста Емін — еркін тыныста Оң қолыңды соз алға Қол ұшына қарада Үшбұрыш сыз ауада Сол қол босқа тұрмасын Шеңбер жасап тынбасын. **Тіл ұстарту жаттығуы.** Сурет арқылы тақпақ айтқызу. Домалақпын, Домалақпын, Доп болып домаладым. Ай сияқты, күн сияқты, Шар сияқты домаладым **Сусақ жаттығуы:** Сол қолыңды соз алға, Сопақшаны сыз онда Сопақша, сопақша Сопақшаны сыз онда Оң қолда бос тұрмасын, Шеңбер сызып зырласын Шеңбер, шеңбер Шеңбер сызып зырласын. 1. **Артикуляциялық жаттығу.** Жол үстіндегі биоэнергопластикалық артикуляциялық жаттығуларды жасайық. Қол қимылы мен тіл қимылын үйлестіре орындау. **«Санамақ»** Ала шапан киініп,Қарбыз жатыр үйіліп. Қарбыздарды шетінен, Санап шықтым екіден. Бесеу болды жүп саны, Нешеу болды түп саны?(Он)	жобалаушылық, шығармашылық тұрғыдан жұмыс істеу білігінен көрініс табуы қажет. Әр ұлттың өзіне тән киімі, тағамы, салт-дәстүрі, өнері, тағамы болатыны туралы жүйелі-әрекеттік нәтиже шығару. Достар бір — біріне көмектеседі. Достарың ұзақ, тұрақты болу үшін бір — бірлеріңе көмектесіп, адал болуларың керек. Сонда ғана достықтарың берік болады. **Жұмыс түрі:** жұппен, топпен жұмыс, әңгімелесу, үстел-үсті ойындармен жұмыс. **Сауықтыру сәті.** **Көзге арналған жаттығулар:** Ақырын толық дем тарту. Алақанның жас-тықтарымен (шынашақ пен үлкен саусақ астындағы саусақ буыны үстіндегі орын) секундына 1 рет қимылдау желісімен дем тарту барысында оң жақтан және қайтып қабақтардан өткізу. Қолды алақандармен қабыстыру (жуынғанда сияқты) және бетке салу, көзді, ауызды және мұрынды жабу (көздер жұмылған). Бұл жағдайында демді максималды ұстау (шығуда), көзді ашу (жарық көзге түспеу керек) және алақанды алып тастамай, дем тарту. Алақанды жан-жаққа бір	 **Маңызды ережелер:** Жаттығуларды баланың денесін тік ұстап, иығын қозғалтпай, еркін күйде жасау керек. Әр жаттығуды 3-5 реттен, ойын түрінде қызықты өткізу қажет. Тыныс алу жаттығулары баланың сөйлеу кезінде дыбыстарды дұрыс шығаруына тікелей әсер етеді. **Қосымша жабдықтар**: 	Бойға жинап күш! Отан қорғау жолында Сенде алға түс!  **Есіңе сақтап ал:** Сын тұрғысынан сұрақтар: 1. Біздің әскер күшті ме? (Күшті) 2. Бейбітшілікті қорғай ма? (Қорғайды) 3. Ұлдар әскерге бара ма? (Барады) 4. Қыздарды өздерімен бірге ала ма? (Жоқ) 5. Матрос деп кімді айтады? (Теңізшіні) 6. Ұшқыш шекарада тұрама? (Жоқ) 7. Ол құстан биік ұшама? (Иә) 8. Бүгін қандай мереке? (Жеңіс күні және Отан қорғаушылыр) 9. Қыздар мен аналар мерекесі ме? (Жоқ) 10.Бейбітшілік — өмірде ең қымбат нәрсе ме? (Иә) **Тіл ұстарту жаттығуы:** Армияда әртүрлі әскерлер бар екенін білесіз. Сіз кім, қайда қызмет ететінін білуіңіз керек. Резервуарда кім қызмет етеді? (Балалар: танкистер). Шекарада кім қызмет етеді? (Балалар: шекарашылар). Тікұшақпен кім ұшады? (Балалар: тікұшақ	


	Қосымша жабдықтар:    	уақытта ақырыңдап жібере отырып, дем тарту. Жаттығу көз шаршаған кезде бір рет қана жасалады. **Артикуляциялық жаттығу:** **Қазы-қарта тураймыз.** Ауызымызды ашып, бір-бірімізге не айнаға қарайық. Ауызды ашсақ әдемі тістер көрінеді. Тісіміз өткір, пышақ секілді. Осы тістердің көмегімен біз ауызға түскен тамақты тістеп, кесіп, бөлшектеп жейміз. Ал тіліміз қазы-қарта секілді ет екен. Ендеше қазы-қарта турайық. Тілді біртіндеп баяу шығарып, тіспен тістейміз. Туралған қазы-қартаны ауызға саламыз. Осылайша тіл кері ауызға қайтарылады. 3-4 рет қайталайды. **Қолдың саусақтарын дамытуға арналған жаттығу** **«Қара жорға» жаттығуы** 1-қимыл. Қол қимылы. «Толқын».2-қимыл. «Самал жел» Қолды жоғары көтеріп екі жаққа теңселте, тербелте қозғалту. 3-қимыл. Екі иықты ырғалта қозғау. 4-қимыл. Қолды алға созып, «Тізгін тарту» қимлын жасау 5-қимыл. «Ат шабыс» қимылын істеу. **Поэзия сәт:** Сары, ақпыз, қарамыз,		ұшқыштары). Зымыран Күштерінде кім қызмет етеді? (Балалар: ракеткалар). Сүңгуір қайықтарда кім қызмет етеді? (Балалар: сүңгуір қайықтар). Әскери авиацияда кім қызмет етеді? (Балалар: әскери ұшқыштар). Әскери техникасы жоқ сарбаз қалай аталады? (Балалар: жаяу әскер). **Тыныс алу жаттығуы:** **«Шар»** *Қолға алып шарды,* *Үрлеймін мен былай.* *Үф-ф-ф,* *Үрлеймін деп қатты.* *Жарып алдым шарды* *пааааах...* **Қосымша жабдықтар**: 	












Бәріміз де баламыз.
Бір Отанда тұрамыз,
Бір мектепке барамыз.
Барлық әлем балаларын достыққа шақырайық.Өз досық тілегімізді, лебізімізді білдірейік.
Еліміз тыныш болсын!
Күніміз жарық болсын!
Аспанымыз ашық болсын!
Еліміз сау болсын !
Көк туымыз биік болсын.!
Есіңе сақта:
«Дос болсаң, берік бол,
Досыңа серік бол».
Ырыс алды – ынтымақ.
Бірлік болмай, тірлік болмас.
Ұрыс, ырысты қашырар
Ынтымақ, халықты асырар.
Күтілетін нәтиже:
Білуі: Балалар 1 мамыр мерекесі Қазақстан Халықтар бірлігі күні екенін біледі.
Меңгеруі: Өз Отанын сүюді, қорғауды, өзге ұлт өкілдерін құрметтеуді үйренеді
Игеруі: Әр ұлттардың киім ерекшеліктерін біледі.
Қосымша жабдықтар:

















		 Жапон ұлты Кыргызстан Кыргызстан Казахстан Казахстан Ресей			


Ресей
Қытай
Қытай
Өзбекстан
Өзбекстан
Үндістан


Азамат
Сарбаз
Ер жүрек
Қаһарман
Батыр
Айбынды
Мықты
Толағай
Ақылды
Қайсар

					
	Таңғы жаттығу – күннің сәтті бастамасы! **Мақсаты:** – балаларды салауатты өмір салтын ұстануға баулу; – күнделікті жаттығу жасауға дағдыландыру; – сабаққа деген ынта-жігерін арттыру. **Міндеттері:** – таңғы жаттығулар арқылы оқушылардың сергектігін қамтамасыз ету; – қимыл-қозғалыс мәдениетін қалыптастыру; – дене тәрбиесінің маңыздылығын насихаттау.				




	Балалардың жүзіндегі күлкі мен сергектік – осындай сәттердің жемісі. **Дағды:** Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекет дағдыларын қалыптастыру. **Салауатты ұрпақ – жарқын болашақ кепілі!**				
13:45-14:00 **Ж:аттығу** Жаттығу балаларды ақыл- ой, адамгершілік, еңбек және эстетикалық жағынан тәрбиелеу жұмысын жүзеге асыруға, олардың сергек, шат көңілді және күні бойы белсенді болуларына ықпал етуі тиіс. Жаттығу балаларды сауықтыру мен тәрбиелеудегі бағалы құрал болып табылады. Жаттығумен жүйелі айналысушыларда ұйқышылдық жоғалады, эмоционалдық өрлеу басталады, қабілеттілігі артады. Балаларды тәртіптендіреді.	**Өмірге салауатты қадам** **«Жалпы жаттығулар кезіндегі қауіпсіздік» анимациялық бейнероликтер топтамасын басшылыққа алу ұсынылады** **Жалпы дамыту жаттығулар кешені** **ЖИЫНТЫҚ № 37** **Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекет дағдыларын қалыптастыру.** **ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК** **Құрсаумен орындалатын жаттығулар** **№1 жаттығулар кешені** 1.Б.қ.: қолдарын жанына салбыратып, құрсаудың ішіне тұру. 1– отырып барып, құрсаудыекі жанынан ұстау; 2– денені түзеу, құрсау бел тұсына келеді; 3 – отырып, қайта орнына қою. 4 – қайтадан бастапқы қалыпқа келу (7-8 рет) 2.Б.қ.: аяқтарын иық деңгейінде ашыңқырап қою, құрсауды тігінен артына ұстайды. 1-2 –денені оңға бұру; 3-4 – қайтадан бастапқы қалыпқа келу. Сол жаққа осы қимылдарды қайталау (7-8 рет) 3.Б.қ.: негізгі тұрыс, құрсауды үстінен ұстап, тігінен еденге қою. 1-2 –	**Өмірге салауатты қадам** **«Жалпы жаттығулар кезіндегі қауіпсіздік» анимациялық бейнероликтер топтамасын басшылыққа алу ұсынылады** **Жалпы дамыту жаттығулар кешені** **ЖИЫНТЫҚ № 38** **Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекет дағдыларын қалыптастыру.** **ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК** **Құрсаумен орындалатын жаттығулар** **№ 2 жаттығулар кешені** 1.Б.қ.: қолдарын жанына салбыратып, құрсаудың ішіне тұру. 1– отырып барып, құрсаудыекі жанынан ұстау; 2 – денені түзеу, құрсау бел тұсына келеді; 3 – отырып, қайта орнына қою. 4 – қайтадан бастапқы қалыпқа келу (7-8 рет) 2.Б.қ.: аяқтарын иық деңгейінде ашыңқырап қою, құрсауды тігінен артына ұстайды. 1-2– денені оңға бұру; 3-4 – қайтадан бастапқы қалыпқа келу. Сол жаққа осы қимылдарды қайталау (7-8 рет) 3.Б.қ.: негізгі тұрыс, құрсауды үстінен ұстап,	**Өмірге салауатты қадам** **«Жалпы жаттығулар кезіндегі қауіпсіздік» анимациялық бейнероликтер топтамасын басшылыққа алу ұсынылады** **Жалпы дамыту жаттығулар кешені** **ЖИЫНТЫҚ № 39** **Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекет дағдыларын қалыптастыру.** **ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК** **Құрсаумен орындалатын жаттығулар** **№ 3 жаттығулар кешені** 1.«Өкшеге». Б.қ.: негізгі тұрыс, құрсау иық тұсында. 1-2– құрсауды жоғары көтеріп, оған қарау, оң (сол) аяғын жанына шығарып, ұшымен қою; 3-4– қайтадан бастапқы қалыпқа келу. 5 рет қайталау. (Басын төмен түсірмеу) 2.Б.қ.: отырып, аяқ арасын ашу, құрсауды иық деңгейінде ұстау; 1-2– оңға (солға) бұрылу, құрсауды жоғары көтеру; 3-4 – қайтадан бастапқы қалыпқа келу, қайталау (6 рет). «Аяғы құрсауда». Б.қ.: шалқалап жату, құрсауды сан тұсына ұстау.	**Өмірге салауатты қадам** **«Жалпы жаттығулар кезіндегі қауіпсіздік» анимациялық бейнероликтер топтамасын басшылыққа алу ұсынылады** **Жалпы дамыту жаттығулар кешені** **ЖИЫНТЫҚ №40** **Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекет дағдыларын қалыптастыру.** **ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК** **Құрсаумен орындалатын жаттығулар** **№ 4 жаттығулар кешені** **«Құрсауды жоғары көтеру»** 1.Б.қ. – тұру, аяқтарын табан енінде ашып қою, құрсауды иыққа ілу; 1 – құрсауды жоғары көтеріп, оған қарау; 2 – қайтадан бастапқы қалыпқа келу, қайталау (8 рет). 2.«Құрсауды көтеру» Б.қ.: қолдарын жанына салбыратып, құрсаудың ішіне тұру. 1– отырып барып, құрсауды екі жанынан ұстау; 2 –денені түзеу, құрсау бел тұсына келеді; 3 – отырып, қайта орнына қою. 4 қайтадан бастапқы қалыпқа келу (8 рет). 3.«Бұрыш»	**1 мамыр — Қазақстан халқының бірлігі күні.** 



	құрсауға сүйеніп, оңаяғын артқа созу. 3-4 – қайтадан бастапқы қалыпқа келу. Сол аяқпен қайталау. (7 рет) 4.Б.қ.: аяқтарын табан еніндей ашып, құрсауды бүгілген қолдарымен ұстап тұру. 1-2 –құрсауды алдыға шығарып, отыру; қайтадан бастапқы қалыпқа келу, қайталау (7-8 рет). 5.Б.қ.: шалқалап жату. Түзу қолдарымен құрсауды басынан асырып ұстау. 1 – оң аяғын тізеден бүгіп, құрсауды тізесіне тигізеді; 2 – қайтадан бастапқы қалыпқа келу; сол аяғымен осы қимылдарды орындау. (7-8 рет қайталау) 6.Б.қ.: құрсаудың ішінде тұру. Қолдары белде. Бір құрсаудан екіншіге қос аяқтап секіру.	тігінен еденге қою. 1-2 – құрсауға сүйеніп, оңаяғын артқа созу. 3-4 – қайтадан бастапқы қалыпқа келу. Сол аяқпен қайталау. (7 рет) 4.Б.қ.: аяқтарын табан еніндей ашып, құрсауды бүгілген қолдарымен ұстап тұру. 1-2– құрсауды алдыға шығарып, отыру; қайтадан бастапқы қалыпқа келу, қайталау (7-8 рет). 5.Б.қ.: шалқалап жату. Түзу қолдарымен құрсауды басынан асырып ұстау. 1– оң аяғын тізеден бүгіп, құрсауды тізесіне тигізеді; 2 – қайтадан бастапқы қалыпқа келу; сол аяғыменосы қимылдарды орындау. (7-8 рет қайталау) 6.Б.қ.: құрсаудың ішінде тұру. Қолдары белде. Бір құрсаудан екіншіге қос аяқтап секіру.	1-2– құрсауды тік қою, аяқты тізеден бүгіп, құрсауға сұғып, қайта түзеу; 3-4– қайтадан бастапқы қалыпқа келу, қайталау (4-6 рет). «Құрсауға жеткіз». Б.қ.: құрсауды басының артына ұстап, шалқалап жату. 1-4– аяқтарын жоғары көтеру, аздап арасын ашу, құрсауға дейін көтеріп апару; 5-8– баяу төмен түсіру. Аяқтарын бүкпей, басын керу. Қайталау (6-8 рет). 5 «Құрсау арқада». Б.қ.: аяқтарын иық деңгейінде алшақтатып қою, Құрсау төмен түсірілген;1-2 – құрсауды жоғары көтеру, жоғары қарау, керілу; 3-4– қайтадан бастапқы қалыпқа келу,қайталау (4 рет). 6. Б.қ.: негізгі тұрыс, құрсауды жанына еденге қою. Артпен секіріп құрсауды 3 рет айналу. Бағытын өзгертіп, 4 рет жай жүріспен алмастырып, қайталау.	Б.қ. – құрсаудың ішінде отыру, қолдарымен артта еденге тірелу. 1– екі аяғын бірдей түзетіп, жоғары көтеру; 2 – аяқтарын екі жаққа ашып, еденге құрсаудан шығарып қою; 3 –аяқтарын қосып, қатарластырып, түзеп жоғары көтеру; 4 – қайтадан бастапқы қалыпқа келу, қайталау (8 рет). 4.«Құлау» Б.қ. – тұру, құрсауды екі қолмен төменге қаратып ұстау; 1 – сол аяқпен құлап, құрсаудың ортасына қадам аттау; 2 – қайтадан бастапқы қалыпқа келу; 3 – сол аяқпен сол қимылдарды қайталау (8 рет). 5.«Айналдыру» Б.қ. – тұру, құрсауды еденге қою; құрсауды бір қолмен айналдыру (3 рет). 6.«Массаж» Б.қ. – тұру, құрсауды еденге қою; оны оң аяқтың бармақтарымен көтеру. Сол аяқпен қимылдарды қайталау (3 рет). 7.«Табанды сергіту» Б.қ. – құрсаудың ішінде тұру. Құрсаумен өкшелеп жүру, бармақтарымен жүру; (2 айналу) 8.«Секіру» Б.қ. – құрсауға қарап тұру,аяқтары аздап алшақтатылған, қолдары жанында; екі аяқтап	






					құрсауды секіріп, бағытын кезек өзгерте отырып, аздаған үзіліс жасап, айналу.	
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Балаларды алған әсерлерімен бөлісуге, жаңалықтарды білуге, бірлескен жоспарларды, проблемаларды талқылауға, қызықты әрекетті таңдауға, ережелерді келісуге және т.б. үйрету. Балалар қоршаған ортаны ұйымдастыруда тәрбиешіге көмектеседі (бірлескен іс-әрекет, міндет)					
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттері мен уақыты						
ҰІӘ уақыты: 14.00-16.10	14.00-14.25 14.35-15.00 15.10-15.35 15.45-16.10	**Дүйсенбі** **27.04.26**	**Сейсенбі** **28.04.26**	**Сәрсенбі** **29.04.26**	**Бейсенбі** **30.04.26**	**Жұма** **01.05.26**
		Математика негіздері **Сөйлеуді дамыту** **Қазақ тілі** **Дене тәрбиесі**	**Сауат ашу негіздері** **Қоршаған әлеммен танысу** **Сурет салу** **Музыка**	**Математика негіздері** **Көркем әдебиет** **Сауат ашу негіздері** **Дене тәрбиесі**	**Математика негіздері** **Сөйлеуді дамыту** **Қазақ тілі** **Музыка**	**1 мамыр — Қазақстан халқының бірлігі күні.** 
1-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты: 14.00-14.25						
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ҰІӘ (ұйымдастырылған іс-әрекет)	**1.Математика негіздері–** танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті. **ҰІӘ тақырыбы:** Заттар тобы.Заттарды санау.№4 **ҰІӘ міндеттері:** - заттарды санау, заттар тобын салыстыру, жиынның бөліктерін санау және элементтердің (заттардың) бір-біріне қатынасы негізінде салыстыру, жиынның бөліктен үлкен (кіші) немесе олардың теңдігін анықтау, санды цифрмен сәйкестендіру, қағаз бетінде бағдарлау дағдыларын бекіту;	**1. Сауат ашу негіздері-** қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет. **ҰІӘ тақырыбы:** Буынның орнын анықтау. **ҰІӘ міндеттері:** - дауысты, дауыссыз дыбыстарды айтылу барысында ажыратуды жетілдіру; -дыбыстардың сөз ішіндегі орнын анықтай алу дағдыларын дамыту; -дұрыс отырмаудың денсаулыққа зиян екенін түсіндіріп, салауатты өмір сүруге тәрбиелеу. **Дағды**: Сөзді буынға бөлу, дыбыстық талдау жасау,	**1.Математика негіздері–** танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті. **ҰІӘ тақырыбы:** Заттар тобы.Заттарды санау.№5 **ҰІӘ міндеттері:** - санды цифрмен сәйкестендіру, заттардың екі тобын бір жиынға біріктіру, санның «көршілерін» атау дағдыларын бекіту; -зейінді, есте сақтауды, сөйлеуді, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -табандылыққа тәрбиелеу. **Дағды**: Өзара бірмәнді сәйкестікті анықтау арқылы заттардың	**1.Математика негіздері–** танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті. **ҰІӘ тақырыбы:** Заттар тобы.Заттарды санау.№6 **ҰІӘ міндеттері:** - заттарды санау, санды цифрмен сәйкестендіру, жиынды бөліктерге бөлу, жиынның бөліктен үлкен (кіші) немесе олардың теңдігін анықтау дағдыларын бекіту; -талдау, қарапайым тұжырымдар жасау, логикалық ойлау, зейін, есте сақтау, сөйлеу, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -табандылыққа тәрбиелеу.	**1 мамыр — Қазақстан халқының бірлігі күні.** 

	-талдау, қарапайым тұжырымдар жасау, логикалық ойлау, зейін, есте сақтау, сөйлеу, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -үй жануарларына деген қызығушылыққа, оларға деген қамқорлыққа тәрбиелеу. **Дағды**: Тура және кері санау дағдыларын дамыту.Заттар тобын санап салыстыруға, теңдік, теңсіздік, тең белгілерін қолдана білуге үйрету. **Құндылықтарға баулу:** Балаларды заттарды салыстыруға үйрету. «Қаншалықты артық немесе кем?» деген сұраққа жауап бере алу.Кеңестік туралы түсініктерін дамыту; ойлау қабілеттерін жетілдіру. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** 1-ден 10-ға дейінгі тура кері санай білуге және «қанша», «сонша», «тең» деген ұғымдарды меңгертуді мақсат еткен сабақта балалардың зейінін, ой-өрісін дамыту, сөздік қорын молайту, дидактикалық ойындар арқылы балалардың ақыл ой белсенділігін тәрбиелеу. **Қауіпсіздігі:** Заттарды салыстыруға үйрету заттардың үлкен және кіші санын анықтау,салыстыра алу және қаншалықты артық немесе кем?деген сұраққа жауап алу.	сөйлем құрай алу дағдыларын бекіту. **Құндылықтарға баулу:** Сөздерді буынға бөлу дағдыларын жетілдіру. Сөздегі жетіспейтін буынды аяқтауға, берілген дыбысқа сөздерді жылдам құрауға жаттықтыру. Дербес жұмыс істеу алуға және ұқыптылыққа тәрбиелеу. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Ептілікке,аңғарымпаздыққ абір-біріне деген достық қарым- қатынасқа,топпен жұмыс жасауға тәрбиелеу. **Қауіпсіздігі:** Балаларға сөзді бірнеше бөлікке бөлуге болатыны туралы түсіндіру, ол бөлік буын деп аталатынын ұғындыру. **Апта дәйексөзі**: **«Еңбек түбі зейнет»** **Күтілетін нәтиже**: - буындардан сөз құрайды, дыбыстық талдау жасайды. -дыбыстан буын, буыннан сөз құралатынын. -дыбыстарды ажыратады. **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** Шаттық шеңберіне тұрғызу. Бір-біріне жақсы сөздер айтады.	топтарын салыстыру тәсілін топтастыра алу дағдысын қалыптастыру. **Құндылықтарға баулу:** Заттар тобын салыстыру (қай топта зат көп немесе аз екенін анықтау). Заттарды санауды үйрену (1-ден 10-ға дейін). Логикалық ойлау мен салыстыру дағдыларын дамыту. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Топтарда заттардың тең және тең емес санын анықтауға, санау және топтарды салыстыру негізінде сандық мәндерді дұрыс айту; талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасауға үйрету; Есте сақтау, сөйлеу, назар аудару, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Дербестікке тәрбиелеу. Басталған істі соңына дейін жеткізуге баулу. **Қауіпсіздігі:** Артық,кем,теңдік туралы ұғымдарын қалыптастырады. - Заттарды салыстыруға үйренеді. - Үлкен және кіші сандарды анықтай алады. - Салыстыра алады және қаншалықты артық немесе кем екенін айырады. **Апта дәйексөзі**: **«Еңбек түбі зейнет»** **Күтілетін нәтижелер:** - санайды, заттар тобын салыстырады, сөздерді	**Дағды**: Өзара бірмәнді сәйкестікті анықтау арқылы заттардың топтарын салыстыру тәсілін топтастыра алу дағдысын қалыптастыру. **Құндылықтарға баулу:** Кеңестік туралы түсініктерін дамыту; ойлау қабілеттерін жетілдіру. Ұқыпты жұмыс жасауға тәрбиелеу. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** 1-ден 10-ға дейінгі тура кері санай білуге және «қанша», «сонша», «тең» деген ұғымдарды меңгертуді мақсат еткен сабақта балалардың зейінін, ой-өрісін дамыту, сөздік қорын молайту, дидактикалық ойындар арқылы балалардың ақыл ой белсенділігін тәрбиелеу. **Қауіпсіздігі:** Заттарды салыстыруға үйрету заттардың үлкен және кіші санын анықтау,салыстыра алу және қаншалықты артық немесе кем?деген сұраққа жауап алу. **Апта дәйексөзі**: **«Еңбек түбі зейнет»** **Күтілетін нәтижелер:** -өзара бірмәнді сәйкестікті анықтау арқылы заттардың топтарын салыстыру тәсілін; -санап, салыстыру білігін.	

	Жауапкершілікке, шапшандылыққа, ұқыптылыққа, жинақылыққа тәрбиелеу. **Апта дәйексөзі**: **«Еңбек түбі зейнет»** **Күтілетін нәтижелер:** - санайды, заттар тобын салыстырады, сөздерді айтады: «азырақ, көбірек, тең»; -өзара бірмәнді сәйкестікті анықтау арқылы заттардың топтарын салыстыру тәсілін; -санап, салыстыру білігін. **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** **Ойындық жағдаят.** Әлия мен Сырым (№1 парақ) балаларға суреттер әкелді. Олар ойнауды ұсынады. **«Жануарлардың жіктелуі» дидактикалық ойыны.** Балаларға үй жануарларының, құстардың, балықтардың суреттері таратылады. Балалар суреттерді тиісті топтарға бөледі. Содан кейін жануарларды санайды, цифры бар карточканы көрсетіп, тұсына қояды. Салыстыру жасайды, қайта санайды немесе бір-бірімен жұптастырады. Қорытынды шығарады: көп, аз, бірдей (тең). **Балаларға көрсету әрекеті:** **Дәптермен жұмыс.**	Өткен тақырыпты қайталау. **«Сұрақ-жауап» әдісі арқылы қайталау.** 1) Дыбыстар деген не? 2) Дыбыстар нешеге бөлінеді? 3) Қандай-қандай болып бөлінеді? 4) Олар қалай аталады? «Кім зерек?» дидактикалық ойыны – Балалар, көк түсті жалаушаларыңды дауыссыз дыбыс айтқанда көтеріңдер, қызыл жалаушаларыңды дауысты дыбыс айтқанда көтеріңдер. **Балаларға көрсету әрекеті:** **«Жалауша» дидактикалық ойыны** – Балалар, мен сендерге дыбыс айтып, сол дыбысы бар сөздерді айтамын. Егер дыбыс сөз басында болса, қызыл жалаушаны, сөз соңында болса, көк жалаушаны, сөз ортасында болса, екі жалаушаны да желбіретесіңдер. Мысалы: (**ү**) күлтеше, жүрек, үтік, үздік, үтір, үміт, үй, үйшік, күзт.б. (**і**) бәсіре, бәліш, әтір, үтік, көмір, ірімшік, іс, сіріңке, мәсі т.б. (**з**) ұзын, құндыз, ұзын, қозы, зәкір, зәйтүн, зімбіл, зәре, қаз, құз, біз, тізе т.б. Жұмыс дәптерімен жұмыс 1. Суреттерді ата. Буынға бөліп, **-ба** буынының	айтады: «азырақ, көбірек, тең»; -өзара бірмәнді сәйкестікті анықтау арқылы заттардың топтарын салыстыру тәсілін; -санап, салыстыру білігін. **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** **Ойындық жағдаят.** Әлия мен Сырым (№1 парақ) кірпі суреттерін әкелді, ойнауды ұсынады. **«Кірпілер» дидактикалық ойыны.** Педагог кірпінің суреттерін таратады. (үлестірмелі материалдар № 17 парақ). Оларды қалың қатырғықағазға жабыстыру керек. Балаларға екі түсті киімқыстырғыштар беріледі (әр түстен 6 дана). Педагог 5 дана киім-қыстырғышын бекітуді сұрайды. Балалар түсіндіреді: бір қызыл киімқыстырғыш және 4 көк, барлығы 5. Бес – бұл 1 және 4. Педагог балалардың қанша қыстырғышты бекіткенін білу үшін, цифры бар карточкаларды көрсетуді сұрайды. Ойын бірнеше рет қайталанады. **Балаларға көрсету әрекеті:** **Дәптермен жұмыс.** **1-тапсырма.** Карточкада қанша цифр көрсетілсе,	**Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** **Ойындық жағдаят.** Әлия мен Сырым (№1 парақ) кірпі суреттерін әкелді, ойнауды ұсынады. **«Кірпілер» дидактикалық ойыны.** Педагог кірпінің суреттерін таратады. (үлестірмелі материалдар № 17 парақ). Оларды қалың қатырғықағазға жабыстыру керек. Балаларға екі түсті киімқыстырғыштар беріледі (әр түстен 6 дана). Педагог 7 дана киім-қыстырғышын бекітуді сұрайды. Балалар түсініктеме береді: бір қызыл киімқыстырғыш және 6 көк, барлығы 7. Жетеуі 1 және 6. Педагог карточкаларды көрсетуді сұрайды, балалар қанша киімқыстырғышты тіркеді. Ойын бірнеше рет әртүрлі киімқыстырғышпен жалғасады (3-тен 7-ге дейін).	

	1-тапсырма. Қашада 9 қозы бар. Олардың үшеуін «шығар». Қашада неше қозы қалды? Дөңгелектер сал. Балалар жағдайды дөңгелектердің көмегімен модельдейді. Олар алдымен 3 дөңгелек салады (қозылар тобын тұтас жиынтықтан ажыратады), содан кейін қалғаны – 6.  **«Үй құстары» сергіту сәті.** Педагогтің өз шығармашылығына қарай жүргізіледі. (Басбармағы мен кішкентай саусағынан бастап қалғандарына кезек-кезек тигізеді.) Әр ананың балалары әдемі, жақсы! (Саусақтарды ойнау арқылы көрсетеді.) **Балалармен бірге орындау әрекеті:** **2-тапсырма.** Фигураларды жаңа орындарға ауыстыр. Фигура ұяшықта орналасқан, ұяшықтың дұрыс бағытын сана,	орнын анықта. Бұл буын қай сөзде бірінші тұр? 2. Сурет бойынша сұрақ қой. Сөйлем құрап, оның сызбасын сыз. Педагог балалармен бірге тапсырмаларды талқылайды.  **Жеке жұмыс жүргізеді.** **Сергіту сәті:** Оңға, оңға түзу тұр, Солға, солға түзу тұр. Артқа қарай бір адым, Алға қарай бір адым. Жоғары-төмен қарайық, Орнымызды табайық. Педагог графикалық жұмысты бастамас бұрын үстелде отыру ережесін естеріне түсіріп қайталайды. Дұрыс отырмаудың денсаулыққа, адам сымбатына зиян екенін айтып өтеді. Қарындашты қолдарына алғызып, алдымен ауада жаздырады. Саусақ жаттығуын жасатады. **Балалармен бірге орындау әрекеті:**	сонша дөңгелекті қоршап сыз. Мұны орындамас бұрын педагог іс-әрекетінің тәртібін түсіндіреді. – Неше дөңгелек бейнеленген? Картада қандай цифр көрсетілген? – Неше дөңгелекті қошау керек? Дұрыстығын тексеру үшін балалар орындағаннан кейін дөңгелектерді қайта санайды. Педагог өз әрекеттерін түсіндіруді және қорытынды жасауды сұрайды.  **«Жабайы жануарлар» саусақ гимнастикасы.** Бұл – қоян, бұл – тиін, (Кішкентай саусақ пен сақина саусақты көрсетіп, содан кейін бүгеді.) Бұл – түлкі, бұл – қасқыр, (Саусақтарын кішкентай саусақтан бастап жұдырыққа бүгеді.)	 **Балаларға көрсету әрекеті:** **Дәптермен жұмыс.** **1-тапсырма.** Карточкада қанша цифр көрсетілсе, сонша дөңгелек болатындай суретін сал. Педагог алдымен әр тақтадағы дөңгелектерді санауды ұсынады, содан кейін көрсетілген санға дейін қанша жетіспейтінін анықтайды. Кесінді дөңгелектермен практикалық жұмысты ұйымдастыруға болады. **Сергіту сәті.** Біз шеңбер бойынша санаймыз. Балалар шеңберге тұрады. Жүргізуші есепті бастайды: «Бір!» Допты балаға лақтырады. Допты ұстаған адам допты келесі ойыншыға лақтырып, есепті жалғастырады. Ойын бірнеше рет қайталанады. **«Жабайы жануарлар» саусақ гимнастикасы.**	

	балалар шатаспау үшін нүктелер қояды. **3-тапсырма.** Дөңгелектерді екі қорапқа әртүрлі етіп орналастыр. Суретін сал. Балалар әртүрлі нұсқаларды іздейді және дөңгелектерді екі қорапқа бөліп салады.  Педагог ұйымдастырылған іс-әрекетін қорытындылайды. Балаларды ынталандырады. Ол қандай тапсырмалар ерекше қызықты болғанын айтуды сұрайды. Балаларға өз жұмысын бағалау үшін дәптердегі бағдаршамды бояуды ұсынады. **Танымдық зияткерлік дағдыларды қалыптастыруға арналған тапсырмалар:** Тапсырманы орындау барысында баланың ойлау, зерделеу, салыстыру, елестету, айырмашылығы мен ұқсастығын табу, топтастыру, байқау сияқты ойлау операциясын меңгереді. Балада мәселенің	Жұмыс дәптерімен жұмыс (графикалық жұмыс)  3.Үзік сызықтарды бастыр, суретті жалғастырып сал. Боя. 4. Үзік сызықтарды бастыр, жалғастырып жаз. Педагог ұйымдастырылған іс-әрекетін қорытындылайды. Балаларды мақтап, оларға жетістікке жету үшін еңбектену керектігін айтады. – Қай тапсырманы орындау барысында қиындықтар болды? – Егер сендерге бүгінгі тапсырмаларды орындау қызық болса, көңілді смайлды, ал егер тапсырмаларды орындауда қиналсаңдар және қызықсыз болса, көңілсіз смайлды бояңдар. **Танымдық қабілеттерін дамытуға арналған жұмыс:**	Қоңыр, түкті, күлкілі аю. (Басбармақпен айналдырады.) **Балалармен бірге орындау әрекеті:** **2-тапсырма.** Бастырып сыз. Балалар үстелде жұмыс жасау ережелерін қайталайды, үстелге дұрыс отыру қалпының сақталуына назар аударады. **3-тапсырма.** Әр топта неше зат бар? Сана. Екі топта барлығы неше зат болады? Цифрды қоршап сыз.  Ұйымдастырылған іс-әрекетінің соңында **«Көршілерді ата»** ойынын ойнауға болады. Ойын үшін сізге 1-ден 10-ға дейінгі цифрлар салынған карточкалар қажет. Беттерінде цифрлары бар текше керек. Педагог текшені лақтырып, әр жаңа цифрмен бұрылатындай етіп қағып алып тұрады. Шақырылған бала берілген цифрдың «көршілерін»,	**Балалармен бірге орындау әрекеті:** **2-тапсырма.** Бастырып сыз. Балалар үлгіні сызып қана қоймай, педагогтың тапсырмасы бойынша оның кейбір элементтерін бояй алады. **3-тапсырма.** Неше зат қалды? Сана. Цифрды қоршап сыз. Дәптермен жұмыс істегеннен кейін **«Жұбыңды тап»** дидактикалық ойынын өткізеді. Педагогте 1-ден 10-ға дейінгі цифрларды бар карточкалар жиынтығы бар. Әр бала әр карточкада 1-ден 9 данаға дейінгі заттардың (алма, доп, текше және т.б.) суреттері бар карточкаларды алады. Педагог кез келген цифры бар карточканы көрсетеді, мысалы, 8. Балалар өздерінің карточкаларындағы заттар бірге 8 цифрын құрайтындай етіп бірнеше карточкаларды жинауы керек. 	

	негізгі және қосымшасын ажырата білу, ой қорыту, тұжырым жасау сияқты логикалық ойдың негізгі элементтері қалыптасады.  		яғни бұрын және кейін тұрған арды атайды. Педагог іс-әрекетін қорытындылайды. Балаларды ынталандырады. Ол қандай тапсырмалар ерекше қызықты болғанын айтуды сұрайды. Балаларға өз жұмысын бағалау үшін дәптердегі бағдаршамды бояуды ұсынады. **Танымдық қабілеттерін дамытуға арналған жұмыс:**  	Педагог ұйымдастырылған іс-әрекетін қорытындылайды. Балаларды ынталандырады. Ол қандай тапсырмалар ерекше қызықты болғанын айтуды сұрайды. Өз жұмыстарына баға беру сұралады. Егер тапсырманы дұрыс орындасаң, жасыл дөңгелекті боя. Егер тапсырмалар жартылай орындалса, сары дөңгелекті боя. Егер тапсырма қиын болып, түсініксіз болса, қызыл дөңгелекті боя. **Танымдық қабілеттерін дамытуға арналған жұмыс:** 	

«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асыру

«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» – үзіліс кезінде білім алушылардың бос уақытын ойын түрінде ұйымдастыру

1 үзіліс - 14:25 - 14:35

Балалардың дербес іс-әрекеті

Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып,балалар әрекеті **(ойын , қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету**) түрінде іске асырылады.

Ұлттық құндылықты қалыптастыру

Ұлттық ойыны: «Айгөлек»(ойын)

Басты міндеттері: «Айгөлек» ұлттық ойынының басты мақсаты — қарсы топтың құрсауын (тізбегін) жүгіріп келіп үзіп, қарсыластарды өз тобына көптеп қосып алу арқылы жеңіске жету. Ойын балаларды ынтымақтастыққа, жылдамдыққа, күштілікке, ептілікке, ұжымшылдыққа және адамгершілікке тәрбиелейді.

«Қауіпсіздік сабағы»:

«Электр құралдарымен, розеткалармен, қуаттау құрылғыларымен жұмыс істеу ережесі»

«Электрик» сөз тумасының жасырын сұрақ-жауаптары.

1.Электр тогін басқаша қалай атайды?

Жауап: Энергия

2.Ток өткізбейтін материалдың атын ата?

Жауап: резеңке, пластмасс, құрғақ ағаш, т.б.

3.Электр тогы дегеніміз не?

Жауап: Зарядталған бөлшектердің бағытталған қозғалысы.

4.Электр тогымен жұмыс істегенде пайдаланатын құралдарды ата?

Жауап: Плоскогубцы, пышақ, отверка, ключ, изолента, т.б.

5.Жүк көтеретін шағын кранды қалай атайды?

Жауабы: таль

6.Электротехникада жиі қолданылатын құрал?

Жауабы:кілт (ключ)

7.Электр бағанасына шығатын аспаптың аты?

Жауабы: тырнақ

8.Электр бағанасында жұмыс істеуші адам? **Жауабы:** монтер

9.Ток көзі болып табылатын бұйым түрі?

Жауабы: батарейка

10.Электр тогін тасымалдауда пайдаланатын бұйымның аты?

Жауабы: өткізгіш







Ұлттық ойыны: «Айгөлек»(ойын)

Ойынның міндеттері: «Айгөлек» ұлттық ойынының басты мақсаты — қарсы топтың құрсауын (тізбегін) жүгіріп келіп үзіп, қарсыластарды өз тобына көптеп қосып алу арқылы жеңіске жету. Ойын балаларды ынтымақтастыққа, жылдамдыққа, күштілікке, ептілікке, ұжымшылдыққа және адамгершілікке тәрбиелейді.

Ойынның негізгі мақсаттары мен тәрбиелік мәні:

Жылдамдық пен күшті дамыту: Қарсыластардың қол ұстасқан тізбегін жарып өту үшін ептілік пен екпін керек.

Топтық бірлікке тәрбиелеу: Ойыншылардың бір-бірімен санасуын, ұйымшылдығын арттырады.

Ұлттық құндылықтарды дәріптеу: Қазақ халқының салт-дәстүрін, ән мен өлеңді (Айгөлек өлеңі) құрметтеуге баулиды.

Ережеге бағыну: Ойын барысында дөрекілік көрсетпеуге және ережелерді сақтауға үйретеді.

Дағды: Балаларға ойын шартын түсіндіру, баланың сезімталдығын қалыптастыру, қимыл қозғалысын жылдамдыққа дағдыландыру.

Ойын іс әрекеті:Допты ұстап алуға тырысу керек.

Әдістемелік нұсқаулар.

Ойнаушылар екі топқа бөлінеді. Олардың сандары да, жас шамалары да бірдей болулары керек. Екі топтың екеуінің де бастаушысы болады. Аралары 10—15 метрдей жерде қол ұстасып қатарласа тұрған осы екі топ біріне-бірі сөз тастап, күш көрсетіп, өнер жарыстыра бастайды. Екі жақтың ойын бастаушылары орталарынан бір қыз бен бір жігітті шығарып, олардың қолына бір ақ тас, бір қара тас береді. Олар екі тасты ешкімге көрсетпей, уысына қысып тұрады да, екі ойын басынан:— Сен қай қолдағы тасты қалайсың?— деп сұрайды. Бастаушылардың біреуі мен: «Оң қолдағы тасты қалаймын»,— дейді, екіншісі сол жақ қолдағы тасты алады. Қайсысында ақ тас болса, сол ойын бастайды.

Айгөлек-ау, айгөлек,
Айдың жүзі дөңгелек.
Күші мығым, қуатты,
Екпіні желдей өршіген
Шепті бұзар ер керек.
Екінші топ:
Айгөлек-ау, айгөлек,
Айдың жүзі дөңгелек,
Күші мығым, қуатты,


			Екпіні желдей өршіген Саған қандай ер керек? — дейді. Алдыңғы топ: Айгөлек-ау, айгөлек, Айдың жүзі дөңгелек, Күші мығым, қуатты, Екпіні желдей өршіген Бізге пәлен ер керек, — деп бір ойнаушының атын атайды. Ол тобынан шығып, бір-екі адым ілгері басып: Айгөлек-ау, айгөлек, Айдың жүзі дөңгелек. Сайысқанда саспайтын, Самала күнге бастайтын, Пәлен деген ер шыққан, Топ бұзуға мен шыққам, — деп сол жүгірген бойы қарсы топты жарып өтпек болады. Ол екпінді, күшті болса, топты жары өтіп, өзі қалаған бір қызды, не бір жігітті жетекте өз тобына алып келеді. Егер ол топты жарып алмаса, сол топта өзі қалып қояды. Ендігі шақыруды екінші топ бастайды. Сөйтіп, ойын созыла бере ойында дөрекілік көрсетуге, жұптасқан жұдырықты жүгіріп келе жатқан ойыншыға қарсы қоюға болмайды. Жүгірген ойнаушы да ойын ережесін сақтауға тиіс. **Ойынның педагогикалық маңызы.** Ойын дене шынықтыруға, оның қуатын жетілдіре түсуге қолайлы Қозғалмалы ойындардың ережелерін, және техника қауіпсіздігін үйрету арқылы оқушыларды ептілікке, жылдамдыққа, батылдыққа тәрбиелеу.	
2-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты: 14.35 – 15.00					
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ҰІӘ (ұйымдастырылған іс-әрекет)	**2.Сөйлеуді дамыту-**қарым-қатынас іс-әрекеті. **ҰІӘ тақырыбы:** Атамның ауылында. **ҰІӘ міндеттері:** - үй жануарлары туралы түсінігін кеңейту; -сөздік қорын дамыту; -еңбекқорлыққа тәрбиелеу. **Дағды**: Сөйлем құрап айтуға, дыбыстарды анық, таза жеткізе білуге дағдыландыру.	**2.Қоршаған әлеммен танысу**- зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті. **ҰІӘ тақырыбы:** Ынтымақ пен бірлік мерекесі. **ҰІӘ міндеттері:** - біздің елімізде көптеген ұлт өкілдерінің тұратыны жайлы мәлімет беру. Әр ұлт өкілдерінің ерекшелігі, өздерінің салтдәстүрлері	**2.Көркем әдебиет-** қарым-қатынас іс-әрекеті. **ҰІӘ тақырыбы:** Аққөжектің достары. (Ботан Қошымовтың ертегісі) **ҰІӘ міндеттері:** - кейіпкердің әрекетіне өз пікірін білдіруге баулу; -кейіпкердің бейнесін сомдауға ынталандыру; -достарын құрметтей білуге тәрбиелеу. **Дағды**:	**2.Сөйлеуді дамыту-** қарым-қатынас іс-әрекеті. **ҰІӘ тақырыбы:** Отбасым-мақтанышым. **ҰІӘ міндеттері:** - бейнелі теңеулерді түсіндіру; -өз тәжірибесі негізінде әңгіме құрауға жетелеу; -отбасына қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу. **Дағды**:	**1 мамыр — Қазақстан халқының бірлігі күні.** 

	Үлкеннің айтқаны тәрбие екенін, ізеттілікті түсіну қабілеттеріне, сөйлеуге дағдыландыру. **Құндылықтарға баулу:** Балалардың бойына ауылға деген сүйіспеншілік пен құрмет-қасиетін қалыптастыру. Ұрпақтарымыздың отансүйгіштік сезімдерін ояту, туған жерін, елін сүюге, оны қорғай білуге тәрбиелеу. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Ауыл тіршілігімен таныстыру. Үй жануарлары мен олардың адамға тигізетін пайдасы туралы мағлұмат беру. Берілген тақырып аясында диалогке қатысу. Берілген тапсырманы сурет, сызба, белгілер қолданып жеткізу. **Қауіпсіздігі:** Отбасында үлкендерді сыйлап, кішілерге қамқор болу сияқты әдептілік қағидаларын сақтай білуге тәрбиелеу. **Апта дәйексөзі**: **«Еңбек түбі зейнет»** **Күтілетін нәтиже**: -ауыл туралы түсініктерін қалыптастырып, сөздік қорын молайту; -ауылдың, балабақшаның атауларын біледі; -ойын арқылы ойлау, есте сақтау қабілеттерін арттыру. **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету,	бар екенін ұлттар достығы жайлы түсінік қалыптастыру; -қазақ халқының бауырмал халық екенін түсіндіру; -ұлтаралық достық туралы әңгімелету арқылы балалардың сөздік қорын толықтыру. **Дағды**: Ойын арқылы әр ұлттың киімдерін ажырата білуге дағдыларын қалыптастыру. **Құндылықтарға баулу:** Балаларға 1 – мамыр Қазақстан халықтар бірлігі күні мерекесі екенін жеткізу. Ынтымақтыққа, достыққа, өз Отанын сүюге, қорғауға, көп ұлтты халқымыздың тыныштығы мен бірлігін нығайтуға ат салысатын азамат болуға тәрбиелеу. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Балалардың бірлік, ынтымақтастық туралы түсініктерін кеңейтіп, көп ұлтты халқымыздың тыныштығы мен бірлігін нығайтуға ат салысатын азамат болуға тәрбиелеу. **Қауіпсіздігі:** Көп ұлтты Қазақстан Республикасының халықтар достығы – еліміздің бірлігінің кепілдігі екендігін таныту. Әр халықтың өнері, оның рухани байлығының негізін баланың жүрегіне өз ұлтының тілін, дінін біле отырып, өзге ұлттың	Байланыстырып сөйлеу дағдысын жетілдіру, табиғатты қорғай білуге тәрбиелеу. **Құндылықтарға баулу:** -достар арасындағы сыйластық, достық, сүйіспеншілік туралы түсініктерін кеңейту; - өзара сыйластық қарым-қатынастарын дамыту; - бір-бірімен тату, дос болуға тәрбиелеу. -ертегі желісінің мағынасын ұғындыру. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Кейіпкерлердің іс-әрекетіне өз ойын айта білуге баулу, достарын құрметтеуге тәрбиелеу. **Қауіпсіздігі:** ертегіні оқып жеткізу арқылы ертегі кейіпкерлерінің жағымды-жағымсыз қасиеттерін көруге, ертегі кейіпкерлерінің іс-әрекеттерін сезуге, өз ойларын жаткізе білуге баулу; -балаларды адамгершілікке тәрбиелеу. **Апта дәйексөзі**: **«Еңбек түбі зейнет»** **Күтілетін нәтиже**: - достар арасындағы сыйластық, достық, сүйіспеншілік туралы түсініктерін жеткізе білді; -ойындар арқылы сөйлеу,есте сақтау,ойлау,зейін процестері қалыптасты,достық	Ойын арқылы есте сақтау қабілетін, қарым қатынас дағдыларын дамыту. **Құндылықтарға баулу:** Балаларды отбасы мүшелерін сыйлауға, сүюге тәрбиелеу, ата-ана мен балабақша арасындағы байланысты нығайту. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Балаларға отбасы туралы түсінік беру, өз жанұясы туралы әңгімелеуге үйрету. Отбасына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу. **Қауіпсіздігі:** Отбасы және отбасы мүшелері жайлы түсініктерін қалыптастыру. Отбасы мүшелері және отбасындағы сыйластық туралы әңгімелету арқылы есте сақтау қабілеттерін дамыту. Сөздерді дұрыс, анық айтуға жаттықтыру. Үлкенге ізеттілік көрсетуге, кішіге қамқор болуға тәрбиелеу. **Апта дәйексөзі**: **«Еңбек түбі зейнет»** **Күтілетін нәтиже**: Отбасы мүшелері туралы біледі. Өз отбасына қамқорлық жасауды,құрметпен қарауды істей алады. **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:**	

	балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** Педагог тақтаға төрт түліктің суреттерін іліп қояды. – Балалар, төрт түлік малды қайда өсіреді? Ендеше, ауылдың тыныс-тіршілігімен танысайық. **Сөздік жұмысы:** *төрт түлік* – төрт түлік малға жылқы, түйе, сиыр, қой-ешкі жатады Төрт түліктің адамға пайдасы мол. Еті, сүті, жүні күнделікті тұрмыста пайдаланылады. – Ауылда ата-әжелеріңе, туыстарыңа қонаққа барасыңдар ма? – Үй жануарлары қайда мекендейді? – Жылқыға мініп көрдіңдер ме? – Сиыр адамға не береді? – Қой не береді? – Түйе қандай жануар? – Ешкі сүтінің емдік қасиеті бар екенін білесіңдер ме? – Үй жануарлары *ұсақ мал, ірі мал, ірі қара* деп бөлінеді. Қой, ешкі ұсақ мал, жылқы, түйе ірі мал, ал сиыр ірі қараға жатады. – Осы төрт түліктің төлдерін айтып беріңдерші. *(Құлын, бұзау, бота, қозы, лақ)* – Жылқыны кім бағады? *(Жылқышы)* – Сиырды кім бағады? *(Сиыршы, бақташы)* – Түйені кім бағады? *(Түйекеш)*	рухани байлығын сыйлауға, құрметтеуге тәрбиелеу. **Апта дәйексөзі**: **«Еңбек түбі зейнет»** **Күтілетін нәтиже**: - балалар 1 мамыр мерекесі Қазақстан Халықтар бірлігі күні екенін біледі; -өз Отанын сүюді, қорғауды, өзге ұлт өкілдерін құрметтеуді үйренеді; -әр ұлттардың киім ерекшеліктерін біледі. **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** Дөңгелене тұрып, «Достық» әнін айту. Педагог Қ.Ыдырысовтың «Менің өлкем» өлеңінен үзінді оқиды. Қазақстан – шаттықтың елі шалқыған, Қарсы алған күліп, арайлы туған әр таңын. Қазақстан – батырлар елі, ер елі, Бауырмалдық, достықтың елі өрелі! – Өлең не туралы? – Қазақстан елі туралы. – Қазақстан қандай ел? – Қазақстан – батырлар елі, бауырмалдық, достық елі. Бауырмалдық – мейірімділік, достық, ұлтына, түріне, түсіне	сезімдерін ойындар арқылы жеткізе білді; -сыйластық, достық, сүйіспеншілік туралы түсініктері кеңейді. **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** **Шаттық шеңберін құру.** Сәлемдесу: Ойын: «Қоңырау» Тәрбиеші балаларға бір-бірлерімен қоңыраудың көмегімен сәлемдесуді ұсынады. Әңгіме: Тәрбиеші «Достық» әнін тыңдауды ұсынады.Сосын сабақтың тақырыбымен таныстырады. Тәрбиеші: - Бұл ән сендерді қандай сезімге шақырды? - Дос деген кім? - Нағыз дос деп қандай адамды айтамыз? - Дос не үшін керек? - Сендер қалай дос боласыңдар? Келесі ойынымыз:**«Сен маған ұнайсың»** **Шарты:**психолог балаларға допты лақтырып,бір-бірлеріне мадақтау сөздерін айтуды ұсынады. Балаларға соңғы карточка ұсынылады. «Досыңа» – Достық туралы жылы лебізімізді білдірейік.	Педагог балаларды олардың отбасы туралы фотолар жапсырылған стендке шақырады. – Сенің ата-анаңның аты-жөні кім? – Олар қайда және кім болып жұмыс істейді? – Сен үйде анаңа, әкеңе, ата-әжеңе қалай көмектесесің? – Үлкен аға, әпкелеріңнің тілін аласың ба? – Іні-қарындастарыңа қалай қамқорлық көрсетесің? – Отбасындағы адамдарды қалай қуантасың?  **Дидактикалық ойын: «Ол қандай?»** **Шарты:** Педагог бір балаға допты лақтырады да, сұрақ қояды. Допты алған бала сұраққа жауап беріп, допты қайта лақтырады. – Сенің әкең қандай? (Мықты, еңбекқор, батыл, мейірімді, кішіпейіл) – Сенің анаң қандай? (Мейірімді, ақылды, көңілді, әдемі) – Сенің атаң қандай? (Аққөңіл, дана, мейірімді) – Сенің әжең қандай? (Сабырлы, қамқор т.б.) – Балалар, әжелерің, аталарың, аналарың, әкелерің, тіпті аға-әпкелерің де сендерді	

	– Қой бағатын кісіні кім дейміз? *(Қойшы, шопан)* – Жылқының пірі – Қамбар ата, түйенің пірі – Ойсылқара, қойдың пірі – Шопан ата, сиырдың пірі – Зеңгі баба, ешкінің пірі – Шекшек ата деп аталады. – Малшы ауылдағы күнделікті жұмыс – малды күтіп-бағу. Құрт, айран, ірімшік, шұбат, қымыз жасайды. Мына ауыл суретіне қарап әңгіме өрбітіңдер.   **Балаларға көрсету әрекеті:** Төрт түлік туралы мақал-мәтелмен таныстыру. Түйе ботасымен жарасты, Тамақ батасымен жарасты. Бір қозы туса, бір түп жусан артық өсер. Ешкі бастаған қой егінге түседі. Нар жолында жүк қалмас. Ат тұяғын тай басар. Құлын тайға жеткізер, Тай құнанға жеткізер, Құнан атқа жеткізер, Ат мұратқа жеткізер.	қарамай адамдардың барлығын жақсы көру. Біздің бүгінгі әңгіміміз Қазақстан елінде тұрып жатқан ұлттар туралы болмақ. Балалар, сендер өздеріңнің қандай ұлт екендеріңді білесіңдер ме? Балалардың жауабы тыңдалады. Зерттеу жұмысына Қырағы қатысып, ынтымақтастықта өмір сүре білу үшін қандай жағдайлар қажеттігін анықтайды. **Балаларға көрсету әрекеті:** – Біздің тобымызда басқа ұлт балалары бар ма? Бар болса, орындарынан тұрып, өз ұлттарын атайды. Балалар қол соғып, қошеметтейді. – Біздің елімізде қандай ұлт өкілдері тұрады? Балалар білетін ұлт өкілдерін атайды. – Біздің ұлан-ғайыр өлкемізде өте көп ұлт өкілдері тұрады. Олар барлығы тату-тәтті, ынтымақта тұрып жатыр. Әр ұлт өз тілінде сөйлей алады, өздерінің салт-дәстүрлерін сақтап, білім алады, Қазақстан азаматтарының барлық құқығын пайдаланады. Біздің еліміздің жергілікті тұрғындары – қазақтар. Ұлттық киім киген қуыршақтарды қарастыру. – Мына қуыршақтардың киіміне қарап, қандай ұлт	– Досымызға адал болайық. Досым, сен сондай жақсысың! т.б. Педагог жұмбақ жасырады. Көлеңкесінен қорқып, безектейді, Ал оның баласын көжек дейді. Ол не? *(Қоян)* – Балалар, көжек деген не? *(Қоянның төлі)* – Көжек қандай болады? *(Көжектің жүні жұмсақ, сүйкімді болады)* – Бүгін Ботан Қошымовтың «Аққөжектің достары» ертегісімен танысамыз. Педагог ертегіні оқып, мазмұнын ашады. https://youtu.be/sdbHKaDqtWo?si=6iVJOi0XlTgSiq6K **Аққөжектің достары** (ертегі) Бүгін Аққөжектің туған күні. Аққоянның қызы Аққөжек ормандағы сүйкімді төлдердің бірі. Оны туған күнімен құттықтауға аюдың қонжығы, еліктің лағы, қасқырдың бөлтірігі, киіктің құралайы және тағы басқа достары бірінен соң бірі келді. Аққөжек туған күнін ұмытып кеткен екен. Ол достарының өзін құттықтай келгеніне қатты қуанды. Езуінен күлкі кетпеді. Қызының қуанышын Аққоян да бөлісіп жүр. Ол тамақ пісіріп, дастарқан	«Күнім, айым, жұлдызым, құлыным!» – деп ғажап нәрселерге теңеп еркелетеді. **Сергіту сәті** Керілеміз, созыламыз, Терең алып тынысты. Оңға бір, солға бір иіліп, Жалғаймыз біз жұмысты. Жаңылтпашпен таныстыру. Уықтардың барлығын Уыққапқа сал, күнім. Уыққапқа салған соң Уыздан жеп ал, күнім. Балалар әртүрлі дауыспен қайталайды. **Балаларға көрсету әрекеті:** **Сөздік жұмысы:** *уыққап* – уықтарды жинағанда салып қоятын қап ***Дидактикалық ойын: «Сөйлемді аяқта»*** Менің отбасым ... Менің атам ... Менің әжем ... Менің әкем ... Менің анам ... Менің ағам, інім ... Менің қарындасым, әпкем, сіңлім ... – Мақалмен танысайық. Ана алдында – құрмет, Ата алдында – қызмет. **Балалармен бірге орындау әрекеті:** Педагог мақалды қайталату арқылы жаттатып, мағынасын балалармен бірге талқылайды. Балалардан демалыс күндерін отбасымен бірге қалай өткізетіні туралы айтуды сұрайды. Отбасымен бірге немен айналысуды ұнатады?	

	Педагог балалармен бірге мақалдардың мағынасын талқылайды. **Сергіту сәті** «Малдың баласын сүюі» өлеңіне қимылдар жасайды. Қой сүйеді баласын қоңырым деп, Ештеңені білмейтін момыным! – деп. Сиыр сүйеді баласын торпағым деп, Қараңғыда баспаған қорқағым! – деп. Түйе сүйеді баласын боташым деп, Жаудыраған көзіңнен тоташым! – деп. Ешкі сүйеді баласын лағым деп, Тастан тасқа секірген шұнағым! – деп. Жылқы сүйеді баласын құлыным деп, Тұлпар болып жүгірер жұрыным! – деп. **Балалармен бірге орындау әрекеті:** ***Дидактикалық ойын: «Төлдерді табыстыр»*** Ойыншықтар таратылады. Балалар үй жануарларын төлімен табыстырады. Ірі және ұсақ малдарды ажыратады.  **Үлестірмелі материалмен жұмыс** 1. Сурет бойынша әңгімеле. Жылқышы нені бағады? Бақташы нені бағады?	екенін айта аласыңдар ма? Киімдердің, қуыршақтардың қандай ұқсастықтары, айырмашылықтары бар? Педагог балалардың жауаптарын тыңдап, қорытындылап, әр халықтың өзіндік салт-дәстүрі, ұлттық тағамы, ойыны, тұрмыстық мәдениеті бар екенін атап өтеді. Балалар, ұлтаралық татулықты айқындайтын қандай мейрам күні бар? **Балалармен бірге орындау әрекеті:** – 1 мамыр – ынтымақ пен бірлік мерекесі. Интербелсенді тақтадан педагог ұлттық киімдерімен өнер көрсетіп жатқан суретті көрсетіп, әңгімелейді. Балалар, қалай ойлайсыңдар, бұл адамдар қандай мерекеде өнер көрсетіп жатыр? Қандай киімдермен өнер көрсетіп жатыр? – Киімдеріне қарап қай ұлт өкілдері екенін ажырата аласыңдар ма? Балалар қазақша, түрікше, украин және кавказдық киіммен өнер көрсетіп жатқан суреттерді атайды. Ойын «Кім көп біледі?» (QR-код арқылы қосымшаны жүктеу). Балалар санамақпен екі топқа бөлінеді. Дұрыс жауаптарға жұлдызшалар беріледі. Сергіту сәті. (QR-код арқылы қосымшаны жүктеу). Үлестірмелі	жайып, мәре-сәре. Аққоян төлдердің асыр салып ойнағанын көп қызықтады. Өйткені олар бірінің көңіліне бірі қарап, тату-тәтті ойнады. Сәлден кейін тамақ та әзір болды. Дастарқанға сәбіз, бал, көк майсадан жасалған тәтті салат қойылды. Ал ыстық тамақ ішу үшін төлдердің әрқайсысына жеке-жеке табақ тартылды. Төлдерге табақ тартылып жатқан кезде олардың тобына алыстағы жайлаудан құлыншақ, қозы, бұзау, ботақан – төртеуі келіп қосылды. Аққоян дереу таза ыдыстарын шығарып, құлыншақ, қозы, бұзау, ботақанның алдына да бір-бірден табақ қойды. Аққөжектің достары риза болып тарады. *(Ботан Қошымов)* **Балаларға көрсету әрекеті:** **Сөздік жұмысы:** көжек – қояның төлі бөлтірік – қасқырдың төлі құралай – еліктің лағы Ертегінің мазмұны бойынша сұрақ-жауап: – Ертегі қалай аталады? Авторы кім? Ертегі не туралы? – Аққөжекті туған күнімен нелер құттықтап келді? – Аққөжектің көңіл күйі қандай болды? Достар не істеді?	**Үлестірмелі материалмен жұмыс** • Суретке қара. Суретте кімдер бейнеленген? Олар қайда келді? Сен отбасыңмен бірге театрға бардың ба? Әңгімеле. Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтайды. – Егер сендерге бүгінгі тапсырмаларды орындау жеңіл әрі қызық болса, көңілді смайлды, ал егер тапсырмаларды орындауда қиналсаңдар және қызықсыз болса, көңілсіз смайлды бояңдар. **Танымдық қабілеттерін дамытуға арналған жұмыс.** 	

	Айналасында қандай жануарлар жүр? Оларды бір сөзбен қалай атаймыз? 2. Суреттерді ата. Қайсысы не береді? Сызып қос. Педагог қорытынды жасайды, балаларды мадақтайды. – Егер сендерге бүгінгі тапсырмаларды орындау жеңіл әрі қызық болса, көңілді смайлды, ал егер тапсырмаларды орындауда қиналсаңдар және қызықсыз болса, көңілсіз смайлды бояңдар. **Танымдық қабілеттерін дамытуға арналған жұмыс.**  	материалдармен жұмыс. Қырағының пайымдауы: Ынтымақтастық пен бірлікте өмір сүру – ұлтаралық татулықтың белгісі. 1. Қырағыға ынтымақ пен бірлік мерекесі туралы әңгімеле. Ұлттық киімдерді әшекейле. Ою-өрнектерді боя. 2. Қыздарға өз ұлттық аспабын табуға көмектес. Сызықпен қос. Педагог жеке жұмыс жүргізеді. Қорытынды жасайды, балаларды мадақтайды. **Танымдық қабілеттерін дамытуға арналған жұмыс.** 	– Жайлаудан Аққөжекті құттықтауға тағы қандай төлдер келді? **Сергіту сәті:** Досым, досым, жан досым, Неге сонша шаршадың? Секір, ұстап қолымнан, Бірге сергіп алайық! Педагог ертегіні екінші рет қайталап оқиды. Педагог сөйлемнің басын оқып, балалар жалғастыратын тәсілді қолданады. Балалардың әңгімелеуін бағалайды. **Балалармен бірге орындау әрекеті: Үлестірмелі материалмен жұмыс** 1. Суретке қарап, әңгімеле. Суреттегі төлдердің көңіл күйі қандай? Аққөжекті қандай төлдер құттықтады? 2. Үйқасын тап. Дамыл таппай бір мезет, Жортумен жүр ақ ... . *(көжек)* 3. Досыңның туған күніне не сыйлағың келеді? Суретін сал. 4. «Туған күніңмен құттықтаймын!» деген сөйлемді түрлі екпінде айт. Қалай айтқан дұрыс? Педагог жеке жұмыс жүргізеді. Қорытынды жасайды. Сұрақтар қою арқылы іс-әрекетін пысықтау. – Ертегі саған ұнады ма? Балаларды мадақтау.		

			**Танымдық қабілеттерін дамытуға арналған жұмыс.**  		

«Ас – адамның арқауы» түскі ас. **15:00-15:10** **Ас қабылдау мақсаты:** Ас қабылдау алдында бір-біріне жақсы тәбет тілеп, лебіз айтуға үйрету. Тамақтану ережесін сақтау, ас құрал-жабдықтарын дұрыс пайдалану. Әдепті тамақтану. **Дағды:** Өз-өзіне қызмет көрсету дағдыларын	**Үнемді тұтыну мақсаты:** берілген тағымды толық ысырыпссыз жеуге**,** мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.Түскі ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыра отырып дағдыландыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)** Кезекшілік жұмысын ұйымдастыру.Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету.Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту.				
	«Адал азамат» біртұтас тәрбие				
	- Тамақ ішіп отырған кезде көп сөйлеуге болмайды. **- Тамаққа үлкен адамдардан бұрын қол созба.** **- Нанды екі қолмен үзіп жеу керек.** **- Тамақты асықпай ішіп үйреніңдер, асығып ішкен тамақ ас болмайды.**				
	«Тамақ ішу әдебі» «Тамақтану кезіндегі қауіпсіздік» анимациялық бейнероликтер топтамасын	**«Тамақ ішу әдебі» «Тамақтану кезіндегі қауіпсіздік» анимациялық бейнероликтер топтамасын басшылыққа алу ұсынылады ҮНЕМДЕУ...ЕҢБЕК...**	**«Тамақ ішу әдебі» «Тамақтану кезіндегі қауіпсіздік» анимациялық бейнероликтер**	**«Тамақ ішу әдебі» «Тамақтану кезіндегі қауіпсіздік» анимациялық бейнероликтер топтамасын басшылыққа алу ұсынылады**	**1 мамыр — Қазақстан халқының бірлігі күні.**

қалыптастыру. Гигиеналық дағдыларды қалыптастыру (жуыну, тамақты шаю). Гигиеналық емшараларды орындау технологиясының алгоритмін сақтау. Үстел басында өзін әдепті ұстауға қалыптастыру.	**басшылыққа алу ұсынылады ҮНЕМДЕУ...ЕҢБЕК... ДАҒДЫ... ӨСИЕТ...** Ас ішер алдында қолыңды жуу керек. «Астарың дәмді болсын!» Ас мәзірімен таныстыру. Балалардың назарын тағамға аудару, олардың адам денсаулығына пайдасын айту,тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге қалыптастыру.	**ДАҒДЫ... ӨСИЕТ...** Ас ішер алдында қолыңды жуу керек. «Астарың дәмді болсын!» «Нанды шашпай, үгітпей жейміз» Тағамды асықпай жеу керек.	**топтамасын басшылыққа алу ұсынылады ҮНЕМДЕУ...ЕҢБЕК... ДАҒДЫ... ӨСИЕТ...** Ас ішер алдында қолыңды жуу керек. «Астарың дәмді болсын!» Дәнді шашпа, нанды баспа.	**ҮНЕМДЕУ...ЕҢБЕК... ДАҒДЫ... ӨСИЕТ...** Ас ішер алдында қолыңды жуу керек. «Астарың дәмді болсын!» **Мақал-мәтел:** «Тату үйдің тамағы-тәтті» «Нан тағамның атасы» «Нанды шашпай, үгітпей жейміз»	

2 үзіліс – 15:00 – 15:10

Балалардың дербес іс-әрекетіне дағдыландыру ойындары

Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып,балалар әрекеті **(ойын , қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету**) түрінде іске асырылады.

Мемлекеттік тілді меңгерту мақсатында

Қимылды ойын: «Кімде доп бар?»

Басты міндеттері: Балаларды ұйымшылдыққа баулып, қимыл-әрекетке жаттықтыру. Қимылды ойындарға деген қызығушылықтарын арттыру. Сымбаттылыққа, шымыр болуға, ептілікке тәрбиелеу. Күш қуат пен секіргіштікті дамыту.





Қимылды ойын: «Кімде доп бар?»

Ойынның міндеттері: Балаларды ұйымшылдыққа баулып, қимыл-әрекетке жаттықтыру. Қимылды ойындарға деген қызығушылықтарын арттыру. Сымбаттылыққа, шымыр болуға, ептілікке тәрбиелеу. Күш қуат пен секіргіштікті дамыту.

Дағды: Балаларды ойын сөзін ұғып тез қимылдауға үйрету, қимыл бағытын тез орындауға, тәрбиешінің ұсынысын қабылдай білуге дағыландыру.

Материал: доп

Ойынға дайындық: Жүрісі: Бір бала жүргізуші болады. Бір бала ортада көзін жұмып тұрады. Қойған балалар шеңбер жасап, қолдарын артына ұстап, иықтарын тақап тұрады (қолдары ішінен қарағанда көрінбеу керек).


Ойынның ережесі : Ойыншылар шеңбер жасап тұрады. Ойын бастаушы тағайындалады. Ол шеңбердің ортасында тұрады, қолдарын арқасына ұстап бір-бірімен тығыздалып тұрады. Тәрбиеші допты (диаметрі 15 см-ден аспайтын) кімге болса да біреуіне береді, балалар оны арттарымен шеңбер жасай бір-біріне береді. Бастаушы доптың кімде екенін табуға тырысады. Ол: «Қолыңды» деп кімге айтса, сол екі қолын алға шығарып, алақанын жайып, жоғары көтеруге тиіс, онда ол оның қолында доптың жоқ екенін көрсетеді. Егер басқарушыдобы бар екенін тапса, ол допты алады да шеңберге тұрады, ал доп табылған бала ойынды басқара бастайды. Ойынға балалардың ықыласы болмағанға дейін ойын қайталана береді.


Әдістемелік нұсқаулар:


			Ойынның педагогикалық маңызы. Ойын дене шынықтыруға, оның қуатын жетілдіре түсуге қолайлы Қозғалмалы ойындардың ережелерін, және техника қауіпсіздігін үйрету арқылы оқушыларды ептілікке, жылдамдыққа, батылдыққа тәрбиелеу. **Ұсыныс:** Ортадағы бала көзін ашып, шеңбердің ішінде тұрып, кімде екенін (көзінің т.б) біліп айту керек. Тапса допты алады. Таппаса-басын шайқайды. Сол кезде добы бар бала теріс айналып, допты көрсетеді. Сенде-деген жоғары көтеруі тиіс.		
3-ші ұйымдастырылған іс-әрекеті уақыты: 15.10 – 15.35					
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ҰІӘ (ұйымдастырылған іс-әрекет)	**3.Қазақ тілі-** қарым-қатынас іс-әрекеті. **ҰІӘ тақырыбы:** Не? Кім? Қайда? **ҰІӘ міндеттері:** - қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Сұрақ қоюға және сұраққа толық сөйлеммен жауап беруге жаттықтыру; -ойлау, ауызекі сөйлеу белсенділігін арттыру. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. **Дағды**: Сұрақ қоюға және сұраққа толық сөйлеммен жауап беруге дағдыландыру. **Құндылықтарға баулу:** Балалардың алған білімдерін өмірде пайдалануға үйрету. Логикалық ой-өрісін, сөйлеу шеберлігін жетілдіру, таным белсенділіктерін арттыру. Өмірде өз мүмкіндігін дұрыс пайдалана алатын зерделі тұлғаны тәрбиелеу **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Балалардың танымдық, ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту.	**3.Сурет салу-** шығармашылық іс-әрекет , бейнелеу іс- әрекеті. **ҰІӘ тақырыбы:** Көрікті көктем. (Акварель бояу) **ҰІӘ міндеттері:** - балалардың көктемгі құбылыстар туралы білімдерін бекіту; -көктемнің шуақты бейнесін көре білуге, қағаз бетіне түсіре білуге дағдыландыру; -жұмысты талғаммен орындауға тәрбиелеу. **Дағды**: Көктемнің шуақты бейнесін көре білуге, қағаз бетіне түсіре білуге дағдыландыру. **Құндылықтарға баулу:** Көктем мезгілі жайлы түсініктерін жетілдіру,көргендерін бейнелеу,іс-әрекеті арқылы қағаз бетіне түсіру дағдыларын ,ептіліктерін дамыту,бояу түстерін таңдап,алмастыра қолдануға үйрету,бояумен жұмыс істеу іскерліктерін жетілдіру,табиғат сұлулығын сезінуге, эстетикалық қабылдауға	**3. Сауат ашу негіздері-** қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет. **ҰІӘ тақырыбы:** Сөздегі дыбыс пен буын **[о]** **ҰІӘ міндеттері:** - дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажыратуларын жетілдіру; -берілген дыбысқа сөз құрап, сөздегі сол дыбыстың орнын анықтай алу дағдыларын бекіту; -артикуляциялық жаттығу жасату арқылы әдемі сөйлеуге баулу. **Дағды**: Дыбыстарды ажыратады, сөйлемнін сызбасын, өз ойларын толық жеткізе білу дағдыларын жетілдіру. **Құндылықтарға баулу:** Сөзді буынға бөлу, сөздегі буын санын және орналасу ретін анықтау. Сөз бен сөйлемді ажыратып, сөздің, сөйлемнің мағынасын түсіну.Жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтап, әріп элементтерін жазу **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:**	**3.Қазақ тілі-** қарым-қатынас іс-әрекеті. **ҰІӘ тақырыбы:** Жайлауда **ҰІӘ міндеттері:** - тақырып бойынша жаңа сөздермен тіл байлығын жетілдіру,жайлау туралы түсінік беру, қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Тақпақ жаттау үйрету.Сурет туралы педагогтің үлгісі бойынша шағын мәтін құрастыруды дағдыландыру; -сөздерді біріктіріп сөйлем құрау қабілеттерін дамыту. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. Артикуляциялық аппаратты, яғни сөзді анық, дұрыс айта білу дағдыларын дамыту; -туған жердің табиғатының сұлулығын көре білуге тәрбиелеу. **Дағды**: Сөйлемді ретімен құрау, сұрақтарға толық сөйлеммен жауап беруге дағдыландыру. **Құндылықтарға баулу:**	**1 мамыр — Қазақстан халқының бірлігі күні.** 

	Қойылған сұраққа толық нақты жауап беруге дағдыландыру, ұжыммен жұмыс жасай білуге үйрету, ойынға деген қызығушылығын арттыру. **Қауіпсіздігі:** Ойлау, ауызекі сөйлеу белсенділігін арттыру. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. Білімпаздыққа тәрбиелеу. **Апта дәйексөзі**: **«Еңбек түбі зейнет»** **Күтілетін нәтиже**: - өткен тақырыптар бойынша сөздерді айтады; -Не? Кім? Қайда? сұрақтарын түсініп, орынды қолданады; -сұрақтарға сөйлеммен жауап береді. **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** «Кел, балалар, ойнайық» әні. Кел, балалар, ойнайық, Ойнайық та ойлайық. Қандай жұмбақ болса да Шешпей оны қоймайық. **Ғажайып сәт.** Қонаққа қуыршақтар – Сәуле мен Арман келеді. Сәлеметсіздер ме?! «Не? Кім? Қайда?» ойынын ойнауға шақырады. **Балаларға көрсету әрекеті:** Балаларды ғажайып шеңбермен, **жаңа сөздермен таныстыру**.	тәрбиелеу. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Көктем мезгіліндегі табиғи құбылыстар, өсімдіктер мен жануарлардағы маусымдық өзгерістер,адамдардың көктемдегі пайдалы іс-әрекеттері туралы мағлұмат беру. **Қауіпсіздігі:** -үлкендер еңбегін бақылау арқылы бағалай білу,бақылағандарын есте сақтай білу дағдыларын қалыптастыру; -еңбексүйгіштікке, табиғатқа деген қамқорлық жасай білуге тәрбиелеу. **Коррекциялық:** Балалардың көктем мезгілі туралы түсініктерін кеңейту, табиғаттағы өзгерістерді сурет арқылы бейнелеуге үйрету. **Апта дәйексөзі**: **«Еңбек түбі зейнет»** **Күтілетін нәтиже**: - көргендерін сурет салу ұйымдастырылған оқу қызметінде қағаз бетіне түсіре алады; -көктем мезгілі жайлы түсініктері жетіледі; -бояумен жұмыс істеу іскерліктерін тиімді қолданады. **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау.	Сөздердің бір буыннан да, көп буыннан да тұратынын білдіру. Сөзде неше дауысты дыбыс болса, сонша буын болатының түсіндіру. Буындық белгіні қол жаттықтыру дәптеріне жаздыру, балалардың ой - өрісін, ойлау қабілетін, сауат ашу пәніне деген қызығушылығын арттыру. Мақсатына жетуге ұмтылдыру, ұқыптылыққа, тапқырлыққа, ізденімпаздыққа, өздігінен жұмыс істей білуге үйрету. **Қауіпсіздігі:** Сөзді буынға бөлу, дыбыстық талдау жасау, сөйлем құрай алу дағдыларын бекіту. Буындарға буын қосып сөз құрап айтуға жаттықтыру арқылы зейін мен есте сақтауларын дамыту. Ересектердің айтқанын мұқият тыңдауға тәрбиелеу. **Апта дәйексөзі**: **«Еңбек түбі зейнет»** **Күтілетін нәтиже**: Сөздегі дыбыстарды, олардың түрлерін (дауысты, дауыссыз, жуан және жіңішке дауыстылар) ажыратады.О дыбысы дауысты – дыбыс, О дыбысының айтылуын дұрыс дыбыстайды. Суреттегі заттардың аттарын атай алады, сөздегі О дыбысының орнын ажыратады. Қарапайым жиектерді штрихтап салады	Туған жердің табиғатының сұлулығын сезінуге, оны аялап қорғауға, адамгершілікке, қамқорлық сезімдерге тәрбиелеу. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Көктем мезгілінің ерекшеліктерін атап, байланыстырып сөйлеу. Төрт–түлік малды атап, төлдерін ажырату, санау. Балаларды үй жануарларын және олардың төлдерін дұрыс атап, дыбыстарыдың дұрыс айтуын жетілдіру. Ойын әдісі арқылы ойлау қабілеттерін дамыту. Үй жануарларына қамқорлық жасауға тәрбиелеу. **Қауіпсіздігі:** Балалардың ой-өрісін кеңейту, тілдерін дамыту ата-аналармен бірге мерекелік көңіл-күй арқылы оқуға, білімге деген қызығушылық арттыру өз өнерлерін ата-аналарға көрсету. Бүгінгі өтілетін арқылы білім-біліктерін, дағдыларын көрсету. **Апта дәйексөзі**: **«Еңбек түбі зейнет»** **Күтілетін нәтиже**: - жаңа сөздерді, сөз тіркестерін, мәтінді қайталайды; -тақпақтан таныс сөздерді түсініп, табады; -сөйлемді ретімен құрайды, сұрақтарға жауап береді. **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру,	

	Ғажайып, ға-жайып. Шеңбер, шең-бер. Ұпай, ұ-пай. Жеңіс, жең-іс. Сөздерді дұрыс айтып жаттығу. **Ойын шарты:** балаларды топтарға бөлуге болады. Шеңберді айналдыру арқылы тапсырманы таңдайды. Тапсырманы орындаған балалар ұпай жинайды. Ойын соңында ұпайларын санап кімнің (қай топтың) жеңгенін анықтайды. Тапсырмаларды орындау барысында суреттерді атайды. Не? кім? қайда? сұрақтарына жауап береді. Мысалы: Мынау кім? Мынау – тәрбиеші. Тәрбиеші қайда жұмыс істейді? Тәрбиеші балабақшада жұмыс істейді. Мынау – төсек. Балабақшада төсек бар. **Балалармен бірге орындау әрекеті:** **Сергіту сәті:** Орнымыздан тұрайық, Қолды белге қоялық. Оңға, оңға түзу тұр, Солға, солға түзу тұр. Алға бір адым, Артқа бір адым. Жоғары, төмен қарайық Орнымызды табайық. **Тақырыптар:** Балабақша. Мектеп. Оқу құралдары мен ойыншықтар. Алматы, Астана қалалары.	**Балаларға айтып беру әрекеті:** Педагог күйтабақтан «Көктем келді» әнін тыңдатады. Әннің мазмұны, ырғағы жайында әңгімелеседі. Жұмбақ шешу. Қар, мұз еріп, су көбейіп, Сай-салаға ағады, Бүршік шашып, жапырақ ашып Гүл бәйшешек басады Ал, балалар айтыңдаршы Бұл қай мезгілде болады? -Бүгінгі ұйымдастырылған оқу іс- әрекетінде « Көрікті көктем» деген тақырыпты өтеміз. -Балалар,денелеріңді түзу ұстап,бастарынды жоғары көтеріп,ыңғайланып отырыңдар. Көздеріңді жұмсаңдар да болады. Ауаны терең жұтып,еркін тыныс алыңдар. Үнтаспадан «Көктемгі дыбыстар» тындату. Ал енді көздеріңді ашсаңдар да болады. Балалар, көздеріне қандай жыл мезгілі елестеді? Экраннан көктем көріністерін тамашалайық. -Балалар бұл көріністен қандай жыл мезгілін көрдіңдер? - Көктем мезгілінде қандай өзгерістер болады? **Балаларға көрсету әрекеті:** Педагог балалардан осы көктем көрінісінің суретін салып берулерін өтінеді.	**Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** **«Артығын тап» ойынын ұйымдастыру.** 1. Ара, өрмекші, маса, көбелек,аю. (аю) 2. Тауық, әтеш, үйрек, қаз, сауысқан. (сауысқан) 3. Мысық, түлкі, аю, қасқыр. (мысық) 4. Колғап, көйлек, шалбар, етік. (көйлек) 5. Май, шай, нан, қант, қасық. (қасық) Балалар сөздердің лексикалық мағынасына қарай артық сөзді табады. Өткен тақырыптарды қайталау. «Сұрақ-жауап» әдісі арқылы қайталау. Өкпеден шыққан ауаға ауыз қуысында қандай мүшелер кедергі жасайды? – Балалар, тіл, ерін, тіс түбі, таңдай, кішкене тіл, иек, езу өкпеден шыққан ауаға кедергі жасайды екен. **Балаларға көрсету әрекеті:** ***«Сөз айт, дұрыс айт» дидактикалық ойыны*** Педагог балаларға көк түсті дөңгелекті көрсетіп, дауыссыз дыбыстан басталатын сөздерге мысалдар келтіруге тапсырма береді. Мысалы: (пима, фабрика, кілт, қант,	балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** **Шаттық шеңбер** Жоғары қараймыз, Шаңырақты көреміз.Төмен қараймыз, Жерді көреміз. Оңға бұрылып, солға бұрылып, Егеменді елді көреміз. **Өткен «Не? Кім? Қайда?»** тақырыпты қайталау. Қима материалмен жұмыс. **Дидактикалық ойын: «Сенде не бар?»** Балалар әр дұрыс жауап үшін фишкадан алады, ойын соңында фишкалар саналып, жеңімпаз анықталады. **Балаларға көрсету әрекеті:** *Сөздік ойын:* «Сұрақ-жауап» Біздің Отанымыз қалай аталады? Біздің Отанымыз - Қазақстан Республикасы Қай қалада (ауылда) тұрасың? (Қаласының, ауылының атын айтады). Отанымыздың бас қаласын ата? Отанымыздың бас қаласы – Нұр-Сұлтан. Өлкеміздің табиғаты бейнеленген «Жайлау» суретімен жұмыс. Жаңа сөздермен таныстыру. Мынау – жайлау. Мынау не?	

	Жыл мезгілдері. **Ойын: «Дұрыс па?»** педагог сөйлемдер айтады. Балалар «иә», «жоқ» деп дұрыс сөйлемдіқайталайды, қате сөйлемді түзеп айтады. **Жұмыс дәптерімен жұмыс.** 1. Кімге не керек? Суреттерді сәйкестендір. Сөйлем құра. Педагог жеке жұмыс жүргізеді. **Рефлексия.** Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтайды. – Ойын ұнады ма? Жұмыс дәптеріне өздеріңнің игерген білімдеріңнің дәрежесін, үлгерімдеріңді смайл арқылы белгілейсіңдер. Қуыршақтар балалармен қоштасады. **Танымдық қабілеттерін дамытуға арналған жұмыс.** 	Сурет салуды неден бастау керек? Бүгін бәріміз суретші боламыз. **Жеке жұмыс.** **«Кім шапшаң?»** Әр заттың жұбын тап және олар бір - біріне не үшін керек? Бұл суреттердің ішінде келмей тұрған суреттерді тап. -Қыс,көктем,жаз,күз. - Көктем Үнтаспаны тыңдап балалардың көздеріне елестегендерін айту. -Көктем -Көктем мезгілі. - күн жылынып,қар ериді Жер беті көгереді, ағаштар бүршік атады, жаңбыр жиі жауады, құстар жылы жақтан ұшып келеді. -Гүлзаларға гүл егеді,жер жыртады,егін салады, бау-бақша салады, ағаштардың түптерін қопсыту, құстарға үя жасайды. - Бәйшешек. Тақпақтар айтады. Суретпен жұмыс жасайды. **Балалармен бірге орындау әрекеті:** **Сергіту сәті:** Көктем келді - Күн, сен неге күркірейсің? Көктем келді! Көктем келді! Жаңбыр, неге сен сіркірейсің? Көктем келді! Көктем келді!	тұз, шана, сабын, хат, қайық, циркуль, щетка т.б.). Қызыл түсті домалақты көрсетіп, дауысты дыбыстардан басталатын сөздерді айтуларын сұрайды. (Әтеш, өшіргіш, өмір, елгезек, ірімшік, элеватор, ін, иық, үтік т.б.). **Тіл ұстарту** Ақ-ақ-ақ, Тастан-тасқа секірді лақ. Ма-ма-ма, Лақты қораға қама. Аң-аң-аң, Аңның ізіне болдым таң. Рақ-рақ-рақ, Керек маған тарақ. Уық-уық-уық, Қорада тұр тауық. **Балалармен бірге орындау әрекеті:** **Жұмыс дәптерімен жұмыс** 1. Заттардың атында **[о]** дыбысының орнын анықта. Сөздің басында болса – бірінші бөлікті, ортасында болса – екінші бөлікті, соңында болса – үшінші бөлікті қызыл қарындашпен боя. 2. Суреттердегі заттардың аты неше буыннан тұрады?	Мынау – жайлау. Жайлауда таза ауа. Жайлауда ауа қандай? –Жайлауда таза ауа. –Мынау – таулар. Жайлауда таулар бар. –Жайлауда нелер бар? «Жайлауда таулар бар» сөйлемін жеке, хормен айтып жаттығады. –Жайлауда таулар биік. Жайлауда таулар қандай? –Жайлауда таулар биік. –Жайлауда өзен бар. Мынау – өзен. Жайлауда не бар? –Жайлауда өзен бар. –Өзен суы таза. Өзен суы қандай? –Өзен суы таза –Мынау – киіз үй. Мынау не? –Мынау – киіз үй. –Жайлауда киіз үй бар. Жайлауда не бар? –Жайлауда киіз үй бар. –Жайлауда үй жануарлары жайылады. Жайлауда үй жануарлары не істейді? –Жайлауда үй жануарлары жайылады. –Үй жануарлары шөп жейді. Үй жануарлары не жейді? –Үй жануарлары шөп жейді. **Балалармен бірге орындау әрекеті:** Балалар жаңа сөздерді және сөйлемдерді қайталайды. Педагог шағын мәтін құрап айтады: *Жайлауда салқын. Таза ауа. Жайлауда шөп көп.Жайлауда үй жануарлары жайылады.*	

	 	Бұлақ, неге сылдырлайсың? Көктем келді! Көктем келді! Құлын, неге құлдырлайсың? Көктем келді! Көктем келді! Гүлдер, неге жайнайсыңдар? Көктем келді! Көктем келді! Құстар, неге сайрайсыңдар? Көктем келді! Көктем келді! *(Б. Серікбаев)* Суретшілердің ішінде тек қана табиғат көрінісін салатын суретшілерді қалай атайды? Табиғат суретшісі (пейзажист) деп атайды. Онда біздің топты табиғат суретшілерінің шеберханасы деп есептеңдер, суретшілер көп болғандықтан, екі топқа бөлінеміз. Бірінші топ менің оң жағымдағы үлкен қағазға, екінші топ сол жағымдағы қағазға көктем көрінісін бейнелейді. Алдымен бәріміз ойланып алайық. Кім не салғысы келеді? (Көздерін жұмып отырып ойланады). Өздеріңнің алдарыңдағы ақ қағазға қара қарындашпен салғыларың келген суреттің сұлбасын (эскиз) түсіріп көріңдер. Содан кейін менің жанымдағы екі үлкен қағазға екі түрлі	 **Суреттерді сәйкес сызбасымен қос.** **Сергіту сәті:** Сағаттың тіліндей, Иіліп оңға бір, Сағаттың тіліндей Иіліп солға бір, Оң аяқ, сол аяқ Жаттығу оңай-ақ. Педагог графикалық жұмысты бастамас бұрын үстелде отыру ережесін естеріне түсіріп қайталайды. Дұрыс отырмаудың денсаулыққа, дене сымбатына зиян екенін айтып өтеді. Қарындашты қолдарына алғызып, алдымен ауада жаздырады. Саусақ жаттығуын жасатады. **Жұмыс дәптерімен жұмыс** *(графикалық жұмыс)* 3. Үзік сызықтарды бастыр, суретті жалғастырып сал. Боя. 4. Үзік сызықтарды бастыр, жалғастырып жаз. Педагог ұйымдастырылған іс-әрекетін	*Олар шөп жейді. Жайлауда таулар, өзен, киіз үй бар.* Бала мәтінді қайталайды. Жаңылтпашпен таныстыру. Малға шөп керек, Шөп көп керек, Көк шөп керек. Жаңылтпаш жылдам, баяу, қатты және ақырын қайталау. **Педагог «Жайлауда» тақпақты оқиды.** Балаларға тыңдап, таныс сөздерді табу ұсынады. Атам биыл мені де Алып барды жайлауға.Құлындар тұр желіде, Биелер тұр байлауда. Бұлағын да ұнатам, Қыранын да ұнатам, Асыр салып ойнаймын, Жайлауды мен ұнатам. Балалар таныс сөздерді атайды: жайлау, ата, құлын. **Жаттап ал.** **Қошақан** Қошақаны қойдың, Қайда қалып қойдың?Бұлтиып тұр бүйірің, Қай өрістен тойдың? Ж. Өмірбеков Педагог жеке жұмыс жүргізеді. **Ойын: «Дұрыс па, бұрыс па?».** Ойынның мақсаты: зейін қойып тыңдауға, сөйлемді дұрыс құруға жаттықтыру. **Ойынның шарты:** сөйлемді тыңдап, қатесін түзету. Мысалы: Жайлауда таулар жоқ – Жайлауда таулар бар.	

		көктем көрінісін әр топ өзінше бейнелейді. **Топтық жұмыс. «Суреттер сөйлейді»** Берілген суреттердің ішінен көктем мезгілі бейнеленген суретті тап, және сол сурет бойынша әңгіме құра. **Жұптық жұмыс. «Кел, бояйық!»** Берілген суретерді бояу. - Балалар біз табиғатты қорғап, табиғатқа қамқорлық жасауымыз керек.Табиғат туралы тиым сөздерді қайталатып, мағынасын түсіндіру. **Шығармашылық қиялы мен қабілеттерін дамытуға арналған жұмыстар**  	қорытындылайды. Балалардың жетістіктерін ауызша бағалайды, мақтайды. – Тапсырмаларды орындау барысында қиналған сәттерің болды ма? Қай тапсырмада? – Егер сендерге бүгінгі тапсырмаларды орындау жеңіл және қызық болса, көңілді смайлды, ал егер тапсырмаларды орындауда қиналсаңдар және қызықсыз болса, көңілсіз смайлды бояңдар. 	  	

Құндылықты қалыптастыру

«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асыру


3 үзіліс – 15:35 – 15:45


Балалардың дербес іс-әрекеті

Іс – әрекет арқылы балаларды әр түрлі мамандықпен танысыру,еңбекті құрметтеуге дағдыландыру,өз еліне пайдалы бола білуге тәрбиелеу.

Қимылды ,еңбек ойын: « Допты шығыршыққа түсір»

Басты міндеттері: Командалық қимыл-әрекеттерді орындай отырып есте сақтау мен зейінін жақсартуына жағдай жасау, екі қолмен допты аспандата лақтырып,нысанаға түсіруге үйрену.





Қимылды ,еңбек ойын: « Допты шығыршыққа түсір»

Ойынның міндеттері: Командалық қимыл-әрекеттерді орындай отырып есте сақтау мен зейінін жақсартуына жағдай жасау, екі қолмен допты аспандата лақтырып,нысанаға түсіруге үйрену.

Дағды: Балаларға ойын шартын түсіндіру, баланың сезімталдығын қалыптастыру, қимыл қозғалысын жылдамдыққа дағдыландыру.

Ойын іс әрекеті: Ойын алаңының дәл ортасына баскетбол ойынының шығыршығы ілінген,биіктігі 130-150 см баған қойылады. Сол бағанды айналдыра диаметрі 4 м және диаметрі 8 м шеңбер сызылады.

Екі команданың да қорғаушылары шеңберлердің арасында аралас тұрады.Шабуылшылары да үлкен шеңбердің сыртында аралас жүреді.

Жеребемен қай команданың ойынды бастайтыны анықталады.

Ойынды бастауға белгі берілгеннен кейін екі команда да шығыршыққа түсіру үшін допты мүмкіндігінше қарсыластарына бермей, бір-біріне лақтырады.Ал екі шеңбердің ортасындағы ойыншылар шығыршықты қарсылас команданың ойыншысынан қорғап, қолына түскен допты өз командасының бір ұпай әкеледі.

Ойын осылай жалғаса береді.Соңында қай команда көп ұпай жинаса, солар жеңген болып саналады.

Әдістемелік нұсқаулар.

Әркім өз ойыншыларын қарсыластарынан ажырата алу үшін команда киімдері екі түрлі болуы керек.Бір команданың ойыншылары допқа таласып қалмайтындай болып, қарсылас команда мүшелерімен аралас тұруларын қадағалау қажет.

1.Шабуылшыларға шеңбердің ішіне кіруге болмайды.

2.Қорғаушыларға екі шеңбердің ортасынан шығуға болмайды.

3.Шығыршыққа түсірген бала допты ойынға қосады.

Ойынның педагогикалық маңызы.

Оқушылар керексіз көп қимыл-қозғалыстарынан арылып,қимылдарын ықшамдап әрекеттенуге үйренеді.Баскетбол ойынында допты лақтыру мен қағып алу әдіс-тәсілдеріне жаттығады.Айналаны тез бағдарлап,өз ойыншыларына допты нақтылап беруге дағдыланады.

4-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты: 15.45 – 16.10

Білім беру ұйымының кестесі бойынша ҰІӘ(ұйымдастырылған іс-әрекет)	**4. Дене тәрбиесі** - ойын әрекеті, қимыл белсенділігі. **ҰІӘ тақырыбы:** Шабандоздар. **ҰІӘ міндеттері:** - бала ағзасының барлық жүйелерін жарыс қимылдарын (эстафеталарды) орындау арқылы жаттықтыру; -қимыл әрекеттердің өз бетімен еркін орындалуын жалғастыру. -тік қойылған баспалдаққа сатылар арасымен өрмелеуге жаттығу. Қол мен аяқтың қимылдарын үйлестіруін дамыту. **Дағды**: Ептілікті, күштілікті, көпшілдік қасиеттерін дамыту. Ұлт тарихы, халық мәдениетіне деген құрметке, білім-білік дағдыларын қолдана алуға, жұппен жұмыс, эстафеталарда басқалармен әрекет ету ережелерін сақтай білу дағдыларын дамыту. **Құндылықтарға баулу:** Балалардың белсенді өмірлік позициясын,жан дүниесін адами құндылықтар арқылы рухани-адамгершіліе пен руханилықты берік орнату. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** «шабандоз» терминін, эстафета ережелерін, командада, топта өз әрекетін өзгелермен үйлестіруді, фитболмен секіргенде жерден екпінмен итеріліп, қайта аяқбасымен жұмсақ	**4. Музыка-** шығармашылық іс-әрекет , бейнелеу іс- әрекеті. **ҰІӘ тақырыбы:** Ән салып, би билейміз. **ҰІӘ міндеттері:** - музыкалық дыбысталуының сипаттамасына сүйене отырып, бейненің мазмұны мен музыкалық мәнерліліктің элементтерімен байланыстыру; -қолмен әннің бағытын көрсете отырып, әуеннің жоғарғы-төменгі қозғалысын ажырату; -ән арқылы балаларды адамгершілікке,инабаттылыққа тәрбиелеу. **Дағды**: Музыкалық мәнерлілік құралдары мен сипатын егжей-тегжейлі ажырата білу дағдыларын игеру. **Репертуар:** **Музыка тыңдау:** «Балдырғандар маршы» (К. Қуатбаев) **Ән айту:**«Балдырғандар әні» (Г. Жотаева) «Біз бақытты баламыз» (Ә. Қонысбеков) **Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** «Мерекелік марш» (Б. Дәлденбай) **Билер:** «Еркебұлан» («Билеп үйренейік» **жинағынан)** **Ойындар, хороводтар:** «Соқыртеке» (Е. Хасанғалиев)	**4. Дене тәрбиесі** - ойын әрекеті, қимыл белсенділігі. **ҰІӘ тақырыбы:** Спортпен шұғылданамыз! **ҰІӘ міндеттері:** - оң қол және сол қолмен алысқа лақтыруға үйрету, қолдарын алдымен төмен қарай айналдырып, сосын артқа толық жазылғанша сермеп лақтыруға дағдыландыру; -аяқты өкшеден бастап, аяқ басына қарай басып, жылдамдықты сақтап, баяу жүгіруге жаттығуды жалғастыру. **Дағды**: -залда алақан мен тізеге басып,еңбектеп жүру, бастапқы қалыпқа дұрыс тұру («малдас құру»; -өкшені толық басып отыру; тізерлеп тұру), 35 см биіктіктен төменге секіру дағдыларын қалыптастыру. **Құндылықтарға баулу:** Ұжым болып әрекет етуге,ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Денсаулықты нығайтуға ықпал ететін дене сапаларын:ептілік , төзімділік , икемділік , шапшаңдық , үйлесімділікті дамыту. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Баланың ұлттық және азаматтық құндылықтарға,ана тілін және мемлекеттік тілді, мәдениетін құрметтеугі бағдарлау.	**4. Музыка-** шығармашылық іс-әрекет , бейнелеу іс- әрекеті. **ҰІӘ тақырыбы:** Бақшадағы ән-сауық. **ҰІӘ міндеттері:** - музыкалық дыбысталуының сипаттамасына сүйене отырып, бейненің мазмұны мен музыкалық мәнерлілік элементтерімен байланыстыру; -сезіммен, ырғақтық бейнесін сақтай отырып, сөздерді анық және фразалар арасында дұрыс тыныс алып, музыкалық кіріспеден соң бірден бастап ән айту. **Дағды**: Музыкалық мәнерлілік құралдары мен сипатын егжей-тегжейлі ажырата білу дағдыларын игеру. **Репертуар:** **Музыка тыңдау:** «Жас дәуірдің түлегіміз» (Т. Жұмалиева) **Ән айту:** «Біз бақытты баламыз» (Ә. Қонысбеков) «Көктем» (А. Жайымов) **Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** «Мерекелік марш» (Б. Дәлденбай) **Билер:** «Көкпар» биі («Билеп үйренейік» жинағынан) **Ойындар, хороводтар:** «Әуенді сағат» ойыны (Дидактикалық ойындар жинағынан).	**1 мамыр — Қазақстан халқының бірлігі күні.** 

	түсуді. Тепе-теңдікті сақтай білуге тәрбиелеу. **Қауіпсіздігі:** Арқа аурулары мен жалпақтабанның алдын алуға арналған жалпы дамытужаттығулары. **Апта дәйексөзі**: **«Еңбек түбі зейнет»** **Күтілетін нәтиже:** Бастапқы қалыпқа дұрыс келу, фитболды заттардың арасымен алып жүру, жерден көтерілген жазық бетпен жүргенде тепе-теңдік сақтау, сапқа тұру, қайта сапқа тұру,заттардың арасымен жорғалау. **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** **Бастаушы шақырады:** «Ау, жігіттер, келіңдер! Күш сынасып көріңдер! Тақияны алыңдар, Шауып келіп кідірмей, Күміс теңге алыңдар! Ер-тоқымнан айрылмай, Шапқан атқа мініңдер! Ат астынан өте шығып, Бірінші боп келіңдер! Жеңіп ойнақ салыңдар, Бас жүлдені алыңдар!» «Тақия, теңге алу ма, Жігіттер одан қала ма? Бір, екі, үш, Жастар ала күш! **Қимыл жаттығуы:** **«Кім шапшаң?»** Сапқа тұрып жарысу.	**Музыкалық аспапта ойнау:** «Атқа мініп шабамыз» (В.Агафонников) **Құндылықтарға баулу:** -балалардың ән туралы түсініктерін қалыптастыру; -әнді мұқият тыңдай отырып, сипатын ажырата алу, бірге ән салу, ән ырғағын дәл сақтап орындау дағдыларын жетілдіру; -әнге деген қызығушылықтарын ояту; музыкалық есту, есте сақтау қабілеттерін дамыту. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Ән үйрену,айта білу,есту қабілеттерін одан әрі қарай дамыту. Ән айту — баланың сөйлеу қабілетін, музыкалық естуін, есте сақтау қабілетін және шығармашылық қиялын дамытуға көмектеседі. **Қауіпсіздігі:** Аспаптарда ойнаудың қарапайым дағдыларын дамыту. **Апта дәйексөзі**: **«Еңбек түбі зейнет»** **Күтілетін нәтиже**: - әннің музыкасын әндете айтады, дұрыс тыныс алуды жасайды. -музыкалық дыбысталуының сипаттамасына сүйене отырып, бейненің мазмұны мен музыкалық	Балаларды ұйымшылдыққа баулып, қимыл-әрекетке жаттықтыру.. Сымбаттылыққа, шымыр болуға,ептілікке тәрбиелеу. Күш қуат пен секіргіштікті дамыту. **Қауіпсіздігі:** -үйде де қауіпсіздік дағдыларын қалыптастыру, залда алақан мен тізеге басып,еңбектеп жүру, бастапқы қалыпқа дұрыс тұру («малдас құру»; -өкшені толық басып отыру; тізерлеп тұру), 35 см биіктіктен төменге секіру. **Спортпен үнемі шұғылдану —** денсаулықтың, мықты иммунитеттің және көтеріңкі көңіл-күйдің кепілі. Ол ағзаны шынықтырып, төзімділікті арттырады және аурулардың алдын алады. Күнделікті жаттығулар (жүгіру, жаттығу, серуендеу) өмір сапасын жақсартады. **Спортпен шұғылданудың пайдасы:** **Денсаулық:** Физикалық белсенділік денені сау етіп, жүрек-қан тамырлар жүйесін нығайтады. **Көңіл-күй:** Спортпен айналысқанда эндорфин бөлініп, стресстен арылтады. **Төзімділік:** Бұлшықеттерді дамытып, күш-қуат береді. **Тұрақтылық:** «Денсаулықты болғыңыз келсе спортпен	**Музыкалық аспапта ойнау:** «Күншуақ» (Е.Құсайынов) **Құндылықтарға баулу:** -балалардың ән туралы түсініктерін қалыптастыру; -әнді мұқият тыңдай отырып, сипатын ажырата алу, бірге ән салу, ән ырғағын дәл сақтап орындау дағдыларын жетілдіру; -әнге деген қызығушылықтарын ояту; музыкалық есту, есте сақтау қабілеттерін дамыту. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Ән үйрену,айта білу,есту қабілеттерін одан әрі қарай дамыту. Ән айту — баланың сөйлеу қабілетін, музыкалық естуін, есте сақтау қабілетін және шығармашылық қиялын дамытуға көмектеседі. **Қауіпсіздігі:** Аспаптарда ойнаудың қарапайым дағдыларын дамыту. **Апта дәйексөзі**: **«Еңбек түбі зейнет»** **Күтілетін нәтиже**: - әннің музыкасын әндете айтады, дұрыс тыныс алуды жасайды. -музыкалық дыбысталуының сипаттамасына сүйене отырып, бейненің мазмұны мен музыкалық мәнерлілік элементтерімен байланыстыруын түсінеді;	

	Ат шабысы естілетін күй әуенімен қамшыға арналған түзету жаттығуларын орындау. Балалар қолдарына қамшы алып, шауып келе жатқандай қимылдар жасап, залда бытырап,аяқ басымен, өкшемен қалағанындай қимылдап жүреді. **Балаларға көрсету әрекеті:** Арқа омыртқаның қисаюы мен жалпақтабанның алдын алу. Қамшымен жалпы дамыту жаттығуларын жасау. Статикалық қалыпты сақтап, омыртқаны дұрыс ұстау қабілеттерін белсендендіру. Балалар бірнеше тізбекке өз орнын есте сақтап, сап түзеп тұрады. Белгі бойынша шашырапкетіп, қалауынша қимылдар жасайды. Қайтадан белгі бергенде өз орнына тез келіп тұра қалуы керек. Бастапқы қалып (Б.қ.): 1-2 қамшыны жоғары көтеріп, оң (сол) аяғын артқа жіберіп,аяқтың ұшымен өкшесін өзіне тартып созылып – демін ішіне тартады да, 3-4 – б.қ. 8 рет қайталайды. «Бір жағына еңкею» Б.қ.: аяқты айқастырып отыру, қамшы жоғарыда, 1-2 – оңға (солға) еңкею, қамшыны жергетигізу, 3-4 – б.қ. 6 рет қайталау. Б.қ. шалқалап жатып алып 1-қамшыны жоғары көтеру, 2-екі аяқты бірдей сермеп, аяқтыңұшын қамшыға	мәнерлілік элементтерімен байланыстыруын түсінеді; -ұлттық билердің элементтерін орындай алады. **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** **Ұйымдастыру кезеңі** Балалар көңілді музыка әуенімен шеңбер бойымен жүріп, қоянша секіріп, құстай ұшып, аюдай қорбаңдап, қасқырдай ырылдап жүреді. Музыка ауысқанда өз беттерінше жаңа әуенге ілесіп қимылдар жасайды. **Негізгі кезең** Домбырам күмбірлеп, күй шерте аламын, Бұрала би билеп, сурет те саламын, – деп, «Біз өнерпаз баламыз» атты шағын концерт ұйымдастыру. ***Музыкалық-ырғақтық қимылдар:*** «Мерекелік марш» (Б. Дәлденбай). Музыка әуеніне ілесіп, аяқты тізеден көтеріп нық басып, бойды тік ұстап, екі қолды кезек-кезек сермеп жүру. ***Музыка тыңдау:*** «Балдырғандар маршы» (К. Қуатбаев).	шұғылданыңыз» ұранымен жаттығуды күнделікті әдетке айналдыру маңызды. Қалай бастау керек? **Таңғы жаттығу:** Күнді сергек бастау үшін 3-5 минуттық жаттығу. **Серуендеу:** Күн сайын таза ауада жаяу жүру. **Бұқаралық спорт:** Отбасымен немесе достармен бірге жарыстарға, ашық жаттығуларға қатысу. Спорт — бұл тек физикалық күш емес, сонымен қатар батылдық **пен мықтылық.** **Апта дәйексөзі**: **«Еңбек түбі зейнет»** **Күтілетін нәтиже:** - ырғақты гимнастика, оң қол және сол қолмен сермеп лақтыру, көзге арналған жаттығулар; -қолды айналдырып сермеу, секіріп түскенде тепе-теңдік сақтау, қауіпсіздік тәртібі. **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** «Жаттығуды бастадық – бұл бір! Алшақ – алшақ басайық – бұл екі! Тоқтама сен, кідірме – бұл үш! Күн күлімдеп тұр көкте! Тамаша!	-ұлттық билердің элементтерін орындай алады. **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** Балалар көңілді музыка әуенімен залға кіреді. Педагог: Қанша бала, қанша қыз, Бір шоқ гүлміз баршамыз. Ойын-күлкі ордасы – Біздің балабақшамыз! **Балаларға көрсету әрекеті:** ***Музыкалық-ырғақтық қимылдар:*** «Мерекелік марш» (Б. Дәлденбай). Музыка әуеніне ілесіп, аяқты тізеден көтеріп нық басып, бойды тік ұстап жүріп, екі қолды кезек-кезек сермеп жүру. ***Музыка тыңдау:*** «Жас дәуірдің түлегіміз» (Т. Жұмалиева). Музыка тыңдап, сипаты туралы, қандай көңіл күйде болғандарын сұрау. Ән айтар алдында дауыс жаттығуын жасап алып, әуенді таза айтуға ұмтылу. ***Ән айту:*** «Біз бақытты баламыз» (Ә. Қонысбеков). Педагог әнді орындап, мазмұны бойынша әңгіме өткізеді. Балаларға қайталап, қосылып айтуға үйретеді. Әнді бір мезгілде бастау және аяқтау, әуенді дұрыс бере білу.	

	тигізу. 3-4 – б.қ. 8 рет қайталау. Б.қ. қамшыны арт жағына қолын төменге түсіріп ұстау. 1-2 – қамшыны жоғары көтеріпотыру. Арқаны тік ұстап, тізені ашу, өкшені көтеру. 3-4 – б.қ. 8 рет қайталау. «Қамшыны тізеге қою». Б.қ.: қамшы төменде, 1 – қамшыны жоғары көтеру, 2 – бүгілген сол аяқты көтеру қамшыны тізеге апарып, 3 – қамшыны жоғары көтеру, арқаны түзу ұстау.Аяқты түсіру. 4 – б.қ. орнықты тұрып, аяқ ұшын тарту. 5 рет қайталау. Б.қ.: қамшыны табанымен қысып отыру, 1 – тізені бүгіп, жоғары көтеріп, денені оңға-солға бұру. 5 рет қайталау Б.қ.: жерде отырып, еңкейіп, қамшымен оң (сол) аяқтың ұшын іліп алып, мүмкіндігіншежоғары көтеріп, ұстап тұру. 5 реттен қайталау. Б.қ.: отырып алып аяқтың ұшымен қамшыны жинау. Б.қ.: жерде жатқан қамшыдан оң (сол) қырымен секіру. 10 секіруді 2 рет қамшыданаттаумен алмастырып қайталау. **Балалармен бірге орындау әрекеті:** **«Жылан»** Фитболды заттардың арасынан ирек жолмен алып жүру. Белгі бойынша алғашқы ойыншы заттардың	Музыка тыңдап**,** сипаты туралы сұрау, әуенді тыңдап, қандай көңіл күйде болғандарын сұрау. Ән айтар алдында дауыс жаттығуын жасап, әуенді таза айтуға ұмтылу. **Балаларға көрсету әрекеті:** ***Ән айту:*** «Балдырғандар әні» (Г. Жотаева). Балалармен әннің көңіл күйін анықтау, сипатына көңіл бөлу. Мазмұнына тоқталып, әнді үйрену. Үйренген «Біз бақытты баламыз» әнін (Ә. Қонысбеков) еске түсіру, сөздерін анық айтуға, ән ырғағымен орындауға баулу. ***Билер:*** «Еркебұлан» («Билеп үйренейік» жинағынан). Балаларға бидің қимылдарын көрсету, өз беттерінше жасатып үйрету, әуенге қосылып 1-2 қимылдарын үйрену. **Балаларға көрсету әрекеті:** ***Ойындар, хороводтар:*** «Соқыртеке» (Е. Хасанғалиев). Педагог ойын шартын түсіндіреді. Балалар бір-бірінің қолынан ұстап, шеңбер жасап тұрады, 3-4 бала шеңбердің сырт жағында тұрады. Ортада – «соқыртеке».	Үлкен боламын, күшті болам, ер болам! Тамаша!» Мәтін бойынша қимылдар жасайды. Бірден-екіден тізбекке тұру. Қозғалыс кезінде қайта сап құру. Арақашықтықты сақтауғатырысады. Ырғақты гимнастика. Зейінін шоғырландырып, қимылдарды ырғақты орындап,бірқалыпты тыныс алуға тырысады. Негізгі жаттығуларды ойын түрінде орындау. Оң қол, сол қолмен лақтыру. қолдарын алдымен төмен қарай айналдырып, сосын артқа толық жазылғанша сермеплақтыру. Алысқа лақтыру техникасын қайталайды. Белгіленген сызықтың қасына екі лекке сап түзейді. Бастапқы қалыпқа келеді: үш саусағын доптың артына, басбармағы мен шынашағын доптың екі жағына қояды. Допты мейлінше алысқа лақтыруға тырысады. Педагогтің белгісімен ғана доптың артынан жүгіреді. Қайтып келіп балалар қатарының соңынан тұра қалады. Тереңдікке **секіру** – биіктігі 30 см заттардан секіріп түсу – аяқты түзулей бастағанда бірденқолдарын төмен түсіріп, алдыға шығару. Ұзын орындықтың бетінен екпінмен екі аяқтап итеріледі. Қолдары мен	Үйренген «Көктем» әнін (А. Жайымов) еске түсіру, сөздерін анық айтуға, ән ырғағымен орындауға баулу. **Балаларға көрсету әрекеті:** **Билер:** «Көкпар» биі («Билеп үйренейік» жинағынан). Бидің қимылдарын аяғына дейін үйреніп, соңына дейін музыка ырғағымен билеу. ***Ойындар, хороводтар:*** «Әуенді сағат» ойыны (Дидактикалық ойындар жинағынан). Педагог ойын шартын түсіндіреді. Сағат тілімен әуенді ажырата білу, бұрын тыңдаған музыкаларын еске түсіру. ***Музыкалық аспапта ойнау:*** «Күншуақ» (Е. Құсайынов). Педагог шығарманы орындап, балалардан музыка ырғағына сәйкес қол соғуды сұрайды. Аспаптарды таратып беріп, орындау ретін түсіндіреді.	

	арасымен модульды айналып, фитболды алып жүреді де, қажетті жерге жеткен соң дәл сол тәсілмен қайта қайтып, қолындағы фитболды келесі ойыншыға береді. Ойыншылар екі аяқпен бірдей екпіндеп сырғып жүруге тырысады. **«Шабандоз»** Хоп-фитболмен текшелердің арасымен арқаны тік ұстап секіру, еденнен шұғыл итеріліп, жартылай бүгілген аяғымен жұмсақ секіріп, қайта қону. Ойыншы «арғымаққа» (хоп-фитбол) мініп, бүкіл дистанциядан өтіп, келесі ойыншығабереді. **Тепе-теңдік сақтау** – ұзын орындықтың үстімен жанына қарай, текшелерден аттап жүру.Тепе-теңдік сақтауға назар аудару. Тепе-теңдік сақтау жаттығуларын орындайды. Ұзын орындықтың үстімен жанына қарай, текшелерден аттап жүреді. Қолдарын белінеқойып, басын төмен түсірмеуге тырысады. **Қимыл-қозғалыс ойыны : «Шеңбер»** (3 рет). Құрсауларды шеңбер бойымен орналастырып қою.Ойыншылар өз құрсауларына тұрады. Әр құрсауда тек 2 ойыншы тұра алады. Бір ойыншы үлкен шеңбердің дәл ортасында тұрады. Белгі бойынша ойыншылар өз құрсауларына жүгірген	Балалар шеңбермен айналып жүріп, әннің 1-шумағын айтады. 2-шумақты «соқыртеке» айтады. 2-шумақ басталғанда балалар бекіткен қолдарын жоғары көтереді, ал сыртта тұрған балалар ішке еніп, «соқыртекеге» ұсталып қалмас үшін жан-жаққа жүгіреді. "Соқыртеке" біреуді ұстап алуға тырысады. Егер ұстап алса, әннің 4-шумағын айтады, ойын қайталанғанда ұсталған бала "соқыртеке" болады. Егер де ұстай алмаса, әннің 2-шумағын айтып, қайтадан"соқыртеке" болып қалады. ***Музыкалық аспапта ойнау:*** «Атқа мініп шабамыз» (В. Агафонников). Алдымен балаларға әуенді ойнап, қандай музыкаға ұқсайтындарын сұрау. Балалардан музыка ырғағына сәйкес қол соғуды сұрайды. Аспаптарды таратып беріп, орындау ретін түсіндіреді. Балалар аспапта ойнағанда ырғақты ұстап отырып, әуенге ілесе ұрмалы аспаптарымен ойнайды.	аяқтарыныңқимылдарын үйлестіреді. Тепе-теңдік сақтап, жерге секіріп түскенде алдыға қарап, денесін тік ұстауға тырысады. **Балаларға көрсету әрекеті:** Денені жұмырлап, алдыға қарай дөңгелеп, арқасына аунап түсу. Денені жұмырлау – отырып, тізесін біріктіріп, қолдарын еденге, шынтақтарын денесіне қысып, арқасын дөңгелету. Бастапқы қалыптан негізгі акробатикалық жаттығулар жасау. **Типтік қателер:** Артқа қарай аунағанда жұмырланғанды жоғалтып, арқаға құлау; аяқпен итерілгенде жеткіліксіз екпін алу; шалқасынан жатқанда аяқты кеудеге жинамау; арқаны дөңгелетпеу. Денені жұмырлау – отырып, тізесін кеудесіне қарай тартып, шынтақтарын денесіне қысып,арқасын дөңгелетеді. Алдыға қарай дөңгелеп арқасына аунап түсу – аунап келіп қайтадан аяғына тірелу акробатикалық жаттығулары **«Орындарыңмен ауысыңдар» қозғалыс ойындары** Залды екіге бөлетіндей етіп, ортаға арқан төселіп салынады.Әр		

	кезде ортадағы ортадағы «үйі жоқ» ойыншы кез келген құрсауға тұрып алады. Артық ойыншы енді ортаға тұрып, өзіне үй іздейді. Осылайша ойын жалғаса береді. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие** **Жігіттік туралы мақал-мәтелдер:** Ер сүрінбей ел танымас, Ат сүрінбей жер танымас. Жеті қырлы балықты, сегіз қырлы жігіт алады. Ер байлығы – еңбекте. Ер жігіт айтқанын екі етпес.		команда залдың бір бөлігіне орналасады. «Жүгір!» деп белгі берілгенде, балалар өз бөлігінде шашырап жүгіреді. «Ауысамыз!» деп белгі берілгенде, екі топ ауысады. Қай топ бірінші болып толық ауысып үлгереді, сол топ жеңіске жетеді. **Балалармен бірге орындау әрекеті:** Дыбыстарды айту арқылы тыныс алу жаттығуларын орындау. **«А» дыбысы.** Өкпе, кеңірдек, көмейдің жұмысын жақсартады. Дыбыстау нәтижесінде тыныс алутереңдеп, оттегін қабылдау ұлғаяды. Тыныс алғанда шығарылатын ауаны ұлғайту үшін дауысты дыбыстарды мүмкіндігенше созу қажет. Мысалы: жіп тарқатылғанша созу. **«М»** дыбысы. Дыбысталуы ми тамырларына оңтайлы әсер етеді. Психоэмоционалды күйзелістеншығарып, есте сақтау мен тыныштық сезімдерін жақсартады.		
Серуенге дайындық 16:10-16.15	**Еңбегі адал жас өрен: «Мен дұрыс киіне аламын»** **Мақсаты:**Өз-өзіне қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру. Киінудің бірізділік алгоритмін бекіту. Бір-біріне көмек көрсету (тәрбиешінің және белсенді балалардың көмегі), серуенге мотивация (мазмұны, проблемалық жағдаяттар), көркем сөзбен ынталандыру (мақал-мәтелдер, жаңылпаштар, жұмбақтар, өлеңдер). Көтеріңкі көңіл-күй сыйлау. **Дағды:**киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету әрі дағдыландыру**.**				
«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асыру **«Біз табиғат қорғаушыларымыз!» Танымдық,эксперименталдық іс-әрекет табиғат аясында**					


Серуен кезіндегі қауіпсіздік: Баланың өмірге бейімделуіне үлкен мән беру.Қауіпсіздік шаралары туралы білімдерін кеңейту; өз жеке басының қауіпсіздігін дұрыс ұстап жүруге тәрбиелеу.

-тәрбиешінің міндеті– температура режимін және ауа-райы мен температура жағдайларына сәйкес балалардың киімдерін және баланың бас киімінің болуын бақылау;

-серуендеу, ойын, еңбек әрекеті кезінде балалардың шаршауын, ыстықтауын, тоңуын болдырмау үшін серуенді өткізу жоспары бойынша балалар әрекетінің қимылды, аз қимылды түрлеріне кезекпен ауыстырып отыру қажет.

дағдыларын қалыптастыру, мектепке дейінгі білім берудің сабақтастығы мен үздіксіздігі ұстанымдарын қамтамасыз ету, балалардың физикалық дамуы, коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту, әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын қалыптастыру, баланың зияткерлік, әлеуметтік дағдыларын және тұлғасын дамыту үшін инновациялық әдістер мен технологияларды қолдану, оқыту,

дамыту және тәрбиелеу міндеттерінің бірлігін қамтамасыз ету, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, отаншылдыққа, Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдени-әлеуметтік нормаларға баулу, балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен мектепке дейінгі ұйымның күш-жігерін біріктіру, баланың мектепте оқуға физикалық, психологиялық, эмоционалдық, әлеуметтік дайындығы үшін тең бастапқы мүмкіндіктерді беру болыптабылады.

4. Бағдарлама мазмұны: дені сау баланы тәрбиелеуді, өз денсаулығына саналы түрде қарауды, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыруға;

балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ауызекі сөйлеуді, сөздік қорды қалыптастыруды, өмірде әртүрлі жағдайлардағы қарым-қатынас

дағдыларын меңгертуге, қолдың ұсақ моторикасын, командада жұмыс істеу дағдыларын дамытуға;

тәрбиеленушілердің қоршаған әлеммен өзара қарым-қатынас жасауына қажетті танымдық және зерттеушілік әрекеттің қарапайым дағдыларын меңгертуге; өнер туындыларын қабылдау мен түсіну дағдыларын қалыптастыру, қоршаған әлемді эмоционалды тану, тәрбиеленушілердің өзіндік шығармашылық іс-әрекеті үшін

жағдай жасауға;

тәрбиеленушілерді, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оң әлеуметтендіру, оларды әлеуметтік-мәдени нормаларға, қоғам және мемлекет, отбасы дәстүрлеріне баулу, рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыруға;

мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту және бастауыш білім беру арасындағы оқыту, дамыту және тәрбиелеу міндеттерін ескере отырып, сабақтастық пен үздіксіздік

қағидаларын қамтамасыз етуге;

бастауыш білім беру ұйымдарында мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілерді оқыту үшін тең бастапқы мүмкіндіктер беруге бағытталған.

5. Бағдарламаның мазмұны балалардың физикалық және психикалық дамуының жас кезеңдерін ескере отырып, келесі жас топтарында іске асырылады:

ерте жас тобы – 1 жастағы балалар;

кіші топ – 2 жастағы балалар;

ортаңғы топ – 3 жастағы балалар;

ересек топ – 4 жастағы балалар;

мектепалды топ, мектептегі (лицейдегі, гимназиядағы) мектепалды сынып – 5 жастағы балалар.

6. Бағдарламаның мазмұнын меңгеру мерзімі – 5 жыл, бір жас тобында – 1 жыл.

7. Педагог балаға:

- ненің "дұрыс" және ненің "бұрыс" екенін түсінуді;
- сыпайы және мейірімді болуды;
- дос болуды, құрметтеуді, көмектесуді, бөлісуді;
- қызығушылық танытуды, қоршаған әлемді бақылауды және зерттеуді;
- тыңдауды, түсінуді және саналы сөйлеуді;
- қауіпсіз мінез-құлық ережелері мен салауатты әдеттерді сақтауды;
- физикалық белсенділікке, соның ішінде белсенді қимыл ойындарын ойнауды;
- өзі ойнауды;
- ересектерге көмектесуге, еңбекқорлыққа;
- ата-анасына, достарына, туған өлкесіне деген сүйіспеншілік пен қамқорлық көрсете білуді, отбасын бағалауды;
- өзіне қамқорлық жасауға және ниетін білдіруге үйретеді.

8. Бағдарлама меншік нысанына қарамастан мектепке дейінгі ұйымдарда және мектептердегі (лицейлердегі, гимназиялардағы) мектепалды сыныптарда іске

асырылады.

1. 2026-2027 Оқу жылының негізгі ерекшеліктері

- Мектепалды сыныптарда балалардың қауіпсіз болуын қамтамасыз ету;

- «Таза Қазақстан» тұжырымдамасы аясында мектеп жасына дейінгі балаларда экологиялық мәдениетті жетілдіру;
- Жауапты және заңға бағынатын тұлғаны тәрбиелеуге бағытталған «Заң мен тәртіп» идеологиясының қағидаттарын іске асыру;
- Буллингтің алдын алу және мектеп жасына дейінгі балалардың эмоционалды әл – ауқатын қамтамасыз ету;
- «Ерте жастан еңбекке және кәсіпке баулу» арқылы мектеп жасына дейінгі балаларды еңбекке баулу;
- Академиялық адалдықты қамтамасыз ету;
- ауылдық жерлерде «Құзыреттілік орталықтары» желісін кеңейту және «Құзыреттілік орталықтары» - жеке мектепке дейінгі ұйымдар санын ұлғайту;
- әдістемелік орталықтар (кабинеттер) жанында мобильді топтардың қызметін жетілдіру;
- «Балақайлар мектебі» бағдарламасы бойынша жазғы кезеңде мектепалды даярлықты ұйымдастыру.

Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз,жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру
негізгі міндеттері:

- мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілердің өмірін және денсаулығын қорғау;
- тәрбиеленушілердің, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері және жеке мүмкіндіктері бар тәрбиеленушілердің дене, зияткерлік және жеке тұлғалық дамуын қамтамасыз ететін оңтайлы жағдайлар жасау.

Мектепке дейінгі ұйымда балалардың күні бойы қауіпсіз болуының алдын алу үшін:

- тәрбиелеу-білім беру процесіне тиісті бақылауды қамтамасыз ету,
- басшының қызметкерлердің әрекетіне бақылауды күшейту,
- алдын алу шараларын уақтылы жоспарлау;
- баланың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін жағдайларды болдырмау үшін тиісті шаралар қабылдау ұсынылады.

Дамытушы ортаны құруға ұсынымдар:

- Үлгілік бағдарламаны және білім беру (вариативтік, жеке, бейімделген, қосымша) бағдарламаларын іске асыруды қамтамасыз етуі;
- балалардың жастарына сәйкес болуы;
- барлық топтық бөлменің үй-жайлары, кабинеттер, ойындар мен ойыншықтар, материалдар, құралдардың тәрбиеленушілер, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар үшін қолжетімді болуы;
- қолайлы эмоционалды жай-күйін қолдау үшін балалардың оңаша ойнауына орынды жабдықтау;
- ересек пен баланың бірге әрекет етуі үшін (заттар мен ойыншықтар, кітаптар, материалдар, құралдардың балалардың жасына және Үлгілік бағдарламаның мазмұнына сәйкес болуы) қанық, мазмұнды болуы;
- әртүрлілік (барлық тәрбиеленушілердің ойын, шығармашылық, зерттеу, танымдық әрекеттері мен қимыл белсенділігін соның ішінде ірі және ұсақ моториканы дамытуға, қимылды ойындар мен жарыстар ұйымдастыруға, балаларға қолжетімді материалдармен соның ішінде құммен, сумен эксперимент жасауға жабдықтардың (топта, дәлізде, ойын алаңында да болуы);
- балалар әрекеті түрлерінің вариативтілігі;
- көпфункционалдылығы (балалар жиһаздары, жұмсақ модулдер, театр- ландырылған қойылымдарға арналған шымылдық, топта табиғи материалдардың болуы);
- өзгермелі (балалардың қызығушылықтары мен мүмкіндіктеріне және тәрбиелеу-білім беру процесінің мазмұнына сәйкес ортаны өзгерту мүмкіндігі) болуы.

Топтық бөлмелерде мынадай қызығушылықты орталықтарын құруға болады:

- ұлттық құндылықтар;
- сюжетті-рөлдік ойындар;
- театрландырылған ойындар;
- оңаша ойнауына орын;
- кітап бұрышы;
- құрастыру және робототехника;
- табиғат және ғылым;

- шығармашылық;
- мамандықтар және т.б..

Мектепалды сыныптарында негізгі міндеттері:

- балаларда оқу әрекетінің ұйымдастырылған мінез-құлқының дағдыларын қалыптастыру (танымдық белсенділік, шығармашылық);
- мектепке оқу үшін қажетті болашақ бірінші сынып оқушысының жеке қасиеттерін қалыптастыру (жауапкершілік, зейінділік, дербестік, ынталық);
- ұжымдық әрекетте бірлесіп әрекет ету дағдыларына тәрбиелеу (құрдастарына көмек көрсету, жұмыс нәтижелерін бағалау және т. б.);
- балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, мектепке дейінгі ұйымнан мектепке көшу кезінде сабақтастықты және табысты бейімделуді қамтамасыз ету;
- баланың мектепке эмоционалды-оң көзқарасын, оқуға деген ынтасын дамыту.

Тәрбиеленушілердің жеке тұлғасын жан-жақты дамыту мына бағыттар бойынша:

- физикалық дамыту;
- коммуникативтік дағдыларды дамыту;
- танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту;
- шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту;
- әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру арқылы іске асырылады.

Мектепке дейінгі және бастауыш білім берудің сабақтастығы

Баланың оқуда жетістіктерге қол жеткізуіне МДҰ-ның ықпалы:

✓ Ерікті мінез-құлық және өзін-өзі реттеу дағдылары: партада 35 минут отыру, мұғалімді тыңдау, алаңдамау;

✓ Коммуникативтік дағдылар: педагогтің нұсқауларын түсіну, сұрақтарға толық сөйлеммен жауап беру, шығармалардың мазмұнын айтып беру, құрдастарымен қарым-қатынас жасай білу, қарындаш пен қылқаламды дұрыс ұстау, сызықтар, штрихтар салу, суреттерді бояу, қиып алу және бөлшектерді жапсыру;

✓ Танымдық дағдылар: салыстыру, топтастыру, санау;

✓ Әлеуметтік-эмоционалды дағдылар: мінез-құлық ережелерін сақтау, дербестік пен жауапкершілік, өзіне сенімділік, оқуға оң көзқарас таныту, жаңаны тануға қызығушылық, жетістікке қол жеткізуге талпыну, тапсырмаларды орындауға дайын болу дағдыларын қалыптастырады.

5.Тәрбиелеу-білім беру процесінде:

-әр баланың қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жалпы адами және ұлттық құндылықтар негізінде оларды толыққанды дамыту мен әлеуетін ашу жүзеге асырылады;
-балалардың құқықтарын, өмірін қорғау, денсаулығын нығайту қамтамасыз етіледі;
-салауатты өмір салтының негіздері, қауіпсіз өмір сүру дағдылары, қимыл-қозғалыс, бейімделу, коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды, когнитивтік дағдылар, өзіне, отбасына, құрдастарына, қоршаған ортаға адамгершілік қарым-қатынасы, тәрбиеленушілердің қарым-қатынас мәдениеті, ұлттық бірегейлік пен азаматтық негіздері, патриотизм қалыптасады;
-тәрбиеленушілердің физикалық, зияткерлік, танымдық-сөйлеу, көркем-эстетикалық, шығармашылық қабілеттері дамиды;
-Отанға, ана тіліне сүйіспеншілік тәрбиеленеді;
-баланың мектепте оқуға физикалық, психологиялық, эмоционалдық,әлеуметтік дайындығы үшін тең бастапқы мүмкіндіктер беріледі.

6.Тәрбиеленушілердің құзыреттіліктерін, физикалық және жеке қасиеттерін дамыту олардың жас ерекшеліктеріне сәйкес біліктері мен дағдыларын қалыптастыру арқылы жүзеге асырылады.

7. Физикалық қасиеттерді дамыту.

Физикалық дамыту балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және дене шынықтыру ұйымдастырылған іс-әрекеті арқылы жүзеге асырылады.

Мақсаты:денсаулық сақтау технологиясын қолданып, балалардың негізгі қимыл түрлерін меңгеруі арқылы мәдени-гигиеналық дағдылар, қимыл-қозғалыс тәжірибесін қалыптастыру, дене сапаларын және қимыл белсенділігіне қажеттілікті дамыту болып табылады.

Міндеттері:

- балалардың денсаулығын сақтау және қорғау, физикалық үйлесімді дамыту;
- спортқа деген қызығушылықты арттыру, салауатты өмір салты дағдыларын дамыту;
- дене шынықтыруға баулу, дененің физикалық сапаларын: күш, жылдамдық, шыдамдылық, икемділікті дамыту;
- дене шынықтырудың әртүрлі нысандарында шығармашылық, танымдық және сөйлеу қабілеттерін дамыту;
- балалардың дене қалыптарының дұрыс дамуына, қимылдарының үйлесімді қалыптасуына, жалпақ табандылықтың алдын алуға медициналық-педагогикалық бақылау жүргізу және ұлттық қимылды ойындар өткізуге жағдайлар жасау.

8. Коммуникативтік дағдыларды дамыту.

Коммуникативтік дағдыларды дамыту балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, сауат ашу негіздері, қазақ тілі ұйымдастырылған іс-әрекеттері арқылы жүзеге асырылады.

Мақсаты: балалардың түрлі іс-әрекетінде Қазақстан халқының мәдениетімен,салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы ауызекі байланыстырып сөйлеуді, сөйлеудің дыбыстық мәдениетін дамыту, сауат ашудың алғышарттарын қалыптастыру болып табылады.

Міндеттері:

- сауат ашудың алғышарттарын қалыптастыру арқылы қолды жазуға дайындау;
- ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын жетілдіру;
- коммуникативтік дағдыларды дамыту: әңгімелесушіні тыңдауға, диалог жүргізуге,өз пікірін айтуға үйрету;
- түрлі балалар әрекетінде қазақ халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы ауызекі сөйлеуді дамыту;
- балалардың заттар мен жағдайды нақты сипаттауда қарапайым тұжырымдар мен өз ойларын басқаларға түсінікті жеткізуге баулу;
- балалардың тәжірибесіне сүйене отырып және олардың қалауын ескере отырып,тәрбиешімен және құрдастарымен келесі талқылаумен тәуелсіз қабылдау үшін көрнекі материалдарды таңдау;

9. Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту.

Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және математика негіздері ұйымдастырылған іс-әрекеті арқылы іске асырылады.

Мақсаты: балалардың қоршаған әлеммен өзара қарым-қатынас жасауына қажетті танымдық және зерттеушілік әрекеттің қарапайым дағдыларын меңгерту,коммуникативтік-танымдық қабілеттерді, математикалық және логикалық ойлауды дамыту болып табылады.

Міндеттері:

- танымдық қызығушылықтарын, білуге құмарлықты, оқу әрекетіне қызығушылықты дамыту, мектепте оқуға ынтасын арттыру;
- зейінді, есте сақтауды, бақылауды, зерттеуді, талдау жасай білуді, себеп -салдарлық байланыстарды орнату, қорытынды жасауды дамыту;
- балаларды зерттеу барысында жаңа ақпараттарды алуға, обьектілерге зерттеу жүргізу үшін өз әрекетінің алгоритмін жасауға баулу;
- математикалық және интелектуалды-шығармашылық қабілеттіліктің алғышарттары көрінуіне ықпал ету.

10. Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту.

Тәрбиеленушілердің шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру, музыка ұйымдастырылған іс-әрекеттері арқылы іске асырылады.

Мақсаты: балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, қиялдауын,қоршаған әлемді бейнелі қабылдауын қалыптастыру, өзінің түсініктерін, ойларын,сезімдерін көркем түрде жеткізе білуге үйрету болып табылады.

Міндеттері:

- балалардың өнер шығармаларын эмоционалды қабылдау қабілетін қалыптастыру;
- балалардың шығармашылық қабілеттерін, қоршаған ортаны эстетикалық тұрғыдан қабылдауын дамыту;
- қоршаған әлемді эмоционалды тану, өнер түрлері туралы түсінігін қалыптастыру;
- өзінің, құрдастарының жұмыс нәтижелерін бағалай білуге, жұмысты ұжыммен орындауға баулу;
- музыкаға, өнердің түрлеріне, өнер туындыларына ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу;
- балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ұлттық мәдениетке баулу арқылы патриотизмді тәрбиелеу үшін жағдай жасау;
- балалардың түрлі әрекеттерінде қауіпсіздікті сақтау.

11. Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру.

Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және қоршаған ортамен таныстыру ұйымдастырылған іс-әрекеті арқылы іске асырылады.

Мақсаты: тәрбиеленушілердің, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың әлеуметтік дағдыларын дамыту, оларды әлеуметтік-мәдени нормаларға, қоғам және мемлекет, отбасы дәстүрлеріне тарту, рухани-адамгершілік құндылықтарға баулу, қоршаған әлемнің заттары мен құбылыстары туралы ұғымдарын байыту болып табылады.

Міндеттері:

- әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру, қоғамның әлеуметтік және этикалық нормалары мен дәстүрлеріне, жалпы адами құндылықтарға баулу;
- дербестікке тәрбиелеу;
- Отанның тарихы мен мәдениетін білу және оған құрметпен қарауды қалыптастыру,туған жер туралы түсініктерін кеңейту;
- еңбек түрлеріне және әртүрлі мамандық иелеріне құрметпен қарауды қалыптастыру;
- табиғат әлеміне танымдық қызығушылықты, табиғаттың тірі объектілеріне жанашырлық сезімін дамыту, қоршаған ортаға қатысты кейбір әрекеттерінің қарапайым салдарын көре білу;
- экологиялық мәдениеттің негіздерін қалыптастыру және табиғатта өзін қауіпсіз ұстау.

12.Мектепке дейінгі ұйымдар мен мектептердің мектепалды сыныптарында тәрбие жұмысы

2026–2027 оқу жылындағы тәрбие жұмысы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы 30 шілдедегі № 194 «Білім беру ұйымдарында «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын бекіту туралы» бұйрығының негізінде жүзеге асырылады және «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының құндылықтарына негізделген бірыңғай тәрбиелік ортаны қалыптастыруға бағытталады.

Бағдарламаның мақсаты:

тәрбиеленушінің қазақстандық мәдениет құндылықтары негізінде азаматтық жауапкершілік пен патриотизм, парасаттылық пен адалдық, ар-ұждан, рухани- адамгершілік қасиеттерін бойына сіңірген, үйлесімді дамыған жеке басын қалыптастыру.

Бағдарламаның міндеттері:

Рухани-адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу:

-Отанға, өз халқына, оның тарихы мен мәдениетіне деген сүйіспеншілікті қалыптастыру;
-Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге тәрбиелеу;
-адалдық, әділдік, мейірімділік, ар-ұят пен қамқорлық, қайырымдылық және басқа да адамдық қасиеттерді дамыту;
-табиғатқа және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу.

Азаматтық жауапкершілік пен патриотизмді дамыту:

-елінің жетістіктері үшін мақтаныш сезімін ұялату;
-отбасы, қоғам және мемлекет алдындағы өз міндеттеріне саналы көзқарас қалыптастыру;
-өз құқығы мен бостандығы, сондай-ақ басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға дайын болуға баулу;
-әлеуметтік маңызы бар қызметке белсенді қатысуға тәрбиелеу.

Парасаттылық пен адалдықты қалыптастыру:

-айналасындағылармен қарым-қатынаста адал әрі әділ болуға және әдептілік нормаларын ұстануға тәрбиелеу;
-өз іс-әрекеттері мен сөздері үшін жауапкершілікті түсінуге тәрбиелеу;
-еңбексүйгіштік пен өзін-өзі жетілдіруге деген ұмтылысын қалыптастыру;
-біреудің еңбегі мен мүлкін құрметтеуге тәрбиелеу.

Осы құндылықтар негізінде тәрбие жұмысы төмендегі бағыттармен жүргізіледі:

✓ Тәуелсіздік пен отаншылдық;
✓ Бірлік пен ынтымақ;
✓ Әділдік пен жауапкершілік;

✓ Заң мен тәртіп;

✓ Еңбекқорлық пен кәсіби біліктілік;

✓ Жасампаздық пен жаңашылдық.

Тәрбиеленушінің жеке басының үйлесімді дамуы үшін жағдай жасау:

-әрбір тәрбиеленушіні тәрбиелеу мен оқытуда даралау мен саралау тәсілдемелерін қамтамасыз ету;

-білім беру ортасында жағымды психологиялық-педагогикалық ахуал қалыптастыру;

-ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға қолдау көрсету;

-отбасын білім беру ұйымдарындағы тәрбие процесіне тарту.

13.Мектепке дейінгі ұйымдарда және мектептердің мектепалды сыныптарында қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған балалар әрекеті түрлерінің тақырыптық жоспары.

1.Ұйымдастырылған іс-әрекеттердегі мінез-құлық ережелері

2. Жедел қызметтің телефон нөмірлері, қауіпсіз терезелер

3. Қыс мезгілінде серуендеу ережелері.

4.Сенімді ересектер: кімнен көмек сұрауға болады?

5. Қауіпсіз кіреберіс және лифт.

6. Жануарлармен қарым-қатынаста қауіпсіздікті сақтау.

7. Қылмыскердің келбеті қандай? Талдау және қорытынды жасау.

8. Азық-түліктер-аллергендер. Қауіпсіз ас (Өзіңді жағымсыз реакциялардан қалай қорғауға болады?)

9. Электр құралдарымен, розеткалармен, қуаттау құрылғыларымен жұмыс істеу ережесі.

10. Табиғаттағы мінез-құлық ережелері.

14. Мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру

Үлгілік қағидаларға сәйкес МДҰ өз қызметін келесі кезеңдер бойынша жүзеге асырады:

1. 1 қыркүйектен 31 мамырға дейін – оқу жылы *(үлгілік бағдарламаның мазмұнын игеру мерзімі)*;

2.1 маусымнан 31 тамызға дейін – жазғы сауықтыру кезеңі.

15. Мектептердің мектепалды сыныптарында мектепалды даярлықты ұйымдастыру

Аптасына ұйымдастырылған іс-әрекеттің саны - 20 сағатты, мектепалды жастағы балалардың құзыреттіліктерін қалыптастыру бойынша ұйымдастырылған бір іс-әрекеттің ұзақтығы - 20-25 минутты құрайды.

16.Тәрбиеленушінің жеке басының үйлесімді дамуы үшін жағдай жасау:

- әрбір тәрбиеленушіні тәрбиелеу мен оқытуда даралау мен саралау тәсілдемелерін қамтамасыз ету;
- білім беру ортасында жағымды психологиялық-педагогикалық ахуал қалыптастыру;
- ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға қолдау көрсету;
- отбасын білім беру ұйымдарындағы тәрбие процесіне тарту.

17.«Ұлттық білім беру деректер қоры» ақпараттық жүйесінде толтыру үшін мектепалды топтағы/сыныптағы бала дамуының жеке картасы

Баланың аты-жөні (бар болғанда) _____

Баланың туған жылы, айы, күні _____

Мектепалды топ/сынып (мектепке дейінгі ұйымның атауы) _____

Рет №	Құзыреттер	Біліктер мен дағдылардың тізбесі		Біліктер мен дағдылардың қалыптасу көрсеткіші		
				қалыптасқан	жеткіліксіз қалыптасқан	қалыптаспаған
1	**Физикалық қасиеттерді даму**	1	Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын меңгерген, жеке гигиенаны сақтайды (киімі мен аяқ киімін			

			қадағалайды, өз бетінше киінеді/шешінеді), тамақтану мәдениетінің ережелерін сақтайды			
		2	Негізгі қимыл түрлерін (жүру, жүгіру, секіру, лақтыру, өрмелеу, еңбектеу, тепе-теңдікті сақтау) меңгерген			
		3	Құрдастарымен қимылды ойындарды ұйымдастыруда бастамашы, ойын ережелерін сақтайды, ептілік, жылдамдық, төзімділік көрсетеді			
2	**Коммуникативтік дағдыларды дамыту**	4	Тіл дыбыстарын дұрыс айтады, сөйлеуде жай және күрделі сөйлемдерді қолданады, ересек адамды түсінеді және толық жауап береді			
		5	Шағын әңгімелер құрастырады, мәтіннің мазмұнын қайталайды, өлеңдерді жатқа айтады			
		6	Дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажыратады, сөздерді буындарға бөледі, сөзге дыбыстық талдау жасайды			
		7	Қағаз парағында бағдарланады, қарындашты дұрыс ұстайды			
		8	Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтады, қоршаған ортадағы заттарды және қарапайым әрекеттерді атайды			
3	**Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту**	9	10-ға дейін тура және кері санайды			
		10	Заттарды әртүрлі белгілері (түсі, пішіні, мөлшері, саны, көлемі, өлшемі, материалы) бойынша салыстырады			
		11	Уақытта, кеңістікте, жазықтықта бағдарланады			
		12	Геометриялық пішіндерді (шеңбер, сопақ, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш) және денелерді (шар, текше, цилиндр) ажыратады және дұрыс атайды			
		13	Логикалық ойын тапсырмаларын орындайды, қызығушылық танытады, тапсырманы шешудің жолдарын таба алады			
4	**Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту**	14	Натураға қарап және көз алдына елестете отырып мүсіндейді			
		15	Көз алдына елестетіп, ауызша сипаттау, ұсынылған тақырып бойынша, өз бетінше, құрдастарымен бірлесіп түрлі материалдардан құрастырады			
		16	Бояулармен және қарындаштармен сурет салады, жиектен шықпай бояйды, негізгі түстерді және олардың реңктерін ажыратады			
		17	Қайшыны қолдануды біледі, пішіндерді қия алады			
		18	Музыкалық жанрларды, балалардың музыкалық аспаптарын ажыратады, би қимылдарын, таныс әндерді орындайды			

5	**Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру**	19	Отан, мемлекеттік рәміздер, мерекелер, ұлттық дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар туралы түсініктері бар, патриоттық сезімдері қалыптасқан			
		20	Туыстық байланыстарды, отбасылық дәстүрлерді біледі, үлкендерге құрмет көрсетеді және кішілерге қамқорлық жасайды			
		21	Жыл мезгілдерін, табиғат құбылыстарын, жануарлар мен өсімдіктерді біледі, туған өлкенің табиғатына қамқорлық жасайды			
		22	Әр түрлі мамандықтарды біледі және ересектердің жұмысын құрметтейді			
		23	Ұжымдық қызмет түрлеріне қатысады, тапсырмаларды орындайды, жұмыс нәтижелерін бағалайды			
		24	Үйде, қоғамдық орындарда, жолда, табиғатта және төтенше жағдайларда қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын меңгерген			

Картаны толтырған педагогтің тегі, аты, әкесінің аты, ЖСН:
Толтыру күні,айы,жылы:

ҚЫРКҮЙЕК айының ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы: №15 мектеп-лицейі
Топ/сынып:Мектепалды 0 «Ә» сынып
Балалардың жасы: 5-6жас
Жоспардың құрылу кезеңі: қыркүйек айы 2026-2027 оқу жылы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
ҚЫРКҮЙЕК	**Дене тәрбиесі**	- сапқа бір қатармен тұру. - дене қасиеттерін қалыптастыру; - үйде, көшеде, табиғатта өзін-өзі қауіпсіз ұстау дағдыларын жетілдіру; - негізгі қозғалыстарды жетілдіру арқылы балалардың қозғалыс тәжірибесін байыту. **Күтілетін нәтиже:** баяу жүгіру дағдыларын, түрлі тәсілмен жүргенде қолдарының соған сәйкес қимыл амплитудасын қолдануды, кеңістікті бағдарлау қабілеттеріне ие.
	Сөйлеуді дамыту	- балалардың сөздік қорын зат есімдермен байыту; - басқа адамдармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру; - әртүрлі формалар мен іс-әрекеттерде ауызша сөйлеуді дамыту; - қазақ халқының және басқа ұлттардың мәдениетіне, салт-дәстүріне құрметпен қарауға тәрбиелеу. **Күтілетін нәтиже:** әңгіме мазмұнын түсініп, жалғастырып айтады.
	Көркем әдебиет	-шығармалардың эмоционалды-бейнелік мазмұнын қабылдауға, баяндау сипатын сезінуге баулу. - коммуникативті дағдылар мен дағдыларды дамыту: байланыстырып сөйлеуін жетілдіру, әңгімелесушіні тыңдау және тыңдау, диалог жүргізуге, өз ұстанымын білдіруге дайын болу; - қазақ және басқа халықтардың мәдениетіне, салт-дәстүріне құрметпен қарауға тәрбиелеу. **Күтілетін нәтиже:** көп сөздерді жалпылама сөзбен айтады.
	Қазақ тілі	-сөйлеу әрекетінің түрлерін тыңдалым,айтылым,оқылым,жазылымды дамыту арқылы тіл туралы бастапқы білімді меңгерту және тілдік нормаларды сақтай отырып іс-әрекетте және күнделікті өмірде қолдану; -балалардың сөздік қорын байыту. **Күтілетін нәтиже:** сөз заттардың атын, іс-әрекетті, сапасын білдіретінін түсіне алады.
	Сауат ашу негіздері	-«Сөз» және «дыбыс» терминдері туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру. - балаларды сөздегі дыбыс тізбегін белгілей білуге үйрету. **Күтілетін нәтиже:** дыбыс пен сөз туралы білгендерін еске түсіреді.
	Математика негіздері	-математикалық терминдерді қолдана білуді, геометриялық пішіндерді тану және атай білуді үйрету; - танымдық логикалық процестерді дамыту:сөйлеу, зейін, есте сақтау, қолдың ұсақ

		моторикасын дамыту; - элементар математикалық бейнелерді қалыптастыру. **Күтілетін нәтиже:** жеке-дара заттар мен заттар жұбын табуды білу.
	Қоршаған әлеммен таныстыру	-табиғатқа қамқорлықпен қарауға, табиғатты сақтауда жауапкершілікті сезінуге тәрбиелеу. -үйде, балабақшада, қоғамдық орындарда қарым-қатынастың жалпы қабылданған нормалары мен ережелерін сақтауға үйрету. **Күтілетін нәтиже:** алуан түрлі материалдардың белгілері мен қасиеттері және қолданылуы арасындағы байланысын түсінеді.
	Сурет салу	- елестету және заттарға қарап пішндерді бере отырып салу дағдыларын қалыптастыру. - балалардың шығармашылық қабілеттерін, қоршаған шындықтың эстетикалық жағына қызығушылықтарын дамыту; - көркем шығармаларды қабылдау қабілетін қалыптастыру, эмоционалды көзқарасты ояту. **Күтілетін нәтиже:** қағаз бетіне қарындашпен сала білу біліктерін өз тілегіне байланысты болашақта қолдана алады.
	Мүсіндеу	-атқа қарап немесе көз алдарына елестету арқылы көлемі мен пішіні әртүрлі таныс заттарды мүсіндеу; - балаларда өмірден алынған және өз ойлары бойынша әртүрлі заттарды мүсіндеу қабілетін дамыту; - баланың заттардың пішіні, олардың айырмашылығы мен ұқсастығы, кеңістіктегі орны, өзіне тән белгілері туралы түсінігін нақтылау. **Күтілетін нәтиже:** тазалық шараларын сақтауды, ауызекі сөйлеуде«себет» сөзінің мағынасына қарай дұрыс қолдана алады.
	Жапсыру	- балалардың қайшыны қолдану, желіммен жапсыру біліктерін бекіту; - балалардың шығармашылық қабілеттерін, қоршаған шындықтың эстетикалық жағына қызығушылықтарын дамыту; - көркем шығармаларды қабылдау қабілетін қалыптастыру, эмоционалды көзқарасты ояту. **Күтілетін нәтиже:** геометриялық пішіндерді сәйкестендіріп қолдана білу.
	Құрастыру	-шамасы бойынша әртүрлі құрылыстардың нұсқаларын жасай білу; - танымдық процестерді дамыту: зейін, есте сақтау, қабылдау, шығармашылық, қиялдау, ойлаудың өзгермелілігі; - психикалық әрекеттердің әдістерін (анализ, синтез, салыстыру, жалпылау, модельдеу, құрастыру, себеп-салдар байланысын орнату) үйрету. **Күтілетін нәтиже:** өзінің іс-әрекетін алдын-ала жоспарлай алады және өз іс- әрекетінде пайдаланады.
	Музыка	-дауысы мен есту қабілеттерін дамытуға арналған жаттығуларда қиын емес әуендерді 2–3 жақын үндестікте дауысын дәл келтіріп орындауға үйрету - аспаптық музыкаға деген қызығушылықтарын арттыру, музыканың табиғатын ажырата білу қабілеттерін дамыту;

		- Қазақстан композиторларының өмірі мен шығармашылығы туралы білімдерін қалыптастыру. - балаларды кернеусіз, жеңіл дыбыспен, бірқалыпты мәнерлі ән айтуға үйрету. **Күтілетін нәтиже:** музыкалық тіркестерге сәйкес қимылдарды орындай алады.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2026 - 2027 оқу жылына арналған
ҚАЗАН айының ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы: №15 мектеп-лицейі
Топ/сынып:Мектепалды 0 «Ә» сынып
Балалардың жасы: 5-6жас
Жоспардың құрылу кезеңі: қазан айы 2026-2027 оқу жылы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
ҚАЗАН	**Дене тәрбиесі**	-денені дұрыс ұстау дағдыларын бекіту; -балаларға жүгіру және секіру жаттығулары алмастыра орындай алуға жаттықтыру қасиеттерін қалыптастыру; -балалар арасындағы достық қарым-қатынасты орнатуға және ұжымның ұйымшыл болуына жағдай жасау; -баланы сезіну (сенсорлы) үдерістері арқылы және қимыл- қозғалыстарын үнемі толықтырып отырып дамытуға жағдай жасау. **Күтілетін нәтиже:** тепе-теңдіктерін сақтап жүруге жаттықтыру кезінде дене бітімін дұрыс ұстау керектігін түсінеді.
	Сөйлеуді дамыту	-кейбір дауыссыз дыбыстардың айтылуындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды ажырата білуге баулу; -мазмұны бойынша әңгімелесуге үйрету; балалардың өз сөзімен суреттеп, сөйлей білу қабілеттерін дамыту; -еңбекқорлыққа тәрбиелеу. **Күтілетін нәтиже:** суретке қарап әңгіме құрайды; көп сөздерді жалпылама сөзбен айтады.
	Көркем әдебиет	-әңгімелеу барысында бейнелеуіш сөздерді теңеулерді қолдану, көңіл күймен азмұндауға үйрету; -әңгіме кейіпкерлерімен таныстыру, сурет бойынша қоршаған орта мен табиғат туралы түсініктерін және ойлау қабілеттерін дамыту; -әңгімелеуде сюжеттік бірізділікті сақтап, мазмұндауға еңбекті бағалауға тәрбиелеу. **Күтілетін нәтиже:** әңгімелеу барысында кейіпкерлерді атайды;әңгіменің мазмұнын түсінеді.
	Қазақ тілі	-қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерд і түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету;

		-сөздерді сөз тіркесімен айтуға, сөйлем құрауға жаттықтыру, сөздегі қазақ тіліне тән дыбыстарды ойын жаттығуларында дұрыс айтуға дағдыландыру; -тілдік және артикуляциялық аппаратты, яғни сөзді анық, дұрыс айта білу дағдыларын дамыту. **Күтілетін нәтиже:** күнделікті өмірде қолданып жүрген сөздерден сөйлем құрай алады.
	Сауат ашу негіздері	-сөздерді буынға бөлу, буын санын ажырата алуға жаттықтыру; -дидактикалық ойындар арқылы буындардан сөз құрай алу дағдыларын дамыту; -шығармашылықпен жұмыс істеуге тәрбиелеу. **Күтілетін нәтиже:** сөзде қанша дауысты дыбыс болса, сонша буын болатының түсінеді.
	Математика негіздері	-балаларды қағаз парағының бетінде бағдарлау (жоғарыда, төменде, оң жақта, сол жақта); жад пен кеңістіктік ойлауды дамыту білігін қалыптастыру; -есте сақтау, сөйлеу, назар аудару дағдыларын дамыту. **Күтілетін нәтиже:** заттарды салыстырады, заттардың өлшемін сипаттайтын сөздерді айтады: үлкен, кішкентай, орташа, негізгі түстерді атауды; сипаттамаларына сәйкес жіктеуді білу.
	Қоршаған әлеммен таныстыру	-күзгі табиғаттағы маусымдық өзгерістерді бақылап, бір-бірінен ажырата білуге үйрету; -балалардың табиғатқа қатысты қарапайым білімдерін күшейтіп, табиғатпен қатынас жасау мәдениетін қалыптастыру; -баланың тұлғалық қасиеттерін дамыту. **Күтілетін нәтиже:** мезгілінің белгілерін атап көрсетеді; себеп-салдар байланысын түсінеді; өсімдіктер мен жануарлар әлемінің өздері тіршілік ететін ортамен байланысын біледі.
	Сурет салу	-мазмұнды сурет салудағы сүйкей жағу арқылы қағаз бетіне дақ түсіру тәсілін үйрету; қылқаламмен және бояумен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру; -ұқыпты жұмыс істеуге үйрету, тиянақтылыққа тәрбиелеу. **Күтілетін нәтиже:** қағаз бетіндегі кеңістікті дұрыс қолданады, жұмыс жасауда ұқыптылық пен тазалықты сақтайды.
	Мүсіндеу	-геометриялық фигураларды қияр, қызылша, сәбіз,т.б. көгөністер пішініне келтіру арқылы мүсіндеу; -қолдың ұсақ моторикасын,ойлау қабілеттерін дамыту; -адамгершілік,эстетикалық тәрбие беру. **Күтілетін нәтиже:** әртүрлі тәсілдерді пайдалана отырып көгөністерді мүсіндейді.
	Жапсыру	-қағаз бетіне бейнені дұрыс орналастыра білу машығына баулу; -шығармашылық қабілеттерін дамыту; -табиғатты сүюге, әсемдікке тәрбиелеу. **Күтілетін нәтиже:** дайын үлгіні қиып, ретімен жапсыра алады.
	Құрастыру	-құрылыс материалдарынан ұшақты құрастыра білуге үйрету; -ұшақты құрастыруда оның негізгі бөлігі мен ұсақ бөлшектерін ажырата алу және балалардың ой-қиялын дамыту; -өзінің іс-әрекетін алдын ала жоспарлау дағдыларын қалыптастыру, батылдыққа, ерлікке тәрбиелеу. **Күтілетін нәтиже:** ұшақты құрастыруда оның негізгі бөлігі мен ұсақ бөлшектерін ажыратуды

		біледі.
	Музыка	-әннің ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру, әннің кіріспесін, басын, қайырмасын ажырату; -музыка сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау: қол ұстасып шеңберде айтылатын әндермен шеңберді айналып жүру, музыкалық тіркестерге сәйкес қимылдарды өзгерту; -ойын арқылы балаларды достыққа, бірлікке тәрбиелеу. **Күтілетін нәтиже:** пластикалық, ырғақты, мәнерлі қимылдарды орындайды.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2026 - 2027 оқу жылына арналған
ҚАРАША айының ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы: №15 мектеп-лицейі
Топ/сынып:Мектепалды 0 «Ә» сынып
Балалардың жасы: 5-6жас
Жоспардың құрылу кезеңі: қараша айы 2026-2027 оқу жылы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
ҚАРАША	**Дене тәрбиесі**	- дене қимыл жаттығуларын төзімділік пен жаттыққандықты арттыру үшін біртіндеп көбейте отырып орындауға дағдыландыру. -жетекшінің белгісі бойынша жүруді жүгірумен, жүгіруді жүрумен алмастыруға, алға жүріп келе жатып бір-біріне доп лақтыруға жаттықтыру. **Күтілетін нәтиже:** баяу жүгіру дағдыларын, негізгі қимыл-қозғалыс жаттығуларын, қолды сермеу мен аяқпен итерілу күшін мөлшерлеуді, кеңістікті бағдарлау біліктілігіне ие.
	Сөйлеуді дамыту	-сөздерді буынға бөлуді үйрету; -сөздерді дұрыс, анық айтқызу арқылы сөйлеу тілдерін дамыту; -көркем шығармаларды сахналауға үйрету. -балаларды ертегіні рөлдерге бөліп сахналату арқылы әртістік қабілеттерін дамыту. **Күтілетін нәтиже:** сөз ойлап айтады, ертегі мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді, ертегі мазмұнын түсінеді.
	Көркем әдебиет	-ертегі мазмұнын эмоциялық, бейнелі қабылдауға,баяндауда бейнелеуіш сөздерді қолдануға, ертегінібаяндауда сюжеттік бірізділікті сақтау арқылы қисынды мазмұндауға үйрету; -ертегі мазмұнында қоршаған орта, табиғат туралы түсініктерін және ойлау орта, қабілеттерін дамыту; -адал дос болуға тәрбиелеу.

		Күтілетін нәтиже: ертегінің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді, ертегінің ерекшеліктеріне көңіл бөледі.
	Қазақ тілі	-қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. -сөздерді байланыстырып, сөйлемдер құрауды дағдыландыру. 2-3 сөйлеммен затты сипаттай білу дағдыларын дамыту. Диалогке қатысуға үйрету. -қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. Сұраққа толық жауап бере алу дағдыларын және артикуляциялық аппаратты дамыту. **Күтілетін нәтиже:** сөздерді байланыстырып, сөйлемдер құрай алады.
	Сауат ашу негіздері	-дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажыратуларын жетілдіру; -берілген дыбысқа сөз құрай алу дағдыларын бекіту және графикалық жұмысты орындау кезінде жаза білу қабілеттерін дамыту; -тиянақты және мұқият болуға тәрбиелеу. **Күтілетін нәтиже:** дауысты дыбыстардың жуан және жіңішке, дауыссыз дыбыстардың қатаң, ұяң, үнді болып бөлінетінің түсінеді.
	Математика негіздері	-топтарда заттардың тең және тең емес санын анықтауға, санау және топтарды салыстыру негізінде сандық мәндерді дұрыс қорытындылау; талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасауға үйрету; 10- ға дейін санауды; заттарды белгілі бір ерекшелігіне қарай топтастыруды бекіту; -есте сақтау, сөйлеу, назар аудару, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. **Күтілетін нәтиже:** 10 санын, ретімен, тура және кері санауды. Логикаға арналған ойын тапсырмаларын орындауды білу.
	Қоршаған әлеммен таныстыру	-қыста жылы жаққа ұшып кететін жыл құстары мен қыстап қалатын құстардың атын атап, бір-бірінен айыра білуге үйрету; құстардың пайдасы туралы түсініктерін нығайту; -табиғатқа қатысты қарапайым ғылыми түсінікті дамыту; заттарды салыстыру арқылы талдау қасиетін дамыту; -табиғатқа қамқорлықпен, жанашырлықпен қарауға үйрету. Этикалық және эстетикалық сезімдерін қалыптастыру. **Күтілетін нәтиже:** құстардың атауларын біледі; қыстап қалатын құстар мен жылы жаққа ұшып кететін құстардың арасындағы айырмашылықты түсінеді; құстардың пайдасын жақсы біледі.
	Сурет салу	- балалардың шығармашылық қабілетін дамыту,заттың пішіндері туралы білімдерін жетілдіру, тостаған туралы білімдерін бекіту. -қылқаламды пайдалана отырып затты безендіруде түстерді ажырата білу қабілеттерін дамыту; -заттың көлеміне,пішініне сәйкес өрнектерді дұрыс орналастыра білу іскерліктерін дамыту; -түрлі өлшемдегі өрнекті элементтерді үйлестіру,жұмысты уақытымен нұсқау бойынша орындауға тәрбиелеу. **Күтілетін нәтиже:** қылқаламмен, бояумен жұмыс істеу дағдылары мен біліктерін одан әрі қолданып, жетілдіруді.

	Мүсіндеу	-маусымдық өзгерістер туралы білімін кеңейту; -балалардың қиялын, ойлау қабілетін дамыту; -еңбекқорлыққа, ұйымшылдыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. **Күтілетін нәтиже:** өзіне және өзгенің еңбегіне баға беруді.
	Жапсыру	-архитектуралық бөлшектер туралы түсініктерін кеңейте отырып, әр бөлікті өз орнына ұқыптылықпен жапсыру қабілеттерін дамыту; -балалардың үй туралы, оның түрлері туралы ой-қиялдарын жетілдіру. **Күтілетін нәтиже:** көп қабатты және бір қабатты үйлерді біледі.
	Құрастыру	-табиғи материалдардын түрлерімен таныстыру және олардан жәндіктерді құрастыруды үйрету; -кепкен жапырақтардың пішініне сәйкес әртүрлі ұсақ заттар дайындау, шығармашылық қабілеттерін дамыту; -киндер қауашақтарынан аңдардың бейнесін жасай білуге үйрету; -қалдық заттармен жұмыс жасауда шығармашылық ойлауды дамыту; -сөзбен сипаттау арқылы сөздік қорын дамыту. **Күтілетін нәтиже:** табиғи материалдардың түрлерімен танысады және олардан жәндіктерді құрастыра алады.
	Музыка	-шығармалардың эмоциялық мазмұнын, олардың сипатын, көңіл күйін ажырату, әсерлі реңктерін ажырату; -мерекелік әннің шаттық көңілін көңілді жеткізіп, жеңіл, ширақ дауыспен шумақтардың соңын жұмсартып айту; -әуеннің би сипатын сезіну, би қимылдарының элементтерін орындау. Музыкалық аспаптарда ойнауға үйрету. **Күтілетін нәтиже:**музыкаға сәйкес қимылдар және би қимылдарының элементтерін орындайды.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2026 - 2027 оқу жылына арналған
ЖЕЛТОҚСАН айының ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы: №15 мектеп-лицейі
Топ/сынып:Мектепалды 0 «Ә» сынып
Балалардың жасы:5-6жас
Жоспардың құрылу кезеңі: желтоқсан айы 2026-2027 оқу жылы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері

ЖЕЛТОҚСАН	**Дене тәрбиесі**	-нақты қимыл-қозғалыс жасай білу қабілеттерін қалыптастыруды жалғастыру, анализатор орталықтарын белсендіруге мүмкіндік жасау. -балаларды шаңғымен жүрумен таныстыру, қозғалысқа дұрыс бастама болатын бастапқы қалыпқа дұрыс келуді үйрету; -дене қимыл жаттығуларын төзімділік пен жаттыққандықты арттыру үшін біртіндеп көбейте отырып орындауға дағдыландыру. **Күтілетін нәтиже:** қолды еркін қозғап, бағытты өзгертіп, баяу қарқынмен жүгіруді және достық, сыйластық секілді адамгершілік қасиеттерді қолданады.
	Сөйлеуді дамыту	-балаларға дыбыстық талдау жасауды үйрету; -балалардың сөздік қорын дамыту; -дыбыстарды дұрыс дыбыстауға үйрету. **Күтілетін нәтиже:** сөздерге дыбыстық талдау жасай алады.
	Көркем әдебиет	-әңгімені эмоциялық-бейнелік мазмұндап, баяндауға баулу; -әңгімені жалғастырып, сюжет бойынша құрастыруға, қисынды мазмұндауға үйрету; -әңгіме кейіпкерлерімен таныстыру; -сурет бойынша қоршаған орта мен табиғат туралы түсініктерін, еңбек дағдыларын дамыту; -еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. **Күтілетін нәтиже:** сюжетті сурет бойынша ертегі мазмұнын шығармашылықпен құрастыра алады, жұмбақтың шешімін айта алады.
	Қазақ тілі	-сыпайылықты білдіретін сөздермен сөздік қорларын толықтыру, оларды күнделікті өмірде қолдана білуге дағдыландыру; -қарапайым сұрақтарға жай сөйлем мен жауап беру, артикуляциялық моторикасын жаттықтыру, сөйлеу кезіндегі тыныс алуды және дикцияны дамыту. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. **Күтілетін нәтиже:** қарапайым сұрақтарды түсінеді, жауап береді.
	Сауат ашу негіздері	-сөздерді буынға бөлуді жалғастыру, берілген буынға сөз құрауды үйрету; -дауысты, дауыссыз дыбыстар туралы білімдерін бекітуге арналған тапсырмаларды орындату арқылы логикалық ойлау қабілеттерін дамыту; -дербес жұмыс істей алуға тәрбиелеу. **Күтілетін нәтиже:** сөздерді буынға бөлуді, дыбыстарды ажырата алады.
	Математика негіздері	-көрнекілік негізінде қарапайым мысалдар мен есептерді шығару; цифр мен таңбаларды пайдаланып жазбалар жасау; санау білігін бекіту, кеңістікте және қағаз бетінде бағдарлау; -талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау; зейін, сөйлеу, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. **Күтілетін нәтиже:** санап, салыстыру білігін қолдана алады.
	Қоршаған әлеммен таныстыру	-жануарлардың (аңдардың) қоршаған ортадағы өзгерістерге бейімделуі туралы түсінік қалыптастыру; -логикалық ойлау, талқылау, салыстыру, пікір білдіру қабілеттерін дамыту; -табиғатқа деген сүйіспеншіліктерін арттыру, оның сұлулығын қабылдап, терең түйсінуге,

		жануарлар мен өсімдікке қамқорлықпен қарай білуге тәрбиелеу. **Күтілетін нәтиже:** жанды және жансыз табиғат нысандарына қатысты дұрыс көзқарас пен мінезқұлық танытады, үйренген дағдыларын өмірлік тәжірибеде қолдана алады.
	Сурет салу	-балалардың қоршаған ортадан алған әсерлерін көрсете білуге үйрету,Қазақстанның кең байтақ екенін түсіндіріп, білімдерін кеңейту; -балалардың туған жердің көрінісін қағазға түсіре білудегі шығармашылық ойлауын дамыту; -балаларды қазақтың қонақжайлылығымен таныстыру; -дастарқанды әшекейлеу арқылы көркемдік талғамын қалыптастыру. **Күтілетін нәтиже:** табиғат құбылыстары жайлы түсініктері кеңейіп, жаңбырлы күннің ерекшеліктерін біледі.
	Мүсіндеу	-ыдыстың шығу тарихымен, ыдысты жасайтын материал түрімен (тас, әйнек, ағаш, металл, қыш, пластик) таныстыру; -белсенділігін, шығармашылығын дамыту; -тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. **Күтілетін нәтиже:** табиғи материалдарды пайдалана отырып,оны өз ойларынан әшекейлей білуді.
	Жапсыру	-ойлау қабілеттерін , қиялын дамыту. -бұрынғы үйренген әдіс-тәсілдерді өз еріктерімен қолдана білу дағдыларын қалыптастыру; -ұсақ қол қимылдарын, ойлау қабілетін дамыту ; -ұқыптылыққа, тиянақтылыққа тәрбиелеу**.** **Күтілетін нәтиже:** қағазды ұсақтап жыртып арқылы жұмыс жасай алады.
	Құрастыру	-табиғи материалдардан әртүрлі орман мекендеушілерін жасай білуге үйрету; -табиғи материалдарды пайдаланып әртүрлі бейнелер жасай білу, шығармашылық ойлау қабілеттерін дамыту; -ұжымдық жұмыс жасау арқылы мазмұнды құрастыруға қозғау салу, шығармашылық ойлауды және қиялдауды дамыту; - ұқыпты жұмыс жасай білуге тәрбиелеу. **Күтілетін нәтиже:** табиғи материалдардан әртүрлі орман мекендеушілерін жасай алады.
	Музыка	-музыкалық шығармаға өзінің қатынасын білдіру, оның мазмұны мен сипаты туралы пікірін айту; -әннің сипатын қабылдау дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру; -әуеннің ырғақтық бейнесін ұрмалы аспаптарда жеке немесе кішігірім топпен ойнау. **Күтілетін нәтиже:** шығарманың дыбысталуын тембрі бойынша ажыратады, әндерді орындайды.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2026 - 2027 оқу жылына арналған
ҚАҢТАР айының ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы: №15 мектеп-лицейі
Топ/сынып:Мектепалды 0 «Ә» сынып
Балалардың жасы:5-6жас
Жоспардың құрылу кезеңі: қаңтар айы 2026-2027 оқу жылы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
ҚАҢТАР	**Дене тәрбиесі**	-балаларға бір орнында тұрып секіру жаттығуларымен таныстыру.Қауіпсіз ережелерді сақтай білуге тәрбиелеу. **Күтілетін нәтиже:** эстафеталарда қауіпсіздік ережелерін сақтау керектігі, командалармен қимыл кезінде тепе-теңдік сақтай білудің маңызы мен жауапкершілігі, өз әрекеттерін басқа ойыншылардың әрекеттерімен үйлестіру, жолақтан-жолаққа секіре біледі.
	Сөйлеуді дамыту	-сөйлем түрлері бойынша алған білімдерін пысықтау; -әңгімеге тақырып қоя білуге үйрету; -үлкендерді сыйлауға, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. **Күтілетін нәтиже:** көп сөздің жалпылау сөзін, зерек бала атануға тырысады.
	Көркем әдебиет	-өлеңді дауыс ырғағымен мәнерлей оқи отырып, логикалық екпінмен үзілістермен, көтеріңкі көңіл күймен жатқа айтуға үйрету; -балалардың өлең мазмұнына деген қатынасын беруге, тілдік бейнелілігін сезінуге, өзара қарым- қатынасын дамыту. **Күтілетін нәтиже:** өлең мазмұнына сәйкес ойын әрекеттерін орындайды, мәнерлеп жатқа айтады. Сұрақтарға жауап беріп, өз ойымен бөліседі.
	Қазақ тілі	-сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру, ретін сақтай отырып сөйлем құрауға жаттығуды жалғастыру. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. -қарапайым сұрақтарға жай сөйлеммен жауап беру, артикуляциялық моторикасын жаттықтыру, сөйлеу кезіндегі тыныс алуды және дикцияны дамыту; -қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. **Күтілетін нәтиже:** жаңа сөздерді және сол сөздерде кездесетін қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтады.
	Сауат ашу негіздері	-сөздерге дыбыстық талдау жасату үйрету; -суреттер қандай дыбыстан басталатынын ауызша анықтауға үйрету, белгілермен қоршату, жасалу жолдарын естеріне түсіру дағдыларын бекіту; -дұрыс отыру, дұрыс жазу ережелерін таныстыра отырып, дене сымбатын дұрыс қалыптастыруға тәрбиелеу.

		Күтілетін нәтиже: сөздің құрамында дауысты, дауыссыз дыбыстар болатынын түсінеді, сызбаға сәйкес сөзді анықтай алады.
	Математика негіздері	-геометриялық денелерді тануды және атауды бекіту, заттардың белгілерін, салыстыру, ұқсастығы мен айырмашылығын табуды; өз ойы бойынша пішіндерден тақырыптық композициялар жасауға үйрету; -зейін, жады мен ауызша сөйлеу дағдысын; талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау; -графикалық диктантты орындауға үйрету; -кеңістікте және қағаз бетінде бағдарлау, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. **Күтілетін нәтиже:** өзара бірмәнді сәйкестікті анықтау арқылы заттардың топтарын салыстыру тәсіліне ие.
	Қоршаған әлеммен таныстыру	-балалардың үйде асырайтын жануарлар туралы түсініктерін кеңейту; -олардың тіршілік етуіне қажетті жағдайлар туралы түсініктерін нығайту; -балалардың бойында табиғат туралы қарапайым түсінік, табиғатпен қарым-қатынас жасау мәдениетін қалыптастыру. Табиғатпен адамгершілік қарымқатынаста болуға үйрету. **Күтілетін нәтиже:** жануарлардың тіршілік етуіне қажеттіжағдайларды атап береді; жануарлардың бәрінің тірі ағзаға жататынын түсінеді.
	Сурет салу	- қазақ оюларының көптүрлілігі туралы түсініктерін кеңейту**,** балаларға қоржынды салу техникасы мен оны әшекейлеу ерекшеліктері туралы білім беру; -жұмысты ұқыпты, көркемдік талғаммен жасауға тәрбиелеу. **Күтілетін нәтиже:** әшекейлеу ретін сақтай отырып,жұмысты орындау барысында ұқыптылық пен жинақылықты үнемі сақтап, қолданады.
	Мүсіндеу	-ұлттық ыдыстардың ерекшеліктеріне назар аудара отырып, оны мүсіндеудің әдіс-тәсілдерімен таныстыру; -ойын арқылы балалардың қимыл- қозғалыстарын, көркемдік талғамдарын дамыту; -балаларды ауызбірлікке,ұлттық дәстүрлерді құрметтеуге тәрбиелеу. **Күтілетін нәтиже:** ыдыстың пішініне қарай мүсіндеуді.
	Жапсыру	-бүктелген қағаздан симметриялы пішінді қия білуді жалғастыру; -шығармашылық қасиеттерін дамыту; -қол қимылдарын жаттықтыру; -өнерді бағалай білуге, өнерлі болуға талпынуға ықпал ету. **Күтілетін нәтиже:** үйлестіре отырып жапсыруды біледі.
	Құрастыру	-құрылыс материалдары мен «Лего» конструкторларды пайдалана отырып көлік түрлерін құрастыруға үйрету; -бірнеше бөліктен тұратын заттарды құрастыру,олардың бөлшектерін берік орнату және шығармашылық ойлауды дамыту; -берілген тақырыпқа сурет, фотосуреттер бойынша құрылыс салу оны сөзбен сипаттау арқылы сөздік қорын дамыту. Өзі жасаған құрылысын талдау негізінде шешімдер табу, оларды құру кезеңдерін жоспарлау, еңбек нәтижесіне жете білуге тәрбиелеу.

		Күтілетін нәтиже: құрылыс материалдары мен «Лего» конструкторларды пайдалана отырып көлік түрлерін құрастыра алады.
	Музыка	-музыкалық дыбысталуының сипаттамасына сүйене отырып, бейненің мазмұны мен музыкалық мәнерлілік элементтерімен байланыстыру, шығарманы сипаттай білу; -жеңіл әуендерді ансамбльмен, балаларға арналған музыкалық аспаптарда,фортепианоның сүйемелдеуімен, уақытында қосылып айту, ырғақтық бейнесін анық бере отырып ойнау; -үлкенге ілтипат, кішіге қамқор болуға тәрбиелеу. **Күтілетін нәтиже:** дауыстардың биіктіктерін ажыратып, жоғары-төменгі қозғалысын ажыратады, ән орындайды.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2026 - 2027 оқу жылына арналған
АҚПАН айының ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспар

Білім беру ұйымы: №15 мектеп-лицейі
Топ/сынып:Мектепалды 0 «Ә» сынып
Балалардың жасы:5-6жас
Жоспардың құрылу кезеңі: ақпан айы 2026-2027 оқу жылы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
АҚПАН	**Дене тәрбиесі**	-сапта бір-бірден, екеуден, үшеуден жүреді, заттардан бір қырымен аттап жүруді дамыту; -ересектің белгісімен тоқтап, қозғалыс бағытын өзгертіп, заттардың арасымен, жіптерден аттап жүреді; -сапқа тұрып, төмен ұстаған екі қолмен допты бір – біріне лақтыру жаттығуын жасай алуға жаттықтыру; -қапшықты арқаға қойып, еңбектеп өту. Қапшықты төбеге қойып, гимнастикалық орындық үстімен жүріп өтуге тәрбиелеу. **Күтілетін нәтиже:** зал кеңістігін бағдарлап, сапқа қайта тұру. Допты жоғары лақтырып, қолды шапалақтап, допты қағып алу, биік заттың үстінде статикалық тепе-теңдіктерін сақтай білу шеберліктерін біледі.
	Сөйлеуді дамыту	-ертегі мазмұнын түсінікті түрде мазмұндай білуге жаттықтыру. -баланың сөйлеу және тыңдай білу, сұраққа жауап беру қабілеттерін дамыту. -балаларды батырлыққа, өжеттілікке тәрбиелеу. **Күтілетін нәтиже:** дыбыстарға сөз ойлан айтады, ертегіні драмалайды.
	Көркем әдебиет	-шығармалардың эмоционалды-бейнелік мазмұнын қабылдауға, баяндау сипатын сезінуге

		баулу. - коммуникативті дағдылар мен дағдыларды дамыту: әңгімелесушіні тыңдау және тыңдау, диалог жүргізуге, өз ұстанымын білдіруге дайын болу. **Күтілетін нәтиже:**әңгімені сюжет бойынша шығармашылықпен айтады, әңгіменің соңын ойдан шығарып аяқтайды.
	Қазақ тілі	-сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру, мақал-мәтел, жұмбақ жаттау дағдыларын қалыптастыру; -қазақ тіліндегі сөздерді дұрыс айта білу және оларды қолдана білу дағдыларын дамыту. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айту, ауызекі сөйлеу тілдерін жетілдіру. **Күтілетін нәтиже:** сөздерді сөз тіркестерімен айтады, сұраққа сөйлеммен жауап береді.
	Сауат ашу негіздері	-сөйлем сызбасымен таныстырып, 2–3 сөзден тұратын сөйлем құрауды үйрету; -сөйлем сызбасын құруды үйретіп, сөйлемдегі сөздерді ретімен айтқызып, берілген буынға сөз құрап, дыбыстық сызба бойынша сөз құрай алу дағдыларын бекіту; -басталған жұмысты аяғына дейін жеткізе білуге тәрбиелеу. **Күтілетін нәтиже:** сөйлем құрайды, сөздерге дыбыстық талдау жасайды,сөйлемдегі сөздердің белгілі бір ретпен тұратының түсінеді.
	Математика негіздері	-балаларды кеңістіктік қарым-қатынастарды орнатуға үйрету. Заттың кеңістікте (солға, оңға, жоғарыға, төменге) және қағаз парағының бетінде орналасуын анықтау; -логикалық ойлау, есте сақтау, сөйлеу, назар аудару, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. **Күтілетін нәтиже:** қоршаған ортада бағдарлана алуды; орналасуының сипаттамасы бойынша белгілі бір затты таба алуды; санауды, санды цифрмен белгілеуді қолдана алады.
	Қоршаған әлеммен таныстыру	-балалардың «адам, жануар және өсімдіктер үшін тіршілік көзі – ауа» деген түсініктерін кеңейту; -тәжірибелік-тәжірибеалдық жұмыстарға деген қызығушылықтарын ояту, бақылау нәтижелерін салыстыру, талдау және қорытынды жасау қабілеттерін дамыту; -балалардың бойында табиғат туралы қарапайым түсінік, табиғатпен қарым-қатынас жасау мәдениетін қалыптастыру. Табиғатпен адамгершілік қарымқатынаста болуға үйрету. **Күтілетін нәтиже**: тәжірибеалдық жұмыстар жасау қабілеттерін пайдалана алады.
	Сурет салу	-қазақ халқының тұрмысы, еңбегі, ұлттық киімдер туралы ұғымдарын бекіту; -балалардың шығармашылық қабілетін дамыту; -балаларды бір-біріне дұрыс қарым-қатынас жасауға, адамгершілік, ізгілік қасиеттерге тәрбиелеу. **Күтілетін нәтиже:** қылқаламмен сурет салу техникасын сақтай отырып, құмыра суретін салады; қазақтың үй тұрмысында қолданған заттары туралы түсінігі кеңейеді;
	Мүсіндеу	-торсықты әртүрлі әдіс-тәсілдермен безендіру; торсықтың пішініне сәйкес ою-өрнектерді шығармашылық пен таңдап, әшекейлеу жолдарын түсіндіру; -ұсақ қол қимылдарын дамыту, көру арқылы м үсіндей білу іскерліктерін қалыптастыру;

		-ұлттық бұйымға деген қызығушылықтарын ояту,өнерді сүюге тәрбиелеу. **Күтілетін нәтиже:** өрнектің түрін ермексаздан жасауды біледі.
	Жапсыру	-жіңішке бөліктердің қиюдың жолдарын меңгерте отырып қию шеберліктерін шыңдау; -шығармашылық қабілеттерін дамыту, бірлесіп еңбек етуге,қарым-қатынас мәдениетіне тәрбиелеу. **Күтілетін нәтиже:** үшбұрыштарды құрастырады; жұмыс жасағанда қауіпсіздік ережесін сақтай алады.
	Құрастыру	-қалдық материалдармен заттар құрастыра білуге үйрету; -қалдық материалдарды мақсатты түрде пайдалана білуді бекіту; -қағаздан цилиндр пішіндер жасау арқылы күшікті бейнелей білуге үйрету; -қағазбен көлемді пішіндер жасауда композицияға біріктіру, ойлау қабілеттерін дамыту; -шығармашылық қиялды дамыту, үй жануарларына қамқорлық жасай білуге тәрбиелеу. **Күтілетін нәтиже:** қағаздан цилиндр пішіндер жасау арқылы күшікті бейнелей біледі.
	Музыка	-лирикалық байсалды әуендерді қабылдап, қарқындық өзгерісін белгілеу. Фортепианоның сүйемелдеуімен немесе сүйемелдеуінсіз, жалғыз немесе топпен ән айту; -жеңіл әуендерді ансамбльмен балаларға арналған музыкалық аспаптарда фортепианоның сүйемелдеуімен, уақытында қосылып айту, ырғақтық бейнесін анық бере отырып ойнауды дамыту; -балаларды ептілікке, жинақылыққа тәрбиелеу. **Күтілетін нәтиже:** шығарманы тыңдайды, сипаттайды; дауысқа күш түсірмей ән орындай алады.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2026 - 2027 оқу жылына арналған
НАУРЫЗ айының ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы: №15 мектеп-лицейі
Топ/сынып:Мектепалды 0 «Ә» сынып
Балалардың жасы:5-6жас
Жоспардың құрылу кезеңі: наурыз айы 2026-2027 оқу жылы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері

НАУРЫЗ	**Дене тәрбиесі**	-баланы сезіну (сенсорлы) үдерістері арқылы және қимыл- қозғалыстарын үнемі толықтырып отырып дамытуға жағдай жасау; -түзу жүріп, допты бір қолмен соғып жүруге жаттықтыруды жалғастыру, допты соға білу шеберліктерін (машықтарын) бекіту. ә) Айналып тұрған арқанның астымен түрлі тәсілмен жүгіріп өтуге жаттықтыру; -айналып тұрған арқан астымен шапшаң өтіп кету сапасын дамыту. **Күтілетін нәтиже: к**үш, ептілік секілді дене сапаларын және коммуникативтік құзыреттіліктерін; ұжым болып бірлесіп тапсырмаларды орындау дағдыларын және мейірімділік пен тәртіптілік нормаларын қолдана алады.
	Сөйлеуді дамыту	-Наурыз мерекесі туралы түсінік беру; -балалардың ойлау қабілетін дамыту; -салт-дәстүрді құрметтеуге тәрбиелеу. **Күтілетін нәтиже:** жұмбақ айтысқа , жұмбақ айтыспен жауап береді, өз ойларыннан шығармашылық әңгіме құрайды.
	Көркем әдебиет	-өлеңді дауыс ырғағымен мәнерлей оқи отырып, логикалық екпінмен, үзілістермен жаттауға үйрету.; -қазақтың ұлттық тағамдары туралы білімін кеңейту; сюжет желісінің реттілігін сақтап айтуға дағдыландыру; -ұлттық салт-дәстүрді құрметтеуге тәрбиелеу. **Күтілетін нәтиже:** өлеңнің авторын, тақырыбын, мазмұнын біледі, өлең мазмұны бойынша сұрақтарға жауап бере алады.Салт-дәстүр, мәдениет туралы түсінеді.
	Қазақ тілі	-сөздерді бір-бірімен байланыстырып, сөйлем құрай білу, өз ойларын дұрыс жеткізе білу дағдыларын және сөйлеу мәдениетін дамыту. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету; -сөздік қорларын, ертегі кейіпкерлерінің сөздерін мәнерлеп, дауыс ырғағын келтіріп айтуды дамыту. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. **Күтілетін нәтиже:** тапсырмаларды орындайды, таныс сөздерді айтады.
	Сауат ашу негіздері	-сөздерді буынға бөлуге, дауысты, дауыссыз дыбыстардың түрлерін меңгеруге жаттығулар жасату арқылы сөздерді дұрыс айту машықтарын қалыптастыру; -ойындар арқылы логикалық ойлауларын, есте сақтау қабілеттерін дамыту; -ұжым болып тапсырмаларды орындату арқылы ұйымшылдыққа тәрбиелеу. **Күтілетін нәтиже:** буындардан сөз құрайды, дыбыстық талдау жасай алады.
	Математика негіздері	-салмағына қарай заттарды салыстыруға үйрету, таразыда жатқан ауыр затты анықтауға үйрету; таразыны теңестіру үшін «тағы зат (заттар) салу керек немесе таразы табақшасынан заттарды алу керек» деген ұғыммен таныстыру. Санау білігін, суретке қарап мысалдар құрастыру, оны шығару дағдыларын бекіту; -талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау; зейін, жад, сөйлеу дағдысын дамыту; қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -дербестікке баулу.

		Күтілетін нәтиже: таразыны теңестіру үшін тағы зат (заттар) салу керек немесе таразы табақшасынан заттарды алу керектігін; өлшеу техникасын меңгере алады.
	Қоршаған әлеммен таныстыру	-балалардың Қазақстан Қызыл кітабына енгізілген жануарлар мен өсімдіктер туралы түсініктерін нығайту; -тірі нысанды суреттеу қабілетін, зейінін, есте сақтау қабілетін дамыту; -туған өлкені сүюге тәрбиелеу. **Күтілетін нәтиже:** Қазақстанның Қызыл кітабына енгізілген жануарлар мен өсімдіктердің кейбір түрлерін атап береді.
	Сурет салу	- балалардың қоршаған ортадан алған әсерлерін көрете білуге үйрету, Қазақстанның кең байтақ екенін түсіндіріп, білімдерін кеңейту; - қылқаламмен және бояумен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру; -ұқыпты жұмыс істеуге үйрету, тиянақтылыққа тәрбиелеу. **Күтілетін нәтиже:** туған жердің кең-байтақ екенін, өз елінің әсем жерлері мен ерекшеліктері туралы түсініктері кеңейеді.
	Мүсіндеу	-балардың ой-қиялын, эстетикалық талғамдарын дамыту; -Отанын, елін, жерін сүюге, адалдыққа,батылдыққа,ұқыптылыққа тәрбиелеу. **Күтілетін нәтиже:** өрнектерді безендіруде кескішпен, қалақшаны дұрыс пай даланады.
	Жапсыру	-жіңішке бөліктердің қиюдың жолдарын меңгерте отырып қию шеберліктерін шыңдау; -шығармашылық қабілеттерін дамыту, бірлесіп еңбек етуге,қарым-қатынас мәдениетіне тәрбиелеу. **Күтілетін нәтиже:** сюжетті суретті ұжым болып жасауды түсінеді.
	Құрастыру	-табиғи материалдарды пайдаланып әртүрлі бейнелер жасай білу, шығармашылық ойлау қабілеттерін дамыту; -ұжымдық жұмыс жасау арқылы мазмұнды құрастыруға қозғау салу, шығармашылық ойлауды және қиялдауды дамыту; - ұқыпты жұмыс жасай білуге тәрбиелеу. **Күтілетін нәтиже:** табиғи материалдарды пайдаланып әртүрлі бейнелер жасай біледі.
	Музыка	-музыкалық дыбысталуының сипаттамасына сүйене отырып, бейненің мазмұны мен музыкалық мәнерлілік элементтерімен байланыстыру; -қолмен бағытын көрсете отырып, әуеннің жоғарғы-төменгі қозғалысын ажырату. **Күтілетін нәтиже:** қолмен бағытын көрсете отырып, әуеннің жоғарғы-төменгі қозғалысын ажырата алады.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2026 - 2027 оқу жылына арналған
СӘУІР айының ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы: №15 мектеп-лицейі

Топ/сынып:Мектепалды 0 «ә» сынып
Балалардың жасы:5-6жас
Жоспардың құрылу кезеңі: сәуір айы 2026-2027 оқу жылы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
СӘУІР	**Дене тәрбиесі**	-мидың табиғи механизмдерінің жұмысын белсендендіруге, зейіндерін тұрақтандыруға ықпал ету. Қысқа секіртпеден секіруге жаттыға түсу. Қол басының айнала қозғалуы мен аяқтың тігінен қозғалуын жалғастыру.; -допты лақтыру мен жерге соғылған соң арт жақтан шапалақ ұрып қағып алу, допты қаққанда алақанын жазып, саусақ басымен қағу, бұраландап жерге қойылған бауды басып, тепе-теңдік сақтау дағдыларын арттыру. **Күтілетін нәтиже:** шапшаңдық секілді дене сапасын және кез келген іс-әрекетті ақылға салып, талдап шеше білу машықтарына ие.
	Сөйлеуді дамыту	-өлең арқылы тыңдата отырып, бала қиялын дамыту; -есте сақтау, танымдық қабілеттерін, байқағыштығын дамыту; -еңбекүйгіштікке тәрбиелеу. **Күтілетін нәтиже:** өлең жолдарын мәнерлеп айтуды қолданады.
	Көркем әдебиет	-ертегіні әңгімелеу барысында бейнелеуіш сөздерді қолдану, еңбек дағдыларын дамыту; -табиғат өзгерістерін сезіне білуге баулу. -табиғатты қастерлеп, қорғауға тәрбиелеу. **Күтілетін нәтиже:** әңгіменің мазмұнын сақтай отырып, айтып бере алады. Еңбек туралы сөзді есіне сақтайды.
	Қазақ тілі	-қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Ауызекі сөйлеу белсенділігін арттыру; -қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айту, ажырата білу дағдысын дамыту. **Күтілетін нәтиже:** ұжымдық ойында бір біріне көмектесу керек екенін түсінеді;сөздерді сөз тіркестерімен айтады, сұраққа сөйлеммен жауап береді.
	Сауат ашу негіздері	-берілген буынға сөз құрай алу дағдыларын жетілдіру. -«Кері іс-әрекетті айт» ойыны арқылы сөйлем құрату арқылы шығармашылықпен ойлауларын дамыту; -білімпаз болуға тәрбиелеу. **Күтілетін нәтиже:** сөздерге дыбыстық талдау жасайды, буынға бөледі, сөйлем құрайды, сөйлем сызбасын сызады.
	Математика негіздері	-заттарды таразыға салмағы бойынша салыстыруға болатындығы туралы түсінікті бекіту. Таразының қай табағында ауыр зат жатқанын анықтауға (төмен түскен табақта), таразыны теңестіру үшін тағы зат (заттар) салу керек немесе таразы табақшасынан заттарды алу керектігін үйрету; графикалық диктантты орындау, қағаз бетінде бағдарлау, 10 көлемінде санау, заттардың санын цифрмен белгілеу біліктілігін бекіту;

		-зейін, жад, сөйлеу және қолдың моторикасын дамыту. **Күтілетін нәтиже:** геометриялық пішіндерді атауды және ажырата білуді; сурет бойынша есептер шығаруды. Үзік сызықтармен сызуды және бояуды, графикалық диктантты орындау мүмкіндікке ие.
	Қоршаған әлеммен таныстыру	-табиғат аясында өз-өзін ұстау тәртібімен таныстыру. Балалардың назарын қоршаған орта проблемаларына аудару; -балалардың бойында табиғат туралы қарапайым түсінік, табиғатпен қарым-қатынас жасау мәдениетін қалыптастыру; -қатар құрбыларымен және ересектермен өзара қарым-қатынас жасай білуге тәрбиелеу. **Күтілетін нәтиже:** табиғат аясындағы мінез-құлық ережелерін біледі; адамның іс-әрекеті мен табиғаттың арасындағы байланысты түсінеді.
	Сурет салу	-балалардың көктемгі құбылыстар туралы білімдерін бекіту; -көктемнің шуақты бейнесін көре білуге, қағаз бетіне түсіре білуге дағдыландыру; -жұмысты талғаммен орындауға тәрбиелеу. **Күтілетін нәтиже:** көргендерін сурет салу ұйымдастырылған оқу қызметінде қағаз бетіне түсіре алады.
	Мүсіндеу	-гүлдердің түр-түстерін ажырата білуге баулу; өсімдіктерді күту ережелерімен таныстыру; -қолдың қимылын, сөздік қорын, тілін дамыту; -эстетикалық талғамдарын қалыптастыру, табиғатты аялай білуге тәрбиелеу. **Күтілетін нәтиже:** гүлдің адамға жақсы көңіл күй сыйлайтынын, бекерге жұлмау керектігін түсінеді.
	Жапсыру	-қағаздарды түр-түсіне қарай іріктеп алу, пішіндерді қағаз бетіне дұрыс орналастыра білу дағдыларын қалыптастыру, саусақ қозғалыстарын жетілдіру; -қайшымен жұмыс істеу кемділігін арттыру; қуана білуге, достарына, айналасындағыларға қуаныш сыйлай білуге тәрбиелеу. **Күтілетін нәтиже:** затқа қарап жапсыру дағдысына ие.
	Құрастыру	-өз құрылысын талдай білуді бекіту, талдау негізінде құрылымдық шешімдер табу, оларды құру кезеңдерін жоспарлай білуге үйрету; -құрылыс материалдарымен құрастыруда ұжымдық мазмұнды құрастыруға қозғау салу, шығармашылық ойлауды және қиялдауды дамыту. **Күтілетін нәтиже:** құрылыс материалдарымен құрастыруда ұжымдық жұмыс жасауды біледі.
	Музыка	-музыкалық мәнерлілік құралдары мен сипатын егжей-тегжейлі ажырату қабілетін дамыту. Дағдыларды қалыптастыру: бір дыбыста құрылған әуеннің бөліктерін дәл ырғағымен дербес орындау; -жеңіл әуендерді ансамбльмен балаларға арналған музыкалық аспаптарда фортепианоның сүйемелдеуімен, уақытында қосылып, ырғақтық бейнесін анық бере отырып ойнау; -анаға сүйіспеншілігін арттыру, анаға қамқор болуға, құрметтеуге тәрбиелеу.

		Күтілетін нәтиже: ән айту дағдыларын, ережелерін біледі.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2026 - 2027 оқу жылына арналған
МАМЫР айының ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы: №15 мектеп-лицейі
Топ/сынып:Мектепалды 0 «Ә» сынып
Балалардың жасы:5-6жас
Жоспардың құрылу кезеңі: мамыр айы 2026-2027 оқу жылы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
МАМЫР	**Дене тәрбиесі**	-жыл бойы жасап үйренген жаттығуларды ұқыптылықпен,шапшаңдылықпен орындай білуді қалыптастыру. Дене жаттығуларын үнемі орындай білуге тәрбиелеу. **Күтілетін нәтиже:** мектептің және нәтижелі білім алуда денсаулықтың маңызын, жаттығудың орындалу тәсілі мен орындалу сапасының арасындағы байланыс,балалардың қозғалыс тәжірибесін спорттық ойын элементтеріне еркін қатыса алады.
	Сөйлеуді дамыту	-«Жаздың кезі көңілді» тақырыбына шығармашылық әңгіме құрастырту. -сұрақтарға жауап беру арқылы сөздік қорларын толықтыру. **Күтілетін нәтиже:** сурет жанрлары туралы мәліметті; бір-біріне жылы лебіз силайды, суретке қарап әңгіме құрастыра алады.
	Көркем әдебиет	-сахналық қойылымдарға қатысуға ынталандыру; -сөздік қорын байытуды жалғастыру; -аңғарымпаздыққа, сақтыққа тәрбиелеу. **Күтілетін нәтиже:** әңгімені сюжет бойынша шығармашылықпен айтады, әңгіменің соңын ойдан шығарып аяқтайды. Жұмбақтың шешімін айта алады.
	Қазақ тілі	-қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Ауызекі сөйлеу белсенділігін арттыру; -қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айту, ажырата білу дағдысын дамыту. **Күтілетін нәтиже:** өткен тақырыптар бойынша сөздерді қайталайды,сұрақты тыңдап, толық жауап беру керек екенін түсінеді,сөйлем құрауда өздері білетін сөздерді қолданады.
	Сауат ашу негіздері	-дыбыс, буын, сөз ұғымдарын бекіту ұзынжәне қысқа сөздерге мысал келтіруге, дыбыстық талдау жасауға жаттықтыру; -сөздің сызбасын дұрыс тауып қоса білуге, сөйлем сызбасын сызу секілді дағдыларын бекіту; -бастаған істі аяқтай білуге тәрбиелеу. **Күтілетін нәтиже:** дыбыс, буын , сөз, сөйлем сызбаларын ажыратады.
	Математика негіздері	-10 көлемінде тура және кері санау, геометриялық пішіндер мен денелер атауын бекіту. Есеп шығару, заттарды салмағы бойынша салыстыру біліктерін бекіту; -талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау; зейін, есте сақтау, сөйлеу біліктілігін;

		логикаға арналған ойын тапсырмаларын орындау, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. **Күтілетін нәтиже:** 10 көлемінде тура және кері санау, геометриялық пішіндер мен денелер атауын біледі.
	Қоршаған әлеммен таныстыру	-жобалық жұмыстар арқылы балалардың танымдық қызметін жандандыру. Олардың қабілеттері мен дағдысын бекіту; -тәжірибелік жұмыстарға деген қызығушылығын арттыру, бақылау нәтижелерін салыстырып, талдау және қорытынды жасау қабілетін дамыту; -зерттеушілік және экологиялық сана-сезімін жетілдіру. **Күтілетін нәтиже:** табиғатты аялаудың маңыздылығын;жоба жасай біледі; бақылау, эксперимент арқылы себеп-салдар байланысын анықтай алады.
	Сурет салу	-ауыл мен қала ерекшеліктері, құндылықтары туралы білімдерін бекіту, алған әсерлерін көрсете білуге үйрету; -кешкі қала көрінісін сезіне отырып, қағаз бетіне дұрыс орналастыруды үйрету; -жұмысты талғаммен орындауға тәрбиелеу. **Күтілетін нәтиже:** күн тәртібін сақтаудың қажеттілігін, адам организмі дұрыс қалыптасып өсуі үшін жаттығу жасау керектігін түсінеді.
	Мүсіндеу	-еңбек үрдісі арқылы бала қиялын жетілдіру; -қол-қимыл әрекеттерінің қозғалғыштығын, үйлесімділігін дамыту; -ұқыптылыққа, әсемдікке тәрбиелеу. **Күтілетін нәтиже:** мүсіндеу әдіс-тәсілдерін біледі.
	Жапсыру	-жіңішке бөліктердің қиюдың жолдарын меңгерте отырып қию шеберліктерін шыңдау; -шығармашылық қабілеттерін дамыту, бірлесіп еңбек етуге,қарым-қатынас мәдениетіне тәрбиелеу. **Күтілетін нәтиже:** жапсыру жұмысында реттілікті сақтау қажеттігіне ие.
	Құрастыру	-бірнеше бөліктен тұратын заттарды құрастыру,олардың бөлшектерін берік орнату және шығармашылық ойлауды дамыту; -берілген тақырыпқа сурет, фотосуреттер бойынша құрылыс салу оны сөзбен сипаттау арқылы сөздік қорын дамыту. Өзі жасаған құрылысын талдау негізінде шешімдер табу, оларды құру кезеңдерін жоспарлау, еңбек нәтижесіне жете білуге тәрбиелеу. **Күтілетін нәтиже:** бірнеше бөліктен тұратын заттарды құрастыра алады.
	Музыка	-музыкалық дыбысталуының сипаттамасына сүйене отырып, бейненің мазмұны мен музыкалық мәнерлілік элементтерімен байланыстыру; -сезіммен, ырғақтық бейнесін сақтай отырып, сөздерді анық және фразалар арасында дұрыс тыныс алып, музыкалық кіріспеден соң бірден бастап ән айту. **Күтілетін нәтиже:** музыка ырғағына ілесіп би қимылдарын ырғақпен жасайды, әндерді орындайды,опера, балет туралы түсініктерге ие.

МЕКТЕПАЛДЫ 0 «А» СЫНЫБЫНЫҢ

ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ
2026 - 2027 оқу жылына арналған
ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ / ЖЫЛДЫҚ/

Білім беру ұйымы: №15 мектеп-лицейі
Топ/сынып:мектепалды 0 «Ә» сынып
Балалардың жасы:5-6жас
Жоспардың құрылу кезеңі: қыркүйек айы 2026-2027 оқу жылы
Апталық жүктеме 3 сағат, жылдық жүктеме 102 сағат.
Алматы «Алматыкітап баспасы» 2025 ж.

Мақсаты: денсаулық сақтау технологиясын қолданып, тәрбиеленушілердің негізгі қимыл түрлерін меңгеруі арқылы мәдени-гигиеналық дағдылар, қимыл-қозғалыс тәжірибесін қалыптастыру, дене сапаларын және қимыл белсенділігіне қажеттілікті дамыту.
Міндеттері:

балалардың денсаулығын сақтау және қорғау, физикалық үйлесімді дамыту;
спортқа деген қызығушылықты арттыру, салауатты өмір салты дағдыларын дамыту;
дене шынықтыруға баулу, дененің физикалық сапаларын: күш, жылдамдық, шыдамдылық, икемділікті дамыту;
дене шынықтырудың әртүрлі нысандарында шығармашылық, танымдық және сөйлеу қабілеттерін дамыту;
балалардың дене қалыптарының дұрыс дамуына, қимылдарының үйлесімді қалыптасуына, жалпақ табандылықтың алдын алуға медициналық-педагогикалық бақылау жүргізу және ұлттық қимылды ойындар өткізуге жағдайлар жасау.

Дене шынықтыру.

Негізгі қимылдар:

Жүру. Сапта бір-бірден, екеуден, үшеуден жүру; аяқтың ұшымен, аяқтың ішкі және сыртқы қырымен жүру; тізені жоғары көтеріп жүру, заттардан бір қырымен аттап жүру; белгі бойынша басқа бағытқа бұрылып жүру, қолдың бастапқы қалыптарын өзгерте отырып, әртүрлі қарқында секіргіштен аттап жүру; ересектің белгісімен тоқтап, қозғалыс бағытын өзгертіп, шашырап жүру; заттардың, кегльдердің арасымен, жіптерден аттап жүру; қосалқы қадаммен алға қарай жүру.

Тепе-теңдікті сақтау. Заттардан аттап жүру, шектелген жазықтықтың үстімен қосалқы қадаммен, аяқтың ұшымен жүру. Скамейканың үстіне қойылған текшелерден аттап жүру, арқан бойымен бір қырымен, қосалқы қадаммен (өкшені арқанға, аяқ ұшын еденге қою) жүру, әр қадам сайын допты алдынан немесе артынан қолдан-қолға ауыстыра отырып, кедір-бұдыр тақтай, гимнастикалық скамейка бойымен жүру; гимнастикалық скамейканың бойымен екі қадам қашықтықта орналасқан іші толтырылған доптардан аттап өту; қолдарынан ұстап, жұптарымен айналу.

Жүгіру. Шашырап, жұппен, қатармен бір-бірден, екеуден, үшеуден тізені жоғары көтеріп жүгіру; бір сызыққа қойылған заттардың арасымен, кедергілердің арасымен өту арқылы «жыланша» жүгіру, кедергілерден өту арқылы әртүрлі жылдамдықпен – баяу, жылдам, орташа қарқынмен 1,5–2 мин тоқтамай жүгіру; жүрумен алмастыра отырып, 100-120 метр арақашықтықта жүгіру; белгіленген жерге дейін жылдамдыққа (ұзындығы 20 м) жүгіру.

Еңбектеу, өрмелеу.Жүру мен жүгіруді алмастырып, заттардың арасымен «жыланша» төрттағандап еңбектеу, кедергілер арасынан еңбектеу; допты басымен итеріп, төрттағандап еңбектеу (арақашықтығы 3-4 м); гимнастикалық скамейка бойымен қолымен тартылып, иықтары мен тізелеріне сүйене отырып, етпетімен өрмелеу. Бірнеше заттардан еңбектеп өту, әртүрлі тәсілдермен құрсаудың ішіне еңбектеп өту, гимнастикалық қабырғамен өрмелеу және бір гимнастикалық қабырғадан екіншісіне ауысып өрмелеу.

Секіру. бір орында тұрып, алға қарай 3–4 м қашықтыққа жылжу арқылы секіру, екі тізенің арасына қапшықты қысып алып, түзу бағытта (арақашықтығы 6 м) қос аяқпен секіру; қос аяқпен заттардың арасымен (арақашықтығы 4 м), оң және сол аяқты алмастырып, заттардың арасымен (арақашықтығы 3 м), бір орында тұрып биіктікке секіру (6-8 метр); бір аяқпен және қос аяқпен құрсаудан құрсауға секіру (арақашықтықтығы 40 сантиметр), алға айналдыра отырып, ұзын және қысқа секіргіштен секіру, оң және сол аяқты алмастыра отырып, арқаннан, сызықтан секіру, тұрған орнында айналып секіру; биіктіктен секіру, 20 см дейінгі биіктіктікке секіру.

Лақтыру, қағып алу, домалату. Допты жоғары, жіптің үстінен лақтыру және екі қолымен, бір қолымен (оң және сол қолын алмастыру) қағып алу; допты бір қатарға қойылған заттардың арасымен домалату, допты қабырғаға лақтыру және екі қолымен қағып алу; 2–2,5 м арақашықтықтағы нысанаға құм салынған қапшықты, асықты лақтыру, допты екі қолымен бір-біріне (арақашықтығы 1,5–2 м) басынан асыра лақтыру, допты екі қолымен заттардың арасымен (арақашықтығы 4 м) жүргізу, допты лақтыру және алға қарай жылжып, екі қолымен қағып алу (арақашықтығы 4–5 м).

Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру. Сапқа бір, екі, үш қатармен тұру, бір-бірінің жанына және бір-бірінің артынан сапқа тұру, орнында айналу, оңға, солға бұрылу, сап түзеп, бір және екі, үш қатармен қайта тұру.

Музыкалық-ырғақтық қимылдар. Таныс дене жаттығуларын музыка әуенімен әсем және ырғақты орындау.Қимылдардың ырғағын музыкалық сүйемелдеумен үйлестіру. Түзу бағытта адымдап жүру. Жұбымен шеңбер бойымен жүру.

Жалпы дамытушы жаттығулар.

Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар. Қолды кеуде тұсына қою, екі жаққа созу; қолды жоғары көтеру және екі жаққа созу, қолды желкеге қою. Саусақтарды айқастырып, алға-жоғары көтеру (қолды сыртқы жағымен ішке қарай бұру). Қолды кезек жоғары-артқа көтеру.

Кеудеге арналған жаттығулар. Допты жоғарыдан (алға және артқа) бір-біріне беру. Қолды алға көтеріп оңға, солға бұрылу. Гимнастикалық қабырғаға қарап тұрып, белінің тұсындағы тақтайшаны ұстап, алға еңкею. Алға еңкейіп, алақанын еденге тигізу. Қолдарын айқастырып желкеге қою, қолды жазып, екі жаққа созу. Алға қарай еңкейіп, алақанды еденге тигізу; артқы жағынан қолды айқастырып көтеру; қолды жоғары көтеріп, жан-жаққа бұрылу. Отырып алға қарай еңкею, тізерлеп тұрып алға еңкею.

Қолдың күшін жетілдіруге арналған жаттығулар. 3-5 метр қашықтықта екі қолын жерге қойып, жүру (бір бала екінші баланы аяғынан ұстайды).

Іштің бұлшық еттеріне арналған жаттығулар: екі бала жұптасып жасайды: бірінші бала қолын желкесіне қойып, шалқасынан жатып, денесін көтереді, екінші бала оның аяғына отырады (5-6 рет); гимнастикалық қабырғада қолдарымен тартылып тұрып, аяқтарын көтеру (5-6 рет).

Арқаға арналған жаттығулар: отырып алға, артқа еңкею (5–6 рет),стретчинг элементтері бар жаттығуларды орындау, қолдың көмегімен етпетінен жатып еңбектеу (3 метр), аяқтың ұшына көтерілу, қолды алға созып, жартылай отырып-тұру (2-3 рет); қолды тізеге қойып отырып-тұру; аяқтың ұшымен ұсақ заттарды жылжыту.

Спорттық жаттығулар

Дене шынықтыру мен спортқа қызығушылықты ояту және дене шынықтырумен, спортпен айналысуға баулу. Спорт түрлеріментаныстыруды жалғастыру. Спорт залда және спорт алаңында қауіпсіздікті сақтауға баулу.

Шанамен сырғанау. Бір-бірін шанамен сырғанату, төбешіктен бір-бірлеп және екі-екіден шанамен сырғанау;

Сырғанау. Өз бетінше мұзды жолмен сырғанау, жүгіріп келіп сырғанау;

Шаңғымен жүру. Бірінің артынан бірі ауыспалы қадаммен алға жылжу, оң және сол аяқтарымен сырғанау. Бір орнында тұрып оңға, солға бұрылу, айналу;

Велосипед, самокат тебу. Шеңбер бойымен және тура жолмен өз бетінше екі дөңгелекті велосипед тебу. Оңға және солға бұрылу.

Жүзу. Судың таяз жерінде отырып және жатып аяқпен қимылдар жасау (жоғары және төмен). Судың ішінде қолымен алға, артқа

жүру (аяғы денесінің деңгейінде созылған). Иек, көз деңгейіне дейін судың ішінде отыру, суға бетін малу, суға үрлеу; суда жүзу.

Судағы аэробика. Бұрылыстар жасай отырып, суда қимылдар жасау.

Спорттық ойындар

Баскетбол элементтері. Кеуде тұсынан екі қолымен допты бір-біріне лақтыру. Допты оң және сол қолмен алып жүруге жаттықтыру.

Бадминтон. Воланды ракеткамен белгілі бір жаққа бағыттай отырып лақтыру.

Футбол элементтері. Берілген бағытқа допты оң және сол аяқпен тебу. Допты заттарды айналдыра жүргізу. Допты қақпаға тебу. Допты бірнеше рет аяқпен қабырғаға тебу.

Хоккей элементтері. Берілген бағытта қақпаға хоккей таяқпен шайбаны сырғанату, оны қақпаға кіргізу.

Қимылды ойындар.

Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. Ұлттық қимылды ойындарды ойнату. Балаларды жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға қатысуға баулу.

Дербес қимыл белсенділігі

Қимылды ойынның дамуына ықпал ететін әртүрлі құралдар мен спорттық жабдықтары бар ортаны құру. Балалардың құрдастарымен қимылды ойындарды өзбетінше ұйымдастыруына жағдай жасау, олардың жарыстар ұйымдастыруға деген белсенділігін қолдау.

Балалардың дербес қимыл белсенділігін ұйымдастыруда, меңгерген қимыл дағдыларын жетілдіру үшін серуен өткізілетін орынды жабдықтау, ойын алаңында балалардың жүруіне арналған кедергі жолдар жасау.

Қыс мезгілінде мұзды жолдармен сырғанауға, шаңғымен жүруге, хоккей ойындарына, шанамен сырғанауға, ал көктем, жаз мезгілдерінде велосипед тебуге, футбол, бадминтон, баскетбол ойындарына жағдай жасау.

Салауатты өмір салты туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру.

Адам ағзасы және оның қызметінің ерекшеліктері туралы түсініктерді кеңейту. Балалардың назарын ағзасы мен денсаулығының ерекшеліктеріне аудару. Салауатты өмір салтының маңызды компоненттері: дұрыс тамақтану, қимылдар, ұйқы және күн, ауа мен су және денсаулыққа зиян келтіретін факторлар туралы түсініктерді кеңейту.

Адамның денсаулығы дұрыс тамақтануға байланысты екені туралы түсініктерді жетілдіру. Адамның денсаулығына гигиена мен күн тәртібінің ықпалы туралы түсініктерді кеңейту. Науқасқа күтім жасау дағдыларын қалыптастыру: оған қамқорлық жасау, шуламау, оның өтініштері мен тапсырмаларын орындау. Науқастарға жанашырлық танытуға тәрбиелеу.

Өзінің көңіл-күйін сипаттай білуге үйрету. Балаларды дені сау адамның мүмкіндіктерімен таныстыру, олардың салауатты өмір салтына деген қажеттілігін қалыптастыру.

Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру

Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.

Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол - аяқтарын жуу, тіс тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл шүберекпен сүртіну. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну.

Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау.

Өзіне – өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру.

Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу.

Қоғамдық орындарда гигиена ережелерін сақтау дағдыларын қалыптастыру.

Сауықтыру-шынықтыру шаралары

Жергілікті шаралардың температурасын біртіндеп төмендете отырып, қарапайым су шараларын өз бетінше жүргізуге дағдыландыру,

балалардың денсаулықтарын, шынықтыру құралдарының әсерлеріне бейімделу деңгейін ескеріп, қарама-қарсы температурадағы сумен шайыну, таңертеңгі жаттығуды орындауға қызығушылық тудыру, дене бітімін қалыптастыру және аяқтың өкшелерін нығайту.

Күтілетін нәтижелер:

- сапта бір-бірден, екеуден, үшеуден жүреді, заттардан бір қырымен аттап жүреді;
- ересектің белгісімен тоқтап, қозғалыс бағытын өзгертіп, заттардың арасымен, жіптерден аттап жүреді;
- жүруде тепе-теңдікті сақтайды;
- әртүрлі жылдамдықпен – баяу, жылдам, орташа қарқынмен тоқтамай жүгіреді;
- белгіленген жерге дейін жылдамдыққа жүгіреді;
- заттардың арасымен төрттағандап еңбектейді;
- әртүрлі тәсілдермен заттардан еңбектеп өтеді;
- бір гимнастикалық қабырғадан екіншісіне ауысып, өрмелейді;
- заттардың арасымен секіреді, оң және сол аяқты алмастыра отырып, арқаннан, сызықтан секіреді;
- тұрған орнында айналып секіреді;
- допты жоғары, жіптің үстінен лақтырып бір қолымен қағып алады;
- допты еденге бір қолмен ұрып, екі қолмен қағып алады;
- бір қатарға бір-бірден тұра алады, бір орында бұрылады;
- үш қатарға сап түзеп қайта тұра алады;
- музыкамен сүйемелденетін қимылды ойындарда музыкаға сәйкес әртүрлі қарқында қимылдар жасайды;
- қимылды ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық танытады, ойын ережелерін сақтайды;
- ұлттық қимылды ойындар, жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға белсенділікпен қатысады;
- қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруда белсенділік танытады;
- ойындарда физикалық қасиеттерді: жылдамдық, күш, шыдамдылық, икемділік,ептілік көрсетеді;
- төбешіктен бір-бірлеп және екі-екіден шанамен сырғанай алады;
- өз бетінше мұзды жолмен сырғанайды;
- шаңғымен оңға және солға бұрылады, айналады;
- екі дөңгелекті велосипед, самокат тебеді;
- суда жүзуге тырысады, әртүрлі ойындар ойнайды;
- спорттық ойындар мен жаттығуларда белсенділік танытады;
- гигиеналық шараларды өз бетінше орындайды;
- шынықтыру шараларының маңызы мен қажеттілігін түсінеді;
- гигиеналық шараларды жүргізуде бір-біріне көмектеседі;
- өзіне – өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын біледі;
- салауатты өмір салтының құндылығын түсінеді.

МЕКТЕПАЛДЫ 0 «Ә» СЫНЫБЫНЫҢ
ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ
ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ / ҚЫРКҮЙЕК АЙЫ/

Р/с №	ҰІӘ-нің тақырыбы	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Сағат саны	Өту мерзімі	Ескерту
1-2	Спортзал. Спортзалда ойнаймыз. Денсаулықтың құпиялары.	-кеңістікте бағдарлай білу және күш секілді дене қабілеттерін дамыту; -спортқа деген қызығушылықтарын дамыту. -ептілік,шыдамдылық,төзімділік тәрізді дене қабілеттерін дамыту. -спортпен шұғылдану,салауатты өмір салтына,өз денсаулығын бағалай білуге баулу.	2	02.09.2026 ж. 04.09	
3	Күлкі сыйла.	-бала ағзасын төзімді,мықты болуға шынықтыру,омыртқаның қисайып кету қаупінің алдын алу.	1	07.09	
4	Біз күшті және ержүрекпіз.	-салауатты өмір салтын сақтауға баулу.	1	09.09	
5	Мен ойнағанды жақсы көремін.	-кеңістікті бағдарлай білу шеберліктерін дамыту,қозғаушы есте сақтау қабілеттерін дамыту.	1	11.09	
6	Керуен (таза ауада)	-ұлттық ойындарға деген қызығушылықтарын арттыру,коммуникативтік құзыреттіліктерін дамыту.	1	14.09	
7	Бадминтон, футбол.	-спорттық іс-әрекеттерге деген қызығушылығы мен олардың денсаулық үшін маңыздылығын саналы түсіну, ұйымдасқандық,мақсаттарына жете білу қасиеттерін қалыптастыру.	1	16.09	
8	Күзгі орманда.	-қозғалыс мәнерлігін,ырғақтылығын дамыту; азаматтық және экологиялық мәдениеттіліктерін қалыптастыруға мүмкіндік жасау.	1	18.09	
9	Ұлттық ойындар (таза ауада)	-ұлттық ойындарға деген қызығушылықтарын арттыру,коммуникативтік құзыреттіліктерін дамыту.	1	21.09	
10	Қалай спортшы болуға болады?	-ептілік,өз-өзін бақылай алу дағдыларын дамыту;спортқа деген ынталарын,салауатты өмір сүруге жақсы әдеттерін тәрбиелеу.	1	23.09	
11	Менің сүйікті жануарларым.	-экологиялық мәдениетке,ұйымшылдыққа,психологиялық жайсыздық тудыратын мінез-құлықтарын тәрбиелеу.	1	25.09	
12	Дене қабілеттерін дамыту.	-денені дұрыс ұстау дағдыларын бекіту. Допты оң, сол қолымен жерге соғуға жаттықтыру.	1	28.09	
13	Доппен ойнап, көңіліңді көтер!	-допты асыра лақтыру, кедергілерден еңбектеп өту жаттығулары кеңістік пен ондағы заттарды бағдарлай білу дағдыларын дамыту.	1	30.09	

МЕКТЕПАЛДЫ 0 «Ә» СЫНЫБЫНЫҢ
ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ
2026 - 2027 оқу жылына арналған
ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ / ҚАЗАН АЙЫ/

Р/с №	ҰІӘ-нің тақырыбы	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Сағат саны	Өту мерзімі	Ескерту
14	Біз әртүрліміз.	-кедергілер арасымен еңбектеп өту жүрісімен жүруге, бір-бірінің артынан еңбектеп жүруге, шеңбер бойында қол ұстасып, шашырап және тоқтамай жүгіруге жаттықтыру. Биіктігі 20 см кедергілерден секіріп өту	1	02.10	
15	Зейінді боламыз.	-денені дұрыс ұстай білу дағдысын қалыптастыру. Түрлі тапсырмаларды орындау арқылы жүру және жүгіру жаттығуларын қайталау. Доппен жаттығулар жасау	1	05.10	
16	Бірінші бол!	-бір сызық бойына қойылған заттар арасында оң және сол аяқпен секіру. Сапқа тұрып, допты екі қолмен бастан асыра бір – біріне лақтыру	1	07.10	
17	Командалық эстафеталар(таза ауада)	-гимнастикалық орындық үстінде тепе-теңдікті сақтап жүруге үйрету. Допты жоғары лақтырып, екі қолмен қағып алуға жаттықтыру. Доппен жасалатын тепе – теңдік сақтау және секіру жаттығулары	1	09.10	
18	Ерекше сабақтар.	-гимнастикалық орындық үстінде қолды иық пен белге, желке мен басына қойып, жан-жаққа созып, тепе-теңдік сақтап жүруді; кеглилердің арасымен допты басымен итере алға еңбектеуді үйрету.	1	12.10	
19	Акробат болғым келеді.	-заттар арасымен аттап өту жаттығуларын қайталау. Гимнастикалық орындықтың астымен өтуді үйрету.	1	14.10	
20	Ақылдылар.	-допты алып жүру (қашықтық 5 м)жаттығуымен таныстыру. Құрсаудың жоғарғы жиегіне жанаспай, қолдағы доппен құрсау ішіне кіруге жаттықтыру. -гимнастикалық орындық үстінде аяқтың ұшымен жүріп өту жаттығуын жасауға бейімдеу. Кішкене допты бір және екі қолымен алысқа лақтыруды, көлбеу қойылған тақтай үстімен қолды жан-жаққа соза тура жүруді үйрету.	1	16.10	
21-22	Бізбен бірге және бізден	-балаларға үздіксіз баяу жүгіру, сапта тұрып, допты асыра	2	19.10	

	артық орында.	лақтыру жаттығулары дұрыс жасауды үйрету. Секіру және жүгіру жаттығулары қайталату.		21.10	
23-24	Біз – болашақ әскерміз! Біздің стадион	-заттар арасында кезектестіріп, оң және сол аяқпен секіру жаттығуларын жасай алуға жаттықтыру. -қапшықты төбеге қойып, гимнастикалық орындық үстімен жүріп өтуге тәрбиелеу.	2	23.10 02.11	

МЕКТЕПАЛДЫ 0 «Ә» СЫНЫБЫНЫҢ
ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ
2026 - 2027 оқу жылына арналған
ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ / ҚАРАША АЙЫ/

Р/с №	**ҰІӘ-нің тақырыбы**	**Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері**	**Сағат саны**	**Өту мерзімі**	**Ескерту**
25	Менің отбасым.	-кедергілер арқылы жүгіруге жаттықтыру.Доппен жасалатын секіру, жүгіру жаттығулары дұрыс жасай алуға дағдыландыру. -еңкіш тақтай үстінде жүруге жаттықтыра тәрбиелеу. Кілем үстінен секіріп өту. Тізерлеп тұрып, допты екі қолмен бастан асыра бір – біріне лақтыру жаттығуларын жасай алуға жаттықтыру. -балаларға жүгіру және секіру жаттығулары алмастыра орындай алуға жаттықтыру. Қар кесегін алысқа лақтыру жаттығулары.	1	04.11	
26	Менің үйім.	-кедергілер арқылы жүгіруге жаттықтыру.Доппен жасалатын секіру, жүгіру жаттығулары дұрыс жасай алуға дағдыландыру. -еңкіш тақтай үстінде жүруге жаттықтыра тәрбиелеу. Кілем үстінен секіріп өту. Тізерлеп тұрып, допты екі қолмен бастан асыра бір – біріне лақтыру жаттығуларын жасай алуға жаттықтыру. -балаларға жүгіру және секіру жаттығулары алмастыра орындай алуға жаттықтыру. Қар кесегін алысқа лақтыру жаттығулары.	1	06.11	
27	Күшті, батыл және үлкен боламын!	-балаларға ілгері жылжи отырып, аяқтан – аяққа секіруге жаттықтыру.Алақанды соққан соң қағып алған допты екі қолмен жоғары лақтыра алуға	1	09.11	

		тәрбиелеу. Ағаш қадалар арағынан еңбектеп өту жаттығуларын дұрыс орындай алуға жаттықтыру.			
28	Командалық қимыл қозғалыстарды орындау біліктілігін қалыптастыру(таза ауада)	-қардан тұрғызылған құрылыстар арасынан қатармен жүру, жүгіру жаттығуларын жасауға жаттықтыру.Затқа дейін екі аяқтап секіру, қар кесегін нысанаға дәл лақтыра алуға тәрбиелеу.	1	11.11	
29	Мерген болғым келеді	-сапқа тұрып, төмен ұстаған екі қолмен допты бір – біріне лақтыру жаттығуын жасай алуға жаттықтыру; -қапшықты арқаға қойып, еңбектеп өту. Қапшықты төбеге қойып, гимнастикалық орындық үстімен жүріп өтуге тәрбиелеу.	1	13.11	
30	Әкем, анам және мен!	- қысқа секіртпемен секіруге үйретуді жалғастыру, қол мен аяқты қозғау (айналдыра және тік, адымдарды алмастырып секіру) үйлесімділігін жетілдіру. -допты жоғары лақтырып, қолды артқа жіберіп шапалақтап, допты саусақтарын ашып, қайтадан қағып алуға жаттықтыру. Тапсырманы өз бетімен орындауға баулу және шыдамдылық, ептілік, күш секілді дене сапаларын дамыту.	1	16.11	
31	Отбасымызбен бірге жаттығамыз.	- қысқа секіртпемен секіруге үйретуді жалғастыру, қол мен аяқты қозғау (айналдыра және тік, адымдарды алмастырып секіру) үйлесімділігін жетілдіру. -допты жоғары лақтырып, қолды артқа жіберіп шапалақтап, допты саусақтарын ашып, қайтадан қағып алуға жаттықтыру. Тапсырманы өз бетімен орындауға баулу және шыдамдылық, ептілік, күш секілді дене сапаларын дамыту.	1	18.11	
32	Отбасылық альбом.	-балалар арасындағы достық қарым-қатынасты орнатуға және ұжымның ұйымшыл болуына жағдай жасау. Допты оң және сол қолмен еденге кезекпен ұруды жаттықтыруға жалғастыру.	1	20.11	
33	Хоккей ойнап үйренеміз.(таза ауада)	-қимыл әрекеттің дұрыс басталуының кепілі болатын бастапқы қалыпқа дұрыс келуге, шайбаны ілгері бағытта ұшыруға үйрету. -жұпта қасына қарай аттау арқылы қозғала отырып заттарды орнынан басқа жерге апаруға, қол мен аяқтың қимылдарын үйлестіруге, түсетін күшті	1	23.11	

		мөлшерлеп бөлуге жаттықтыру.			
34	Тату-тәтті баламыз.	-балалар арасындағы достық қарым-қатынасты орнатуға және ұжымның ұйымшыл болуына жағдай жасау. Допты оң және сол қолмен еденге кезекпен ұруды жаттықтыруға жалғастыру.	1	25.11	
35	Менің көңілді добым.	-доппен орындалатын жаттығулардың маңызы туралы түсініктерін толықтыру және жалпы қозғалыстар туралы танымдық көзқарастарын дамыту. Түзу жүріп, допты бір қолмен соғып жүруге үйрету. Доппен орындалатын қозғалыс түрлеріндегі іскерліктерді дамыту.	1	27.11	
36	Аулада ойнайтын ойындар (таза ауада)	-баланы сезіну (сенсорлы) үдерістері арқылы және қимыл- қозғалыстарын үнемі толықтырып отырып дамытуға жағдай жасау; -түзу жүріп, допты бір қолмен соғып жүруге жаттықтыруды жалғастыру, допты соға білу шеберліктерін (машықтарын) бекіту. ә) Айналып тұрған арқанның астымен түрлі тәсілмен жүгіріп өтуге жаттықтыру; -айналып тұрған арқан астымен шапшаң өтіп кету сапасын дамыту.	1	30.11	

МЕКТЕПАЛДЫ 0 «Ә» СЫНЫБЫНЫҢ
ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ
2026 - 2027 оқу жылына арналған
ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ / ЖЕЛТОҚСАН АЙЫ/

Р/с №	**ҰІӘ-нің тақырыбы**	**Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері**	**Сағат саны**	**Өту мерзімі**	**Ескерту**
37	Асықпен ойналатын ойындар.	-малдас құрып отырып, ұсақ заттарды (асықтарды) лақтырып, оны қайтадан қағып алуға үйрету; -гимнастикалық орындық үстінде асықтарды алдында, артында ұстап, тепе-теңдік сақтап жүру. -көзмөлшерлеуін,ептілік, төзімділік секілді дене сапаларын дамыту.	1	02.12	
38	Хоккей ойнаймыз! (таза ауада)	-қимыл әрекеттің дұрыс басталуының кепілі	1	04.12	

		болатын бастапқы қалыпқа дұрыс келуге, шайбаны ілгері бағытта ұшыруға үйрету. -жұпта қасына қарай аттау арқылы қозғала отырып заттарды орнынан басқа жерге апаруға, қол мен аяқтың қимылдарын үйлестіруге, түсетін күшті мөлшерлеп бөлуге жаттықтыру.			
39	Керуен.	-әртүрлі бағытта бір аяқпен секіре білу шеберліктерін (машықтарын) жетілдіру, табанның алдыңғы жағымен таянып итерілулерін бекіту. -өкшемен отырып, ұсақ заттарды (тастарды) лақтырып, оны қайтадан қағып алу шеберліктерін (машықтарын) бекіту. Көзмөлшерлеуін,ептілік, төзімділік секілді дене сапаларын дамыту.	1	07.12	
40	Ержүрек құмырсқалар.	-нақты қимыл-қозғалыс жасай білу қабілеттерін қалыптастыруды жалғастыру, анализатор орталықтарын белсендіруге мүмкіндік жасау. -гимнастикалық қабырғада әртүрлі тәсілмен өрмелеу. Бір орында тұрып биіктікке түрлі тәсілдермен секіруге (30 см) үйрету. Гимнастикалық қабырғада әртүрлі тәсілмен өрмелеуге жаттықтыру.	1	09.12	
41	Мультфильмдер әлемі.	-екі жақтан бір-біріне қарама-қарсы келіп, орындық ортасынан кері бұрылып қайтуды бекіту. Шұңқырға секіру: 30 см биік заттың үстінен белгіленген жерге дәл секіріп түсулерін бекіту.	1	11.12	
42	Шаңғымен жүру(таза ауада)	-балаларды шаңғымен жүрумен таныстыру, қозғалысқа дұрыс бастама болатын бастапқы қалыпқа дұрыс келуді үйрету; -дене қимыл жаттығуларын төзімділік пен жаттыққандықты арттыру үшін біртіндеп көбейте отырып орындауға дағдыландыру.	1	14.12	
43-44	Біздің айналамыздағы әлем./ Африкаға саяхат.	-гимнастикалық қабырғаның бір сатысынан екінші сатысына диагональ бойынша адымдап өтуге, өрмелеуге жаттықтыруды жалғастыру, қол мен аяқ қозғалысын үйлесімді қозғау қабілеттерін жетілдіру. Шынтақтарын бүгіп, қысқа адыммен және бірқалыпты ырғақпен жүгіру шеберліктерін (машықтарын) жетілдіру. Еркін бағытта фитболдарды (доптарды) домалатуға жаттықтыру.	2	18.12	16.12
45-46	Африкаға саяхат.	-гимнастикалық орындық үстінде бір бүйірмен	2	21.12	

		жүруді; бір бүйірмен аяқты аяққа тигізіп жүруді, гимнастикалық қабырғада өрмелеуді үйрету.		23.12	
47	Құрлықтар бойынша саяхат.	-балаларды тоқтамай жүгіруге, коньки, шаңғы тебушінің қимылын келтіріп, кең адымдап сырғанап жүруге жаттықтыру. Допты алып жүру (қашықтық 5 м)жаттығуымен таныстыру. Құрсаудың жоғарғы жиегіне жанаспай, қолдағы доппен құрсау ішіне кіруге жаттықтыру	1	25.12	

МЕКТЕПАЛДЫ 0 «Ә» СЫНЫБЫНЫҢ
ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ
2026 - 2027 оқу жылына арналған
ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ / ҚАҢТАР АЙЫ/

Р/с №	ҰІӘ-нің тақырыбы	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Сағат саны	Өту мерзімі	Ескерту
48-49	Байқоңыр.	-еңкіш тақтай үстімен тепе-теңдік сақтап жүруге, заттардың үстімен екі аяқтап секіруге, секіртпемен еркін секіруге үйрету.	2	11.01.2027 ж. 13.01.2027 ж.	
50	Шаңғымен жүру(таза ауада)	-шаңғы жолымен сырғу арқылы жүру жаттығуларын жасауға дағдыландыру. Таудан түсу және оған көтерілу үлгісі бойынша жаттығулар жасату.. Шайбаны бір – біріне лақтыру және мұз жолымен сырғу жаттығулары.	1	15.01	
51	Ғарышқа саяхат.	-сапты бұзбай бірінші-екінші деп саналуға үйрету. -бір қолмен допты еденге соғуды үйретуді жалғастыру, допты алақанды ашып қағып алу, кеудеден саусақтардың басымен итеріп лақтыру және аяқтың қасында еденге қырындап бір қолмен соғуға дағдыландыру.	1	18.01	
52-53	Жыл мезгілдеріне саяхат (таза ауада)	-бір орында тұрып ұзындыққа (60 см) секіру жаттығуларын жасату; -үлкен адыммен «алақан» бейнеленген суреттерді басып еңбектеуге, «аяқтың ізі» ұзындыққа секіруді үйрету.	2	20.01 22.01	
54	Жігіттер сайысы.	-балаларға дене қимыл жаттығулары арқылы жаттығуларды дұрыс жасауға дағдыландыру.	1	25.01	

		Жүгіру және секіру ойын – жаттығуларын дамыту.			
55-56	Ұлы есімдер.	-балаларға қапшықты иық тұсынан лақтыру жаттығуларымен таныстыру.Бір қатарға қойылған ағаштардың арасымен аяқтың ұшымен, өкшемен алма-кезек секіруге, жетекшінің белгісі бойынша бұрылуға, жүруге жаттықтыру.Еліміздегі атақты спортшылардың еңбегін құрметтй білуге тәрбиелеу.	2	27.01 29.01	

МЕКТЕПАЛДЫ 0 «Ә» СЫНЫБЫНЫҢ
ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ
2026 - 2027 оқу жылына арналған
ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ / АҚПАН АЙЫ/

Р/с №	ҰІӘ-нің тақырыбы	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Сағат саны	Өту мерзімі	Ескерту
57	Желаяқтар.	-заттарды тік нысанаға лақтыруды үйрене түсу, иықтан жоғары алға қарай шұғыл шығарып, қолды айналдыра сермеп лақтыру дағдыларын дамыту; -қатар-қатар қойылған таяқтардан екі аяқтап аттап секіруге жаттығу, екі аяқты бірдей жазып барып итерілу арқылы құламай түсу, қол мен аяқтың қимылын үйлестіруді дамыту; --өз денесін басқаруды жалғастыру, қолға доп ұстап жатып етпетінен арқаға аунап ілгері қозғалу.	1	01.02	
58	«Батырлар» (айналмалы жаттығуларды қолдану).	-жүгіріп келіп биіктікке секіруді дұрыс орындауға үйрету, екпін алып жүгіру мен белгіленген орыннан итеріліп секіруді үйлестіруге үйрену; -көлденең нысанаға асық лақтыру дағдаларын жалғастыру. «Түзу қолмен төменнен» лақтыруды орындап жаттығу; -баяу жүгіру, жүгіру кезінде алған қарқынын жоғалтпауды, аяқты өкшеден басына қарай қоюды, иықты босатып, қолды еркін қоюды қадағалай білу; -гимнастикалық қабырғада қиғаш өрмелеуге, түрлі тәсілмен түсуге жаттығу, қол мен аяқтың үйлесімді қозғалысын жалғастыру.	1	03.02	
59-60	Мерген.	-көлбеу тақтайға жүгіріп шығу, түсу, биіктен салмақ түсіру, тірелу нүктесінде тепе-теңдік сақтауға	2	05.02 15.02	

		дағдыландыру; -тік нысанаға заттарды лақтырып, тура ортасына тигізу; түрлі қимылдарды қосып орындауға жаттықтыру; -жерден биіктетілген тақтайдың астынан өту, биік тақтай үстінде жинақталып нысананың ішінен тепе-теңдікті сақтай отырып өтуге жаттығуды жалғастыру; -өз денесін басқаруды, арқаннан ұстап салбырап тұруды,ептілік, өз бетімен әрекет ету, күштілікті дамыту.			
61	Аңшылар.	-еденде созылып жатқан арқан үстімен жүруге, көлбеу қойылған тақтай үстімен жүріп келіп, келесі тақтайға ауысуға жаттықтыру.	1	17.02	
62	Қыстаудағы ойындар.	-гимнастикалық орындық үстінде қолды жоғары көтеріп, шайбаны хоккей таяғымен кішкентай қақпадан өткізуді үйрету.	1	19.02	
63	Желді қуып жет!(таза ауада)	-екі аяқпен алға секіріп жүруді;Екі аяқпен теп-теңдікті сақтап секіруді үйрету.	1	22.02	
64	Жайлаудағы ойындар.	-қабырғаға допты соғып, одан ыршыған допты жерге түсірмей қағып алуды, заттар арасымен үздіксіз жүруді. Доппен жасалатын жаттығуларды үйрету.	1	24.02	
65	Арқанмен ойнау шынықтырады.	-арқанмен жасалатын дене қимылдарын жасай білуге дағдыландыру.Белгілі бір белгіге көтерілген арқанның астынан қте білуге тәрбиелеу.	1	26.02	

МЕКТЕПАЛДЫ 0 «Ә» СЫНЫБЫНЫҢ
ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ
2026 - 2027 оқу жылына арналған
ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ / НАУРЫЗ АЙЫ/

Р/с №	**ҰІӘ-нің тақырыбы**	**Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері**	**Сағат саны**	**Өту мерзімі**	**Ескерту**
66	Өз бетімізбен жаттығамыз.	-балаларды қашықтыққа жүріспен кезектестіре отырып жүгіру жаттығуларымен таныстыру.	1	01.03	

67	Жан-жағыңа жылулық сыйла!	-қимыл әрекеттердің еркін орындалуын, себетке допты аяқты бүгіп, жаза келе дәлдеп лақтыруды, бастапқы қалыпқа дұрыс келе білуді үйрету; -кең адымдап жүгіруді, гимнастикалық қабырғаға аяқты аяқтың қасына қоя отырып, қиғаштап қозғалып өрмелеп, алма-кезек адымдап түсуді жалғастыру; -ептілікті, төзімділікті, ойлауды, майысқақтықты дамыту; -салауатты өмірге, денсаулығын сақтауға, әлсіздерге көмек беруге, күштілікке тәрбиелеу.	1	03.03	
68	Мұздағы ойын.	-денені түзу ұстап, тізені жоғары көтере еркін жүруге, жүгіруге, тізе мен санды жоғары көтеріп, ырғақпен жүруге; зал ішінде бір-біріне доп лақтырып жүгіруге жаттықтыру.	1	05.03	
69-70	Спорт түрлері/ Жаттығу – жеңіс кепілі!	-қабырғаға допты соғып, одан ыршыған допты жерге түсірмей қағып алуды, заттар арасымен еңбектеуді, гимнастикалық орындықтың астымен өтуді үйрету. -жүру мен жүгіруді алмастыра отырып,эстафеталық жарыс ұйымдастыру.	2	10.03	08.03
71	Айналмалы жаттығулар.	-жүру мен жүгіруді алмастыра отырып,эстафеталық жарыс ұйымдастыру.	1	12.03	
72-73	Стадион (таза ауада)/ Бір, екі, үш, балалар алды күш!	-балаларға бір орнында тұрып секіру жаттығуларымен таныстыру.Қауіпсіз ережелерді сақтай білуге тәрбиелеу. -үздіксіз жүру,секіру жаттығуларымен таныстыра отырып,дене қимылдарын дұрыс жасауға бейімдеу.	2	17.03	15.03
74	«Қазақстан Республикасы халықтарының ойындары (таза ауада)	-гимнастикалық орындық үстінен аяқтың ұшымен жүріп өту жаттығуларын дұрыс жасай алуға тәрбиелеу.Оң және сол қолымен нысанаға дәл лақтыруға жаттықтыру. Ұлттық ойындарға деген қызығушылықтарын арттыру.	1	19.03	
75	Волейболшының жаттығуы.	-гимнастикалық қабырғаның басына дейін бір әдіспен өрмелеу, одан келесі арқалыққа өтіп, төмен түсу жаттығуларын дұрыс жасай алуға бейімдеу. Допты жоғары лақтырып, екі қолмен қағып алуға жаттықтыру. -гимнастикалық қабырғаның басына дейін бір әдіспен өрмелеу, одан келесі арқалыққа өтіп, төмен түсу жаттығуларын дұрыс жасай алуға бейімдеу. Допты	1	29.03	

		жоғары лақтырып, екі қолмен қағып алуға жаттықтыру.			
76	Ойна, ойна, доптан айырылып қалма!	-допты жоғары лақтырып, екі қолмен қағып алуға жаттықтыру; -гимнастикалық қабырғаның басына дейін бір әдіспен өрмелеу, одан келесі арқалыққа өтіп, төмен түсу жаттығуларын дұрыс жасай алуға бейімдеу. Допты жоғары лақтырып, екі қолмен қағып алуға жаттықтыру.		31.03	

МЕКТЕПАЛДЫ 0 «Ә» СЫНЫБЫНЫҢ
ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ
2026 - 2027 оқу жылына арналған
ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ / СӘУІР АЙЫ/

Р/с №	**ҰІӘ-нің тақырыбы**	**Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері**	**Сағат саны**	**Өту мерзімі**	**Ескерту**
77	Футбол ойнаймыз(таза ауада)	-доппен жасалатын қимылдарды дұрыс жасай білуге жаттықтыру.Допты жоғары лақтырып, екі қолмен қағып алуға жаттықтыру. Жаттығу денсаулыққа пайдалы екенін түсіндіру.	1	02.04	

78-79	Волейбол алаңында жаттығу.	-еңкіш тақтай үстімен жүру. Ілгері жылжи отырып, аяқтан – аяққа секіру (қашықтық 4 м) жаттығуларын орындату.	2	05.04 07.04	
80	Менің достарымның ойыны.	-балаларға тізені жоғары көтеріп жүгіру, 1,5 минутқа дейін үздіксіз жүгіру жаттығуларын жасай алуға жаттықтыру.Ойындағы қауіпсіздік ережерді сақтай білуге тәрбиелеу.	1	09.04	
81	Қазақ халқының ұлттық ойындары. (таза ауада)	-шығыршық арқылы жұптасып өтуді, еденге қатарынан төселген бірнеше тақтайшалар үстінен секіруді; еденге қолды тигізбей доға астынан тура, бір бүйірмен өтуді үйрету; -ұлттық ойындарды қызығушылықпен ойнай білуге тәрбиелеу.	1	12.04	
82-83	Ойын ойнап өсеміз.	-допты қабырғаға соғып, қол шапалақтап, ыршыған допты қағып алуды; түзу сызық бойынша оң аяқпен секіруді; айналып тұрған секіртпе астынан жүгіріп өтуді үйрету.	2	14.04 16.04	
84	Аңшылар.	-тік нысынаға заттарды лақтырып,тура ортасына тигізе білуге жаттықтыру.Тепе-теңдікті сақтай білуге тәрбиелеу.	1	19.04	
85	Өрмелеп үйренеміз.	-гимнастикалық қабырғаға өрмелей білу жаттығуларын жалғастыру.Баумен жүру ережелерін тиянақты орындай білуге тәрбиелеу.	1	21.04	
86	Көшбасшы бол.	-себетке доп лақтыру жаттығуларын жасай білу; -жүру, жүгіру жаттығуларын дұрыс орындай білуді нақтылау.	1	23.04	
87-88	Шабандоздар	-бала ағзасының барлық жүйелерін жарыс қимылдарын (эстафеталарды) орындау арқылы жаттықтыру; -қимыл әрекеттердің өз бетімен еркін орындалуын жалғастыру. -тік қойылған баспалдаққа сатылар арасымен өрмелеуге жаттығу. Қол мен аяқтың қимылдарын үйлестіруін дамыту.	2	26.04 28.04	
89	Спортпен шұғылданамыз!	-оң қол және сол қолмен алысқа лақтыруға үйрету, қолдарын алдымен төмен қарай айналдырып, сосын артқа толық жазылғанша сермеп лақтыруға дағдыландыру; -аяқты өкшеден бастап, аяқ басына қарай басып,	1	30.04	

		жылдамдықты сақтап, баяу жүгіруге жаттығуды жалғастыру.			

МЕКТЕПАЛДЫ 0 «Ә» СЫНЫБЫНЫҢ
ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ
2026 - 2027 оқу жылына арналған
ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ / МАМЫР АЙЫ/

Р/с №	ҰІӘ-нің тақырыбы	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Сағат саны	Өту мерзімі	Ескерту
90-91	Секіртпе – супертренажер/ Аңшы боламыз.	-қозғалыс ортасын байыту арқылы балалардың даму, сауығуына жағдай жасау, жұмыс тәртібін ұстану мен қарым-қатынасқа түсе білу қабілеттерінің қалыптасуына көмектесу (топпен жұмыс, жұппен жұмыс); -50-40-30 см көтеріліп керілген секіртпенің астымен өтуде жақсы нәтижеге жету үшін ең тиімді тәсілдерді таңдай білу. -тізені жоғары көтеріп жүруге жаттықтыру. Динамикалық тепе-теңдікті сақтауын қалыптастыру. Заттардың арасымен жүгіруді жалғастыру. Арқан биіктігі мен арқаннан өту тәсіліне қарай қол аяқты жинап жұмырлану. -ептілік, төзімділік, күштілік, өз бетімен әрекет етуін дамыту. Өз денсаулығын да, өзгенің денсаулығын да сақтай білуге, әрекет етудегі тапқырлыққа тәрбиелеу. Дәстүрлерді сақтай білуге, топта әрекет ете білуге баулу.	2	05.05	03.05
92-93-94	Көтеріңкі көңіл күй/ Көтеріңкі көңіл күй Өз денемізді өзіміз басқарамыз!	- допты жоғары лақтырып, жерге түсіп қайта ұшқан кезде екі қолмен қағып алуға, допты алақанын жазып, саусақтарының басымен қағып алуға үйретуді жалғастыру; -аяқ-қолын жинап, жұмырланып отырып алдыға-артқа домалауды бекіту. -мидың табиғи механизмдерінің жұмысын белсендендіруге, зейіндерін тұрақтандыруға ықпал ету. Қысқа секіртпеден секіруге жаттыға түсу. Қол басының айнала қозғалуы мен аяқтың тігінен қозғалуын жалғастыру;	3	12.05	07.05 10.05

		-допты лақтыру мен жерге соғылған соң арт жақтан шапалақ ұрып қағып алу, допты қаққанда алақанын жазып, саусақ басымен қағу, бұралаңдап жерге қойылған бауды басып, тепе-теңдік сақтау дағдыларын арттыру.			
95	Өз денемізді өзіміз басқарамыз!	-мидың табиғи механизмдерінің жұмысын белсендендіруге, зейіндерін тұрақтандыруға ықпал ету. Қысқа секіртпеден секіруге жаттыға түсу. Қол басының айнала қозғалуы мен аяқтың тігінен қозғалуын жалғастыру; -допты лақтыру мен жерге соғылған соң арт жақтан шапалақ ұрып қағып алу, допты қаққанда алақанын жазып, саусақ басымен қағу, бұралаңдап жерге қойылған бауды басып, тепе-теңдік сақтау дағдыларын арттыру.	1	14.05	
96-97	Қазақстан халықтарының ойындары.	-шығыршық арқылы жұптасып өтуді, еденге қатарынан төселген бірнеше тақтайшалар үстінен секіруді; еденге қолды тигізбей доға астынан тура, бір бүйірмен өтуді үйрету; -ұлттық ойындарды қызығушылықпен ойнай білуге тәрбиелеу.	2	17.05 19.05	
98-99	Жұптағы спорттық ойындар.	-балаларды қашықтыққа жүріспен кезектестіре отырып жүгіру жаттығуларымен таныстыру.	2	21.05 24.05	
100-101	Тату бола білеміз!	-жаттығуларды ұжымдықпен жасай білуге тәрбиелеу.Ойындардың ережелерін сақтай отырып, ойнай білуге жаттықтыру.	2	26.05 28.05	
102	Біз оқушы боламыз!	-жыл бойы жасап үйренген жаттығуларды ұқыптылықпен,шапшаңдылықпен орындай білуді қалыптастыру. Дене жаттығуларын үнемі орындай білуге тәрбиелеу.	1	31.05	
Барлығы: 102 сағат					

МЕКТЕПАЛДЫ 0 «Ә» СЫНЫБЫНЫҢ

ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ
2026 - 2027 оқу жылына арналған
СӨЙЛЕУДІ ДАМЫТУ / ЖЫЛДЫҚ АЙЫ/

Білім беру ұйымы: №15 мектеп-лицейі
Топ/сынып:мектепалды 0 «А» сынып
Балалардың жасы:5-6жас
Жоспардың құрылу кезеңі: қыркүйек айы 2026-2027 оқу жылы
Апталық жүктеме: 2 сағат, жылдық жүктеме 68 сағат.
Алматы «Алматыкітап баспасы» 2025 ж.

Мақсаты: тәрбиеленушілердің түрлі іс-әрекетінде Қазақстан халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы ауызекі байланыстырып сөйлеуді, сөйлеудің дыбыстық мәдениетін дамыту, сауат ашудың алғышарттарын қалыптастыру.
Міндеттері:

ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын жетілдіру;
коммуникативтік дағдыларды дамыту: әңгімелесушіні тыңдауға, диалог жүргізуге, өз пікірін айтуға үйрету;
түрлі балалар әрекетінде қазақ халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы ауызекі сөйлеуді дамыту;
балалардың заттар мен жағдайды нақты сипаттауда қарапайым тұжырымдар мен өз ойларын басқаларға түсінікті жеткізуге баулу;
балалардың тәжірибесіне сүйене отырып және олардың қалауын ескере отырып, тәрбиешімен және құрдастарымен келесі талқылаумен тәуелсіз қабылдау үшін көрнекі материалдарды таңдау;
әндер мен билерді қолдана отырып, көркем бейнені құруда шығармашылық дербестікті дамыту.

Сөйлеуді дамыту:

Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті

Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз б-п, г-ғ, к-қ, ж-ш, з-с, н-ң, р-л дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйрету.

Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы). Артикуляциялық жаттығулар жасау.

Сөйлеуде интонациялық мәнерлілік құралдарын қолдану: дауыс қарқынын, логикалық үзіліс пен екпінді реттеу.

Сөздік қор

Балалардың сөздік қорын тұрмыстық заттарды білдіретін зат есімдермен, заттардың қасиеттері мен сапасын сипаттайтын сын есімдермен, адамдардың қарым-қатынасын, олардың еңбекке қатынасын білдіретін үстеулермен байыту.

Сөйлегенде көп мағыналы сөздерді, синонимдер мен антонимдерді қолдану, белгілі бір затқа белгілерді, әрекеттерді және берілген әрекетке заттарды таңдай білу.

Алуан түрлі заттарды сипаттауға, қарым-қатынас жасауға қажетті сөздерді қолдану және түсіну, оларды сөйлегенде белсенді қолдану дағдыларын қалыптастыру.

Зат есімдер мен жалпылаушы сөздерді дұрыс қолдану білуді дамыту.

Балаларға сөздерді мағынасына сәйкес қолдануға көмектесу.

Қазақ халқының салт-дәстүрлерімен таныстыруды жалғастыру, «асар», «сүйінші сұрау» дәстүрлерінің мәнін түсіндіру, балаларды бір-біріне көмек қолын созуға, бірлесіп ойнауға, тапсырманы орындауға, бір-бірінің қуанышына ортақтаса білуге, бір-біріне қамқор болуға баулу.

Тілдің грамматикалық құрылымы

Сөйлемдердегі сөздерді: зат есімдерді сан есімдермен және сын есімдерді зат есімдермен үйлестіре білуді жетілдіру.

Түбірлес сөздерді жасау және қолдана білу, етістіктерді жалғаулармен қолдану, сөйлеу әдебін, жай және жайылма сөйлемдерді қолдану дағдыларын қалыптастыру;

Интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді дамыту.

Байланыстырып сөйлеу

Айналасындағылармен өздігінен диалогті бастауға ынталандыру, әңгімелесушіні мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу, әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті ұстау, әдепті және сабырлы болу.

Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу, монологты байланыстырып құра білу, әңгімені бірізді айту, шағын логикалық және хабарлау сипатындағы әңгімелерді құрастыру. Ойыншықтарды, заттарды, сюжеттік суреттер, табиғат құбылыстарын сипаттауда заттар мен нысандардың ерекшеліктерін білдіретін сөздерді дұрыс таңдау, сын есімдер мен үстеулерді қолдану.

Шығармашылықпен сөйлеу әрекеті.

Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру: ересектердің көмегімен әңгіменің жалғасын және соңын ойдан шығару, бақылаулар мен суреттер бойынша сипаттау және хабарлау әңгімелерін құрастыру, өзара байланысты бірізді сюжет құрастыру, сөйлегенде бейнелі сөздерді, эпитеттерді, салыстыруларды қолдану.

Күтілетін нәтижелер:

- ана тіліндегі барлық дауысты дыбыстарды анық айта алады;
- сөздегі дыбыстардың орнын анықтайды;
- айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз дыбыстарды анық айтады;
- артикуляциялық жаттығуларды жасауға қызығушылық танытады;
- сөздерге дыбыстық талдау жасай алады;
- сөйлегенде затесімдерді, сын есімдерді, үстеулерді, көп мағыналы сөздерді, синонимдер мен антонимдерді қолданады;
- зат есімдерді сан есімдермен және сын есімдерді зат есімдермен байланыстырып айтады;
- хабарлы, сұраулы, лепті сөйлемдерді қолданады;
- құрдастарымен өзбетінше қарым-қатынас жасай алады;
- әңгімелесушіні мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қояды және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап береді;
- негізгі ойды дұрыс тұжырымдайды;
- әңгімелерді бірізді айтып береді;
- ересектердің көмегімен әңгіменің жалғасын және соңын ойдан шығарады;
- бақылаулар мен сюжеттік суреттер бойынша әңгімелер құрастырады;
- әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті, әдепті ұстайды.

МЕКТЕПАЛДЫ 0 «Ә» СЫНЫБЫНЫҢ
ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ
2026 - 2027 оқу жылына арналған
СӨЙЛЕУДІ ДАМЫТУ / ҚЫРКҮЙЕК АЙЫ/

Р/с	ҰІӘ-нің тақырыбы	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Сағат	Өту мерзімі	Ескерту

№			саны		
1-2	Балабақшадағы,мектептегі алғашқы күн.(Мектептегі алғашқы күн) Балабақша ауласында	- Б, п дыбыстары туралы түсінік беру; - сөздерді мағынасына сәйкес қолдануға үйрету; - ұқыптылыққа тәрбиелеу. - балабақша ауласымен таныстыру; - сұраққа толық жауап беруге баулу; - балабақшаға қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу.	2	03.09.2026 ж 07.09.	
3	Менің досым. Менің сүйікті ойыншығым.	- зат есімдер мен жалпылаушы сөздерді дұрыс қолдана білуді үйрету; - сөздік қорын байыту; - достыққа адал болуға тәрбиелеу. - д, т дыбыстарын дұрыс айтуды үйрету; - сөздік қорын толықтыру; - бір-біріне қамқор болуға баулу.	1	10.09	
4	Күз бояуы.	- синоним сөздермен таныстыру; - сөйлеу тілін дамыту; - мейірбандыққа тәрбиелеу.	1	14.09	
5	Менің атам.	- отбасы туралы білімін кеңейту; - ойлау қабілетін дамыту; - үлкендерді сыйлауға тәрбиелеу.	1	17.09	
6	Қорыққанға қос көрінеді (Ертегі)	- г, к дыбыстарымен таныстыру; - ұқсас дауыссыз дыбыстарды анық айтуға баулу; - ертегіге қызығушылығын тәрбиелеу.	1	21.09	
7	Отбасының күзгі еңбегі.	- күзгі бақшадағы еңбекпен таныстыру; - ауызекі сөйлеу тілін дамыту; - мейірбандыққа тәрбиелеу.	1	24.09	
8	Күзгі жапырақтар.	- дауысты дыбыстардың ерекшелігін түсіндіру; - сөйлеу мәдениетін жетілдіру; - еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.	1	28.09	

МЕКТЕПАЛДЫ 0 «Ә» СЫНЫБЫНЫҢ
ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ
2026 - 2027 оқу жылына арналған
СӨЙЛЕУДІ ДАМЫТУ / ҚАЗАН АЙЫ/

Р/с №	ҰІӘ-нің тақырыбы	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Сағат саны	Өту мерзімі	Ескерту

9	Шаштараз.(Өлең)	- түбірлес сөздердің мағынасын түсіндіру; - ойлау қабілетін дамыту; - ұқыптылыққа тәрбиелеу.	1	01.10.	
10	Ең тәтті дүние.(Ертегі)	- дауыссыз дыбыстар жайлы түсінік беру; - сөздік қорын дамыту; - жануарларға қамқорлық көрсетуге тәрбиелеу.	1	05.10	
11	Әжесін кім жақсы көреді? (Әңгіме)	- зат есім, сын есімдермен таныстыру; - әңгіме мазмұнын айтуға үйрету; - үлкен кісілерді құрметтеуге тәрбиелеу.	1	08.10	
12	Үлгілі бала.	- сөздің лексикалық мағынасы мен мәнін түсіндіру; - әңгімені жалғастырып айтуға жетелеу; - құрдастарымен дұрыс қарым-қатынас жасауға тәрбиелеу.	1	12.10	
13	Кітап-білім бұлағы.	- кітап туралы түсінігін кеңейту; - білімнің кітап арқылы берілетінін ұғындыру; - кітапты сүюге тәрбиелеу.	1	15.10	
14	Мен білімді баламын.	- білім туралы түсінігін кеңейту; - хабарлау сипатындағы әңгіме құрауға баулу; - дербестікке тәрбиелеу.	1	19.10	
15	Отбасым-бақыт мекенім.	- ауыспалы мағынадағы сөздермен таныстыру; - өз тәжірибесі негізінде әңгіме құрауға баулу; - отбасындағы сыйластыққа тәрбиелеу.	1	22.10	

МЕКТЕПАЛДЫ 0 «Ә» СЫНЫБЫНЫҢ
ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ
2026 - 2027 оқу жылына арналған
СӨЙЛЕУДІ ДАМЫТУ / ҚАРАША АЙЫ/

Р/с №	**ҰІӘ-нің тақырыбы**	**Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері**	**Сағат саны**	**Өту мерзімі**	**Ескерту**
16	Нағыз дос.	- әңгімені өз ойымен аяқтай білуге жетелеу; - сөйлеу екпінін реттеуге баулу; - құрдастарымен достық қатынаста болуға тәрбиелеу.	1	02.11	
17	Біздің қанатты достарымыз.	- құстар туралы түсінігін кеңейту; - тақырып аясында диалогке қатысуға жетелеу; - құстарды қорғауға тәрбиелеу.	1	05.11	
18	Судың да сұрауы бар.	- фонематикалық естуді дамыту; - сөздік қорын кеңейту;	1	09.11	

		- табиғатты сүюге тәрбиелеу.			
19	Алматы-әсем қала.	- Алматы қаласы туралы білімін кеңейту; - сипаттауға қажетті сөздерді қолдануға жетелеу; - туған жерге сүйіспеншілігін арттыру.	1	12.11	
20	Қонақ келсе-құт.	- сөздерді дұрыс дыбыстауға баулу; - тақырып аясында диалогке қатысуға жетелеу; - қонақжайлылыққа тәрбиелеу.	1	16.11	
21	Ойыншықтар дүкегінде.	- з, ө дыбыстарын анық айтуға үйрету; - ойыншықтардың неден жасалғанын білу; - ұқыптылыққа тәрбиелеу.	1	19.11	
22	Жануарлар қайда тұрады?	- жануарлардың тіршілігі туралы білімін кеңейту; - көп мағыналы сөздерді қолдана білуге баулу; - жануарларды қорғауға тәрбиелеу.	1	23.11	
23	Қысқа дайындық (ертегі)	- сюжетті сурет бойынша әңгіме құрауға үйрету; - дыбыстарды түріне қарай ажырату дағдысын дамыту; - еңбекқорлыққа тәрбиелеу.	1	26.11	
24	Алғашқы қар.	-дауыссыз дыбыс түрлерін ажырата білуге баулу; -балалардың ойлау қабілетін және тілін дамыту; -туған табиғатты сүйе білуге тәрбиелеу.	1	30.11	

МЕКТЕПАЛДЫ 0 «Ә» СЫНЫБЫНЫҢ
ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ
2026 - 2027 оқу жылына арналған
СӨЙЛЕУДІ ДАМЫТУ / ЖЕЛТОҚСАН АЙЫ/

Р/с №	**ҰІӘ-нің тақырыбы**	**Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері**	**Сағат саны**	**Өту мерзімі**	**Ескерту**
25	Менің Отаным.(Өлең)	- Отан туралы түсінігін тереңдету; - тақырыпқа байланысты әңгіме құрауға үйрету; - Отанын сүюге тәрбиелеу.	1	03.12	
26	Тәуелсіз елдің ұланымыз.	- Тәуелсіздік туралы ұғымын кеңейту; - еліміздің рәміздерін қастерлеуге баулу; - туған елін мақтаныш етуге тәрбиелеу.	1	07.12	
27	Қыс. (Өлең)	- сипаттау сөздерін қолдануға жетелеу; - шығармашылығын арттыру; - табиғатты сүйе білуге тәрбиелеу.	1	10.12	
28	Ажарлы қыс. (Өлең)	- сурет бойынша әңгіме құрауға үйрету;	1	14.12	

		- ойын арқылы қимыл-қозғалысын дамыту; - ұйымшылдыққа тәрбиелеу.			
29	Қаңтар(Өлең)	- қыс мезгілінің ерекшеліктерін түсіндіру; - синоним, антоним сөздерді қолдануын дамыту; - табиғатты сүюге тәрбиелеу.	1	17.12	
30	Қыс мезгілінің қызықтары.	- қыстың белгілері туралы әңгімелесу; - көп мағыналы сөздерді қолдануын дамыту; - табиғатты қорғай білуге тәрбиелеу.	1	21.12	
31	Ақсақ құлан.(Аңызы)	- л, р дыбыстарымен таныстыру; - тілдік қорын байыту; - халық ауыз әдебиетіне қызығушылығын ояту.	1	24.12	

МЕКТЕПАЛДЫ 0 «Ә» СЫНЫБЫНЫҢ
ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ
2026 - 2027 оқу жылына арналған
СӨЙЛЕУДІ ДАМЫТУ / ҚАҢТАР АЙЫ/

Р/с №	**ҰІӘ-нің тақырыбы**	**Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері**	**Сағат саны**	**Өту мерзімі**	**Ескерту**
32	Суықторғай.(Әңгіме)	- ж, ш дыбыстарымен таныстыру; - шығармашылығын дамыту; - құстарға қамқорлық жасауға тәрбиелеу.	1	11.01.2027ж.	
33	Күшік пен мысық.(Ертегі)	- сөздерді буынға бөлуге үйрету; - мәнерлі сөйлеу құралдарын қолдануға баулу; - үй жануарларына қамқор болуға тәрбиелеу.	1	14.01.2027 ж.	
34	Кеме (Өлең)	- көлік түрлері туралы түсінік беру; - танымдық қабілетін дамыту; - еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.	1	18.01	
35	Кім ақылды? (Әңгіме)	- сөздерді буынға бөлуді үйрету; - сөйлеу тілін дамыту; - әдептілікке, кішіпейілділікке тәрбиелеу.	1	21.01	
36	Мамандықтың бәрі жақсы.	- мамандық түрлерімен таныстыру; - сөздік қорын толықтыру; - мамандық иелерін құрметтеуге тәрбиелеу.	1	25.01	
37	Өскенде кім боламын?	- адамдардың еңбекке қатынасы туралы түсіндіру; - сөйлеу мәнерін дамыту;	1	28.01	

		- мамандық иелерін құрметтеуге тәрбиелеу.			

МЕКТЕПАЛДЫ 0 «Ә» СЫНЫБЫНЫҢ
ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ
2026 - 2027 оқу жылына арналған
СӨЙЛЕУДІ ДАМЫТУ / АҚПАН АЙЫ/

Р/с №	ҰІӘ-нің тақырыбы	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Сағат саны	Өту мерзімі	Ескерту
38	Сүйінші	- сүйінші дәстүрімен таныстыру; - дәстүрлі сөздерді қолдана білуге баулу; - қазақтың салт-дәстүріне құрмет сезімін ояту.	1	01.02	
39	Қос ішекті домбыра	-ұлттық аспаптар туралы білімін кеңейту; -тақырып аясында диалогке қатысуға жетелеу; -халық шығармашылығына құрметпен қарауға тәрбиелеу.	1	04.02	
40	Спорт-денсаулық кепілі.	- спорт туралы білімін жетілдіру; - өз тәжірибесі негізінде әңгімелеуге тарту; - спортқа қызығушылығын арттыру.	1	15.02	
41	Денсаулық еліне саяхат.	- антоним түрлерімен таныстыру; - қарым-қатынаста әдептілік сөздерін қолдануға баулу; - денсаулығын күтуге тәрбиелеу.	1	18.02	
42	Он екі мүшең сау болсын.	- сөздердің лексикалық мағынасы мен мәнін түсіндіру; - өз тәжірибесі негізінде әңгіме құрауға тарту; - дене мүшелерін күтуге тәрбиелеу.	1	22.02	
43	Үлкен қонақ.	- қонақжайлылық туралы түсінігін кеңейту; - өзін танып білуге қызығушылығын арттыру; - ұлтының құндылықтарын құрметтеуге баулу.	1	25.02	

МЕКТЕПАЛДЫ 0 «Ә» СЫНЫБЫНЫҢ
ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ
2026 - 2027 оқу жылына арналған

СӨЙЛЕУДІ ДАМЫТУ / НАУРЫЗ АЙЫ/

Р/с №	ҰІӘ-нің тақырыбы	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Сағат саны	Өту мерзімі	Ескерту
44	Дәрумендер.	- дәрумендердің пайдасы туралы түсінік беру. - сөздік қорын байыту. - асты қадірлеуге тәрбиелеу.	1	01.03	
45	Асар жасаймыз.	-асар дәстүрінің мәнін түсіндіру; -сөздік қорын молайту; -бір-біріне қамқор болуға баулу.	1	04.03	
46-47	Бағдаршам/ Менің анам	- бағдаршам туралы білімін дамыту; - жолда жүру мәдениетін бекіту; - зейінді, елгезек болуға тәрбиелеу. - тақырыпқа байланысты әңгіме құрауды үйрету; - сөйлеу тілін дамыту; - анасын аялай білуге тәрбиелеу.	2	11.03	08.03
48-49	Біз де ойнаймыз/Біз де ойнаймыз	- дыбыс туралы алған білімін бекіту; - сұрақтарға толық жауап беруге баулу; - табиғатқа қамқор бола білуге тәрбиелеу.	2	18.03	15.03
50	Наурыз –көктем мерекесі. Қасқыр мен түлкі.(Ертегі)	- ұлттық салт-дәстүрмен таныстыру; - ойлау қабілетін дамыту; - салт-дәстүрімізді құрметтеуге тәрбиелеу. - ертегінің мазмұнын әңгімелеуге жетелеу; - сөздік қорын дамыту; - батылдылыққа тәрбиелеу.	1	29.03	

МЕКТЕПАЛДЫ 0 «Ә» СЫНЫБЫНЫҢ
ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ
2026 - 2027 оқу жылына арналған
СӨЙЛЕУДІ ДАМЫТУ / СӘУІР АЙЫ/

Р/с №	ҰІӘ-нің тақырыбы	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Сағат саны	Өту мерзімі	Ескерту
51	Жайлауда.(Өлең)	- ж, ш дыбыстарының ұқсастығын түсіндіру; - сөйлеу тілін дамыту; - үй жануарларына қамқор болуға тәрбиелеу.	1	01.04	
52	Мен ғарышкер боламын.(Өлең)	- қ, ғ дыбыстарын дұрыс дыбыстауға үйрету; - сөздік қорын молайту; - еңбекқорлыққа тәрбиелеу.	1	05.04	

53	Маңдай тер.(Әңгіме)	- сөйлем түрлері бойынша алған білімдерін пысықтау; - әңгімеге тақырып қоя білуге үйрету; - үлкендерді сыйлауға, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.	1	08.04	
54	Күн, Ай және Қораз.(Ертегі)	- ертегі мазмұнын түсінікті түрде мазмұндай білуге жаттықтыру; - сөздердің дыбыстардан жасалатынын естеріне түсіру; - достықты бағалай білуге тәрбиелеу.	1	12.04	
55	Түлкі мен Қоян.(Ертегі)	- ертегі мазмұнын түсінікті түрде мазмұндай білуге жаттықтыру. - баланың сөйлеу және тыңдай білу, сұраққа жауап беру қабілеттерін дамыту. - балаларды батырлыққа, өжеттілікке тәрбиелеу.	1	15.04	
56	Өрмекші,құмырсқа және қарлығаш.	- диалогпен сөйлей білуге жетелеу; - есте сақтау қабілетін дамыту; - еңбекқорлыққа тәрбиелеу.	1	19.04	
57	Ас атасы-нан.	- мағынасы жақын, мағынасы қарама-қарсы сөздерді түсіндіру; - әдептілік сөздерін қолдануға үйрету; - нанның қадірін білуге тәрбиелеу.	1	22.04	
58	Алғыс айтамыз.	- шығармашылықпен әңгімелеуін жетілдіру; - ризашылық пен алғыс туралы түсінік беру; - ізеттілікке тәрбиелеу.	1	26.04	
59	Атамның ауылында.	- үй жануарлары туралы түсінігін кеңейту; - сөздік қорын дамыту; - еңбекқорлыққа тәрбиелеу.	1	29.04	

МЕКТЕПАЛДЫ 0 «Ә» СЫНЫБЫНЫҢ
ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ
2026 - 2027 оқу жылына арналған
СӨЙЛЕУДІ ДАМЫТУ / МАМЫР АЙЫ/

Р/с №	**ҰІӘ-нің тақырыбы**	**Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері**	**Сағат саны**	**Өту мерзімі**	**Ескерту**
60-61	Отбасым-мақтанышым/Тазалықтың досы	- бейнелі теңеулерді түсіндіру; - өз тәжірибесі негізінде әңгіме құрауға жетелеу; -отбасына қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу. - тазалық туралы білімін жетілдіру; - есте сақтау қабілетін дамыту; - тазалық пен ұқыптылыққа тәрбиелеу.	2	06.05	03.05
62-63	Киіз үй /Жолда абайла	- киіз үйдің құрылымымен таныстыру;	2	13.05	10.05

		- сөздік қорын толықтыру; - туған жерін қастерлеуге тәрбиелеу. - жол белгілерінің маңызын түсіндіру; - өз тәжірибесі негізінде әңгімелеуге баулу; - жолда жүру ережесін бұлжытпай сақтауға тәрбиелеу.			
64	Ханталапай.	- монолог құра білуге үйрету; - сюжеттік суретті сипаттау дағдысын дамыту; - ұлттық ойындарға қызығушылығын тәрбиелеу.	1	17.05	
65	Әдептілік-әдемілік	- байланыстыра сөйлеуін жетілдіру; - әдептілік ережелерін еске түсіру; - жауапкершілік сезімін тәрбиелеу.	1	20.05	
66	Әсем қала Астана.	- Елордамыз туралы білімін кеңейту; - өлең сөзге сүйіспеншілігін дамыту; - Отансүйгіштікке тәрбиелеу.	1	24.05	
67	Асфальттағы суреттер.(Өлең)	- өлең мазмұнымен таныстырып, өлең шумақтарын жаттату; - балалардың сөйлеу тілдерін дамыту. - табиғатты, жабайы аңдарды қорғауға тәрбиелеу.	1	27.05	
68	Жаздың кезі көңілді	- н, ң дыбыстарының ерекшелігімен таныстыру; - шығармашылық әңгіме құрауға жетелеу; - табиғатты сүюге, қорғауға тәрбиелеу.	1	31.05	

МЕКТЕПАЛДЫ 0 «Ә» СЫНЫБЫНЫҢ
ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ
2026 - 2027 оқу жылына арналған
КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТ / ЖЫЛДЫҚ /

Білім беру ұйымы: №15 мектеп-лицейі
Топ/сынып:мектепалды 0 «А» сынып
Балалардың жасы:5-6жас
Жоспардың құрылу кезеңі: қыркүйек айы 2026-2027 оқу жылы
Апталық жүктеме: 2 сағат, жылдық жүктеме 68 сағат.
Алматы «Алматыкітап баспасы» 2025 ж.
Мақсаты: тәрбиеленушілердің түрлі іс-әрекетінде Қазақстан халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы ауызекі байланыстырып сөйлеуді, сөйлеудің дыбыстық мәдениетін дамыту, сауат ашудың алғышарттарын қалыптастыру.
Міндеттері:

- ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын жетілдіру; коммуникативтік дағдыларды дамыту;

- әңгімелесушіні тыңдауға, диалог жүргізуге, өз пікірін айтуға үйрету; түрлі балалар әрекетінде қазақ халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы ауызекі сөйлеуін дамыту;
- балаларды заттар мен жағдайды нақты сипаттауда қарапайым тұжырымдар мен өз ойын басқаларға түсінікті жеткізуге баулу;
- әндер мен билерді қолдана отырып, көркем бейнені құруда шығармашылық дербестікті дамыту.

Көркем әдебиет:

Балаларды қол жетімді көркем шығармалар мен фольклорға, театр әлеміне баулу, кітапқа деген қызығушылығын дамыту.

Әдеби шығармаларды эмоционалды қабылдауына ықпал ету, олардың мазмұнын түсіну, себеп-салдарлық байланыстарды, жанрларды (ертегі, әңгіме, өлең) ажырату, тілдің көркемдігін сезіну (эпитеттер, сипаттамалар, образды сөздер), шығарма кейіпкерлерінің іс-әрекетін бағалау.

Шығарма мазмұнын сюжеттің бірізділігін сақтай отырып, эмоциямен, қисынды қайталап айтып беру, диалогтік сөйлеуді дамыту, кейіпкерлерге және олардың әрекеттеріне өз көзқарасын білдіру. Әдеби кейіпкердің белгілі бір әрекетін өзінің қалай қабылдағаны туралы айту, кейіпкерлердің жасырын әрекетін түсіну.

Өлеңдерді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту. Көркем шығарманы рөлдерге бөліп, сахналау, рөлдерде кейіпкердің көңіл күйі мен мінезін, бейненің қимылын, интонациясы мен мимикасын беру, қойылымдағы өзінің рөлін мәнерлі дербес орындау.

Балалардың назарын кітаптың безендірілуіне, иллюстрацияларына аудару.

Баланың басқа құрдастарымен және ересектермен түрлі дереккөздерден: ғаламтордан, теледидардан, жақындарының әңгімесінен алған ақпараттарымен, әсерлерімен бөлісуіне мүмкіндік беру. Айналасында болып жатқан оқиғаларға өзінің көзқарасын білдіруге құлшынысын дамыту, сөйлегенде мақал-мәтелдерді қолдануға баулу.

Шешендікке, сөз өнеріне баулу, санамақ, жаңылтпаш айту, жұмбақ шешу, айтыс өнеріне баулу.

Сахналық қойылымдарға қатысуға баулу, онда рөлді, сюжетті таңдауда бастамашылық пен дербестік танытуға ынталандыру, белгілі образды сомдауда эксперимент жасауға, түрлендіруге мүмкіндік беру.

Ұсынылып отырған әдістемелік құралдың *өзектілігі:* мектепке дейінгі ұйымдарда «Көркем әдебиет» ұйымдастырылған іс-әрекетін жобалауда ойын технологияларын қолданудың тиімділігі – шығарма түрлерін ажырата алатын, шығарманы сахналайтын, өз қиялын жүйелі жеткізе алатын, әлеуметтенуге бейім шығармашыл тұлға қалыптастыру. Сондықтан да Көркем әдебиет бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет кешенінде балалардың шығармашылық қабілетін дамыту, сыни ойлауын, белсенділігін арттыру, қиялы мен зейінін, ерік-жігерін тәрбиелеу, сөздік қорын дамыту, рөлдерді сахналау, кейіптендіру, мәнерлі құралдарды қолдану үшін басты назарда *ойын технологияларын* пайдалану көзделеді.

«Көркем әдебиет» оқу-әдістемелік кешені сіздерге көмек беретін құрал болады деген ойдамыз.

Күтілетін нәтижелер:

- шығармалардың мазмұнын эмоциямен қабылдайды;
- себеп-салдарлық байланыстарды, әдеби жанрларды ажыратады;
- өлеңдерді мәнерлеп, интонациямен жатқа айтады;
- мазмұнның бірізділігін сақтай отырып, шығарма мазмұнын қайталап айтады;
- кітаптарға қызығушылық танытады;
- кейіпкердің ерекшеліктерін жеткізу үшін мәнерлілік құралдарын қолданады;
- кейіпкерлерге және олардың әрекеттеріне өз көзқарасын білдіреді;
- көркем шығарманы рөлдерге бөліп, сахналауға қатысады;
- рөлдерде кейіпкердің көңіл күйі мен мінезін, бейненің қимылын, интонациясы мен мимикасын береді;
- қойылымдағы өзінің рөлін мәнерлі, дербес орындайды;

- түрлі дереккөздерден алған ақпараттарымен, әсерлерімен бөліседі;
- айналасында болып жатқан оқиғаларға өзінің көзқарасын білдіреді;
- сөйлегенде мақал-мәтелдерді қолданады.

МЕКТЕПАЛДЫ 0 «Ә» СЫНЫБЫНЫҢ
ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ
2026 - 2027 оқу жылына арналған
КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТ / ҚЫРКҮЙЕК АЙЫ/

Р/с №	ҰІӘ-нің тақырыбы	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Сағат саны	Өту мерзімі	Ескерту
1	Білімің – бұлағың. (Ақылбек Шаяхметовтің өлеңі)	-Білім туралы түсінігін кеңейту; -ойлау қабілетін дамыту; -ойын жеткізіп айта білуге тәрбиелеу.	1	02.09.2026 ж.	
2	Бәрі де бар бақшада. (Өтепберген Ақыпбековтің өлеңі)	-өлең мазмұнын қайталап айтуға ынталандыру; -байланыстырып сөйлеуін жетілдіру; -балабақшада бір-бірімен тату болуға тәрбиелеу.	1	04.09	
3	Күз жомарт.(Ермек Өтетілеуұлының өлеңі)	-күз мезгіліндегі табиғат ерекшелігімен таныстыру; -сөздік қорын байыту; -табиғатты сүйе білуге тәрбиелеу.	1	09.09	
4	Ас атасы-нан. (Мәдіхат Төрежановтың әңгімесі)	-күзгі еңбек туралы түсінігін дамыту; -сюжет желісінің реттілігін сақтауға үйрету; -нанды қастерлеуге тәрбиелеу.	1	11.09	
5	Тату доспыз бәріміз. (Фариза Оңғарсынованың өлеңі)	-достық туралы түсінігін кеңейту; -өлеңді мәнерлеп жатқа айтуға үйрету; -достарымен тату болуға тәрбиелеу.	1	16.09	
6	Кішкентай бағбан. (Мәдіхат Төрежановтың әңгімесі)	-кейіпкерге мінездеме беруге үйрету; -әдеби шығарманы мұқият тыңдауға баулу; -еңбекқорлыққа тәрбиелеу.	1	18.09	
7	Жемістер жыры (Рза Қунақованың өлеңі)	-жемістер туралы түсінігін кеңейту; -басқалардың пікірін тыңдай білуге баулу; -бақылағыштыққа тәрбиелеу.	1	23.09	
8	Мақтақыз бен мысық (қазақ халық ертегісі)	-таныс кейіпкердің бейнесін сомдауға ынталандыру; -байланыстырып сөйлеу дағдысын жетілдіру; -жанашырлыққа тәрбиелеу.	1	25.09	
9	Бір аптада.	-ойын өлеңді жаттауға дағдыландыру;	1	30.09	

	(Әдібай Табылдының өлеңі)	-есте сақтау қабілетін жетілдіру; -жағымды мінез-құлық қалыптастыру.			

МЕКТЕПАЛДЫ 0 «Ә» СЫНЫБЫНЫҢ
ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ
2026 - 2027 оқу жылына арналған
КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТ / ҚАЗАН АЙЫ/

Р/с №	ҰІӘ-нің тақырыбы	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Сағат саны	Өту мерзімі	Ескерту
10	Менің ойыншықтарым. (Мұзафар Әлімбаевтың өлеңі)	-өлең жаттауда логикалық екпінді қолдануға баулу; -сөздік қорын байыту; -ойыншықтарды күтіп ұстауға тәрбиелеу.	1	02.10	
11	Еріншек егінші мен еңбекқор құмырсқалар (Өтебай Тұрманжановтың әңгімесі)	-шығарма мазмұнын қайталап айтуға дағдыландыру; -кейіпкердің іс-әрекетін бағалауға үйрету; -еңбекті сүйе білуге тәрбиелеу.	1	07.10	
12	Шаруа мен аю(орыс халық ертегісі) танысу.	-сюжет желісінің реттілігін сақтауға баулу; -байланыстырып сөйлеу дағдысын жетілдіру; -еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.	1	09.10	
13	Отан.(Мұқағали Мақатаевтың өлеңі)	-өлең сюжетінің дамуын қадағалауға үйрету; -сұраққа толық жауап беруге жетелеу; -Отанын сүюге, мақтан етуге тәрбиелеу.	1	14.10	
14	Түлкі мен қоян.(ертегі)	-кейіпкерлердің іс-әрекетін салыстыруға үйрету; -тілдік ойлау қабілетін дамыту; -жануарларға қамқорлық сезімін тәрбиелеу.	1	16.10	
15	Елордам-Астана. (Батырбай Сейбадуллаевтың өлеңі) \	-өлеңді мәнерлеп жатқа айтуға үйрету; -байланыстырып сөйлеу дағдысын жетілдіру; -туған жерін қадірлеуге тәрбиелеу.	1	21.10	
16	Арыстан мен тышқан.(қазақ халық ертегісі)	-сахналық қойылымға қатысуға жетелеу; -кейіпкердің іс-әрекетін бағалауға үйрету; -жануарларға қамқорлық сезімін тәрбиелеу.	1	23.10	

МЕКТЕПАЛДЫ 0 «Ә» СЫНЫБЫНЫҢ
ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ
2026 - 2027 оқу жылына арналған
КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТ / ҚАРАША АЙЫ/

Р/с №	ҰІӘ-нің тақырыбы	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Сағат саны	Өту мерзімі	Ескерту
17	Алтын астық. (Қосжан Мүсіреповтің өлеңі)	-астық жинау науқаны туралы түсінік беру; -сурет бойынша әңгіме құрауға дағдыландыру; -еңбекті бағалауға тәрбиелеу.	1	04.11	
18	Бәрі де риза.(Мәдіхат Төрежановтың өлеңі)	-әңгіменің жалғасын ойдан құрастыруға баулу; -сұрақтарға толық жауап беруге үйрету; -еңбекқорлыққа тәрбиелеу.	1	06.11	
19	Ақымақ қасқыр.(қазақ халық ертегісі)	-сахналық қойылымға қатысуын ынталандыру; -тіл байлығын арттыру; -кейіпкерге жанашырлық танытуға тәрбиелеу.	1	11.11	
20	Жұлдызды сәт. (интеллектуалдық ойын)	-көркем сөзге қызығушылығын арттыру; -тапқырлыққа, жылдамдыққа баулу.; -бір-бірін құрметтеуге тәрбиелеу.	1	13.11	
21	Әдептілік әлемі (Ермек Өтетілеуұлының өлеңі)	-өлеңді мәнерлеп жатқа айтуға үйрету; -байланыстырып сөйлеу дағдысын жетілдіру; -әдептілікке, сыпайылыққа тәрбиелеу.	1	18.11	
22	Әкесі мен балалары. (Лев Толстойдың әңгімесі)	-әңгіме мазмұнын қайталап айтуға үйрету; -байланыстырып сөйлеу дағдысын жетілдіру; -үлкендерді сыйлауға тәрбиелеу.	1	20.11	
23	Айтыс. (Спандияр Көбеевтің ертегісі)	-сахналық қойылымға қатысуға ынталандыру; -тіл байлығын жетілдіру; -қоршаған ортаны қорғай білуге тәрбиелеу.	1	25.11	
24	Алматы метросы. (Әдібай Табылдының өлеңі)	-метро туралы түсінігін тиянақтау; -өлеңді дұрыс қабылдауға баулу; -басқаның пікіріне құрметпен қарауға тәрбиелеу.	1	27.11	

МЕКТЕПАЛДЫ 0 «Ә» СЫНЫБЫНЫҢ
ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ
2026 - 2027 оқу жылына арналған
КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТ / ЖЕЛТОҚСАН АЙЫ/

Р/с №	ҰІӘ-нің тақырыбы	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Сағат саны	Өту мерзімі	Ескерту
25	Қыс. (Абдрахман Асылбековтің өлеңі)	-қыс мезгілі туралы түсінігін қалыптастыру; -байланыстырып сөйлеу дағдысын жетілдіру; -табиғаттың сұлулығын сезіне білуге тәрбиелеу.	1	02.12	
26	Жантөре мен ақ қоян. (суретті әңгіме)	-әңгімені жалғастырып айтуға жетелеу; -сөздік қорын байыту; -қоршаған ортаны сүйе білуге тәрбиелеу.	1	04.12	
27	Тәуелсіздік.(Иран-Ғайыптың өлеңі)	-әдеби шығармадағы қоғамдық өмір оқиғалары туралы түсінігін дамыту; -тілдік ойлау қабілетін дамыту; -туған жерін сүюге, қадірлеуге тәрбиелеу.	1	09.12	
28-29	Тәуелсіздігіміз мәңгілік. (Әлия Дәулеткелдінің әңгімесі)/Жыл басына таласқан жануарлар.(қазақ халық ертегісі)	-сюжет желісінің реттілігін сақтап айтуға үйрету; -шешендік сөз өнеріне баулу; -татулықта, бірлікте өмір сүруге тәрбиелеу. -жануарлар туралы білімін кеңейту; -ертегі сюжетін рөлге бөліп мазмұндауға үйрету; -жануарларға қамқор болуға тәрбиелеу.	2	18.12	16.12
30	Торғайлар қуанышы. (Мүбарак Жаманбалиновтың өлеңі)	-торғайлар туралы түсінігін кеңейту; -тілдік ойлау қабілетін дамыту; -табиғатты қорғауға тәрбиелеу.	1	23.12	
31	Орман емшілері. (Максим Зверевтің әңгімесі)	-әңгіменің мазмұнын ойдан құрастыруға баулу; -байланыстырып сөйлеу дағдысын жетілдіру; -құстарға қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу.	1	25.12	

МЕКТЕПАЛДЫ 0 «Ә» СЫНЫБЫНЫҢ
ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ
2026 - 2027 оқу жылына арналған
КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТ / ҚАҢТАР АЙЫ/

Р/с №	ҰІӘ-нің тақырыбы	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Сағат саны	Өту мерзімі	Ескерту

32	Жаңа жыл келді. (Сағи Жиенбаевтың өлеңі)	-өлеңнің эмоциялық-бейнелік мазмұнын қабылдауға жетелеу; -көркем сөзге қызығушылығын жетілдіру; -татулықта, бірлікте өмір сүруге тәрбиелеу.	1	13.01.2027ж	
33	Бірлік. (Ермек Өтетілеуұлының әңгімесі)	-кейіпкердің әрекетіне өз пікірін білдіруге жетелеу; -сөздік қорын байыту; -достыққа, бір-бірін құрметтеуге тәрбиелеу.	1	15.01	
34	Қоянның үйшігі.(орыс ертегісі)	-ертегінің аяғын құрастыруға үйрету; -тілдік ойлау қабілетін дамыту; -кейіпкерге жанашырлығын танытуға тәрбиелеу.	1	20.01	
35	Бексұлтанның айға саяхаты. (суретті әңгіме)	-сурет бойынша әңгіме құрауға жетелеу; -байланыстырып сөйлеу дағдысын жетілдіру; -қоршаған ортаны тани білуге тәрбиелеу.	1	22.01	
36	Алтын балта.(орыс халық ертегісі)	-кейіпкердің іс-әрекетіне өз пікірін айта білуге үйрету;-сөздік қорын жетілдіру; -әділдікке, адамгершілікке тәрбиелеу.	1	27.01	
37	Бір уыс мақта. (ЫБырай Алтынсариннің әңгімесі)	-қоршаған орта туралы түсінігін кеңейту; -байланыстырып сөйлеу дағдысын жетілдіру; -үлкеннің ақылын тыңдай білуге тәрбиелеу.	1	29.01	

МЕКТЕПАЛДЫ 0 «Ә» СЫНЫБЫНЫҢ
ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ
2026 - 2027 оқу жылына арналған
КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТ / АҚПАН АЙЫ/

Р/с №	**ҰІӘ-нің тақырыбы**	**Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері**	**Сағат саны**	**Өту мерзімі**	**Ескерту**
38	Жақсы мен жаман. (Рақым Тышқанбаевтың өлеңі)	-жақсы мен жаман туралы түсінігін қалыптастыру; -бір-біріне жақсы тілектер айтуға жетелеу;	1	03.02	

		-жақсылық жасауға тәрбиелеу.			
39	Мысық, әтеш және түлкі.(орыс халық ертегісі)	-таныс кейіпкердің бейнесін сомдауға ынталандыру; -байланыстырып сөйлеу дағдысын жетілдіру; -бауырмалдыққа, бір-біріне көмектесуге тәрбиелеу.	1	05.02	
40	Автобуста.(Әбді Шынбатыровтың әңгімесі)	-әңгіменің басын, соңын ойдан құрастыруға баулу; -әдептілік, мәдениеттілік туралы білімін кеңейту; -үлкендерді құрметтеуге тәрбиелеу.	1	17.02	
41	Қайтпай қалған қарлығаш. (Тайжан Тойбазарұлының әңгімесі)	-шығармадағы әрекеттердің дамуын қадағалауға баулу; -байланыстырып сөйлеу дағдысын жетілдіру; -құстарға қамқорлық жасауға тәрбиелеу.	1	19.02	
42	Кітап-білім бұлағы. (Жеңіс Қашқыновтың өлеңі)	-кітап туралы түсінігін кеңейту; -көркем сөзге қызығушылығын ояту; -кітапты ұқыпты ұстауға тәрбиелеу.	1	24.02	
43	Бір атаның ұрпағы. (Нәсіреддин Сералиевтің әңгімесі)	-әңгіме мазмұнын дұрыс қабылдауға үйрету; -әңгімені мазмұндап айтуға дағдыландыру; -табиғат сұлулығын сезінуге тәрбиелеу.	1	26.02	

МЕКТЕПАЛДЫ 0 «Ә» СЫНЫБЫНЫҢ
ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ
2026 - 2027 оқу жылына арналған
КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТ / НАУРЫЗ АЙЫ/

Р/с №	**ҰІӘ-нің тақырыбы**	**Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері**	**Сағат саны**	**Өту мерзімі**	**Ескерту**
44	Алдаркөсе мен Шықбермес Шығайбай.(қазақ халық ертегісі)	-алдаркөсе туралы түсінігін кеңейту; -таныс кейіпкердің бейнесін сомдауға үйрету; -жағымды мінез-құлық қалыптастыру.	1	03.03	

45	Өс, ұлан!(Өтебай Тұрманжановтың өлеңі)	-қысқа өлеңді мәнерлеп жатқа айтуға баулу; -денсаулық туралы ұғымын кеңейту; -денсаулығын сақтауға тәрбиелеу.	1	05.03	
46	Әже(Әбубәкір Қайранның өлеңі)	-өлеңді мәнерлеп жатқа айтуға үйрету; -тілдік ойлау қабілетін дамыту; -отбасын құрметтеуге тәрбиелеу.	1	10.03	
47	Құттықтаймын,анашым! (Несіпбек Айтовтың өлеңі)	-сұрақтарға түсініп жауап беруге үйрету; -мерекелік көңіл күйді сезіндіру; -анасына сүйіспеншілігін тәрбиелеу.	1	12.03	
48	Көктем. (Төлеген Айбергеновтің өлеңі)	-көктем мезгілі туралы түсінігін кеңейту; -табиғат өзгерістерін сезіне білуге баулу; -табиғатты қастерлеп, қорғауға тәрбиелеу.	1	17.03	
49	Наурызым (Қастек Баянбайдың өлеңі)	-салт-дәстүр туралы түсінігін кеңейту; -ұлттық дәстүрге қызығушылығын дамыту; -ұлттық мәдениетті құрметтеуге тәрбиелеу.	1	19.03	
50	Наурызкөже. (С.Нұғыманның әңгімесі)	-қазақтың ұлттық тағамдары туралы білімін кеңейту; -сюжет желісінің реттілігін сақтап айтуға дағдыландыру; -ұлттық салт-дәстүрді құрметтеуге тәрбиелеу.	1	31.03	

МЕКТЕПАЛДЫ 0 «Ә» СЫНЫБЫНЫҢ
ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ
2026 - 2027 оқу жылына арналған
КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТ / СӘУІР АЙЫ/

Р/с №	**ҰІӘ-нің тақырыбы**	**Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері**	**Сағат саны**	**Өту мерзімі**	**Ескерту**
51	Таңғажайып табиғат. (интеллектуалдық ойын)	-табиғат сұлулығы туралы түсінігін; -тапқырлыққа, жылдамдыққа баулу; -табиғатты аялай білуге тәрбиелеу.	1	02.04	
52	Үш қыз .(татар халық ертегісі)	-ертегіні интонациямен мазмұндауға үйрету;	1	07.04	

		-сөздік қорын байыту; -ата-анасына қамқор болуға тәрбиелеу.			
53	Көктемнің сәні.(ертегі)	-таныс кейіпкердің бейнесін сомдауға ынталандыру; -сурет бойынша ертегі құрастыруға жетелеу; -табиғатты қорғай білуге тәрбиелеу.	1	09.04	
54	Тышқан,ит және мысық.(ертегі)	-кейіпкерлерге жанашырлық танытуға жетелеу; -өз ойын жеткізіп айта білуге баулу; -жануарларға қамқорлық танытуға тәрбиелеу.	1	14.04	
55	Тазалық пен ұқыптылық. (Ермек Өтетілеуұлының өлеңі)	-тазалық, ұқыптылық туралы түсінігін кеңейту; -сұрақтарға толық жауап беруге жетелеу; -өзін-өзі күте білуге тәрбиелеу.	1	16.04	
56	Мен ғарышкер боламын. (Жақан Сақовтың өлеңі)	-ғарыш туралы түсінігін кеңейту; -өлеңді логикалық екпінді қолданып жаттауға баулу; -өзін бағалай білуге тәрбиелеу.	1	21.04	
57	Көкек(немец халық ертегісі)	-сурет бойынша ертегі құрауына мүмкіндік беру; -тіл байлығын дамыту; -құстарға қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу.	1	23.04	
58	Киіз үй. (Қастек Баянбаевдың өлеңі)	-киіз үй туралы түсінігін кеңейту; -көркем сөзге қызығушылығын арттыру; -халқымыздың салт-дәстүрін құрметтеуге тәрбиелеу.	1	28.04	
59	Ақкөжектің достары. (Ботан Қошымовтың ертегісі)	-кейіпкердің әрекетіне өз пікірін білдіруге баулу; -кейіпкердің бейнесін сомдауға ынталандыру; -достарын құрметтей білуге тәрбиелеу.	1	30.04	

МЕКТЕПАЛДЫ 0 «Ә» СЫНЫБЫНЫҢ
ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ
2026 - 2027 оқу жылына арналған
КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТ / МАМЫР АЙЫ/

Р/с №	ҰІӘ-нің тақырыбы	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Сағат саны	Өту мерзімі	Ескерту
60-61	Қараторғайдың ұясы. (А.Еламановаңың ертегісі)/Маша мен аю. (орыс халақ ертегісі)	- сюжет желісін сақтап мазмұндауға үйрету; -әңгіменің басын, соңын ойдан құрастыруға баулу; -табиғатқа, құстарға қамқор болуға тәрбиелеу.	2	05.05	07.05
62	Достық мерекесі. (Серікбай Оспановтың өлеңі)	-бейнелеу үшін мәнерлілік құралдарын қолдануға ынталандыру;	1	12.05	

		-байланыстырып сөйлеу дағдысын жетілдіру; -табиғатты қорғай білуге тәрбиелеу.			
63	Жеңіс күні. (Қайрат Жұмағалиевтің өлеңі)	-әдеби шығармадағы қоғамдық өмір оқиғалары туралы түсінік беру; -өлеңді жатқа айтуға ынталандыру; -елін, жерін сүюге, қорғауға тәрбиелеу	1	14.05	
64	Алтын бала. (Серікбай Тұрдалиевтің әңгімесі)	-әңгіме мазмұнын айтып беруге жетелеу; -әңгіменің басын, соңын ойдан құрастыруға баулу; -адамгершілікке тәрбиелеу.	1	19.05	
65	Ақылды Мұрат. (Анар Қожабекованың әңгімесі)	-әдеби шығарманы мұқият тыңдауға дағдыландыру; -сюжет желісін сақтап айтуға үйрету; -сыпайылыққа, кішіпейілділікке тәрбиелеу.	1	21.05	
66	Мектеп керек адамға. (Қымбат Әбілдақызының өлеңі)	-өлең мазмұнын есте сақтауға дағдыландыру; -өз ойын айта білуге үйрету; -елінің адал азаматы болуға тәрбиелеу.	1	26.05	
67-68	Бала – біздің болашақ. (Қасым Аманжоловтың өлеңі) Ертегілер еліне саяхат.	-сурет бойынша әңгіме құрап айтуын дамыту; -сұрақтарға жауап беруге үйрету; -елімізге лайық азамат болып өсуге тәрбиелеу. -сахналық қойылымдарға қатысуға ынталандыру; -сөздік қорын байытуды жалғастыру; -аңғарымпаздыққа, сақтыққа тәрбиелеу.	2	28.05	

МЕКТЕПАЛДЫ 0 «Ә» СЫНЫБЫНЫҢ
ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ
2026 - 2027 оқу жылына арналған
ҚАЗАҚ ТІЛІ / ЖЫЛДЫҚ /

Білім беру ұйымы: №15 мектеп-лицейі
Топ/сынып:мектепалды 0 «А» сынып
Балалардың жасы:5-6жас
Жоспардың құрылу кезеңі: қыркүйек айы 2026-2027 оқу жылы
Апталық жүктеме: 2 сағат, жылдық жүктеме 68 сағат.
Алматы «Алматыкітап баспасы» 2025 ж.
Мақсаты: тәрбиеленушілердің түрлі іс-әрекетінде Қазақстан халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы ауызекі байланыстырып сөйлеуді, сөйлеудің дыбыстық мәдениетін дамыту, сауат ашудың алғышарттарын қалыптастыру.
Міндеттері:
ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын жетілдіру;

коммуникативтік дағдыларды дамыту: әңгімелесушіні тыңдауға, диалог жүргізуге, өз пікірін айтуға үйрету;

түрлі балалар әрекетінде қазақ халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы ауызекі сөйлеуді дамыту;

балалардың заттар мен жағдайды нақты сипаттауда қарапайым тұжырымдар мен өз ойларын басқаларға түсінікті жеткізуге баулу;

балалардың тәжірибесіне сүйене отырып және олардың қалауын ескере отырып, тәрбиешімен және құрдастарымен келесі талқылаумен тәуелсіз қабылдау үшін көрнекі материалдарды таңдау;

әндер мен билерді қолдана отырып, көркем бейнені құруда шығармашылық дербестікті дамыту.

Тілдік дамытушы орта.

Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту. Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен, киім-кешегімен, азық-түлік өндірудегі тұрмыстық кәсібімен, тұрмыста, аң аулауда, мал өсіруде және егіншілікке қажетті құрал жабдықтары, туған өлкенің көрнекі жерлері, әсем табиғаты, тарихи орындары туралы суреттер, фотолар, альбомдармен жабдықталған орта құру.

Балалардың қоршаған ортаға өзінің қарым-қатынасын білдіруге, ауызекі сөйлеуде мақал-мәтелдерді, көркем сөздерді қолдануына қолдау көрсету, ынталандыру.

Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.

Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту, қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ, ң, h дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру. Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы).

Сөздік қор.

Қазақ халқы қолөнер шеберлерімен жасалған киіз үйдің заттарын және тұрмыстық заттарды білдіретін (кереге, уық, шаңырақ, ағаш керует, кебеже, сандық, кілем, сырмақ, алаша, ши, бау, басқұр, арқан, жіп), азық-түлік атауларын (бидай, күріш, арпа, жүгері, талқан, тары, жент, құрт, сүзбе, шұбат, қымыз, айран), аңшылық кәсіпті (аң, аңшы, орманшы, қорықшы), мал өсіруге байланысты (қора, жайлау, қыстау, жем, астау, соғым, сыбаға), егіншілік кәсіпке байланысты (дән, тұқым, суару, отау, ору, диірмен, орақ, кетпен, шалғы, айыр, күрек, тырма, соқа) сөздермен толықтыру.

Туыстық қарым-қатынасты ("бауыр", "немере", "шөбере", "ағайын", "туысқан", "жеті ата") білдіретін сөздерді үйрету. Өзінің бауырлары, туыстары, ағайындары, татулық, жақындық, отбасылық мерекелер, салт-дәстүрлер туралы айтуға баулу.

Шағын өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар, тақпақтар жаттату, жұмбақтар шешкізу. Балаларды шешендік өнерге, айтыс өнеріне баулу.

Тілдің грамматикалық құрылымы

Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуді, интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді жетілдіру. Өз ойын жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру.

Байланыстырып сөйлеу.

Өз бетінше қарым-қатынас жасауға, әңгімелесуге, әңгімелесушінің сөзін мұқият тыңдауға, сұрақтарды дұрыс қоюға, оған қысқа және толық нақты жауап беруге баулу.

Таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтуға, тыңдалған көркем шығарма мазмұнын ретімен жүйелі түрде жеткізуге, кейіпкерлердің диалогын мәнерлі интонациямен беруге, шығарманы рөлдерге бөліп сомдауға, кейіпкерлердің мінез-құлқын жеткізуге баулу, шығарманы еркін талқылауға мүмкіндік беру.

Балалардың түрлі әрекеттерінде бір-бірімен еркін диалог құруға мүмкіндік беру, өзінің тәжірибесіне сүйеніп, суреттер бойынша әңгіме құрастыруға, ойыншықтар мен заттарды 5-6 сөйлеммен сипаттауға, берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап табуға баулу. Заттар мен ойыншықтар, сюжетті суреттерді зат, сын, сан есімдерді қолдана отырып, сипаттауда сөздерді дәл және дұрыс қолдануға, берілген мәтіннің басталуын және соңын ойдан құрастыруға баулу.

МЕКТЕПАЛДЫ 0 «Ә» СЫНЫБЫНЫҢ
ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ
2026 - 2027 оқу жылына арналған
КАЗАҚ ТІЛІ / ҚЫРКҮЙЕК АЙЫ/

Р/с №	ҰІӘ-нің тақырыбы	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Сағат саны	Өту мерзімі	Ескерту
1	Менің мектебім	- қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге және диалогке қатысуға үйрету; - сөздерді сөз тіркесімен айтуға, сөйлем құрауға жаттықтыру, сөздегі қазақ тіліне тән дыбыстарды ойын жаттығуларында дұрыс айту дағдыларын меңгерту. Балабақша туралы түсініктерін кеңейту, өз балабақшасы туралы әңгімелеу дағдыларын қалыптастыру; - мейірімділікке, адамгершілікке тәрбиелеу. - балабақша мен сынып бөлмелерінің атын дұрыс айту; - балабақша мен мектепке қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу.	1	03.09.2026 ж.	
2	Балабақша бөлмелері мен сынып бөлмесімен салыстыру.	қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге және диалогке қатысуға үйрету; - сөздерді сөз тіркесімен айтуға, сөйлем құрауға жаттықтыру, сөздегі қазақ тіліне тән дыбыстарды ойын жаттығуларында дұрыс айту дағдыларын меңгерту. Балабақша туралы түсініктерін кеңейту, өз балабақшасы туралы әңгімелеу дағдыларын қалыптастыру; - мейірімділікке, адамгершілікке тәрбиелеу. - балабақша мен сынып бөлмелерінің атын дұрыс айту; - балабақша мен мектепке қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу.	1	07.09	
3	Біздің сынып	- топтағы заттарды таза ұстауға дағдыландыру, аттардың	1	10.09	

		атауын еске түсіру, жекеше, көпше түрде айтуға; не? нелер? сұрақтарына дұрыс жауап беруге жаттықтыру, жаңылтпаш жаттау; қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айту, сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету; - игерген сөздерін қолданып, шағын мәтіндер құрауға дағдыландыру. Сұраққа толық жауап беруге баулу; - балабақша мен мектепке қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу.			
4	Біз балабақшада не істейміз? Мектепте не істейміз?	- сөздерді сөз тіркесімен айтуға, сөйлем құрауға жаттықтыру. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге; шағын мәтіндер құрау үйрету. Тақпақ жаттату. - балабақшадағы іс-әрекеттерін білу, сөйлемдердегі сөздерді байланыстырып сөйлеуге; сөздегі қазақ тіліне тән дыбыстарды ойын жаттығуларында дұрыс айтуға дағдыландыру; - мейірбандыққа тәрбиелеу.	1	14.09	
5	Мектеп қызметкерлері	- мектептегі қызметкерлерінің атын қазақ тілінде айтуға, қарапайым сұрақтар қою және оларға жай сөйлеммен жауап беруге; қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету; - сөздерді сөз тіркесімен айтуға, сөйлем құрауға; қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру; - үлкенге құрмет, кішіге ізет жасауға тәрбиелеу.	1	17.09	
6	Алтын күз	- күз мезгілінің ерекшеліктерін қазақша айту; қазақ тілінде сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдану; жаңылтпашты жатқа және жылдам айта білуге үйрету; - қарапайым сұрақтарға жай сөйлеммен жауап беру дағдысын, сөздік қорларын дамыту. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға, игерген сөздерін қолданып, шағын мәтін құру жаттықтыру; - табиғатқа деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.	1	21.09	
7	Көгөністер	- тақпақты жаттау, көгөністердің қазақша атауларын дұрыс айтып, диалог құру; қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету;	1	24.09	

		- 2-3 сөйлеммен затты сипаттай білу дағдыларын меңгерту. Сөздік қорларындағы сөздерді белсенді қолдана білуге жаттықтыру, қарапайым сұрақтарға жай сөйлеммен жауап беру дамыту; - дербестікке тәрбиелеу.			
8	Жемістер	- жаңылтпашты жылдам әрі жатқа айта білу; күнделікті жиі қолданылатын жемістердің атын; қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білу, диалогке қатысуға үйрету; - 2-3 сөйлеммен затты сипаттай білу дағдыларын дамыту. Сөздерді байланыстырып, сөйлемдер құрауға дағдыландыру, сөздік қорларын байыту. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. - табиғатқа деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.	1	28.09	

МЕКТЕПАЛДЫ 0 «Ә» СЫНЫБЫНЫҢ
ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ
2026 - 2027 оқу жылына арналған
КАЗАҚ ТІЛІ / ҚАЗАН АЙЫ/

Р/с №	**ҰІӘ-нің тақырыбы**	**Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері**	**Сағат саны**	**Өту мерзімі**	**Ескерту**
9	Жидектер	- қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білу; диалогке қатысуға үйрету. Сөздік қорларын жидектердің атымен толықтыру. Сөздерді байланыстырып, сөйлемдер құрауды дағдыландыру. 2-3 сөйлеммен затты сипаттай білу дағдыларын дамыту; - қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. Сұраққа толық жауап бере алу дағдыларын және артикуляциялық аппаратты дамыту; - табиғатқа деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.	1	01.10	

10	Ойнайық та ойлайық	-қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Өткен тақырыптар бойынша сөздерді қайталау, білімдерін бекіту; -ойлау қабілеттерін дамыту, сұраққа толық жауап беруге машықтандыру. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. -бірлесе жұмыс істеуге тәрбиелеу.	1	05.10	
11	Неше? 10-ға дейін тура және кері санау.	- санамақтар жаттау, тура және кері санау; қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету; - сөздерді сөйлемдерде байланыстырып құрауды дағдыландыру. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. Дикцияны, яғни сөзді анық, дұрыс айта білу дағдыларын дамыту. - құрдастарымен достық қатынаста болуға тәрбиелеу.	1	08.10	
12	Апта күндері	- апта күндерінің қазақша атауын дұрыс айту, есте сақтау; қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету; - жаңа сөздердегі қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айту, сөздік қорларын дамыту. Сөйлеу кезіндегі тыныс алуды және дикцияны дамыту. - ұқыптылыққа тәрбиелеу.	1	12.10	
13	Менің отбасым	- отбасы мүшелерінің атын қазақша айтуға, сөз тіркестерін дұрыс қолдану; қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету, тақпақ, мақал-мәтел жаттату; - сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру, байланыстырып сөйлеуді дамыту. Тілдік және артикуляциялық аппаратты дамыту. -үлкенге құрмет көрсете білуге тәрбиелеу.	1	15.10	
61	Аңшылар.	-еденде созылып жатқан арқан үстімен жүруге, көлбеу қойылған тақтай үстімен жүріп келіп, келесі тақтайға ауысуға жаттықтыру.	1	06.02	
62	Қыстаудағы ойындар.	-гимнастикалық орындық үстінде қолды жоғары көтеріп, шайбаны хоккей таяғымен кішкентай қақпадан өткізуді үйрету.	1	16.02	
63	Желді қуып жет!(таза ауада)	-екі аяқпен алға секіріп жүруді;Екі аяқпен теп-теңдікті сақтап секіруді үйрету.	1	18.02	
64	Жайлаудағы ойындар.	-қабырғаға допты соғып, одан ыршыған допты жерге түсірмей қағып алуды, заттар арасымен үздіксіз жүруді. Доппен жасалатын жаттығуларды үйрету.	1	20.02	
65	Арқанмен ойнау шынықтырады.	-арқанмен жасалатын дене қимылдарын жасай білуге дағдыландыру.Белгілі бір белгіге көтерілген арқанның астынан қте білуге тәрбиелеу.	1	23.02	
66	Өз бетімізбен жаттығамыз.	-балаларды қашықтыққа жүріспен кезектестіре отырып жүгіру жаттығуларымен таныстыру.	1	25.02	
67	Жан-жағыңа жылулық сыйла!	-қимыл әрекеттердің еркін орындалуын, себетке	1	27.02	

		допты аяқты бүгіп, жаза келедәлдеп лақтыруды, бастапқы қалыпқа дұрыс келе білуді үйрету; -кең адымдап жүгіруді, гимнастикалық қабырғаға аяқты аяқтың қасына қоя отырып,қиғаштап қозғалып өрмелеп, алма-кезек адымдап түсуді жалғастыру; -ептілікті, төзімділікті, ойлауды, майысқақтықты дамыту; -салауатты өмірге, денсаулығын сақтауға, әлсіздерге көмек беруге, күштілікке тәрбиелеу.			

2025 - 2026 оқу жылына арналған
ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ
ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ / НАУРЫЗ АЙЫ/

Р/с №	ҰІӘ-нің тақырыбы	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Сағат саны	Өту мерзімі	Ескерту
68	Мұздағы ойын.	-денені түзу ұстап, тізені жоғары көтере еркін жүруге, жүгіруге, тізе мен санды жоғары көтеріп, ырғақпен жүруге; зал ішінде бір-біріне доп лақтырып жүгіруге жаттықтыру.	1	02.03	
69	Спорт түрлері.	-қабырғаға допты соғып, одан ыршыған допты жерге түсірмей қағып алуды, заттар арасымен еңбектеуді, гимнастикалық орындықтың астымен өтуді үйрету.	1	04.03	
70-71	Жаттығу – жеңіс кепілі!\ Айналмалы жаттығулар.	-жүру мен жүгіруді алмастыра отырып,эстафеталық жарыс ұйымдастыру.	2	06.03	09.03
72	Стадион (таза ауада)	-балаларға бір орнында тұрып секіру жаттығуларымен таныстыру.Қауіпсіз ережелерді сақтай білуге тәрбиелеу.	1	11.03	
73	Бір, екі, үш, балалар алды күш!	-үздіксіз жүру,секіру жаттығуларымен таныстыра отырып,дене қимылдарын дұрыс жасауға бейімдеу.	1	13.03	
74	«Қазақстан Республикасы халықтарының ойындары (таза ауада)	-гимнастикалық орындық үстінен аяқтың ұшымен жүріп өту жаттығуларын дұрыс жасай алуға тәрбиелеу.Оң және сол қолымен нысанаға дәл лақтыруға жаттықтыру. Ұлттық ойындарға деген қызығушылықтарын арттыру.	1	16.03	
75	Волейболшының жаттығуы.	-гимнастикалық қабырғаның басына дейін бір әдіспен өрмелеу, одан келесі арқалыққа өтіп, төмен түсу жаттығуларын дұрыс жасай алуға бейімдеу. Допты жоғары лақтырып, екі қолмен қағып алуға жаттықтыру.	1	18.03	
76	Ойна, ойна, доптан айырылып қалма!	-гимнастикалық қабырғаның басына дейін бір әдіспен өрмелеу, одан келесі арқалыққа өтіп, төмен түсу жаттығуларын дұрыс жасай алуға бейімдеу. Допты жоғары лақтырып, екі қолмен қағып алуға жаттықтыру.	1	30.03	

2025 - 2026 оқу жылына арналған
ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ
ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ / СӘУІР АЙЫ/

Р/с №	ҰІӘ-нің тақырыбы	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Сағат саны	Өту мерзімі	Ескерту
77	Футбол ойнаймыз(таза ауада)	-доппен жасалатын қимылдарды дұрыс жасай білуге жаттықтыру.Допты жоғары лақтырып, екі қолмен қағып алуға жаттықтыру. Жаттығу денсаулыққа пайдалы екенін түсіндіру.	1	01.04	
78-79	Волейбол алаңында жаттығу.	-еңкіш тақтай үстімен жүру. Ілгері жылжи отырып, аяқтан – аяққа секіру (қашықтық 4 м) жаттығуларын орындату.	2	03.04 06.04	
80	Менің достарымның ойыны.	-балаларға тізені жоғары көтеріп жүгіру, 1,5 минутқа дейін үздіксіз жүгіру жаттығуларын жасай алуға жаттықтыру.Ойындағы қауіпсіздік ережерді сақтай білуге тәрбиелеу.	1	08.04	
81	Қазақ халқының ұлттық ойындары.(таза ауада)	-шығыршық арқылы жұптасып өтуді, еденге қатарынан төселген бірнеше тақтайшалар үстінен секіруді; еденге қолды тигізбей доға астынан тура, бір бүйірмен өтуді үйрету; -ұлттық ойындарды қызығушылықпен ойнай білуге тәрбиелеу.	1	10.04	
82-83	Ойын ойнап өсеміз.	-допты қабырғаға соғып, қол шапалақтап, ыршыған допты қағып алуды; түзу сызық бойынша оң аяқпен секіруді; айналып тұрған секіртпе астынан жүгіріп өтуді үйрету.	2	13.04 15.04	
84	Аңшылар.	-тік нысынаға заттарды лақтырып,тура ортасына тигізе білуге жаттықтыру.Тепе-теңдікті сақтай білуге тәрбиелеу.	1	17.04	
85	Өрмелеп үйренеміз.	-гимнастикалық қабырғаға өрмелей білу жаттығуларын жалғастыру.Баумен жүру ережелерін тиянақты орындай білуге тәрбиелеу.	1	20.04	
86	Көшбасшы бол.	-себетке доп лақтыру жаттығуларын жасай білу; -жүру, жүгіру жаттығуларын дұрыс орындай білуді нақтылау.	1	22.04	

87-88	Шабандоздар	-бала ағзасының барлық жүйелерін жарыс қимылдарын (эстафеталарды) орындау арқылы жаттықтыру; -қимыл әрекеттердің өз бетіменеркін орындалуын жалғастыру. -тік қойылған баспалдаққа сатылар арасымен өрмелеуге жаттығу. Қол мен аяқтың қимылдарын үйлестіруін дамыту.	2	24.04 27.04	
89	Спортпен шұғылданамыз!	-оң қол және сол қолмен алысқа лақтыруға үйрету, қолдарыналдымен төмен қарай айналдырып, сосын артқа толық жазылғанша сермеп лақтыруға дағдыландыру; -аяқты өкшеден бастап, аяқ басына қарай басып, жылдамдықты сақтап, баяу жүгіруге жаттығуды жалғастыру.	1	29.04	

2025 - 2026 оқу жылына арналған
ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ
ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ / МАМЫР АЙЫ/

Р/с №	ҰІӘ-нің тақырыбы	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Сағат саны	Өту мерзімі	Ескерту
90-91	Секіртпе – супертренажер.\ Аңшы боламыз.	-қозғалыс ортасын байыту арқылы балалардың даму, сауығуынажағдай жасау, жұмыс тәртібін ұстану мен қарым-қатынасқа түсе білу қабілеттерінің қалыптасуына көмектесу (топпен жұмыс, жұппен жұмыс); -50-40-30 см көтеріліп керілген секіртпенің астымен өтуде жақсы нәтижеге жету үшін ең тиімді тәсілдерді таңдай білу.	2	04.05	01.05
92	Көтеріңкі көңіл күй.	-допты жоғары лақтырып, жерге түсіп қайта ұшқан кезде екі қолмен қағып алуға, допты алақанын жазып, саусақтарының басымен қағып алуға үйретуді жалғастыру; -аяқ-қолын жинап, жұмырланып отырып алдыға-артқа домалауды бекіту.	1	06.05	
93-94	Өз денемізді өзіміз басқарамыз!\ Өз денемізді өзіміз басқарамыз!	-мидың табиғи механизмдерінің жұмысын белсендендіруге, зейіндерін тұрақтандыруға ықпал ету. Қысқа секіртпеден секіруге жаттыға түсу.Қол басының айнала қозғалуы мен аяқтың тігінен қозғалуын жалғастыру; -доптылақтыру мен жерге соғылған соң арт жақтан шапалақ ұрып қағып алу, допты қаққанда алақанын жазып, саусақ басымен қағу, бұралаңдап жерге қойылған бауды басып, тепе-теңдік сақтау дағдыларын арттыру.	2	08.05	11.05
95	Өз денемізді өзіміз басқарамыз!	-мидың табиғи механизмдерінің жұмысын белсендендіруге, зейіндерін тұрақтандыруға ықпал ету. Қысқа секіртпеден секіруге жаттыға түсу.Қол басының айнала қозғалуы мен аяқтың тігінен қозғалуын жалғастыру; -доптылақтыру мен жерге соғылған соң арт жақтан шапалақ ұрып қағып алу, допты қаққанда алақанын	1	13.05	

		жазып, саусақ басымен қағу, бұралаңдап жерге қойылған бауды басып, тепе-теңдік сақтау дағдыларын арттыру.			
96-97	Қазақстан халықтарының ойындары.	-шығыршық арқылы жұптасып өтуді, еденге қатарынан төселген бірнеше тақтайшалар үстінен секіруді; еденге қолды тигізбей доға астынан тура, бір бүйірмен өтуді үйрету; -ұлттық ойындарды қызығушылықпен ойнай білуге тәрбиелеу.	2	15.05 18.05	
98-99	Жұптағы спорттық ойындар.	-балаларды қашықтыққа жүріспен кезектестіре отырып жүгіру жаттығуларымен таныстыру.	2	20.05 22.05	
100-101	Тату бола білеміз!	-жаттығуларды ұжымдықпен жасай білуге тәрбиелеу.Ойындардың ережелерін сақтай отырып, ойнай білуге жаттықтыру.	2	25.05 27.05	
102	Біз оқушы боламыз!	-жыл бойы жасап үйренген жаттығуларды ұқыптылықпен,шапшаңдылықпен орындай білуді қалыптастыру. Дене жаттығуларын үнемі орындай білуге тәрбиелеу.	1	29.05	
Барлығы: 102 сағат					

2025 - 2026 оқу жылына арналған
ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ
СӨЙЛЕУДІ ДАМЫТУ / ЖЫЛДЫҚ АЙЫ/

Білім беру ұйымы: «№25 ЖОББМ»КММ
Топ/сынып:мектепалды 0 «А» сынып
Балалардың жасы:5-6жас
Жоспардың құрылу кезеңі: қыркүйек айы 2025-2026 оқу жылы
Апталық жүктеме 2 сағат, жылдық жүктеме 68 сағат.
Алматы «Алматыкітап баспасы» 2025 ж.

Мақсаты: тәрбиеленушілердің түрлі іс-әрекетінде Қазақстан халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы ауызекі байланыстырып сөйлеуді, сөйлеудің дыбыстық мәдениетін дамыту, сауат ашудың алғышарттарын қалыптастыру.
Міндеттері:

ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын жетілдіру;

коммуникативтік дағдыларды дамыту: әңгімелесушіні тыңдауға, диалог жүргізуге, өз пікірін айтуға үйрету;

түрлі балалар әрекетінде қазақ халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы ауызекі сөйлеуді дамыту;

балалардың заттар мен жағдайды нақты сипаттауда қарапайым тұжырымдар мен өз ойларын басқаларға түсінікті жеткізуге баулу;

балалардың тәжірибесіне сүйене отырып және олардың қалауын ескере отырып, тәрбиешімен және құрдастарымен келесі талқылаумен тәуелсіз қабылдау үшін көрнекі материалдарды таңдау;

әндер мен билерді қолдана отырып, көркем бейнені құруда шығармашылық дербестікті дамыту.

Сөйлеуді дамыту:

Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті

Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз б-п, г-ғ, к-қ, ж-ш, з-с, н-ң, р-л дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйрету.

Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы). Артикуляциялық жаттығулар жасау.

Сөйлеуде интонациялық мәнерлілік құралдарын қолдану: дауыс қарқынын, логикалық үзіліс пен екпінді реттеу.

Сөздік қор

Балалардың сөздік қорын тұрмыстық заттарды білдіретін зат есімдермен, заттардың қасиеттері мен сапасын сипаттайтын сын есімдермен, адамдардың қарым-қатынасын, олардың еңбекке қатынасын білдіретін үстеулермен байыту.

Сөйлегенде көп мағыналы сөздерді, синонимдер мен антонимдерді қолдану, белгілі бір затқа белгілерді, әрекеттерді және берілген әрекетке заттарды таңдай білу.

Алуан түрлі заттарды сипаттауға, қарым-қатынас жасауға қажетті сөздерді қолдану және түсіну, оларды сөйлегенде белсенді қолдану дағдыларын қалыптастыру.

Зат есімдер мен жалпылаушы сөздерді дұрыс қолдану білуді дамыту.

Балаларға сөздерді мағынасына сәйкес қолдануға көмектесу.

Қазақ халқының салт-дәстүрлерімен таныстыруды жалғастыру, «асар», «сүйінші сұрау» дәстүрлерінің мәнін түсіндіру, балаларды бір-

біріне көмек қолын созуға, бірлесіп ойнауға, тапсырманы орындауға, бір-бірінің қуанышына ортақтаса білуге, бір-біріне қамқор болуға баулу.

Тілдің грамматикалық құрылымы

Сөйлемдердегі сөздерді: зат есімдерді сан есімдермен және сын есімдерді зат есімдермен үйлестіре білуді жетілдіру.

Түбірлес сөздерді жасау және қолдана білу, етістіктерді жалғаулармен қолдану, сөйлеу әдебін, жай және жайылма сөйлемдерді қолдану дағдыларын қалыптастыру;

Интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді дамыту.

Байланыстырып сөйлеу

Айналасындағылармен өздігінен диалогті бастауға ынталандыру, әңгімелесушіні мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу, әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті ұстау, әдепті және сабырлы болу.

Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу, монологты байланыстырып құра білу, әңгімені бірізді айту, шағын логикалық және хабарлау сипатындағы әңгімелерді құрастыру. Ойыншықтарды, заттарды, сюжеттік суреттер, табиғат құбылыстарын сипаттауда заттар мен нысандардың ерекшеліктерін білдіретін сөздерді дұрыс таңдау, сын есімдер мен үстеулерді қолдану.

Шығармашылықпен сөйлеу әрекеті.

Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру: ересектердің көмегімен әңгіменің жалғасын және соңын ойдан шығару, бақылаулар мен суреттер бойынша сипаттау және хабарлау әңгімелерін құрастыру, өзара байланысты бірізді сюжет құрастыру, сөйлегенде бейнелі сөздерді, эпитеттерді, салыстыруларды қолдану.

Күтілетін нәтижелер:

- ана тіліндегі барлық дауысты дыбыстарды анық айта алады;
- сөздегі дыбыстардың орнын анықтайды;
- айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз дыбыстарды анық айтады;
- артикуляциялық жаттығуларды жасауға қызығушылық танытады;
- сөздерге дыбыстық талдау жасай алады;
- сөйлегенде затесімдерді, сын есімдерді, үстеулерді, көп мағыналы сөздерді, синонимдер мен антонимдерді қолданады;
- зат есімдерді сан есімдермен және сын есімдерді зат есімдермен байланыстырып айтады;
- хабарлы, сұраулы, лепті сөйлемдерді қолданады;
- құрдастарымен өзбетінше қарым-қатынас жасай алады;
- әңгімелесушіні мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қояды және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап береді;
- негізгі ойды дұрыс тұжырымдайды;
- әңгімелерді бірізді айтып береді;
- ересектердің көмегімен әңгіменің жалғасын және соңын ойдан шығарады;
- бақылаулар мен сюжеттік суреттер бойынша әңгімелер құрастырады;
- әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті, әдепті ұстайды.

2025 - 2026 оқу жылына арналған
ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ
СӨЙЛЕУДІ ДАМЫТУ / ҚЫРКҮЙЕК АЙЫ/

Р/с №	ҰІӘ-нің тақырыбы	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Сағат саны	Өту мерзімі	Ескерту
1-2	Балабақшадағы,мектептегі алғашқы күн.(Мектептегі алғашқы күн)Мектеп ауласында\ Менің досым.	-балаларды әңгімені жалғастырып айтуға үйрету; -мазмұнды жалғастыру арқылы ой-қиялдарын дамыту;баланы ұқыптылыққа тәрбиелеу. -суретке қарап әңгіме құраудыүйрету, баланың, сөздік қорын байыту; -бала бойындағы досына деген сенімділігіндамыту; -достыққа деген адалдыққа, сенімділікке тәрбиелеу.	2	04.09.2025 ж.	01.09
3	Менің сүйікті ойыншығым.	-ойыншықтардың суретінеқарап, әңгіме құрай білуге үйрету; -сұрақтарға толық жауап беруге дағдыландыру арқылы ауызекі сөйлеулеріндамыту; -ойыншықтарды бөлісіп, ұжыммен ойнауға тәрбиелеу.	1	08.09	
4	Күз бояуы.	-балалардың күз белгілері жайлы білімдерін кеңейту,күз мезгілінің ерекшеліктері жайлы әңгімелесу; -өлең тыңдау арқылы әңгіме құрап айту арқылы баланың сөйлеу тілін дамыту;күздің жомарт,мырза екенін айтып,мейірбандыққа тәрбиелеу.	1	11.09	
5	Менің атам.	-ертегіні соңына дейінтыңдауға үйрету; -балалардың сөйлеу шеберлігін, сөздікқорларын дамыту; -баланы өжеттілікке, батырлыққа тәрбиелеу.	1	15.09	
6	Қорыққанға қос көрінеді (Ертегі)	-ертегіні соңына дейінтыңдауға үйрету; -балалардың сөйлеу шеберлігін, сөздікқорларын дамыту; -баланы өжеттілікке, батырлыққа тәрбиелеу.	1	18.09	
7	Отбасының күзгі еңбегі.	-отбасының күзгі бақшадағыеңбектері жайлы әңгімелесу; -отбасының еңбегі туралы шығармашылықәңгіме құрауға үйрету; -балалардың сөйлеу және ойлау қабілетін	1	22.09	

		дамыту; балаларды еңбек етуге тәрбиелеу.			
8	Күзгі жапырақтар.	-балалардың сөйлеу мәдениетін жетілдіру; -Қ. Шаңғытбаевтың «Күзгі жапырақтар» өлеңінің мазмұнын түсіндіру арқылы күз мезгілін сипаттап айтуға үйрету. Сұрақтарғажауап бергізу арқылы балалардың сөздік қорларын дамыту; -балаларды еңбексүйгіштікке, еңбек етуге тәрбиелеу.	1	25.09	
9	Шаштараз.(Өлең)	-балалардың ойлау қабілетін дамыту; -балаларды тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.	1	29.09	

2025 - 2026 оқу жылына арналған
ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ
СӨЙЛЕУДІ ДАМЫТУ / ҚАЗАН АЙЫ/

Р/с №	ҰІӘ-нің тақырыбы	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Сағат саны	Өту мерзімі	Ескерту
10	Ең тәтті дүние.(Ертегі)	-әңгіме мазмұнын толық айтуарқылы сөздік қорларын дамыту; -дауыссыз дыбыстарды ажырата білудағдыларын дамыту; -хайуанаттарды жақсы көруге тәрбиелеу.	1	02.10	
11	Әжесін кім жақсы көреді? (Әңгіме)	-балаларды әңгімені толық тыңдап, мазмұнын айтуға үйрету; -мақал-мәтел, жаңылтпаш жаттату арқылы сөздік қорларын дамыту; -отбасындағы үлкен кісілерді құрметтеп,сыйлауға тәрбиелеу.	1	06.10	
12	Үлгілі бала.	-сөздердің лексикалық мағынасы мен мәнін түсіну, мағынасы бойынша жақын/қарама-қарсы сөздерді сөйлегенде қолдану -берілген кіріспесі бойынша әңгіме мазмұнын болжау -өз тәжірибесі негізінде әңгіме құрастыру	1	09.10	
13	Кітап-білім бұлағы.	-әңгіме мазмұнын өз сөзіменжеткізе білуге, сюжеттік суреттер бойыншаәңгіме құрауға үйрету; -дыбыстарды түріне қарай ажырата алу дағдыларын дамыту; -еңбекқорлыққа тәрбиелеу.	1	13.10	
14	Мен білімді баламын.	-әңгіме мазмұнын өз сөзіменжеткізе білуге, сюжеттік суреттер бойыншаәңгіме құрауға үйрету; -дыбыстарды түріне қарай ажырата алу дағдыларын дамыту; -еңбекқорлыққа тәрбиелеу.	1	16.10	
15	Отбасым-бақыт мекенім.	-тақырыпқа байланыстыәңгіме құрай білуге үйрету; -дауыс ырғағына қарай сөйлемдердіажырата білу іскерлігін дамыту; -Туған өлке, Отанды сүюге баулу.	1	20.10	
16	Нағыз дос.	-сөздерді буынға бөлуді үйрету; -сөздерді дұрыс, анық айтқызу арқылысөйлеу тілдерін дамыту;	1	23.10	

2025 - 2026 оқу жылына арналған
ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ
СӨЙЛЕУДІ ДАМЫТУ / ҚАРАША АЙЫ/

Р/с №	ҰІӘ-нің тақырыбы	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Сағат саны	Өту мерзімі	Ескерту
17	Біздің қанатты достарымыз.	-тақырыпқа байланыстыәңгіме құрай білуге үйрету; -дауыс ырғағына қарай сөйлемдердіажырата білу іскерлігін дамыту; -Туған өлке, Отанды сүюге баулу.	1	03.11	
18	Судың да сұрауы бар.	-кейбір дауыссыз дыбыстардың айтылуындағы ұқсастықтармен айырмашылықтарды ажырата білуге баулу; -мазмұны бойынша әңгімелесуге үйрету; балалардың өз сөзімен суреттеп, сөйлей білуқабілеттерін дамыту; -еңбекқорлыққа тәрбиелеу.	1	06.11	
19	Алматы-әсем қала.	-дауыссыз дыбыс түрлерін ажырата білуге баулу; -балалардың ойлау қабілетін және тіліндамыту; -туған табиғатты сүйе білуге тәрбиелеу.	1	10.11	
20	Қонақ келсе-құт.	-балаларды бірігіп ойнауға, ұйымшылдыққа тәрбиелеу**.** Әңгімемен таныстырып,мазмұнын айтуға үйрету; -ой-өрісін кеңейту, есте сақтау қабілетіндамыту;	1	13.11	
21	Ойыншықтар дүкегінде.	-балаларды бірігіп ойнауға, ұйымшылдыққа тәрбиелеу**.** Әңгімемен таныстырып,мазмұнын айтуға үйрету; -ой-өрісін кеңейту, есте сақтау қабілетіндамыту;	1	17.11	
22	Жануарлар қайда тұрады?	-кейбір дауыссыз дыбыстардың айтылуындағы ұқсастықтармен айырмашылықтарды ажырата білуге баулу; -мазмұны бойынша әңгімелесуге үйрету; балалардың өз сөзімен суреттеп, сөйлей білуқабілеттерін дамыту; -еңбекқорлыққа тәрбиелеу.	1	20.11	
23	Қысқа дайындық (ертегі)	-әңгіме мазмұнын өз сөзіменжеткізе білуге, сюжеттік суреттер бойыншаәңгіме құрауға үйрету; -дыбыстарды түріне қарай ажырата алу	1	24.11	

		дағдыларын дамыту; -еңбекқорлыққа тәрбиелеу.			
24	Алғашқы қар.	-дауыссыз дыбыс түрлерін ажырата білуге баулу; -балалардың ойлау қабілетін және тіліндамыту; -туған табиғатты сүйе білуге тәрбиелеу.	1	27.11	

2025 - 2026 оқу жылына арналған
ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ
СӨЙЛЕУДІ ДАМЫТУ / ЖЕЛТОҚСАН АЙЫ/

Р/с №	ҰІӘ-нің тақырыбы	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Сағат саны	Өту мерзімі	Ескерту
25	Менің Отаным.(Өлең)	-тақырыпқа байланыстыәңгіме құрай білуге үйрету; -дауыс ырғағына қарай сөйлемдердіажырата білу іскерлігін дамыту; -Туған өлке, Отанды сүюге баулу.	1	01.12	
26	Тәуелсіз елдің ұланымыз.	-тақырыпқа байланыстыәңгіме құрай білуге үйрету; -дауыс ырғағына қарай сөйлемдердіажырата білу іскерлігін дамыту; -Туған өлке, Отанды сүюге баулу.	1	04.12	
27	Қыс. (Өлең)	-кейбір дауыссыз дыбыстардың айтылуындағы ұқсастықтармен айырмашылықтарды ажырата білуге баулу; -мазмұны бойынша әңгімелесуге үйрету; балалардың өз сөзімен суреттеп, сөйлей білуқабілеттерін дамыту; -еңбекқорлыққа тәрбиелеу.	1	08.12	
28	Ажарлы қыс. (Өлең)	-«Ажарлы қыс» үлгі суретібойынша әңгіме құрауға үйрету; -әртүрлі ойын арқылы, балалардың қимыл-қозғалысын дамыту; -балаларды бірігіп ойнауға, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.	1	11.12	
29	Қаңтар(Өлең)	-қыс мезгілінің ерекшеліктерін түсіндіру. -балаларға өлең жаттатқызу,мақал-мәтел,жаңылтпашты қайталату,сөздік қорларын дамыту. -табиғатты сүюге баулу.	1	15.12	
30	Қыс мезгілінің қызықтары.	-қыс мезгілінің ерекшеліктерін түсіндіру. -балаларға өлең жаттатқызу,мақал-мәтел,жаңылтпашты қайталату,сөздік қорларын дамыту. -табиғатты сүюге баулу.	1	18.12	
31	Ақсақ құлан.(Аңызы)	-«Ақсақ құлан»аңызынмазмұны бойынша әңгімелету;	1	22.12	

		-балалардың тілдік қорларын байыту,аңшылық туралы ұғымдарын кеңейту; -хайуанаттарға қастық жасамауға тәрбиелеу.			
32	Суықторғай.(Әңгіме)	-әңгімені оқып, сұраққа жауапберуге үйрету; -құрастыру қабілеттерін, шығармашылығын, дыбыстарды дұрыс айтабілуін дамыту; -құстарға қамқорлық жасау мен қорғауға тәрбиелеу.	1	25.12	

2025 - 2026 оқу жылына арналған
ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ
СӨЙЛЕУДІ ДАМЫТУ / ҚАҢТАР АЙЫ/

Р/с №	ҰІӘ-нің тақырыбы	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Сағат саны	Өту мерзімі	Ескерту
33	Күшік пен мысық.(Ертегі)	-көркем шығармаларды сахналауға үйрету. -балаларды ертегіні рөлдерге бөліп сахналату арқылы әртістік қабілеттеріндамыту; -үй жануарларына қамқор болуға тәрбиелеу.	1	08.01.2026 ж.	
34	Кеме (Өлең)	-өлең арқылы көлік түрлерініңмаңызын түсіндіру; -есте сақтау, танымдық қабілеттерін, байқағыштығын дамыту; -еңбекүйгіштікке тәрбиелеу.	1	12.01	
35	Кім ақылды? (Әңгіме)	-сөздерді буынға бөлуді үйрету; -сөздерді дұрыс, анық айтқызу арқылысөйлеу тілдерін дамыту.	1	15.01	
36	Мамандықтың бәрі жақсы.	-мамандықтар жайлы әңгіме жүргізу арқылы сөздік қорларын толықтыру.; -ойлау, сөйлеу қабілеттерін дамыту; -мамандық иелерін құрметтеуге тәрбиелеу.	1	19.01	
37	Өскенде кім боламын?	-мамандықтар жайлы әңгіме жүргізу арқылы сөздік қорларын толықтыру.; -ойлау, сөйлеу қабілеттерін дамыту; -мамандық иелерін құрметтеуге тәрбиелеу.	1	22.01	
38	Сүйінші	-қуаныш жайлы әңгіме жүргізу арқылы сөздік қорларын толықтыру.; -ойлау, сөйлеу қабілеттерін дамыту; -үлкенге құрмет,аталар сөзің құрметтеуге тәрбиелеу.	1	26.01	
39	Қос ішекті домбыра	-сөздерді буынға бөлуді үйрету; -сөздерді дұрыс, анық айтқызу арқылысөйлеу тілдерін дамыту.	1	29.01	

2025 - 2026 оқу жылына арналған
ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ
СӨЙЛЕУДІ ДАМЫТУ / АҚПАН АЙЫ/

Р/с №	ҰІӘ-нің тақырыбы	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Сағат саны	Өту мерзімі	Ескерту
40	Спорт-денсаулық кепілі.	-денсаулық сақтау туралы түсінік беру; -ойлау қабілетін дамыту, сөздік қорын байыту; -жеке гигиеналық дағдылар мен денсаулық сақтау негізін қалыптастыру; -салауатты өмір салтын сақтауға дағдыландыру.	1	02.02	
41	Денсаулық еліне саяхат.	-денсаулық сақтау туралы түсінік беру; -ойлау қабілетін дамыту, сөздік қорын байыту; -жеке гигиеналық дағдылар мен денсаулық сақтау негізін қалыптастыру; -салауатты өмір салтын сақтауға дағдыландыру.	1	05.02	
42	Он екі мүшең сау болсын.	-денсаулық сақтау туралы түсінік беру; -ойлау қабілетін дамыту, сөздік қорын байыту; -жеке гигиеналық дағдылар мен денсаулық сақтау негізін қалыптастыру; -салауатты өмір салтын сақтауға дағдыландыру.	1	16.02	
43	Үлкен қонақ.	-сөздік қорды жаңа сөздермен байыту, олардың атқару қызметін ұғындыру; -балалардың айтылған ойды тыңдауға және ұғынуға, әңгімеге араласып, сұрауға және сұраққа жауап беру білігін дамыту. -қонақжайлылыққа тәрбиелеу.	1	19.02	
44	Дәрумендер.	-дәрумендер түрлерімен таныстыру; -сурет арқылы сөйлем құрастырып үйрету; -балаларды толық жауап айтқызуға үйрету; -лэпбукпен ойнауға үйрету	1	23.02	
45	Асар жасаймыз.	-асар жасау дәстүрі туралы ақпарат беруге дағдыландыру; -тілдесім барысында сөйлеу әдебін қалыптастыру. -дәстүрлерді құрметтеуге тәрбиелеу.	1	26.02	

2025 - 2026 оқу жылына арналған
ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ
СӨЙЛЕУДІ ДАМЫТУ / НАУРЫЗ АЙЫ/

Р/с №	ҰІӘ-нің тақырыбы	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Сағат саны	Өту мерзімі	Ескерту
46	Бағдаршам.	-торап, жүргінші жол, тротуар, жаяу жүргіншілерге арналған өтулер, жол белгілері , бағдаршам түсініктерін бекіту; -балаларды бағдаршаммен , жолда жүру ережелерімен таныстыруды жалғастыру, жолда қауіпсіз жүру дағдыланыр дамыту; -жаяу жүргіншінің өзін-өзі ұстау мәдениетіне тәрбиелеу.	1	02.03	
47	Менің анам.	-ана туралы өз ойларынайтқызу; -ойлау қабілеті мен тілдерін дамыту; -ананы сыйлап, аялай білуге тәрбиелеу.	1	05.03	
48-49	Біз де ойнаймыз\ Наурыз –көктем мерекесі.	-балаларды бірігіп ойнауға, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Әңгімемен таныстырып,мазмұнын айтуға үйрету; -ой-өрісін кеңейту, есте сақтау қабілетіндамыту; -туған жердің табиғатына қамқор бола білуге тәрбиелеу. -Наурыз мерекесі туралытүсінік беру; -балалардың ойлау қабілетін дамыту; -салт-дәстүрді құрметтеуге тәрбиелеу.	2	12.03	09.03
50	Қасқыр мен түлкі.(Ертегі)	-ертегіні мазмұны бойынша әңгімелету; -бала бойындағы шешендік қасиетті, сөздікқорларын дамыту; -балаларды ұқыптылыққа, батылдылыққа тәрбиелеу.	1	16.03	
51	Жайлауда.(Өлең)	-балаларға жайлау өлеңінің мазмұнын түсіндіру; -балалардың сөздік қорын дамыту; -балаларды үй жануарларына қамқор болуға тәрбиелеу.	1	30.03	

2025 - 2026 оқу жылына арналған
ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ
СӨЙЛЕУДІ ДАМЫТУ / СӘУІР АЙЫ/

Р/с №	ҰІӘ-нің тақырыбы	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Сағат саны	Өту мерзімі	Ескерту
52	Мен ғарышкер боламын.(Өлең)	-дыбыстарды дұрысдыбыстауға үйрету; -ғарышкер мамандығы туралы түсінік беру,тілдерін дамыту.	1	02.04	
53	Маңдай тер.(Әңгіме)	-сөйлем түрлері бойыншаалған білімдерін пысықтау; -әңгімеге тақырып қоя білуге үйрету; -үлкендерді сыйлауға, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.	1	06.04	
54	Күн, Ай және Қораз.(Ертегі)	-ертегі мазмұнын түсініктітүрде мазмұндай білуге жаттықтыру; -сөздердің дыбыстардан жасалатынын естеріне түсіру; -достықты бағалай білуге тәрбиелеу.	1	09.04	
55	Түлкі мен Қоян.(Ертегі)	-ертегі мазмұнын түсініктітүрде мазмұндай білуге жаттықтыру. -баланың сөйлеу және тыңдай білу, сұраққажауап беру қабілеттерін дамыту. -балаларды батырлыққа, өжеттілікке тәрбиелеу.	1	13.04	
56	Өрмекші,құмырсқа және қарлығаш.	-«Өрмекші, құмырсқа жәнеқарлығаш» әңгімесін мазмұны бойынша әңгімелеп айтуды үйрету; -әңгімені тыңдата отырып, бала қиялындамыту. -балаларды еңбекқорлыққа тәрбиелеу.	1	16.04	
57	Ас атасы-нан.	-нанның адам үшін маңыздылығын, бидайдан жасалатындығын ұғындыру; -нанның дастарханға үлкен еңбек нәтижесінде келетіні, бидайдың өсуі, нан пісіру кезеңдері, бидайдың құндылығы туралы түсінік беру.	1	20.04	
58	Алғыс айтамыз.	-ризашылық пен алғыс туралы түсінік беру; -үлкен – кішіге деген сүйіспеншілігін, сыпайылық қарым – қатынасын дамыту; -әдептілікке, кішіпейілділікке, ізеттілікке тәрбиелеу.	1	23.04	
59	Атамның ауылында.	-әңгімемен таныстырып,мазмұнын айтуға үйрету; -ой-өрісін кеңейту, есте сақтау қабілетін дамыту; -туған жердің табиғатына қамқор бола білуге тәрбиелеу.	1	27.04	

60	Отбасым-мақтанышым.	- бейнелі теңеулерді түсіндіру; - өз тәжірибесі негізінде әңгіме құрауға жетелеу; -отбасына қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу.	1	30.04	

2025 - 2026 оқу жылына арналған
ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ
СӨЙЛЕУДІ ДАМЫТУ / МАМЫР АЙЫ/

Р/с №	ҰІӘ-нің тақырыбы	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Сағат саны	Өту мерзімі	Ескерту
61-62	Тазалықтың досы\ Киіз үй	-денсаулық сақтау туралы түсінік беру; -ойлау қабілетін дамыту, сөздік қорын байыту; -жеке гигиеналық дағдылар мен денсаулық сақтау негізін қалыптастыру; -салауатты өмір салтын сақтауға дағдыландыру. -киіз үй туралы түсінік беру; -балалардың ойлау қабілетін дамыту; -салт-дәстүрді құрметтеуге тәрбиелеу.	1	04.05	
63-64	Жолда абайла\ Ханталапай.	-торап, жүргінші жол, тротуар, жаяу жүргіншілерге арналған өтулер, жол белгілері , бағдаршам түсініктерін бекіту; -балаларды бағдаршаммен , жолда жүру ережелерімен таныстыруды жалғастыру, жолда қауіпсіз жүру дағдыланыр дамыту; -жаяу жүргіншінің өзін-өзі ұстау мәдениетіне тәрбиелеу. -асық ойындары туралы түсінік беру; -балалардың ойлау қабілетін дамыту; -салт-дәстүрді құрметтеуге тәрбиелеу.	2	04.05	07.05
65	Әдептілік-әдемілік	-балалардың «әдеп», «әдептілік» құндылықтары туралы түсініктерін кеңейту. -тілдік сөздік қорын байыту, байланыстыра сөйлеуге үйрету. -өз халқының әдептілік туралы нақыл сөздерін, мақалдарын үйрету арқылы адамгершілікке, ұқыптылыққа, әдептілікке, сыпайылыққа тәрбиелеу.	2	14.05	11.05
66	Әсем қала Астана.	-туған елі, Отаны - Қазақстан туралы түсініктермен кеңейту туған елге деген сүйіспеншілігін , патриоттық сезімін ояту; -Елорда - АСТАНА туралы түсініктерін кеңейту.	1	21.05	

		Мәдениет , өнер , білім орталығы әсем табиғаты , көрнекті саябактары туралы әңгімелеу; -сөйлеу қабілеттерін сөз қорын дамыту қазақ тіліне деген тэн дыбыстарды қайталау, дұрыс айту үйрету.			
67	Асфальттағы суреттер.(Өлең)	-өлең мазмұнымен таныстырып, өлең шумақтарын жаттату; -балалардың сөйлеу тілдерін дамыту. -Табиғатты, жабайы аңдарды қорғауға тәрбиелеу.	1	25.05	
68	Жаздың кезі көңілді	-«Жаздың кезі көңілді»тақырыбына шығармашылық әңгіме құрастырту. -сұрақтарға жауап беру арқылы сөздік қорларын толықтыру.	1	28.05	

2025 - 2026 оқу жылына арналған
ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ
КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТ / ЖЫЛДЫҚ /

Білім беру ұйымы: «№25 ЖОББМ»КММ
Топ/сынып:мектепалды 0 «А» сынып
Балалардың жасы:5-6жас
Жоспардың құрылу кезеңі: қыркүйек айы 2025-2026 оқу жылы
Апталық жүктеме 2 сағат, жылдық жүктеме 68 сағат.
Алматы «Алматыкітап баспасы» 2025 ж.
Мақсаты: тәрбиеленушілердің түрлі іс-әрекетінде Қазақстан халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы ауызекі байланыстырып сөйлеуді, сөйлеудің дыбыстық мәдениетін дамыту, сауат ашудың алғышарттарын қалыптастыру.
Міндеттері:

- ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын жетілдіру; коммуникативтік дағдыларды дамыту;
- әңгімелесушіні тыңдауға, диалог жүргізуге, өз пікірін айтуға үйрету; түрлі балалар әрекетінде қазақ халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы ауызекі сөйлеуін дамыту;
- балаларды заттар мен жағдайды нақты сипаттауда қарапайым тұжырымдар мен өз ойын басқаларға түсінікті жеткізуге баулу;
- әндер мен билерді қолдана отырып, көркем бейнені құруда шығармашылық дербестікті дамыту.

Көркем әдебиет:

Балаларды қол жетімді көркем шығармалар мен фольклорға, театр әлеміне баулу, кітапқа деген қызығушылығын дамыту.

Әдеби шығармаларды эмоционалды қабылдауына ықпал ету, олардың мазмұнын түсіну, себеп-салдарлық байланыстарды, жанрларды (ертегі, әңгіме, өлең) ажырату, тілдің көркемдігін сезіну (эпитеттер, сипаттамалар, образды сөздер), шығарма кейіпкерлерінің іс-әрекетін бағалау.

Шығарма мазмұнын сюжеттің бірізділігін сақтай отырып, эмоциямен, қисынды қайталап айтып беру, диалогтік сөйлеуді дамыту, кейіпкерлерге және олардың әрекеттеріне өз көзқарасын білдіру. Әдеби кейіпкердің белгілі бір әрекетін өзінің қалай қабылдағаны туралы айту, кейіпкерлердің жасырын әрекетін түсіну.

Өлеңдерді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту. Көркем шығарманы рөлдерге бөліп, сахналау, рөлдерде кейіпкердің көңіл күйі мен мінезін, бейненің қимылын, интонациясы мен мимикасын беру, қойылымдағы өзінің рөлін мәнерлі дербес орындау.

Балалардың назарын кітаптың безендірілуіне, иллюстрацияларына аудару.

Баланың басқа құрдастарымен және ересектермен түрлі дереккөздерден: ғаламтордан, теледидардан, жақындарының әңгімесінен алған ақпараттарымен, әсерлерімен бөлісуіне мүмкіндік беру. Айналасында болып жатқан оқиғаларға өзінің көзқарасын білдіруге құлшынысын дамыту, сөйлегенде мақал-мәтелдерді қолдануға баулу.

Шешендікке, сөз өнеріне баулу, санамақ, жаңылтпаш айту, жұмбақ шешу, айтыс өнеріне баулу.

Сахналық қойылымдарға қатысуға баулу, онда рөлді, сюжетті таңдауда бастамашылық пен дербестік танытуға ынталандыру, белгілі образды сомдауда эксперимент жасауға, түрлендіруге мүмкіндік беру.

Ұсынылып отырған әдістемелік құралдың *өзектілігі:* мектепке дейінгі ұйымдарда «Көркем әдебиет» ұйымдастырылған іс-әрекетін жобалауда ойын технологияларын қолданудың тиімділігі – шығарма түрлерін ажырата алатын, шығарманы сахналайтын, өз қиялын жүйелі

жеткізе алатын, әлеуметтенуге бейім шығармашыл тұлға қалыптастыру. Сондықтан да Көркем әдебиет бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет кешенінде балалардың шығармашылық қабілетін дамыту, сыни ойлауын, белсенділігін арттыру, қиялы мен зейінін, ерік-жігерін тәрбиелеу, сөздік қорын дамыту, рөлдерді сахналау, кейіптендіру, мәнерлі құралдарды қолдану үшін басты назарда *ойын технологияларын* пайдалану көзделеді.

«Көркем әдебиет» оқу-әдістемелік кешені сіздерге көмек беретін құрал болады деген ойдамыз.

Күтілетін нәтижелер:

- шығармалардың мазмұнын эмоциямен қабылдайды;
- себеп-салдарлық байланыстарды, әдеби жанрларды ажыратады;
- өлеңдерді мәнерлеп, интонациямен жатқа айтады;
- мазмұнның бірізділігін сақтай отырып, шығарма мазмұнын қайталап айтады;
- кітаптарға қызығушылық танытады;
- кейіпкердің ерекшеліктерін жеткізу үшін мәнерлілік құралдарын қолданады;
- кейіпкерлерге және олардың әрекеттеріне өз көзқарасын білдіреді;
- көркем шығарманы рөлдерге бөліп, сахналауға қатысады;
- рөлдерде кейіпкердің көңіл күйі мен мінезін, бейненің қимылын, интонациясы мен мимикасын береді;
- қойылымдағы өзінің рөлін мәнерлі, дербес орындайды;
- түрлі дереккөздерден алған ақпараттарымен, әсерлерімен бөліседі;
- айналасында болып жатқан оқиғаларға өзінің көзқарасын білдіреді;
- сөйлегенде мақал-мәтелдерді қолданады.

2025 - 2026 оқу жылына арналған
ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ
КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТ / ҚЫРКҮЙЕК АЙЫ/

Р/с №	ҰІӘ-нің тақырыбы	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Сағат саны	Өту мерзімі	Ескерту
1	Білімің – бұлағың. (Ақылбек Шаяхметовтің өлеңі)	-Білім туралы түсінігін кеңейту; -ойлау қабілетін дамыту; -ойын жеткізіп айта білуге тәрбиелеу.	1	03.09.2025 ж.	
2	Бәрі де бар бақшада. (Өтепберген Ақыпбековтің өлеңі)	-өлең мазмұнын қайталап айтуға ынталандыру; -байланыстырып сөйлеуін жетілдіру; -балабақшада бір-бірімен тату болуға тәрбиелеу.	1	05.09	
3	Күз жомарт.(Ермек Өтетілеуұлының өлеңі)	-күз мезгіліндегі табиғат ерекшелігімен таныстыру; -сөздік қорын байыту; -табиғатты сүйе білуге тәрбиелеу.	1	10.09	
4	Ас атасы-нан. (Мәдіхат Төрежановтың әңгімесі)	-күзгі еңбек туралы түсінігін дамыту; -сюжет желісінің реттілігін сақтауға үйрету; -нанды қастерлеуге тәрбиелеу.	1	12.09	
5	Тату доспыз бәріміз. (Фариза Оңғарсынованың өлеңі)	-достық туралы түсінігін кеңейту; -өлеңді мәнерлеп жатқа айтуға үйрету; -достарымен тату болуға тәрбиелеу.	1	17.09	
6	Кішкентай бағбан. (Мәдіхат Төрежановтың әңгімесі)	-кейіпкерге мінездеме беруге үйрету; -әдеби шығарманы мұқият тыңдауға баулу; -еңбекқорлыққа тәрбиелеу.	1	19.09	
7	Жемістер жыры (Рза Қунақованың өлеңі)	-жемістер туралы түсінігін кеңейту; -басқалардың пікірін тыңдай білуге баулу; -бақылағыштыққа тәрбиелеу.	1	24.09	
8	Мақтақыз бен мысық (қазақ халық ертегісі)	-таныс кейіпкердің бейнесін сомдауға ынталандыру; -байланыстырып сөйлеу дағдысын жетілдіру; -жанашырлыққа тәрбиелеу.	1	26.09	

2025 - 2026 оқу жылына арналған
ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ
КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТ / ҚАЗАН АЙЫ/

Р/с №	ҰІӘ-нің тақырыбы	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Сағат саны	Өту мерзімі	Ескерту
9	Бір аптада. (Әдібай Табылдының өлеңі)	-ойын өлеңді жаттауға дағдыландыру; -есте сақтау қабілетін жетілдіру; -жағымды мінез-құлық қалыптастыру.	1	01.10	
10	Менің ойыншықтарым. (Мұзафар Әлімбаевтың өлеңі)	-өлең жаттауда логикалық екпінді қолдануға баулу; -сөздік қорын байыту; -ойыншықтарды күтіп ұстауға тәрбиелеу.	1	03.10	
11	Еріншек егінші мен еңбекқор құмырсқалар (Өтебай Тұрманжановтың әңгімесі)	-шығарма мазмұнын қайталап айтуға дағдыландыру; -кейіпкердің іс-әрекетін бағалауға үйрету; -еңбекті сүйе білуге тәрбиелеу.	1	08.10	
12	Шаруа мен аю(орыс халық ертегісі) танысу.	-сюжет желісінің реттілігін сақтауға баулу; -байланыстырып сөйлеу дағдысын жетілдіру; - еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.	1	10.10	
13	Отан.(Мұқағали Мақатаевтың өлеңі)	-өлең сюжетінің дамуын қадағалауға үйрету; -сұраққа толық жауап беруге жетелеу; Отанын сүюге, мақтан етуге тәрбиелеу.	1	15.10	
14	Түлкі мен қоян.(ертегі)	-кейіпкерлердің іс-әрекетін салыстыруға үйрету; -тілдік ойлау қабілетін дамыту; -жануарларға қамқорлық сезімін тәрбиелеу.	1	17.10	
15	Елордам-Астана. (Батырбай Сейбадуллаевтың өлеңі)\	-өлеңді мәнерлеп жатқа айтуға үйрету; -байланыстырып сөйлеу дағдысын жетілдіру; -туған жерін қадірлеуге тәрбиелеу.	1	22.10	
16	Арыстан мен тышқан.(қазақ халық ертегісі)	-сахналық қойылымға қатысуға жетелеу; -кейіпкердің іс-әрекетін бағалауға үйрету; -жануарларға қамқорлық сезімін тәрбиелеу.	1	24.10	

2025 - 2026 оқу жылына арналған
ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ
КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТ / ҚАРАША АЙЫ/

Р/с №	ҰІӘ-нің тақырыбы	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Сағат саны	Өту мерзімі	Ескерту
17	Алтын астық.(Қосжан Мүсіреповтің өлеңі)	-астық жинау науқаны туралы түсінік беру; -сурет бойынша әңгіме құрауға дағдыландыру; -еңбекті бағалауға тәрбиелеу.	1	05.11	
18	Бәрі де риза.(Мәдіхат Төрежановтың өлеңі)	-әңгіменің жалғасын ойдан құрастыруға баулу; -сұрақтарға толық жауап беруге үйрету; -еңбекқорлыққа тәрбиелеу.	1	07.11	
19	Ақымақ қасқыр.(қазақ халық ертегісі)	-сахналық қойылымға қатысуын ынталандыру; -тіл байлығын арттыру; -кейіпкерге жанашырлық танытуға тәрбиелеу.	1	12.11	
20	Жұлдызды сәт.(интеллектуалдық ойын)	-көркем сөзге қызығушылығын арттыру; -тапқырлыққа, жылдамдыққа баулу.; -бір-бірін құрметтеуге тәрбиелеу.	1	14.11	
21	Әдептілік әлемі (Ермек Өтетілеуұлының өлеңі)	-өлеңді мәнерлеп жатқа айтуға үйрету; -байланыстырып сөйлеу дағдысын жетілдіру; -әдептілікке, сыпайылыққа тәрбиелеу.	1	19.11	
22	Әкесі мен балалары. (Лев Толстойдың әңгімесі)	-әңгіме мазмұнын қайталап айтуға үйрету; -байланыстырып сөйлеу дағдысын жетілдіру; -үлкендерді сыйлауға тәрбиелеу.	1	21.11	
23	Айтыс. (Спандияр Көбеевтің ертегісі)	-сахналық қойылымға қатысуға ынталандыру; -тіл байлығын жетілдіру; -қоршаған ортаны қорғай білуге тәрбиелеу.	1	26.11	
24	Алматы метросы. (Әдібай Табылдының өлеңі)	-метро туралы түсінігін тиянақтау; -өлеңді дұрыс қабылдауға баулу; -басқаның пікіріне құрметпен қарауға тәрбиелеу.	1	28.11	

2025 - 2026 оқу жылына арналған
ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ
КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТ / ЖЕЛТОҚСАН АЙЫ/

Р/с №	ҰІӘ-нің тақырыбы	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Сағат саны	Өту мерзімі	Ескерту
25	Қыс. (Абдрахман Асылбековтің өлеңі)	-қыс мезгілі туралы түсінігін қалыптастыру; -байланыстырып сөйлеу дағдысын жетілдіру; -табиғаттың сұлулығын сезіне білуге тәрбиелеу.	1	03.12	
26	Жантөре мен ақ қоян. (суретті әңгіме)	-әңгімені жалғастырып айтуға жетелеу; -сөздік қорын байыту; -қоршаған ортаны сүйе білуге тәрбиелеу.	1	05.12	
27	Тәуелсіздік.(Иран-Ғайыптың өлеңі)	-әдеби шығармадағы қоғамдық өмір оқиғалары туралы түсінігін дамыту; -тілдік ойлау қабілетін дамыту; -туған жерін сүюге, қадірлеуге тәрбиелеу.	1	10.12	
28	Тәуелсіздігіміз мәңгілік. (Әлия Дәулеткелдінің әңгімесі)	-сюжет желісінің реттілігін сақтап айтуға үйрету; -шешендік сөз өнеріне баулу; -татулықта, бірлікте өмір сүруге тәрбиелеу.	1	12.10	
29	Жыл басына таласқан жануарлар.(қазақ халық ертегісі)	-жануарлар туралы білімін кеңейту; -ертегі сюжетін рөлге бөліп мазмұндауға үйрету; -жануарларға қамқор болуға тәрбиелеу.	1	17.12	
30	Торғайлар қуанышы. (Мұбарак Жаманбалиновтың өлеңі)	-торғайлар туралы түсінігін кеңейту; -тілдік ойлау қабілетін дамыту; -табиғатты қорғауға тәрбиелеу.	1	19.12	
31	Орман емшілері. (Максим Зверевтің әңгімесі)	-әңгіменің мазмұнын ойдан құрастыруға баулу; -байланыстырып сөйлеу дағдысын жетілдіру; -құстарға қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу.	1	24.12	
32	Жаңа жыл келді. (Сағи Жиенбаевтың өлеңі)	-өлеңнің эмоциялық-бейнелік мазмұнын қабылдауға жетелеу; -көркем сөзге қызығушылығын жетілдіру; -татулықта, бірлікте өмір сүруге тәрбиелеу.	1	26.12	

2025 - 2026 оқу жылына арналған
ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ
КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТ / ҚАҢТАР АЙЫ/

Р/с №	ҰІӘ-нің тақырыбы	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Сағат саны	Өту мерзімі	Ескерту
33	Бірлік. (Ермек Өтетілеуұлының әңгімесі)	-кейіпкердің әрекетіне өз пікірін білдіруге жетелеу; -сөздік қорын байыту; -достыққа, бір-бірін құрметтеуге тәрбиелеу.	1	09.01.2025 ж.	
34	Қоянның үйшігі.(орыс ертегісі)	-ертегінің аяғын құрастыруға үйрету; -тілдік ойлау қабілетін дамыту; -кейіпкерге жанашырлығын танытуға тәрбиелеу.	1	14.01	
35	Бексұлтанның айға саяхаты. (суретті әңгіме)	-сурет бойынша әңгіме құрауға жетелеу; -байланыстырып сөйлеу дағдысын жетілдіру; -қоршаған ортаны тани білуге тәрбиелеу.	1	16.01	
36	Алтын балта.(орыс халық ертегісі)	-кейіпкердің іс-әрекетіне өз пікірін айта білуге үйрету;-сөздік қорын жетілдіру; -әділдікке, адамгершілікке тәрбиелеу.	1	21.01	
37	Бір уыс мақта. (ЫБырай Алтынсариннің әңгімесі)	-қоршаған орта туралы түсінігін кеңейту; -байланыстырып сөйлеу дағдысын жетілдіру; -үлкеннің ақылын тыңдай білуге тәрбиелеу.	1	23.01	
38	Жақсы мен жаман. (Рақым Тышқанбаевтың өлеңі)	-жақсы мен жаман туралы түсінігін қалыптастыру; -бір-біріне жақсы тілектер айтуға жетелеу; -жақсылық жасауға тәрбиелеу.	1	28.01	
39	Мысық, әтеш және түлкі.(орыс халық ертегісі)	-таныс кейіпкердің бейнесін сомдауға ынталандыру; -байланыстырып сөйлеу дағдысын жетілдіру; -бауырмалдыққа, бір-біріне көмектесуге тәрбиелеу.	1	30.01	

2025 - 2026 оқу жылына арналған
ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ
КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТ / АҚПАН АЙЫ/

Р/с №	ҰІӘ-нің тақырыбы	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Сағат саны	Өту мерзімі	Ескерту
40	Автобуста.(Әбді Шынбатыровтың әңгімесі)	-әңгіменің басын, соңын ойдан құрастыруға баулу; -әдептілік, мәдениеттілік туралы білімін кеңейту; -үлкендерді құрметтеуге тәрбиелеу.	1	04.02	
41	Қайтпай қалған қарлығаш. (Тайжан Тойбазарұлының әңгімесі)	-шығармадағы әрекеттердің дамуын қадағалауға баулу; -байланыстырып сөйлеу дағдысын жетілдіру; -құстарға қамқорлық жасауға тәрбиелеу.	1	06.02	
42	Кітап-білім бұлағы. (Жеңіс Қашқыновтың өлеңі)	-кітап туралы түсінігін кеңейту; -көркем сөзге қызығушылығын ояту; -кітапты ұқыпты ұстауға тәрбиелеу.	1	18.02	
43	Бір атаның ұрпағы. (Нәсіреддин Сералиевтің әңгімесі)	-әңгіме мазмұнын дұрыс қабылдауға үйрету; -әңгімені мазмұндап айтуға дағдыландыру; -табиғат сұлулығын сезінуге тәрбиелеу.	1	20.02	
44	Алдаркөсе мен Шықбермес Шығайбай.(қазақ халық ертегісі)	-алдаркөсе туралы түсінігін кеңейту; -таныс кейіпкердің бейнесін сомдауға үйрету; -жағымды мінез-құлық қалыптастыру.	1	25.02	
45	Өс, ұлан!(Өтебай Тұрманжановтың өлеңі)	-қысқа өлеңді мәнерлеп жатқа айтуға баулу; -денсаулық туралы ұғымын кеңейту; -денсаулығын сақтауға тәрбиелеу.	1	27.02	

2025 - 2026 оқу жылына арналған
ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ
КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТ / НАУРЫЗ АЙЫ/

Р/с №	ҰІӘ-нің тақырыбы	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Сағат саны	Өту мерзімі	Ескерту
46	Әже(Әбубәкір Қайранның өлеңі)	-өлеңді мәнерлеп жатқа айтуға үйрету; -тілдік ойлау қабілетін дамыту; -отбасын құрметтеуге тәрбиелеу.	1	04.03	
47	Құттықтаймын,анашым! (Несіпбек Айтовтың өлеңі)	-сұрақтарға түсініп жауап беруге үйрету; -мерекелік көңіл күйді сезіндіру; -анасына сүйіспеншілігін тәрбиелеу.	1	06.03	
48	Көктем. (Төлеген Айбергеновтің өлеңі)	-көктем мезгілі туралы түсінігін кеңейту; -табиғат өзгерістерін сезіне білуге баулу; -табиғатты қастерлеп, қорғауға тәрбиелеу.	1	11.03	
49	Наурызым (Қастек Баянбайдың өлеңі)	-салт-дәстүр туралы түсінігін кеңейту; -ұлттық дәстүрге қызығушылығын дамыту; -ұлттық мәдениетті құрметтеуге тәрбиелеу.	1	13.03	
50	Наурызкөже. (С.Нұғыманның әңгімесі)	-қазақтың ұлттық тағамдары туралы білімін кеңейту; -сюжет желісінің реттілігін сақтап айтуға дағдыландыру; -ұлттық салт-дәстүрді құрметтеуге тәрбиелеу.	1	18.03	

2025 - 2026 оқу жылына арналған
ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ
КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТ / СӘУІР АЙЫ/

Р/с №	ҰІӘ-нің тақырыбы	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Сағат саны	Өту мерзімі	Ескерту
51	Таңғажайып табиғат. (интеллектуалдық ойын)	-табиғат сұлулығы туралы түсінігін; -тапқырлыққа, жылдамдыққа баулу; -табиғатты аялай білуге тәрбиелеу.	1	01.04	
52	Үш қыз .(татар халық ертегісі)	-ертегіні интонациямен мазмұндауға үйрету; -сөздік қорын байыту; -ата-анасына қамқор болуға тәрбиелеу.	1	03.04	
53	Көктемнің сәні.(ертегі)	-таныс кейіпкердің бейнесін сомдауға ынталандыру; -сурет бойынша ертегі құрастыруға жетелеу; -табиғатты қорғай білуге тәрбиелеу.	1	08.04	
54	Тышқан,ит және мысық.(ертегі)	-кейіпкерлерге жанашырлық танытуға жетелеу; -өз ойын жеткізіп айта білуге баулу; -жануарларға қамқорлық танытуға тәрбиелеу.	1	10.04	
55	Тазалық пен ұқыптылық. (Ермек Өтетілеуұлының өлеңі)	-тазалық, ұқыптылық туралы түсінігін кеңейту; -сұрақтарға толық жауап беруге жетелеу; -өзін-өзі күте білуге тәрбиелеу.	1	15.04	
56	Мен ғарышкер боламын. (Жақан Сақовтың өлеңі)	-ғарыш туралы түсінігін кеңейту; -өлеңді логикалық екпінді қолданып жаттауға баулу; -өзін бағалай білуге тәрбиелеу.	1	17.04	
57	Көкек(немец халық ертегісі)	-сурет бойынша ертегі құрауына мүмкіндік беру; -тіл байлығын дамыту; -құстарға қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу.	1	22.04	
58	Киіз үй. (Қастек Баянбаевдың өлеңі)	-киіз үй туралы түсінігін кеңейту; -көркем сөзге қызығушылығын арттыру; -халқымыздың салт-дәстүрін құрметтеуге тәрбиелеу.	1	24.04	
59	Аққөжектің достары. (Ботан Қошымовтың ертегісі)	-кейіпкердің әрекетіне өз пікірін білдіруге баулу; -кейіпкердің бейнесін сомдауға ынталандыру; -достарын құрметтей білуге тәрбиелеу.	1	29.04	

2025 - 2026 оқу жылына арналған
ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ
КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТ / МАМЫР АЙЫ/

Р/с №	ҰІӘ-нің тақырыбы	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Сағат саны	Өту мерзімі	Ескерту
60-61	Қараторғайдың ұясы. (Айсұлу Еламановаңың ертегісі)\ Маша мен аю.(орыс халақ ертегісі)	-сюжет желісін сақтап мазмұндауға үйрету; -әңгіменің басын, соңын ойдан құрастыруға баулу; -табиғатқа, құстарға қамқор болуға тәрбиелеу.	2	06.05	01.05
62	Достық мерекесі. (Серікбай Оспановтың өлеңі)	-бейнелеу үшін мәнерлілік құралдарын қолдануға ынталандыру; -байланыстырып сөйлеу дағдысын жетілдіру; -табиғатты қорғай білуге тәрбиелеу.	1	08.05	
63	Жеңіс күні. (Қайрат Жұмағалиевтің өлеңі)	-әдеби шығармадағы қоғамдық өмір оқиғалары туралы түсінік беру; -өлеңді жатқа айтуға ынталандыру; -елін, жерін сүюге, қорғауға тәрбиелеу	1	13.05	
64	Алтын бала. (Серікбай Тұрдалиевтің әңгімесі)	-әңгіме мазмұнын айтып беруге жетелеу; -әңгіменің басын, соңын ойдан құрастыруға баулу; -адамгершілікке тәрбиелеу.	1	15.05	
65	Ақылды Мұрат. (Анар Қожабековаңың әңгімесі)	-әдеби шығарманы мұқият тыңдауға дағдыландыру; -сюжет желісін сақтап айтуға үйрету; -сыпайылыққа, кішіпейілділікке тәрбиелеу.	1	20.05	
66	Мектеп керек адамға. (Қымбат Әбілдақызының өлеңі)	-өлең мазмұнын есте сақтауға дағдыландыру; -өз ойын айта білуге үйрету; -елінің адал азаматы болуға тәрбиелеу.	1	22.05	
67	Бала – біздің болашақ. (Қасым Аманжоловтың өлеңі)	-сурет бойынша әңгіме құрап айтуын дамыту; -сұрақтарға жауап беруге үйрету; -елімізге лайық азамат болып өсуге тәрбиелеу.	1	27.05	
68	Ертегілер еліне саяхат.	-сахналық қойылымдарға қатысуға ынталандыру; -сөздік қорын байытуды жалғастыру; -аңғарымпаздыққа, сақтыққа тәрбиелеу.	1	29.05	

2025 - 2026 оқу жылына арналған
ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ
ҚАЗАҚ ТІЛІ / ЖЫЛДЫҚ /

Білім беру ұйымы: «№25 ЖОББМ»КММ
Топ/сынып:мектепалды 0 «А» сынып
Балалардың жасы:5-6жас
Жоспардың құрылу кезеңі: қыркүйек айы 2025-2026 оқу жылы
Апталық жүктеме 2 сағат, жылдық жүктеме 68 сағат.
Алматы «Алматыкітап баспасы» 2024 ж.
Мақсаты: тәрбиеленушілердің түрлі іс-әрекетінде Қазақстан халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы ауызекі байланыстырып сөйлеуді, сөйлеудің дыбыстық мәдениетін дамыту, сауат ашудың алғышарттарын қалыптастыру.
Міндеттері:

ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын жетілдіру;

коммуникативтік дағдыларды дамыту: әңгімелесушіні тыңдауға, диалог жүргізуге, өз пікірін айтуға үйрету;

түрлі балалар әрекетінде қазақ халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы ауызекі сөйлеуді дамыту;

балалардың заттар мен жағдайды нақты сипаттауда қарапайым тұжырымдар мен өз ойларын басқаларға түсінікті жеткізуге баулу;

балалардың тәжірибесіне сүйене отырып және олардың қалауын ескере отырып, тәрбиешімен және құрдастарымен келесі талқылаумен тәуелсіз қабылдау үшін көрнекі материалдарды таңдау;

әндер мен билерді қолдана отырып, көркем бейнені құруда шығармашылық дербестікті дамыту.

Тілдік дамытушы орта.

Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту. Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен, киім-кешегімен, азық-түлік өндірудегі тұрмыстық кәсібімен, тұрмыста, аң аулауда, мал өсіруде және егіншілікке қажетті құрал жабдықтары, туған өлкенің көрнекі жерлері, әсем табиғаты, тарихи орындары туралы суреттер, фотолар, альбомдармен жабдықталған орта құру.

Балалардың қоршаған ортаға өзінің қарым-қатынасын білдіруге, ауызекі сөйлеуде мақал-мәтелдерді, көркем сөздерді қолдануына қолдау көрсету, ынталандыру.

Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.

Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту, қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ, ң, h дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру. Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы).

Сөздік қор.

Қазақ халқы қолөнер шеберлерімен жасалған киіз үйдің заттарын және тұрмыстық заттарды білдіретін (кереге, уық, шаңырақ, ағаш керует, кебеже, сандық, кілем, сырмақ, алаша, ши, бау, басқұр, арқан, жіп), азық-түлік атауларын (бидай, күріш, арпа, жүгері, талқан, тары, жент, құрт, сүзбе, шұбат, қымыз, айран), аңшылық кәсіпті (аң, аңшы, орманшы, қорықшы), мал өсіруге байланысты (қора, жайлау, қыстау, жем, астау, соғым, сыбаға), егіншілік кәсіпке байланысты (дән, тұқым, суару, отау, ору, диірмен, орақ, кетпен, шалғы, айыр, күрек, тырма, соқа) сөздермен толықтыру.

Туыстық қарым-қатынасты ("бауыр", "немере", "шөбере", "ағайын", "туысқан", "жеті ата") білдіретін сөздерді үйрету. Өзінің

бауырлары, туыстары, ағайындары, татулық, жақындық, отбасылық мерекелер, салт-дәстүрлер туралы айтуға баулу.

Шағын өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар, тақпақтар жаттату, жұмбақтар шешкізу. Балаларды шешендік өнерге, айтыс өнеріне баулу.

Тілдің грамматикалық құрылымы

Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуді, интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді жетілдіру. Өз ойын жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру.

Байланыстырып сөйлеу.

Өз бетінше қарым-қатынас жасауға, әңгімелесуге, әңгімелесушінің сөзін мұқият тыңдауға, сұрақтарды дұрыс қоюға, оған қысқа және толық нақты жауап беруге баулу.

Таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтуға, тыңдалған көркем шығарма мазмұнын ретімен жүйелі түрде жеткізуге, кейіпкерлердің диалогын мәнерлі интонациямен беруге, шығарманы рөлдерге бөліп сомдауға, кейіпкерлердің мінез-құлқын жеткізуге баулу, шығарманы еркін талқылауға мүмкіндік беру.

Қазақтың бейнелеу, кескіндеме, мүсіндеу, сәулет өнері, сәндік-қолданбалы өнері туындыларын, шеберлердің (мүсіншілер, суретшілер) қолынан шыққан ағаш, темір, жүн, матадан жасалған бұйымдарды көрсету арқылы балаға халықтық өнер сипатын, оның ерекшелігін, әсемдігін, ұлттық айшығын таныту, мақтаныш сезімін ояту бағытындағы жұмыстар жүргізіледі. Сондай-ақ балаларды көркемөнер туындыларын жан дүниесімен қабылдауға, өнердің мәнерлілігін сезіне білуге баулу қажет.

Затқа қарап сурет салу дағдыларын қалыптастыру. Бұл кезеңдегі бала игеруі тиіс басты міндеттерге мыналар жатады:

– заттың пішінін, көлемін және өзіне лайықты бояу түстерін таңдап алуға үйрету, сызықтарды, нәзік сызықтарды түзу, шебер жүргізу, қарындашты қатты баспай, қағаз бетіне із түсіру;

– бояумен жұмыс істеудің машықтарын меңгерту. Қылқалам ұшымен жіңішке сызық, көлбеу басып жуан сызық түсіру. Қылқаламмен сызықтарды жеңіл жүргізу, түзу, қисық, тұйық, доға тәрізді, дөңгелек және толқынды сызықтарды еркін сызуға жаттықтыру;

– нүктелерді салуда тік бағыттау не дөңгелек таяқшаны пайдалануға жаттықтыру. Заттардың әртүрлі көлемдегі бейнесін бере білуге үйрету, оның ерекшеліктерін байқай білу. Биік-аласа, ұзын-қысқа, жуан-жіңішке тәрізді салыстырмалы көлемдерді беруде түстер үйлесімділігін таңдай білу;

– сулау техникасы арқылы сурет салу дағдыларын қалыптастыру (қуыршақтың көйлегіне мата дайындау, жаңбырдан кейінгі күзгі орман т.б.);

– заттық тақырыпта, мазмұнды сурет салу дағдыларын жетілдіру. Айналадан көргендерін, алған әсерін бейнелеуге үйрету. Ертегі, өлең, тақпақтар мазмұны бойынша сурет салу, қағаз бетін толық пайдалануға дағдыландыру.

Күтілетін нәтижелер:

- заттардың жазықтықта әртүрлі орналасуы мүмкін екендігін түсінеді;
- тірі табиғат заттарының бейнелерін күрделі емес қимылдар мен қалыптар арқылы жеткізеді;
- түстерді өз қалауы бойынша таңдайды;
- бояулармен қолдануды, бояғышта акварельді сумен араластыруды, қанық түстер алу үшін қарындашты түрліше басып бояуды біледі;
- өз жұмысының нәтижелерін бағалай алады;
- сурет салуда әртүрлі техниканы қолданады;
- парақтың ортасын, бұрыштарын, жоғарғы, төменгі, оң және сол жақтарын ажыратады;
- жаңа түстер (күлгін) және реңктерді (көк, қызғылт, қою жасыл) бояуды араластыру арқылы шығарады;
- қазақ ою-өрнектерінің түрлерін біледі;
- ою-өрнектермен қазақтың ұлттық киімдерін салады;
- оюды өзбетінше ойдан салады;
- ұжыммен бірге жұмыс істейді, міндеттерді өзара келісіп орындайды;
- ою-өрнек элементтерін пішіндердің ортасында және шеттеріне салады;

- қазақ оюларының элементтерін салады және олармен киімдерді, тұрмыстық заттарды безендіреді;
- сюжеттік суреттерді салады;
- ұжымдық жұмыстарды орындайды, ойдан сурет салады;
- суретті бейнелеуде мәнерлі құралдарды, қазақ оюларының элементтерін қолданады;
- сурет салуда ұқыптылықты, қауіпсіздікті сақтайды.

2025 - 2026 оқу жылына арналған
ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ
СУРЕТ САЛУ / ЖЫЛДЫҚ /

Р/с №	ҰІӘ-нің тақырыбы	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Сағат саны	Өту мерзімі	Ескерту
1	Ағаш бұтақтары. *(Түрлі түсті қарындаштар)*	-ағаш түрлері, терек бұталарының салыну тәсілдері туралы білім беру; -балалардың шығармашылық қабілетін дамыту; - жұмысты ұқыпты, таза жасауға тәрбиелеу.	1	02.09.2025 ж.	
2	Жаңбырлы күн *(Акварель бояу)*	-мазмұнды сурет салудағы сүйкей жағу арқылы қағаз бетіне дақ түсіру тәсілін үйрету; қылқаламмен және бояумен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру; -ұқыпты жұмыс істеуге үйрету, тиянақтылыққа тәрбиелеу.	1	30.09	
3	Гүлдене бер, Қазақстан! *(Акварель бояу)*	-балалардың қоршаған ортадан алған әсерлерін көрсете білуге үйрету,Қазақстанның кең байтақ екенін түсіндіріп, білімдерін кеңейту; -балалардың туған жердің көрінісін қағазға түсіре білудегі шығармашылық ойлауын дамыту;	1	04.11	
4	Менің сүйікті ертегім *(Акварель бояу)*	-балаларды сурет салғанда ертегілер сюжетін, өздері ұнататын кейіпкерлерге тән сипаттарды бере білуге баулу. -балаларды елестете отырып сурет салу тәсілдерімен таныстыру.	1	02.12	
5	Мерекелік дастарқан. *(Акварель бояу)*	-балаларды қазақтың қонақжайлылығымен таныстыру; -дастарқанды әшекейлеу арқылы көркемдік талғамын қалыптастыру.	1	20.01.2026 ж.	
6	Қысқы табиғат *(Акварель бояу)*	-балалар бойында байқағыштық, қысқы табиғат құбылыстары ерекшелігін сезіне білуге үйрету. -балалардың қысқы табиғат құбылыстары туралы білімдерін нығайту; -табиғат құбылыстарын бейнелей білу, балаларға табиғатқа деген қамқорлық жасаудың қажеттілігін түсіндіру;	1	24.02	
7	Сәукелені әшекейлейміз Алашаны әшекейлеу. *(Акварель бояу)*	-қазақ халқының тұрмысы, еңбегі, ұлттық киімдер туралы ұғымдарын бекіту; -балалардың шығармашылық қабілетін дамыту; -балаларды бір-біріне дұрыс қарым-қатынас жасауға, адамгершілік, ізгілік қасиеттерге тәрбиелеу.	1	31.03	
8	Көрікті көктем.	-балалардың көктемгі құбылыстар туралы білімдерін бекіту;	1	28.04	

	(Акварель бояу)	-көктемнің шуақты бейнесін көре білуге, қағаз бетіне түсіре білуге дағдыландыру; -жұмысты талғаммен орындауға тәрбиелеу.			
9	Кешкі қала. *(Акварель бояу)*	-ауыл мен қала ерекшеліктері, құндылықтары туралы білімдерін бекіту, алған әсерлерін көрсете білуге үйрету; -кешкі қала көрінісін сезіне отырып, қағаз бетіне дұрыс орналастыруды үйрету; -жұмысты талғаммен орындауға тәрбиелеу.	1	26.05	

2025 - 2026 оқу жылына арналған
ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ
МҮСІНДЕУ / ЖЫЛДЫҚ /

Білім беру ұйымы: «№25 ЖОББМ»КММ
Топ/сынып:мектепалды 0 «А» сынып
Балалардың жасы:5-6жас
Жоспардың құрылу кезеңі: қыркүйек-жылдық 2025-2026 оқу жылы
Айына 1 сағат, барлығы 8 сағат
Алматы «Алматыкітап баспасы» 2025 ж.
Мақсаты: тәрбиеленушілердің қызығушылықтарын, жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, шығармашылық қиялын, эмоционалды-сезімдік саласын, дүниетанымын, ойлауын, көркем-эстетикалық талғамды дамыту.
Міндеттері:

балалардың өнер шығармаларын эмоционалды қабылдау қабілетін қалыптастыру;
балалардың шығармашылық қабілеттерін, қоршаған ортаны эстетикалық тұрғыдан қабылдауын дамыту;
қоршаған әлемді эмоционалды тану, өнер түрлері туралы түсінігін қалыптастыру;
өзінің, құрдастарының жұмыс нәтижелерін бағалай білуге, жұмысты ұжыммен орындауға баулу;
музыкаға, өнердің түрлеріне, өнер туындыларына ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу;
тәрбиеленушілердің жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ұлттық мәдениетке баулу арқылы патриотизмді тәрбиелеу үшін жағдай жасау;
балалардың түрлі әрекеттерінде қауіпсіздікті сақтау.

Мүсіндеу.

Сазбалшық, ермексаз және пластикалық массадан мүсіндеудің ерекшеліктерін білу.

Шынайы бейнесіне қарап және ойдан пішіндері мен өлшемі әртүрлі таныс заттарды: көкөністерді, жемістерді, ойыншықтарды, ыдыстарды мүсіндеу, оларға тән ерекшеліктерді беру, қолдың және саусақтардың қимылдарын жетілдіру, қарапайым пропорцияларды сақтай отырып, адам мен жануардың пішіндерін мүсіндеу.

Бақылаған заттың бейнесін бере білу, затты әртүрлі қалыптарда мүсіндеу, пішіннің бетін дымқыл шүберекпен тегістеу және кескішті пайдалану.

Адамның бейнесін, жануарлардың қимылдарын, қол-аяқтардың қалпын дұрыс мүсіндеу. Заттардың ұзын және қысқа, жуан және жіңішке белгілерін көрсете білу, бөліктердің салыстырмалы көлемдерін сақтау, мүсінделген пішіндердің бөліктерін бір-біріне қосып, біріккен жерлерін тегістеу.

Мүсіндеудің әртүрлі әдістерін қолдану: құрылымдық (жеке бөліктерден) және мүсіндік (негізгі бөліктерді тұтас кесектен жасау). Затқа қарап мүсіндеуде ойыншықтарды, пішіні шағын мүсіндерді, халық шеберлерінің бұйымдарын қолдану.

Қазақ халқының түрлі ыдыс-аяқтарын (қазан, астау, табақ, тостаған, керсен, ожау, күбі торсық және т.б.), тұрмыстық заттарын (керует, үстел, ер-тұрман, ошақ, кебеже, диірмен және т.б), зергерлік бұйымдарымен (білезік, сырға, сақина, тұмар, шашбау және т.б.), туған өлкедегі мәдени мұра ескерткіштерімен таныстыру, аталған заттардан қалауы бойынша мүсіндеу және оларды ою-өрнектермен және қосымша заттармен (моншақ, дән және т.б.) безендіру, жұмыс барысында әртүрлі пішінді кескіштерді қолдану, олардың бетіне бедерлер

жасау.

Біртекті заттардан сюжеттер құру, бірнеше пішінді бір тұғырға орналастыру, сюжеттерде пішіннің, қимылдың ерекшеліктерін жеткізе білу, кейіпкерлердің өзіне тән бөлшектерін мүсіндеу, композицияларды қосымша заттар мен элементтердің көмегімен көркемдеп жеткізу. Ертегілер мен әңгімелердің мазмұны бойынша сюжеттік композицияларды құру дағдыларын жетілдіру.

Ойдан өзбетінше мүсіндеуге, ұжымдық жұмыстарды орындауға баулу. Мүсіндеген заттарымен түрлі ойындар ойнау.

Жұмысты ұқыпты орындау, заттарды жинау, қауіпсіздік ережелерін сақтау.

Заттық мүсіндеу.Дағдыларды қалыптастыру:

– балаларды затқа қарап немесе көз алдарына елестету арқылы көлемі мен пішіні әртүрлі таныс заттарды, көгөністер мен жемістерге тән ерекше бөліктерді бейнелеуде қолдарын және саусақтарын дұрыс қозғалта отырып, мүсіндеу;

- қарапайым қатынастарды сақтай отырып адам мен жануарлардың пішінін мүсіндеуге үйрету;

– көшеде, үйде және балабақшада көрген заттарын бейнелей отырып, елестету арқылы мүсіндеу.

Олар бақылау жасаған заттардың бейнесін жеткізе білуге, заттарды түрлі қалыпта мүсіндеуге, бейненің жеке шешімін өздігінен табуға үйрету. Сулы шүберекпен пішіннің үстінен тегістеуге және кескішті қолдануға үйрету.

Сәндік мүсіндеу.

Балаларды халықтық ойыншықтармен таныстыру, ойыншықтарды

мүсіндеуге үйрету. Халықтық ойыншықтар желісі бойынша бейнелер жасауға үйрету. Мүсінді бейнені безендірудің тәсілдерін өз қалауы бойынша таңдауды ұсыну.

Сюжеттік мүсіндеу.

Балаларды мүсіндеудің таныс әдістерін қолдануға және заттардың өлшемдік қатынастарын бере білуге жаттықтыру. Бейненің ерекше қасиетін, адамның қимылын анық көрсетуге, сырт келбетін әдемі безендіруге үйрету.

Кескішті қолданып, тұтас бөліктен мүсін жасауды жетілдіру.

Затты тұғырға орналастыру техникасын қалыптастыру. Біртекті заттардан сюжеттер жасау, бірнеше пішінді бір тұғырға орналастыру.

Кейіпкерлердің өзіне тән бөлшектерін мүсіндеуге, композиция мазмұнын қосымша заттар мен элементтердің көмегімен мейлінше көркемдеп жеткізуге үйрету.

Біркелкі заттардың бейнесін жасаудан, мазмұнға сәйкес әрқилы бейнелерді жасау білімдерін бекіту.

Күтілетін нәтижелер:

- сазбалшық, ермексаз және пластикалық массадан мүсіндеу ерекшеліктерін біледі;
- шынайы бейнесіне қарап және ойдан пішіндері мен өлшемі әртүрлі таныс заттарды мүсіндейді;
- қарапайым пропорцияларды сақтай отырып, адам мен жануардың пішіндерін мүсіндейді;
- мүсіндеудің әртүрлі әдістерін қолданады;
- қазақ халқының түрлі ыдыс-аяқтарын, тұрмыстық заттарын, зергерлік бұйымдарын мүсіндейді және оларды ою-өрнектермен және қосымша заттармен безендіреді;
- біртекті заттардан сюжеттер құрастырады, бірнеше пішінді бір тұғырға орналастырады;
- ертегілер мен әңгімелердің мазмұны бойынша сюжеттік композицияларды құрады;
- ортақ композиция құру үшін ұжыммен мүсіндеу дағдыларын меңгерген;
- мүсіндеген заттарымен түрлі ойындар ойнайды;
- жұмысты ұқыпты орындайды, қауіпсіздік ережелерін сақтайды.

2025 - 2026 оқу жылына арналған
ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ
МҮСІНДЕУ / ЖЫЛДЫҚ /

Р/с№	ҰІӘ-нің тақырыбы	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Сағат саны	Өту мерзімі	Ескерту
1	Жеміс бағында.	-пішінді мүсіндеудің таныс әдістерін пайдалана отырып,жемістерді мүсіндеу; -бейнені затпен салыстыру, мүсіндегі сәйкестіктерді анықтай білу қабілеттерін дамыту**;** -балаларды табиғатты сүюге тәрбиелеу**.**	1	09.09.2025 ж.	
2	Көгөністер. Саңырауқұлақтар.	-геометриялық фигураларды қияр, қызылша, сәбіз,т.б. көгөністер пішініне келтіру арқылы мүсіндеу; -қолдың ұсақ моторикасын,ойлау қабілеттерін дамыту; -адамгершілік,эстетикалық тәрбие беру.	1	07.10	
3	Күзгі жапырақтар. (бедерлі мүсіндеу) Жаңғақ кемірген тиін.	-маусымдық өзгерістер туралы білімін кеңейту; -балалардың қиялын, ойлау қабілетін дамыту; -еңбекқорлыққа, ұйымшылдыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.	1	11.11	
4	Кесе.	-ыдыстың шығу тарихымен, ыдысты жасайтын материал түрімен (тас, әйнек, ағаш, металл, қыш, пластик) таныстыру; -белсенділігін, шығармашылығын дамыту; -тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.	1	09.12	
5	Тостаған.	-ұлттық ыдыстардың ерекшеліктеріне назар аударaотырып, оны мүсіндеудің әдіс-тәсілдерімен таныстыру; -ойын арқылы балалардың қимыл- қозғалыстарын, көркемдік талғамдарын дамыту; -балаларды ауызбірлікке,ұлттық дәстүрлерді құрметтеуге тәрбиелеу.	1	27.01.2026 ж.	
6	Торсық.	-торсықты әртүрлі әдіс-тәсілдермен безендіру; торсықтың пішініне сәйкес ою-өрнектерді шығармашылықпентаңдап, әшекейлеу жолдарын түсіндіру; -ұсақ қол қимылдарын дамыту, көру арқылымүсіндей білу іскерліктерін қалыптастыру; -ұлттық бұйымға деген қызығушылықтарын ояту,өнерді сүюге тәрбиелеу.	1	03.03	
7	Ғарыш кемесі.	-ғарыш әлеміне деген қызығушылықтарын арттыру; -балардың ой-қиялын, эстетикалық талғамдарын дамыту; -Отанын, елін, жерін сүюге, адалдыққа,батылдыққа,ұқыптылыққа тәрбиелеу.	1	07.04	

8	Әдемі гүлдер. Жайлауда	-гүлдердің түр-түстерін ажырата білуге баулу; өсімдіктерді күту ережелерімен таныстыру; -қолдың қимылын, сөздік қорын, тілін дамыту; -эстетикалық талғамдарын қалыптастыру, табиғаттыаялай білуге тәрбиелеу. -сурет бойынша әңгімелей отырып, жайлау, киіз үйтуралы түсінік беру; -ұлттық ою-өрнекті мүсіндей білуге үйрету; -балалардың қиялын, ойлау қабілеттеріндамыту; -еңбексүйгіштікке,ұқыптылыққа тәрбиелеу, ұлттықөнерді бағалай білуге тәрбиелеу.	1	05.05	

2025 - 2026 оқу жылына арналған
ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ
ЖАПСЫРУ / ЖЫЛДЫҚ /

Білім беру ұйымы: «№25 ЖОББМ»КММ
Топ/сынып:мектепалды 0 «А» сынып
Балалардың жасы:5-6жас
Жоспардың құрылу кезеңі: қыркүйек-жылдық 2025-2026 оқу жылы
Айына 1 сағат, барлығы 9 сағат
Алматы «Алматыкітап баспасы» 2025ж.
Мақсаты: тәрбиеленушілердің қызығушылықтарын, жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, шығармашылық қиялын, эмоционалды-сезімдік саласын, дүниетанымын, ойлауын, көркем-эстетикалық талғамды дамыту.
Міндеттері:

балалардың өнер шығармаларын эмоционалды қабылдау қабілетін қалыптастыру;
балалардың шығармашылық қабілеттерін, қоршаған ортаны эстетикалық тұрғыдан қабылдауын дамыту;
қоршаған әлемді эмоционалды тану, өнер түрлері туралы түсінігін қалыптастыру;
өзінің, құрдастарының жұмыс нәтижелерін бағалай білуге, жұмысты ұжыммен орындауға баулу;
музыкаға, өнердің түрлеріне, өнер туындыларына ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу;
тәрбиеленушілердің жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ұлттық мәдениетке баулу арқылы патриотизмді тәрбиелеу үшін жағдай жасау;
балалардың түрлі әрекеттерінде қауіпсіздікті сақтау.

Жапсыру.

Қайшыны қолдануды бекіту: жолақтардан тікбұрышты пішіндер, шаршылардан үшбұрышты пішіндер, шаршы немесе тікбұрыштың бұрыштарын қию арқылы дөңгелек және сопақша пішіндерді қиып алу.

Қағаздан таныс немесе ойдан әртүрлі бейнелерді, қатпарланып бүктелген қағаздан бірдей бірнеше пішіндерді және екіге бүктелген қағаздан симметриялы пішіндегі заттарды қию.

Жапсырудың түрлі әдістері (симметриялы, сыңарлы симметриялы, сұлбалы) мен тәсілдерін (тура, қисық қию, ою, флористика элементтерін және т.б.) қолдану, түрлі материалдардан (қағаз, мата, табиғи материалдар) жапсыру.

Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен (кілем, алаша, сырмақ, ши, көрпе, жастық және т.б.), киіз үйдің жабдықтарымен (кереге, уық, шаңырақ, сықырлауық, басқұр және т.б.) таныстыру, аталған заттардан қалауы бойынша қиып жапсыру, оларды ою-өрнектермен безендіру.

Сюжеттік композициялар жасау, оларды сәнді бөлшектермен толықтыру, жеке және топпен бірлесіп жасау, онда міндеттерді келісіп атқару.

Сюжеттік жапсыруда заттардың өлшеміне қарай арақатынасын, әртүрлі заттардың бөліктерінің пішінін, олардың құрылымын, пропорцияларын беру, әлеуметтік оқиғаларды, балалар өміріндегі оқиғаларды бейнелеу, шаблондармен, трафареттермен, дайын үлгілермен жұмыс істеу, композиция ережелеріне, перспективаға сәйкес бейнелерді құрастыру.

Қайшы мен желімді дұрыс қолдану, еңбек қауіпсіздігі мен жеке гигиена ережелерін сақтау.

Күтілетін нәтижелер:

- қайшымен түрлі геометриялық пішіндерді қияды;
- таныс немесе ойдан әртүрлі бейнелерді, қатпарланып бүктелген қағаздан бірдей бірнеше пішіндерді және екіге бүктелген қағаздан симметриялы пішіндегі заттарды қияды;
- қазақ халқының тұрмыстық заттарын, киіз үйдің жабдықтарын таниды, оларды қиып жапсырады, ою-өрнектермен безендіреді;
- жұмыс тәсілдерін таңдайды және түсіндіреді;
- бірнеше бөліктерден бейнелерді құрастырады;
- сюжеттік композициялар жасайды, оларды сәнді бөлшектермен толықтырады;
- жұмысты жеке және топпен бірлесіп жасайды, топтық жұмыста міндеттерді келісіп атқарады;
- сюжеттік жапсыруда заттардың өлшеміне қарай арақатынасын, әртүрлі заттардың бөліктерінің пішінін, олардың құрылымын, пропорцияларын береді;
- шаблондар мен трафареттермен, дайын үлгілермен жұмыс істейді;
- геометриялық элементтерден құрастырады, заттарды қазақ ою-өрнектерімен безендіреді;
- қайшы мен желімді дұрыс қолданады;
- еңбек қауіпсіздігі мен жеке гигиена ережелерін сақтайды.

2025 - 2026 оқу жылына арналған
ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ
ЖАПСЫРУ / ЖЫЛДЫҚ /

Р/с №	ҰІӘ-нің тақырыбы	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Сағат саны	Өту мерзімі	Ескерту
1	Көшедегі үйлер.Біздің үй.	-архитектуралық бөлшектер туралы түсініктерін кеңейте отырып, әр бөлікті өз орнына ұқыптылықпен жапсыру қабілеттерін дамыту; -балалардың үй туралы, оның түрлері туралы ой-қиялдарын жетілдіру.	1	16.09.2025 ж.	
2	Күзгі жапырақтар.	-қол, саусақ қимылдарын арттыру; көркем сөйлеу тілін дамыту; -табиғатты сүюге, еңбекке тәрбиелеу.	1	14.10	
3	Бұлттар.	-қағаз бетіне бейнені дұрыс орналастыра білу машығына баулу; -шығармашылық қабілеттерін дамыту; -табиғатты сүюге, әсемдікке тәрбиелеу.	1	18.11	
4-5	Айдарлы әтеш\Түлкі.	-үй құстарына деген қамқорлық сезімдерін ояту;-- -ойлау қабілеттерін , қиялын дамыту. -бұрынғы үйренген әдіс-тәсілдерді өз еріктерімен қолдана білу дағдыларын қалыптастыру; -ұсақ қол қимылдарын, ойлау қабілетін дамыту , -ұқыптылыққа, тиянақтылыққа тәрбиелеу.	2	23.12	16.12
6	Домбыра.	-бүктелген қағаздан симметриялы пішінді қия білуді жалғастыру; -шығармашылық қасиеттерін дамыту; -қол қимылдарын жаттықтыру; -өнерді бағалай білуге, өнерлі болуға талпынуға ықпал ету.	1	03.02	
7	Орамалды әшекейле.	-балалардың геометриялық пішіндер туралы білімдерін пысықтау; -ұқыпты жапсыруға үйрету; -саусақ моторикасын дамыта отырып, өнерге баулу; -сенсорикалық тәрбиені дамыту; -достарына көмектесе білуге тәрбиелеу.	1	10.03	
8	Әжеме арналған қамзол.	-сәндік қолданбалы өнер түрлерімен таныстыру; -саусақ қимылдарын дамыту, қағазды қатпарлап, бүктеп қию әдістерін жалғастыру; -ою атауларын еске түсіру;ұлттық өнерді	1	14.04	

		қадірлеуге, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.			
9	Мерекелік жалаушалар	-қағаздарды түр-түсіне қарай іріктеп алу, пішіндерді қағаз бетіне дұрыс орналастыра білу дағдыларын қалыптастыру; саусақ қозғалыстарын жетілдіру; -қайшымен жұмыс істеу кемділігін арттыру; қуана білуге, достарына, айналасындағыларға қуаныш сыйлай білуге тәрбиелеу.	1	12.05	
Барлығы: 9 сағат					

2025 - 2026 оқу жылына арналған
ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ
ҚҰРАСТЫРУ / ЖЫЛДЫҚ /

Білім беру ұйымы: «№25 ЖОББМ»КММ
Топ/сынып:мектепалды 0 «А» сынып
Балалардың жасы:5-6жас
Жоспардың құрылу кезеңі: қыркүйек-жылдық 2025-2026 оқу жылы
Айына 1сағат, жылдық жүктеме 8 сағат
Алматы «Алматыкітап баспасы» 2025 ж.
Мақсаты: тәрбиеленушілердің қызығушылықтарын, жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, шығармашылық қиялын, эмоционалды-сезімдік саласын, дүниетанымын, ойлауын, көркем-эстетикалық талғамды дамыту.
Міндеттері:

балалардың өнер шығармаларын эмоционалды қабылдау қабілетін қалыптастыру;
балалардың шығармашылық қабілеттерін, қоршаған ортаны эстетикалық тұрғыдан қабылдауын дамыту;
қоршаған әлемді эмоционалды тану, өнер түрлері туралы түсінігін қалыптастыру;
өзінің, құрдастарының жұмыс нәтижелерін бағалай білуге, жұмысты ұжыммен орындауға баулу;
музыкаға, өнердің түрлеріне, өнер туындыларына ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу;
тәрбиеленушілердің жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ұлттық мәдениетке баулу арқылы патриотизмді тәрбиелеу үшін жағдай жасау;
балалардың түрлі әрекеттерінде қауіпсіздікті сақтау.

Құрастыру.

Құрылыс материалдарынан, конструктор бөлшектерінен құрастыру: ауызша сипаттау бойынша ұсынылған тақырыпқа, өзбетінше ойдан құрастыруға, құрдастарымен бірлесіп, шығармашылықпен құрастыруға баулу. Құрастырылған құрылысы мен құрылыстың шынайы бейнесі арасында байланыс орнату.

Қағаздан құрастыру. Қағаз цилиндрлерден қазақ халқының ұлттық бас киімдерін (тақия, сәукеле, кимешек және т.б.) және ыдыстарын құрастыру, оларды жіппен, ою-өрнектермен және т.б. безендіру. Пішіндердің түрлі қалыптарын бере білуді, оларды күрделі емес композицияларға біріктіруді қалыптастыру. Өзінің құрастырған құрылысын талдау арқылы тиімді конструктивті шешімдерді табу, оларды құрастыруда қолдану. Дербестікті, шығармашылықты, бастаманы қолдау.

Ұжыммен сюжетті құрастыруға баулу. Шығармашылық ойлауды және қиялды дамыту. Қағаздан құрастыру әдістерін қолданып, жазық материалды көлемді пішінге өзгерте білуді бекіту. Дайын үлгілермен және қарапайым сызба бойынша жұмыс істеу, бейнені кескіні бойынша қию үшін қайшыны қолдану.

Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру. Табиғи материалдарды дұрыс пайдалануға үйрету. Табиғи және қалдық материалдармен жұмыс жасау кезінде өзінің әрекетін жоспарлау дағдыларын жетілдіру, дербестік пен шығармашылық танытып, мақсатты түрде жұмыс жасай білу. Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып, елестетуі, ойлауы бойынша қолдан бұйымдар жасай білу.

Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен, киіз үйдің жасауларымен, тұрмыстық заттарымен, ыдыстарымен таныстыру, олардың қандай материалдан жасалғанын зерттеу. Табиғи (ағаш, мақта, жүн, жіп, асық, қағаз, тері, кенеп, мата, дәннің түрлері

және т.б.) және қалдық заттардан құрастыруға баулу.

Ойынға қажетті құрылысты бірлесіп ойдан құрастыруға, алдағы жұмысты бірге жоспарлауға, бір-бірімен келісіп орындауға, дайын құрылыспен ойнауға мүмкіндік беру.

Күтілетін нәтижелер:

- ұсынылған тақырыпқа, өзбетінше ойдан құрастырады;
- құрдастарымен бірлесіп, шығармашылықпен құрастырады;
- өзінің құрастырған құрылысын талдау арқылы тиімді конструктивті шешімдерді табады, оларды құрастыруда қолданады;
- бейнені кескіні бойынша қияды;
- қалдық және табиғи материалдан құрастырады;
- көрнекілікке сүйене отырып, елестетуі, ойлауы бойынша қолдан бұйымдар жасайды;
- қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарын, киіз үйдің жасауларын, тұрмыстық заттарын, ыдыстарын таниды, олардың қандай материалдан жасалғанын ажыратады;
- ойынға қажетті құрылысты бірлесіп ойдан құрастырады, жұмысты бірге келісіп орындайды, дайын құрылыспен ойнайды;
- ұжыммен бірге жұмыс істейді;
- жазық қағаз пішіндерді көлемді пішіндерге өзгертеді;
- жұмыс орнында қауіпсіздік ережелерін сақтайды.

2025 - 2026 оқу жылына арналған
ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ
ҚҰРАСТЫРУ / ЖЫЛДЫҚ /

Р/с№	ҰІӘ-нің тақырыбы	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Сағат саны	Өту мерзімі	Ескерту
1	Ұшақ.	-құрылыс материалдарынан ұшақты құрастыра білуге үйрету; -ұшақты құрастыруда оның негізгі бөлігі мен ұсақ бөлшектерін ажырата алу және балалардың ой-қиялын дамыту; -өзінің іс-әрекетін алдын ала жоспарлау дағдыларын қалыптастыру, батылдыққа, ерлікке тәрбиелеу.	1	23.09.2025 ж.	
2	Жәндіктер. Жануарлар әлемі.	-табиғи материалдардың түрлерімен таныстыру және олардан жәндіктерді құрастыруды үйрету; -кепкен жапырақтардың пішініне сәйкес әртүрлі ұсақ заттар дайындау, шығармашылық қабілеттерін дамыту; -киндер қауашақтарынан аңдардың бейнесін жасай білуге үйрету; -қалдық заттармен жұмыс жасауда шығармашылық ойлауды дамыту -сөзбен сипаттау арқылы сөздік қорын дамыту.	1	21.10	
3	Орманды мекендеушілер.	-табиғи материалдардан әртүрлі орман мекендеушілерін жасай білуге үйрету; -табиғи материалдарды пайдаланып әртүрлі бейнелер жасай білу, шығармашылық ойлау қабілеттерін дамыту; -ұжымдық жұмыс жасау арқылы мазмұнды құрастыруға қозғау салу, шығармашылық ойлауды және қиялдауды дамыту; - ұқыпты жұмыс жасай білуге тәрбиелеу.	1	25.11	
4	Ою- өрнектер. Киіз үй.	-сым темірден ою-өрнек құрастыра білуді үйрету; - көрнекіліктерді қолдану және ойдан шығару, өзінің көз алдына елестету арқылы жұмыс жасай білуді дамыту; -киіз үй құрастыруда оның негізгі бөліктерін ажырата алу және оған тән бөлшектерін анықтай білуге үйрету; -киіз үйдің бөліктерінің атауларымен таныстыру, оның адам өміріндегі маңызын түсіндіру, жасаған құрылысын талдай білу; -құрастыру барысында өзара келісімге келуге, қарым-қатынас мәдениетіне тәрбиелеу.	1	13.01.2026 ж.	

5	Көліктер.	-құрылыс материалдары мен «Лего» конструкторларды пайдалана отырып көлік түрлерін құрастыруға үйрету; -бірнеше бөліктен тұратын заттарды құрастыру,олардың бөлшектерін берік орнату және шығармашылық ойлауды дамыту; -берілген тақырыпқа сурет, фотосуреттер бойынша құрылыс салу оны сөзбен сипаттау арқылы сөздік қорын дамыту. Өзі жасаған құрылысын талдау негізінде шешімдер табу, оларды құру кезеңдерін жоспарлау, еңбек нәтижесіне жете білуге тәрбиелеу.	1	17.02	
6	«Сиқырлы» қораптар.	-тіктөртбұрышты және цилиндр пішіндерден түрлі түсті қағаздарды пайдалана отырып жануарларды жасай білуге үйрету; -қалдық заттарды, қораптарды пайдалана отырып көрсеткен үлгіге сәйкес бейнелерді жасай білу, ой-қиялын дамыту; -қалдық заттардан жасалған ойыншықтарды өздігінен безендіру және шығармашылықпен еңбек ету, ұқыпты жұмыс жасай білуге тәрбиелеу.	1	17.03	
7	Мысық. Күшіктер.	-қалдық материалдармен заттар құрастыра білуге үйрету; -қалдық материалдарды мақсатты түрде пайдалана білуді бекіту; -қағаздан цилиндр пішіндер жасау арқылы күшікті бейнелей білуге үйрету; -қағазбен көлемді пішіндер жасауда композицияға біріктіру, ойлау қабілеттерін дамыту; -күшіктің ұсақ дене бөліктерін өздігінен толықтыру, күрделі емес композицияға біріктіру; -шығармашылық қиялды дамыту, үй жануарларына қамқорлық жасай білуге тәрбиелеу.	1	21.04	
8	Менің мектебім. (Ұжымдық жұмыс)	-өз құрылысын талдай білуді бекіту, талдау негізінде құрылымдық шешімдер табу, оларды құру кезеңдерін жоспарлай білуге үйрету; -құрылыс материалдарымен құрастыруда ұжымдық мазмұнды құрастыруға қозғау салу, шығармашылық ойлауды және қиялдауды дамыту;	1	19.05	

2025 - 2026 оқу жылына арналған
ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ
МУЗЫКА / ЖЫЛДЫҚ/

Білім беру ұйымы: «№25 ЖОББМ»КММ
Топ/сынып:мектепалды 0 «А» сынып
Балалардың жасы:5-6жас
Жоспардың құрылу кезеңі: қыркүйек айы 2025-2026 оқу жылы
Аптасына 2 сағат, барлығы 68 сағат
Алматы «Алматыкітап баспасы» 2025ж.
Мақсаты: тәрбиеленушілердің қызығушылықтарын, жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, шығармашылық қиялын, эмоционалды-сезімдік саласын, дүниетанымын, ойлауын, көркем-эстетикалық талғамды дамыту.
Міндеттері:

балалардың өнер шығармаларын эмоционалды қабылдау қабілетін қалыптастыру;
балалардың шығармашылық қабілеттерін, қоршаған ортаны эстетикалық тұрғыдан қабылдауын дамыту;
қоршаған әлемді эмоционалды тану, өнер түрлері туралы түсінігін қалыптастыру;
өзінің, құрдастарының жұмыс нәтижелерін бағалай білуге, жұмысты ұжыммен орындауға баулу;
музыкаға, өнердің түрлеріне, өнер туындыларына ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу;
тәрбиеленушілердің жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ұлттық мәдениетке баулу арқылы патриотизмді тәрбиелеу үшін жағдай жасау;
балалардың түрлі әрекеттерінде қауіпсіздікті сақтау.

Музыка.

Музыкаға қызығушылық пен сүйіспеншілікті қалыптастыру. Классикалық, халықтық және заманауи музыкамен таныстыру негізінде музыка мәдениетін қалыптастыру.

Музыка тыңдау.

Балаларды шығармалардың эмоционалды мазмұнын, олардың сипатын, көңіл-күйін, динамикалық ерекшеліктерін ажырата білуге үйрету.Музыкалық шығармаға көзқарасын білдіру, оның сипаты, мазмұны туралы айту.

Музыканың сипатын бейненің мазмұнымен, оның көңіл-күйімен байланыстыра білуді қалыптастыру.Өмірдің кейбір құбылыстарын бейнелеу тәсілі ретінде әлемдік және қазақ музыка өнерінің шығармаларымен таныстыру.

Музыкалық шығармалардың жанрларын ажыратуға (ән, күй, марш, би) үйрету. Шығармалардың жеке фрагменттері бойынша (кіріспе, қорытынды, музыкалық фразалар) әуендерді тану арқылы музыканы есте сақтауды жетілдіру.

Қазақ халық аспаптары: домбыра мен қобыз үнінің тембрлік ерекшеліктерімен, «күй» жанрымен, күйші-композиторлар: Құрманғазы, Қорқыт, Тәттімбет, Дина Нұрпейісова, Дәулеткерей Шығайұлы, Ықылас Дүкенұлы шығармаларымен таныстыру.

Лирикалық, вальс ырғағындағы баяу әуендерді қабылдау, әннің (шығарманың) сипатына сәйкес би қимылдарын орындай білу, әннің қарқынының өзгеруін байқау, шығармаларды сипаттай білу.

Қазақ халқының әндері мен би әуендерінің үздік үлгілерін тыңдауға баулу.

Ән айту.

Ән айтуда дауыспен вокалдық-есту қабілетін үйлестіруді жетілдіру.

Ән айту дағдыларын қалыптастыру, бірінші октаваның «ре», екінші октаваның «до» диапазонда жеңіл дауыспен ән айту, ән айтар алдында, музыкалық фразалар арасында тыныс алу, әннің сөздерін анық айту, орташа, қатты және ақырын дауыспен ән айту. Музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз жеке ән айту дағдыларын дамыту.

Әртүрлі сипаттағы әндерді өз бетінше және шығармашылықпен орындауға баулу. Әнді музыкалық талғаммен орындауға жаттықтыру.

Музыкалық-ырғақтық қимылдар.

Музыканың және оның бөліктерінің сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгерте отырып, жаттығуларды орындауға үйрету: марш сипатын анық ырғақты жүрумен; музыканың қимыл сипатын жеңіл және ырғақпен жүгіру, жүрелеп отыру арқылы бере білу.

Би қимылдарын: қосалқы және ауыспалы қадам жасауды, әртүрлі бағытта жүгіруді және секіруді меңгеру.

Билер

Музыкаға сәйкес орындалатын би қимылдарын білу; би қимылдарының элементтерін жеңіл, еркін орындау; қозғалыс бағытын музыкалық фразаларға сәйкес өзгерту.

Қазақ халқының би өнерімен таныстыру, қазақтың халықтық би өнері ерте заманнан қалыптасқандығын, ол халқымыздың аса бай ауыз әдебиетімен, ән-күйлерімен, дәстүрлі тұрмыс салтымен біте қайнасып келе жатқан ел мұрасы екенін, би өнері өзінің эстетикалық болмысында қазақ жұртының жалпы дүниетанымына сай арман-мұраттарын бейнелейтін қимылдар жүйесін құрайтынын түсіндіру, балаларға «Қаражорға» биін билету.

Би шығармашылығы.

Таныс би қимылдарын қолдана отырып, музыканың сипатына сәйкес ойдан би қимылдарын шығару, мәтінге сәйкес әнді сахналау; шығармашылық тапсырмаларды орындауға ынталандыру.

Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау

Балалар музыкалық аспаптарында қарапайым, таныс әуендерді жеке және шағын топпен орындауға үйрету, балалар шығармашылығын дамыту, оларды белсенділікке, дербестікке баулу.

Музыкалық (дауылпаз, асатаяқ, сазсырнай, тұяқтас, қоңырау, сыбызғы, домбыра, металлофон, ксилофон, бубен, барабан, маракас, румба және т.б.) және шулы аспаптарда ойнау тәсілдерімен таныстыру.

І жартыжылдық

Музыка тыңдау. Дағдыларды қалыптастыру:

Шығармалардың эмоционалдық мазмұнын, олардың сипатын, көңіл күйін ажырату, әсерлі реңктерін ажырату. Музыкалық шығармаға өзінің қатынасын білдіру, оның мазмұны мен сипаты туралы пікірін айту, қазақтың ұлттық аспабының дыбысталуымен таныстыру. Ұлттық, домбырада және қобызда орындалатын "күй" жанрымен таныстыру, күйші-композитор: күйші Құрманғазы, қобызшы Қорқыт шығармашылығымен таныстыру.

Ән айту. Дағдыларды қалыптастыру:

Дауысы мен есту қабілеттерін дамытуға арналған жаттығуларда қиын емес әуендерді 2–3 жақын үндестікте дауысын дәл келтіріп орындауға үйрету, септима мен терция дыбыстарын ажырату, қолымен бағытын (жоғары-төмен) көрсете отырып, әуеннің жоғарғы-төменгі қозғалысын ажырату.

Әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру, әннің кіріспесін, басын, қайырмасын ажырату. Мерекелік әннің шаттық күйін көңілді жеткізіп, жеңіл, ширақ дауыспен шумақтардың соңын жұмсартып айту. Қазақ халқының музыкасын қабылдау.

Музыкалық-ырғақтық қимылдар. Дағдыларды қалыптастыру:

Музыка сипатын анық ырғақты жүріспен, музыканың ширақ сипатын жеңіл, ырғақты жүгіріспен беру жаттығуларын орындау.

Ойындар, хороводтар. Дағдыларды қалыптастыру:

Музыка сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау: қол ұстасып, шеңберде айтылатын әндермен шеңберді айналып жүру, музыкалық тіркестерге сәйкес қозғалыстарды өзгерту, жылдамдық пен ептілікті білдіру, пьесаның аяқталуын белгілеу,

ұлттық ойындардың көңілді сипатын бере білу, дауыстардың биіктіктерін ажыратып, үлкен шеңберден кіші шеңберге қайта тұру.

Билер Дағдыларды қалыптастыру:

Әуеннің би сипатын сезіну, би қимылдарының элементтерін орындау, халық биін үйрену арқылы көркем мұраның кейбір элементтерімен таныстыру.

Би шығармашылығы. Таныс би қимылдарын қолдана отырып, ойдан би шығару іскерліктерін мадақтау, мәтінге сәйкес әнді жеке сахналау мен шығармашылық тапсырмаларды орындауға үйрету.

Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау. Дағдыларды қалыптастыру: Ересектердің орындауындағы музыкалық пьесаларды тыңдау, жоғарғы регистр, аспаптың дыбысталу тембрін ажырату. Әуеннің ырғақтық бейнесін ұрмалы аспаптарда жеке немесе кішігірім топпен ойнау. Қазақтың ұлттық ұрмалы аспаптарында ойнауға үйрету.

II жартыжылдық

Музыка тыңдау. Дағдыларды қалыптастыру:

Музыкалық мәнерлілік құралдары мен сипатын егжей-тегжейлі ажырату қабілетін дамыту. Домбыраның дыбысталуы бейнеленген пьесаларды әсерлі реңкі мен музыкалық мәнерлілік құралдарын белгілей отырып тыңдау. Лирикалық, вальс ырғағындағы байсалды әуендерді қабылдап, пьесаның билеуге икемді сипатын сезініп, қарқындық өзгерісін белгілеу. Музыкалық дыбысталуының сипаттамасына сүйене отырып, бейненің мазмұны мен музыкалық мәнерлілік элементтерімен байланыстыру, шығарманы сипаттай білу. Қазақстан композиторларының шығармашылығымен таныстыруды жалғастыру.

Ән айту. Дағдыларды қалыптастыру:

1) бір дыбыста құрылған әуеннің бөліктерін дәл ырғағымен дербес орындау;
2) терция дыбыстарын ажырату, қолмен бағытын көрсете отырып, әуеннің жоғарғы-төменгі қозғалысын ажырату;
3) қолмен бағытын көрсете отырып, әуеннің жоғарғы-төменгі қозғалысын ажырату;
4) фортепианоның сүйемелдеуімен немесе сүйемелдеуінсіз, жалғыз немесе топпен айту, оны металлофонда ойнау.

Сезіммен, ырғаққа сәйкес, ырғақтық бейнесін сақтай отырып, сөздерді анық және фразалар арасында дұрыс тыныс алып, музыкалық кіріспеден соң бірден бастап айту. Динамикалық ерекшелікті көрсете отырып, эмоционалды түрде ән айту, тынысты дұрыс алу.

Музыкалық-ырғақтық қимылдар, жаттығулар. Дағдыларды қалыптастыру:

Музыканың ширақ сипатын жеңіл, ырғақты жүгіріспен беру, тізені көтеріп жүгіруді орындау, ұлттық би элементтерін орындау, музыка сипатын би қимылдарында беру.

Ойындар, хороводтар. Дағдыларды қалыптастыру:

Түрлі сипаттағы музыкамен байланысты музыкалық-ойын бейнелерін: байсалды, баяу және көңілді, шаттықты би күйін мәнерлі жеткізу. Музыкаға сәйкес заттармен қозғалу, саптағы орнын өзгерте отырып, кеңістікте еркін бағдарлану: екі шеңбер, үлкен шеңберге тұру. Сюжетті ойындарды сахналауға үйрету.

Билер Дағдыларды қалыптастыру:

Музыкаға сәйкес қозғалыс бағытын жеңіл, еркін және нақты ауыстыра отырып орындау, би бейнелерін беру, бейнелік би қозғалыстарын қолдана отырып, әндерді сахналау.

Би шығармашылығы. Музыка сипатына сәйкес таныс би қимылдарын қолданып, би ойластыру.

Балалардың музыкалық аспаптарда ойнауы. Дағдыларды қалыптастыру:

Ересектердің орындауында халық әуендерін тыңдау, олардың сипаты мен қарқынын белгілеу. Жеңіл әуендерді ансамбльмен, балаларға арналған музыкалық аспаптарда фортепианоның сүйемелдеуімен, уақытында қосылып айту, ырғақтық бейнесін анық бере отырып ойнау, әуенді ойынмен бірге сүйемелдеу.

Күтілетін нәтижелер:

- музыкаға қызығушылық пен сүйіспеншілік танытады;
- музыкалық шығармаларға көзқарасын білдіреді, оның сипаты, мазмұны туралы айтады;
- қарапайым музыкалық жанрларды ажыратады (күй, ән, би, марш);
- әннің басында, музыкалық фразалардың арасында тыныс алуды біледі, бірінші октаваның «ре» екінші октаваның «до» диапазонында
- жеңіл дауыспен ән айтады;
- әннің сөзін анық айтады, музыка сипатын қабылдайды және жеткізеді;
- шығарманың жеке фрагменттерін (кіріспе, қайырмасы, соңы) ажырата алады;
- қазақ халқының күйші, композиторларын біледі;
- таныс әндерді өз бетінше музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз орындайды;
- әртүрлі сипаттағы әндерді өз бетінше және шығармашылықпен орындайды;
- музыкалық аспаптарда қарапайым әуендерді ойнайды;
- марш сипатын анық ырғақты жүрумен, музыканың қимыл сипатын – жеңіл және орташа (жоғары-төмен) ырғақпен береді;
- заттармен қимылдар жасайды, сюжетті ойындарды сахналайды;
- музыканың сипатына сәйкес қимылдарды орындайды;
- балаларға арналған музыкалық аспаптарда ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгерген.

2025 - 2026 оқу жылына арналған
ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ
МУЗЫКА / ҚЫРКҮЙЕК/

Р/с №	ҰІӘ-нің тақырыбы	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Репертуар	Сағат саны	Өту мерзімі	Ескерту
1-2	Білімің-бұлағың.	-домбырада орындалатын күй жанрымен таныстыру,күйші-композитор Дәулеткерей шығармашылығымен таныстыру; -әннің сипатын қабылдау,дауысын дұрыс келтіріп орындау,ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру,әннің кіріспесін,басын,қайырмасын ажыратуға үйрету; -балалардың музыкаға құштарлығын арттыру.	**Музыка тыңдау:** «Қосалқа» Дәулеткерей **Ән айту:** «Білімің – бұлағың» (Т. Қоңыратбай) **Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** «Қояндар», «Аю», «Түлкі», «Қасқыр»(Т.Ломова) **Билер:**«Жұптасу биі» (чех халық әуені) **Ойындар, хороводтар:** «Айгөлек» қазақтың халық әні (өңдеген Б. Қыдырбекова)	2	02.09.2025 ж. 04.09	
3-4	Нота үйренейік.	-әннің сипатын қабылдау,дауысын дұрыс келтіріп орындау,дауысын дұрыс келтіріп орындау,ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру,әннің кіріспесін, басын,қайырмасын ажыратуға үйрету; -әннің сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау.Музыка сипатын ашық ырғақты,ширақ жүріспен беру.	**Музыка тыңдау**:«Гүлдерайым» қазақтың халық әні (өңдеген Т. Қоңыратбай). **Ән айту:**«До-ре-ми» (Ө. Байділдаев), «Білімің – бұлағың» (Т. Қоңыратбай) **Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** «Марш» (В. Дешевов) **Билер:**«Жұптасу биі» (чех халық әуені) **Ойындар, хороводтар:** **«**Сиқырлы ағаш» («Дидактикалық ойындар» жинағынан) **Музыкалық аспапта ойнау:**	2	09.09 11.09	
5-6	Көңілді ырғақтар.	-әннің сипатын қабылдау,дауысын дұрыс келтіріп орындау; -шығармалардың эмоциялық мазмұнын,олардың сипатын,көңіл	**Музыка тыңдау:** **«**Вальс» (Қ. Шілдебаев), «Полька» (М. Красев), «Қамажай» халық әуені (өңдеген Н. Меңдіғалиев)	2	16.09 18.09	

		күйін ажырату; -музыка сипатына сәйкес ойын әркеттерін орындау,музыкалық тіркестерге сәйкес қозғалыстарды өзгерту; -көңілді әуенге қызығушылықтарын ояту.	**Ән айту:**«Мен өнерлі баламын» (М. Омаров) «До-ре-ми» (Ө. Байділдаев) **Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** «Биімді қайтала» (үнтаспада, педагогтің таңдауымен) **Билер:** «Жұптасу биі» (чех халық әуені) **Ойындар, хороводтар:** «Ән салған кім?» (А. Райымқұлова) **Музыкалық аспапта ойнау:** «Еркем-ай» қазақтың халық әні (өңдеген Б. Дәлденбай)			
7-8	Біздің аспаптар.	-ұлттық домбырада орнылалатын күй жанрымен таныстыру; -әннің сипатын қабылдау,дауысын дұрыс келтіріп орындау,дауысын дұрыс келтіріп орындау,ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру; -әуеннің би сипатын сезіну,би қимылдарының элементтерін орындау; -балалардың музыка аспабына деген қызығушылығын арттыру.	**Музыка тыңдау:** «Балбырауын» (Құрманғазы) **Ән айту:**«Балдырғандар әні» (Г. Жотаева) «Мен өнерлі баламын» (М. Омаров) **Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** «Марш» (В. Дешевов) **Билер: «**Шабандоздар биі» (үнтаспада «Жұмыр қылыш», «Жұптасу биі» (чех х. әуені) **Музыкалық аспапта ойнау:** «Еркем-ай» қазақтың халық әні (өңдеген Б. Дәлденбай)	2	23.09 25.09	
9-10	Күзгі серуен.	-әннің сипатын қабылдау,дауысын дұрыс келтіріп орындау,дауысын дұрыс келтіріп орындау,ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру; -музыка сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау:музыкалық тіркестерге сәйкес қимылдарды өзгерту; -қимылдарды музыкаға ілесе орындауларын қадағалау.	«Күзгі әуен» (А. Досмағанбет) «Балдырғандар әні» (Г. Жотаева) **Музыкалық-ырғақтық қимылдар**: «Марш» (Е. Андосов) **Билер: «**Шабандоздар биі» (үнтаспада «Жұмыр қылыш», («Билеп үйренейік» жинағынан) **Ойындар, хороводтар:**	2	30.09 02.10	

			Ән-ойын "Етек-етек" (Т. Сарыбаева) **Музыкалық аспапта ойнау:** «Еркем-ай» қазақтың халық әні (өңдеген Б. Дәлденбай)			

2025 - 2026 оқу жылына арналған
ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ
МУЗЫКА / ҚАЗАН АЙЫ/

Р/с №	ҰІӘ-нің тақырыбы	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Репертуар	Сағат саны	Өту мерзімі	Ескерту
9-10	Күзгі серуен.	-әннің сипатын қабылдау,дауысын дұрыс келтіріп орындау,дауысын дұрыс келтіріп орындау,ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру; -музыка сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау:музыкалық тіркестерге сәйкес қимылдарды өзгерту; -қимылдарды музыкаға ілесе орындауларын қадағалау.	«Күзгі әуен» (А. Досмағанбет) «Балдырғандар әні» (Г. Жотаева) **Музыкалық-ырғақтық қимылдар**: «Марш» (Е. Андосов) **Билер: «**Шабандоздар биі» (үнтаспада «Жұмыр қылыш», («Билеп үйренейік» жинағынан) **Ойындар, хороводтар:** Ән-ойын "Етек-етек" (Т. Сарыбаева) **Музыкалық аспапта ойнау:** «Еркем-ай» қазақтың халық әні (өңдеген Б. Дәлденбай)	2	30.09 02.10	
11-12	Күз – жомарт.	-күйші Тәттімбет шығармашылығымен таныстыру; -музыкалық шығармаға өзінің қатынасын білдіру, оның мазмұны мен сипаты туралы пікірін айтуға үйрету; -әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру, әннің кіріспесін, басын, қайырмасын ажыратуға дамыту.	**Музыка тыңдау:** «Саржайлау» (Тәттімбет) **Ән айту:**«Күзгі әуен» (А. Досмағанбет) «Балдырғандар әні» (Г. Жотаева) **Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** «Жеңіл би» (Т. Ломова) **Билер:** «Шабандоздар биі» (үнтаспада «Жұмыр қылыш» («Билеп үйренейік» жинағынан) **Ойындар, хороводтар:** «Қандай ырғақ» (К. Қуатбаев)	2	07.10 09.10	
13-14	Күзгі жаңбыр.	-күйші Тәттімбет шығармашылығымен таныстыру; -музыкалық шығармаға өзінің қатынасын білдіру, оның	**Музыка тыңдау:** «Саржайлау» (Тәттімбет) **Ән айту:**«Күзгі әуен» (А. Досмағанбет)	2	14.10 16.10	

		мазмұны мен сипаты туралы пікірін айтуға үйрету; -әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру, әннің кіріспесін, басын, қайырмасын ажыратуға дамыту.	«Балдырғандар әні» (Г. Жотаева) **Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** «Жеңіл би» (Т. Ломова) **Билер:** «Шабандоздар биі» (үнтаспада «Жұмыр қылыш» («Билеп үйренейік» жинағынан) **Ойындар, хороводтар:** «Қандай ырғақ» (К. Қуатбаев)			
15-16	Сабантойды тойлаймыз.	-қолымен бағытын (жоғары-төмен) көрсете білу, дауыстардың биіктіктерін ажыратып, жоғары-төменгі қозғалысын ажырату; -музыка сипатына сәйкес қимылдар орындау; -ұлттық ойындардың көңілді сипатын бере білу.	**Музыка тыңдау:** «Тойбастар» күйі (Д. Нұрпейісова) **Ән айту:**«Сабантой» (Е. Хасанғалиев) «Жау, жау, жаңбыр» (К. Дүйсекеев) **Музыкалық-ырғақтық қимылдар**: «Марш» (Е. Андосов) **Билер:** «Көңілді қолшатырлар биі (педагогтің таңдауымен) **Ойындар, хороводтар:** «Теңге алу» қазақтың ұлттық ойыны («Адай» Құрманғазы, үнтаспадан)	2	21.10 23.10	

2025 - 2026 оқу жылына арналған
ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ
МУЗЫКА / ҚАРАША АЙЫ/

Р/с №	ҰІӘ-нің тақырыбы	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Репертуар	Сағат саны	Өту мерзімі	Ескерту
17-18	Елтаңбасы елімнің. Гүлдене бер, Нұр Сұлтан.	-музыкалық шығармаға өзінің қатынасын білдіру; -әуеннің би сипатын сезіну, би қимылдарының элементтерін орындау, халық биін үйрену арқылы көркем мұраның кейбір элементтерімен таныстыру.	**Музыка тыңдау:** «Аққу» (Н. Тілендиев, үнтаспа) **Ән айту:** «Елтаңбасы елімнің» (Д. Омаров) «Сабантой» (Е. Хасанғалиев) **Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** «Шеңберге тұр» (Л. Бетховен) **Билер:**«Асатаяқ биі» (қыздар) («Билеп үйренейік» жинағынан) **Ойындар, хороводтар:** «Аспаптардың дауысын ажырату»	2	04.11 06.11	
19-20	Біздің рәміздер.	-әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру, әннің кіріспесін, басын, қайырмасын ажырату; - халық биін үйрену арқылы көркем мұраның кейбір элементтерімен таныстыру; -қазақтың ұлттық аспабының дыбысталуымен таныстыру.	**Музыка тыңдау:** «Қазақстан жалауы» (Д. Омаров) **Ән айту:** «Тәуелсіздік таңы» (А. Шырынбекова) «Жомарт елім» (И. Нүсіпбаев) **Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** «Жаса,Қазақстан»(үнтаспада) «Көңілді балалар» литва халық әуені (өңдеген Т. Ломова) Билер: «Қара бала» биі («Билеп үйренейік» жинағынан) Музыкалық аспапта ойнау: «Илигай» қ.х.ә. (өңд. Б. Дәлденбай)	2	11.11 13.11	
21-22	Жомарт өлкем	-қазақ халқының музыкасын қабылдау; -әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру, әннің кіріспесін, басын,қайырмасын	**Музыка тыңдау:** «Туған ел» (Л. Хамиди) **Ән айту:**«Жомарт елім» (И. Нүсіпбаев) **«**Астана» (А. Досмағанбет)	2	18.11 20.11	

		ажырату; -музыка сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау. Халық биін үйрену арқылы көркем мұраның кейбір элементтерімен таныстыру.	**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** «Жаса, Қазақстан» (үнтаспада) «Көңілді балалар» литва халық әуені (өңдеген Т. Ломова) **Билер:** «Қара бала» биі («Билеп үйренейік» жинағынан) **«**Асатаяқ биі» (қыздар) («Билеп үйренейік» жинағынан) **Ойындар, хороводтар:** «Ноталарды орналастыр» («Дидактикалық ойындар» жинағынан) **Музыкалық аспапта ойнау:** «Илигай» қ.х.ә. (өңд. Б. Дәлденбай)			
23-24	Егеменді елім	-әннің ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру, әннің кіріспесін, басын, қайырмасын ажырату; -музыка сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау: қол ұстасып шеңберде айтылатын әндермен шеңберді айналып жүру, музыкалық тіркестерге сәйкес қимылдарды өзгерту; -ойын арқылы балаларды достыққа, бірлікке тәрбиелеу.	**Музыка тыңдау:** «Алатау» (Н. Тілендиев, үнтаспадан) **Ән айту:** «Қазақтың жері» (Б. Түзелбекова) «Тәуелсіздік таңы» (А. Шырынбекова) **Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** «Айна» орыс х.ә. (өңдеген М. Раухвергер) **Билер:** «Еркебұлан» биі («Билеп үйренейік» жинағынан) Ойындар, хороводтар: «Шаңырақ» ойыны **Музыкалық аспапта ойнау:** «Илигай» қ.х.ә. (өңд. Б. Дәлденбай)	2	25.11 27.11	

2025 - 2026 оқу жылына арналған
ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ
МУЗЫКА / ЖЕЛТОҚСАН АЙЫ/

Р/с №	ҰІӘ-нің тақырыбы	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Репертуар	Сағат саны	Өту мерзімі	Ескерту
25-26	Қысқы орманда.	-музыкалық шығармаға өзінің қатынасын білдіру; -әуеннің би сипатын сезіну, би қимылдарының элементтерін орындау.Музыка сипатына сәйкес қол ұстасып шеңберде айтылатын әндермен шеңберді айналып жүру; -әуеннің ырғақтық бейнесін ұрмалы аспаптарда жеке немесе кішігірім топпен ойнау.	**Музыка тыңдау:** «Желтоқсан» (П. Чайковский) **Ән айту:**«Шырша әні» (К. Қуатбаев) «Қазақтың жері» (Б. Түзелбекова) **Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** «Айна» орыс халық әуені (өңдеген М. Раухвергер) **Билер:** «Еркебұлан» биі («Билеп үйренейік» жинағынан) **Ойындар, хороводтар:** «Айналмалы дөңгелек» («Дидактикалық ойындар» жинағы) **Музыкалық аспапта ойнау:** «Илигай» қ.х.ә. (өңд. Б. Дәлденбай)	2	02.12 04.12	
27-28	Орманда серуендейміз.	-шығармалардың эмоциялық мазмұнын, олардың сипатын, көңіл күйін ажырату, әсерлі реңктерін ажырату; -мерекелік әннің шаттық көңілін көңілді жеткізіп, жеңіл, ширақ дауыспен шумақтардың соңын жұмсартып айту; -әуеннің би сипатын сезіну, би қимылдарының элементтерін орындау. Музыкалық аспаптарда ойнауға үйрету.	**Музыка тыңдау:** «Жаңа жыл» (Қ. Шілдебаев) **Ән айту:**Ақша қар» (Е. Өміров) «Шырша әні» (К. Қуатбаев) **Музыкалық-ырғақтық қимылдар**: «Сағат» (Е. Андосов) **Билер:** «Ұлпақарлар биі» («Вальс» П. Чайковский үнтаспада, «Билеп үйренейік» жинағынан) **Музыкалық аспапта ойнау:** «Полька» (А. Филиппенко)	2	09.12 11.12	
29-30	Қысқы әуен сыңғырлайды\ Қысқы әуен	-шығармалардың эмоциялық мазмұнын, олардың сипатын, көңіл күйін ажырату;	**Музыка тыңдау:** «Қыс» (А. Вивальди, үнтаспадан) **Ән айту:**«Ақша қар» (К. Қуатбаев)	2	18.12	16.12

	сыңғырлайды	-қолмен музыка бағытын (жоғары-төмен) көрсете отырып, әуеннің жоғарғы- төменгі қозғалысын ажырату, әнмен шеңберді айналып жүру; -ойын арқылы балаларды ұйымшылдыққа баулу.	«Ақша қар» (Е. Өміров) **Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** «Шеңберге тұр» (Л. Бетховен) **Билер:**«Ұлпақарлар биі» («Вальс» П. Чайковский үнтаспада, «Билеп үйренейік» жинағынан) **Ойындар, хороводтар:** **«**Жылдам құрастыр» **Музыкалық аспапта ойнау:** «Полька» (А. Филиппенко)			
31-32	Қыс қызығы.	-музыкалық шығармаға өзінің қатынасын білдіру, оның мазмұны мен сипаты туралы пікірін айту; -әннің сипатын қабылдау дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру; -әуеннің ырғақтық бейнесін ұрмалы аспаптарда жеке немесе кішігірім топпен ойнау.	**Музыка тыңдау:** «Вальс» (С. Майкапар) **Ән айту:**«Қыс қызығы» (И. Нүсіпбаев) «Ақша қар» (К. Қуатбаев) **Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** «Аюлар биі» (Е. Тиличеева) **Билер:** «Испан биі» («Билеп үйренейік» жинағынан) **Ойындар, хороводтар:** «Төмен және жоғары дыбыстар» ойыны**Музыкалық аспапта ойнау:** «Полька» (А. Филиппенко)	2	23.12 25.12	

2025 - 2026 оқу жылына арналған
ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ
МУЗЫКА / ҚАҢТАР АЙЫ/

Р/с №	ҰІӘ-нің тақырыбы	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Репертуар	Сағат саны	Өту мерзімі	Ескерту
33-34	Бұл қай кезде болады?	-әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау; -ұлттық ойындардың көңілді сипатын бере білу, дауыс биіктіктерін ажыратып,үлкен шеңберден кіші шеңберге қайта тұру; -ойын арқылы балаларды әдептілікке тәрбиелеу.	**Музыка тыңдау:** «Қыс» (Б. Ерзакович) **Ән айту:** «Зырлайды шанамыз» (М. Маңғытаев) «Қыс қызығы» (И. Нүсіпбаев) **Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** «Ленталармен жаттығу» (В. Моцарт) **Билер:** «Испан биі» («Билеп үйренейік» жинағынан) **Ойындар, хороводтар:** **«**Кешікпе» орыстың х.ә. (өңдеген М. Раухвергер) **Музыкалық аспапта ойнау:**«Полька» (А. Филиппенко)	2	08.01.2026 ж. 13.01	
6	Дауысты дыбыстар.	-сөздегі дыбыстардың бірізділігін белгілеуге үйрету; -дауысты дыбыстардың жасалу жолдарымен таныстыру арқылы фонематикалық естулері мен есте сақтау қабілеттерін дамыту; -өз бетімен тиянақты жұмыс жасауға тәрбиелеу.	1	12.09	
7	Жуан дауысты дыбыстар.	-дауысты дыбыстарды есте сақтауға арналған жаттығуларды айтқызып, тілдерін жаттықтыру; -жүйелі сөйлей білулерін, ойлау қабілеттерін, сурет бойынша әңгімелей білу дағдыларын дамыту; -жазу жұмыстары арқылы ұсақ қол моторикасын дамыту, ұқыптылыққа тәрбиелеу.	1	16.09	
8	Жіңішке дауысты дыбыстар.	-дауысты дыбыстарды естерінде сақтауға жаттығуларды айтқызып жаттықтыру; -жаңа сөздердің мағыналарын ашу арқылы логикалық ойлау қабілеттерін, есте сақтау қабілеттерін дамыту; -жазу барысында эстетикалық талғамдарын тәрбиелеу.	1	17.09	
9	Дауысты дыбыстарды бекіту.	-сөздегі дауысты дыбыстар туралы түсініктерін бекіту; -дауысты дыбыстарды сөз ішінде ажыратуға жаттығулар жасату арқылы зейіндерін дамыту; -ұқыптылыққа тәрбиелеу.	1	19.09	
10	Дауыссыз дыбыстардың жасалуы.	-суреттен дауыссыз дыбыстардан басталатын суреттерді таба білу қабілеттерін дамыту; -дауысты және дауыссыз дыбыстарды бір-бірінен ажырата білуге дағдыландыру; -жазу барысында денені дұрыс ұстап, әдемі жазуға дағдыландыру арқылы эстетикалық талғамдарын тәрбиелеу.	1	23.09	
11	Біз нені үйрендік?	-жаңылтпаштарды жаңылмай жылдам айтуға дағдыландыру; -сұрақ-жауап әдісі арқылы сұраққа толық, тиянақты, нақты жауап беруге жаттықтыру; -мұқияттылыққа тәрбиелеу.	1	24.09	
12	Біз нені үйрендік,нені білдік?	-берілген дыбысқа сөз ойлап айта білу қабілеттерін жетілдіру; -тақырып бойынша берілген дидактикалық ойын арқылы сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру;	1	26.09	

		-білімге деген қызығушылықтарын арттыру арқылы білімпаздыққа тәрбиелеу.			
13	Қатаң дауыссыз дыбыстар.	-дауыссыздарды қайталату арқылы естерінде сақтату. -суреттер бойынша заттардың атын ататып, сол сөздердегі дауыссыз дыбыстан басталатын дыбыстарды ажыратып айтуға дағдыландыру. -бастаған істі тиянақты аяқтай білуге тәрбиелеу.	1	30.09	

2025 - 2026 оқу жылына арналған
ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ
САУАТ АШУ НЕГІЗДЕРІ / ҚАЗАН АЙЫ/

Р/с №	ҰІӘ-нің тақырыбы	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Сағат саны	Өту мерзімі	Ескерту
14	Ұяң дауыссыз дыбыстар	-дауыссыздарды қайталату арқылы естерінде сақтату. -суреттер бойынша заттардың атын ататып, сол сөздердегі дауыссыз дыбыстан басталатын дыбыстарды ажыратып айтуға дағдыландыру. -еңбекқорлыққа тәрбиелеу.	1	01.10	
15	Үнді дауыссыз дыбыстар	-дауыссыз дыбыстарды басқа дыбыстардан ажыратуға үйрету. -дауыссыздарды қайталату арқылы естерінде сақтату. -бастаған істі тиянақты аяқтай білуге, еңбекқорлыққа тәрбиелеу.	1	03.10	
16	Біз нені үйрендік,нені білдік?	-дауыссыз дыбыстарды есте сақтауға жаттығулар жасату, дауыссыздарды қайталату арқылы естерінде сақтату. -дауыссыз дыбыстардың айтылу барысындағы ерекшелікті ұғындыру арқылы логикалық ойлау қабілеттерін дамыту. -ұжым болып жұмыс істеуге тәрбиелеу.	1	07.10	
17	Дыбыстар әлемі.	-дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажыратуды үйретуді жалғастыру. -тапсырмалар арқылы сұраққа толық, тиянақты, нақты жауап беруге дағдыландыру. -достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу.	1	08.10	
18	Буын	-сөздерді буынға түрлі әдістермен бөлуді үйрету. -сөздердің лексикалық мағынасына мән бергізу арқылы логикалық ойларын дамыту. -ұқыптылыққа, білімпаздыққа тәрбиелеу.	1	10.10	
19	Буынды сызба түрінде көрсетіп үйренеміз.	-сөздерді буынға бөлуді үйретуді жалғастыру. -суреттерді өз сызбасымен дұрыс сәйкестендіру арқылы ойлау қабілеттерін, қиялын дамыту. -бастаған істі аяқтай білуге тәрбиелеу.	1	14.10	
20	Буынға бөлейік	-басталған буынға буын қосып, сөз құрауға үйрету. -сөздерді буынға бөлдіру арқылы шапшаң ойлауға	1	15.10	

		дағдыландыру, сөздік қорларын толықтыру. -ұқыптылыққа тәрбиелеу.			
21	Ойнай отырып оқимыз.	-сөздерді буынға бөлу, буын санын ажырата алуға жаттықтыру. -дидактикалық ойындар арқылы буындардан сөз құрай алу дағдыларын дамыту. -шығармашылықпен жұмыс істеуге тәрбиелеу.	1	17.10	
22	Дыбыстық талдау.	-дыбысты талдау жасату арқылы дауысты, дауыссыз дыбыстар туралы алған білімдерін естеріне түсіру. -дауысты және дауыссыз дыбыстарды сәйкес қызыл, көк түстермен белгілей алу қабілеттерін дамыту. -тыңғылықты жұмыс істеуге, еңбекқорлыққа тәрбиелеу.	1	21.10	
23	Дыбыстық талдау.	-балалардың дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтай алу дағдыларын бекіту. -сөз құрамын анықтау, сұраққа толық, тиянақты, нақты жауап беру дағдыларын дамыту. -ұқыпты жұмыс жасауға тәрбиелеу.	1	22.10	
24	Дыбыстық талдау. [ң]	-балалардың дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтай алу дағдыларын бекіту. -сөз құрамын анықтау, сұраққа толық, тиянақты, нақты жауап беру дағдыларын дамыту. -ұқыпты жұмыс жасауға тәрбиелеу.	1	24.10	

2025 - 2026 оқу жылына арналған
ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ
САУАТ АШУ НЕГІЗДЕРІ / ҚАРАША АЙЫ/

Р/с №	ҰІӘ-нің тақырыбы	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Сағат саны	Өту мерзімі	Ескерту
25	Дыбыстық талдау.(үш дыбыстан тұратын)	Дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажыратуларын жетілдіру. Берілген дыбысқа сөз құрай алу дағдыларын бекіту және графикалық жұмысты орындау кезінде жаза білу қабілеттерін дамыту. Тиянақты және мұқият болуға тәрбиелеу.	1	04.11	
26	Дыбыстық талдау.	Сөздерді буынға бөле алу дағдыларын бекіту. Тақырыпқа сай дидактикалық ойындар арқылы дыбыс және дыбыстық талдау туралы алған білімдерін пысықтау. Дербес жұмыс істеу алуға еңбекқорлыққа тәрбиелеу.	1	05.11	
27	Дыбыстық талдау. **[н]**	Дауыссыз дыбыстарды айтылу барысында ажыратуды жетілдіру. Дыбыстардың сөз ішіндегі орнын анықтай алу дағдыларын дамыту. Дұрыс отырмаудың денсаулыққа зиян екенін түсіндіріп, салауатты өмір сүруге тәрбиелеу.	1	07.11	
28	Дыбыстық талдау.**[н],[л]**	Дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажыратуларын жетілдіру. Берілген дыбысқа сөз құрап, сөздегі сол дыбыстың орнын анықтай алу дағдыларын бекіту. Артикуляциялық жаттығу жасату арқылы әдемі сөйлеуге баулу.	1	11.11	
29	Дыбыстық талдау. **[о]**	Берілген дыбысқа сөз құрап, сөздегі сол дыбыстың орнын анықтай алу дағдыларын жетілдіру. Дыбыстар туралы сұрақтарға жауап алу арқылы жылдам ойлауға және ойларын дұрыс жеткізе алуға жаттықтыру. Тапсырмаларды орындату арқылы талаптану, іздену секілді қасиеттерін тәрбиелеу.	1	12.11	
30	Дыбыстық талдау. **[с]**	Дауысты дыбыстардың түрлерін ажырата алу дағдыларын бекіту. «Дауыссыз дыбыстан басталатын сөз жалға» ойыны	1	14.11	

		арқылы логикалық ойлауларын дамыту. Шығармашылықпен жұмыс жасауға баулу арқылы еңбекқорлыққа тәрбиелеу.			
31	Дыбыстық талдау. **[л]**	Берілген дыбысқа сөз ойлап айта білуге жаттықтыру. Дауысты, дауыссыз дыбыстар туралы білімдерін бекіту арқылы сөз құрап, сол сөзді буынға бөле алу дағдыларын бекіту. Ұсақ қол моторикасына арналған тапсырмаларды орындату арқылы шыдамдылыққа, тиянақтылыққа тәрбиелеу.	1	18.11	
32	Сөздерді буынға бөлеміз.	Сөздерді буынға бөлуді жалғастыру, берілген буынға сөз құрауды үйрету. Дауысты, дауыссыз дыбыстар туралы білімдерін бекітуге арналған тапсырмаларды орындату арқылы логикалық ойлау қабілеттерін дамыту. Дербес жұмыс істей алуға тәрбиелеу.	1	19.11	
33	Сызба бойынша сөздерді буынға бөлу.	Берілген буынға сөз құрай алу дағдыларын жетілдіру. «Кері іс-әрекетті айт» ойыны арқылы сөйлем құрату арқылы шығармашылықпен ойлауларын дамыту. Білімпаз болуға тәрбиелеу.	1	21.11	
34	Дыбыстың сөздегі орны **[т]**	Балаларды дыбыстың сөздегі орнын таба білуге үйрету. Берілген буынға сөз құрап, сөздерді буынға бөле алу дағдыларын бекіту. Дербес жұмыс істеу алуға және ұқыптылыққа тәрбиелеу.	1	25.11	
35	Ойнай отырып оқимыз **[к]**	Сөздерді буынға бөлу, буындарды ретімен айту және сызбамен белгілей алу дағдыларын бекіту. Берілген буынға сөз құрай алу дағдыларын бекіту. Ойындар арқылы шапшаңдық, төзімділік секілді қасиеттерін дамыту.	1	26.11	
36	Біз нені үйрендік,нені білдік?	Сөздерді буынға бөлу дағдыларын жетілдіру. Сөздегі жетіспейтін буынды аяқтауға, берілген дыбысқа сөздерді жылдам құрауға жаттықтыру. Дербес жұмыс істеу алуға және ұқыптылыққа тәрбиелеу.	1	28.11	

2025 - 2026 оқу жылына арналған
ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ
САУАТ АШУ НЕГІЗДЕРІ / ЖЕЛТОҚСАН АЙЫ/

Р/с №	ҰІӘ-нің тақырыбы	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Сағат саны	Өту мерзімі	Ескерту
37	Дыбыстық талдау .(май,сүт)	-сөздерге дыбыстық талдау жасату үйрету; -суреттер қандай дыбыстан басталатынын ауызша анықтауға үйрету, белгілермен қоршату, жасалу жолдарын естеріне түсіру дағдыларын бекіту; -дұрыс отыру, дұрыс жазу ережелерін таныстыра отырып, дене сымбатын дұрыс қалыптастыруға тәрбиелеу.	1	02.12	
38	Дыбыстық талдау.(түн)	-сөздегі дыбыс санын анықтай алуға үйрету, дыбыстық талдау жасауды үйретуді жалғастыру; -сөзді буынға бөле алу дағдыларын бекіту; -дербес жұмыс істеу алуға және әрқашан ақжарқын жүруге тәрбиелеу.	1	03.12	
39	Дыбыстық талдау .(құрт,кілт)	-дауыссыз, дауысты дыбыстарды ажыратуға жаттығулар жасату; -өз ойын еркін жеткізе білуге жағдай жасау, сұраққа толық, тиянақты, нақты жауап беруге үйрету, сөздерді дұрыс айтуға қалыптастыру; -мамандық иелерінің еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.	1	05.12	
40	Дыбыстық талдау **[р]**	-дауыссыз, дауысты дыбыстарды ажыратуға жаттығулар жасатуға жаттықтыру; -буынға бөлгізу арқылы, буынға бөлуді меңгертуді жалғастыру арқылы ауызекі сөйлеулерін дамыту; -жануарларға қамқор болуға тәрбиелеу.	1	09.12	
41	Сөйлем.	-сөйлем ұғымымен таныстыру, екі-үш сөзден тұратын сөйлем құратып, сөйлемдегі сөздерді ретімен айтқызып үйрету; -берілген буынға сөз құрау және антоним сөздерді айта алу дағдыларын бекіту; -ойын арқылы көшбасшы болуға тәрбиелеу.	1	10.12	
42	Сөйлем сызбасы.	-сөйлем сызбасымен таныстырып, 2–3 сөзден тұратын сөйлем құрауды үйрету; -сөйлем сызбасын құруды үйретіп, сөйлемдегі сөздерді	1	12.12	

		ретімен айтқызып, берілген буынға сөз құрап, дыбыстық сызба бойынша сөз құрай алу дағдыларын бекіту; -басталған жұмысты аяғына дейін жеткізе білуге тәрбиелеу.			
43-44	Сөйлем құрау\ Ойнай отырып оқимыз.	-сөздерді қатыстырып, белгілі ретімен сөйлем құрай алу және сөйлемдегі бірінші, екінші, үшінші сөздерді ретімен айта алу дағдыларын бекіту; -сөйлем сызбасын құруға және сөйлемге мағынасына қарай сөз қоса алуға жаттықтыру; -дербес жұмыс істей алуға және шыдамдылыққа тәрбиелеу. -сөйлем құрып, сөйлемдегі сөздерді ретімен айта алу және құрылған сөйлемнің сызбасын құрай алу дағдыларын жетілдіру; -сөзді дыбыстық талдай алу дағдыларын бекіту; -көлік түрлерінің пайдасын айта отырып, еңбекқорлыққа тәрбиелеу.	2	17.12	16.12
45	Дыбыстық талдау.(кесе,асық)	-дыбыстық талдау жасауға жаттықтыру; -дауысты, дауыссыз дыбыстардың түрлеріне жатығулар жасату, сөйлем құрату арқылы зейіндері мен логикалық ойлауларын дамыту; -мамандық түрлерімен таныстыру арқылы әр мамандық иелерінің жұмысын құрметтеуге тәрбиелеу.	1	19.12	
46	Біз нені үйрендік,нені білдік? **[з]**	-сөзді буынға бөлу дағдыларын жетілдіру; берілген дыбысқа сөз құрай алуға жаттықтыру; -сөздерге дыбыстық талдау жасай білу дағдыларын жетілдіру; -қайырымды болуға тәрбиелеу.	1	23.12	
47	Біз нені үйрендік,нені білдік? **[ч]**	-суреттер бойынша сөйлемдер құрай білу дағдыларын жетілдіру; -*қайырымдылық, қамқорлық* сөздерінің мағынасын түсіндіру арқылы ақыл-ойларын дамыту. -мамандық түрлерімен таныстыру арқылы еңбек етуге тәрбиелеу.	1	24.12	
48	Біз сөйлем құрай аламыз.	-сөйлем құрау, дыбыстық талдау жасау іскерліктерін қалыптастыру**;** -сөзді буынға бөле алу дағдыларын бекіту;	1	26.12	

		-жыл мезгілдерінің ерекшеліктерін түсіндіре отырып, табиғатты сүюге, қорғауға тәрбиелеу.			

2025 - 2026 оқу жылына арналған
ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ
САУАТ АШУ НЕГІЗДЕРІ / ҚАҢТАР АЙЫ/

Р/с №	ҰІӘ-нің тақырыбы	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Сағат саны	Өту мерзімі	Ескерту
49	Біз нені үйрендік,нені білдік? **[ө]**	- сөзді буынға бөлу, дыбыстық талдау жасау, сөйлем құрай алу дағдыларын бекіту; -буындарға буын қосып сөз құрап айтуға жаттықтыру арқылы зейін мен есте сақтауларын дамыту; -ересектердің айтқанын мұқият тыңдауға тәрбиелеу.	1	09.01.2026 ж.	
50	Дыбыстық талдау **[ұ]**	-сөйлем құрау, дыбыстық талдау жасау іскерліктерін қалыптастыру**;** -сөзді буынға бөле алу дағдыларын бекіту; -жыл мезгілдерінің ерекшеліктерін түсіндіре отырып, табиғатты сүюге, қорғауға тәрбиелеу.	1	13.01	
51	Дыбыстық талдау.(мәсі,киіз)	-сөзді буынға бөлу, дыбыстық талдау жасау, сөйлем құрай алу дағдыларын бекіту; -буындарға буын қосып сөз құрап айтуға жаттықтыру арқылы зейін мен есте сақтауларын дамыту; -ересектердің айтқанын мұқият тыңдауға тәрбиелеу.	1	14.01	
52	Дыбыстық талдау.(торт,ұшақ)	-сөздерге дыбыстық талдау жасай білу дағдыларын бекіту; -графикалық жұмысты орындау кезінде фонематикалық естуді, сөйлеуді, зейінді, есте сақтауды, ұсақ қол моторикасын дамыту; -дербес жұмыс істеу алуға және ұқыптылыққа тәрбиелеу.	1	16.01	
53	Сөздің дыбыстық сызбасы.	-төрт дыбысты сөзге дыбыстық талдау жасауды жетілдіру; -сұраққа толық, тиянақты, нақты жауап беруге үйрету арқылы ауызекі сөйлеулерін дамыту; -салт дәстүрді құрметтеуге тәрбиелеу.	1	20.01	
54	Біз нені үйрендік? **[к]**	-сөзді буынға бөлу, дыбыстық талдау жасау, сөйлем құрай алу дағдыларын бекіту; -буындарға буын қосып сөз құрап айтуға жаттықтыру арқылы зейін, есте сақтауларын дамыту;	1	21.01	

		-ұйымшыл болуға тәрбиелеу.			
55	Дыбыстық талдау.(бала,төрт,қозы)	-қатаң, ұяң, үнді дауыссыз дыбыстарға сөз ойлап айта білуге жаттықтыру; -сөзді дыбыстық сызбасымен сәйкестендіруді үйретуді жалғастыру арқылы есте сақтау қабілеттерін дамыту; -кез келген тапсырманы ұқыпты орындауға тәрбиелеу.	1	23.01	
56	Ойнай отырып оқимыз.	-сызба бойынша сөйлем құрауларын жетілдіру, сөзді дыбыстық сызбасымен сәйкестендіруді үйретуді жалғастыру; -дауысты, дауыссыз дыбыстардың түрлерін меңгеруге жаттығулар жасату, сөздерді дұрыс айту дағдыларын қалыптастыру; -штрихтау, үзік сызықтарды үзбей бастыру арқылы шыдамдылыққа тәрбиелеу.	1	27.01	
57	Дыбыстық талдау.(қала,ағаш)	-төрт дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасауды жетілдіру; -дауысты, дауыссыз дыбыстардың түрлерін меңгеруге жаттығулар жасату, сөздерді дұрыс айтуға қалыптастыру; -үзік сызықтарды үзбей бастыру арқылы эстетикалық талғамдарын және бастаған істі аяқтай білуге тәрбиелеу.	1	28.01	
58	Біз нені үйрендік?	-сөздерді буынға бөлуге, дауысты, дауыссыз дыбыстардың түрлерін меңгеруге жаттығулар жасату арқылы сөздерді дұрыс айту машықтарын қалыптастыру; -ойындар арқылы логикалық ойлауларын, есте сақтау қабілеттерін дамыту; -ұжым болып тапсырмаларды орындату арқылы ұйымшылдыққа тәрбиелеу.	1	30.01	

2025 - 2026 оқу жылына арналған
ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ
САУАТ АШУ НЕГІЗДЕРІ / АҚПАН АЙЫ/

Р/с №	ҰІӘ-нің тақырыбы	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Сағат саны	Өту мерзімі	Ескерту
59	Біз нені үйрендік? **[ш]**	-сызбаға сәйкес дауыссыз дыбыстардан басталатын сөйлемдер құрай білулерін жетілдіру; -дауысты, дауыссыз дыбыстардың түрлерін меңгеруге, сөз ішінен дыбыстың орнын анықтауға жаттығулар жасату арқылы есте сақтауларын мен зейіндерін дамыту; -достыққа тәрбиелеу, өнерге баулу.	1	03.02	
60	Дыбыстық талдау.(шеге)	-сөздерге дыбыстық талдау жасау, суреттерді өз дыбыстық сызбасымен сәйкестендіру, сөзге буын жалғап сөз құрауды жалғастыру; -сызбадан дыбыстың орнын анықтауға жаттығулар жасату арқылы шапшаң ойлары мен есте сақтау қабілеттерін дамыту; -ойыншықтарды күтіп ұстауға тәрбиелеу.	1	04.02	
61	Сөйлем құрай білеміз **[п]**	-сөйлем құрау және сөйлемді толықтыру, өз ойларын толық жеткізе білу дағдыларын жетілдіру; -графикалық тапсырмаларды орындату арқылы саусақ бұлшық еттерін дамыту; -ұқыптылыққа, досқа адал болуға тәрбиелеу.	1	06.02	
62	Біз нені білдік? **[п]**	-суреттен іс-әрекетті білдіретін сөздерді анықтап айта білуге, сөздердегі буын санын анықтауды жалғастыру; -сөйлемдегі сөздің орнын анықтауға, берілген дыбысқа сөз ойлап айтуға жаттығулар жасату арқылы зейіндерін дамыту; -өнерлі болуға тәрбиелеу.	1	17.02	
63	Біз нені үйрендік,нені білдік?	-сөйлем құрау, дауысты дыбыстардың түрлерін анықтай отырып, буынға бөлу дағдыларын жетілдіру; -сөзде түсіп қалған тиісті дыбысты табу, қандай да бір дыбысқа сөз құрау секілді тапсырмалар арқылы сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру; -театрда өзін-өзі ұстау ережелерімен таныстыру арқылы мәдениетті болуға тәрбиелеу.	1	18.02	

64	Біз нені үйрендік,нені білдік?(бағдаршам)	-сызбаға сәйкес сөйлем құрауға, сөздер ішінен мағынасына қарай артық сөзді таба білу дағыларын жетілдіру; -буынға буын қосып, сөз құрауға жаттықтыру арқылы сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру; -жолда жүру ережесін сақтап жүруге тәрбиелеу.	1	20.02	
65	Дыбыстық талдау.(күн,бұлт)	-сөздердің жалпы атауын атауға, дыбыстық талдау жасауды үйретуді меңгерту; -дыбыстық сызба мен оған сәйкес суретті сәйкестендіруге, сөздерді буынға бөлгізуге жаттықтыру арқылы ақыл-ойларын дамыту; -спортпен айналысу адам денсаулығы үшін пайдалы екенін ұғындыру.	1	24.02	
66	Біз нені үйрендік?(Тағам атауларын ата)	-сөйлем құрауға, сөйлем сызбасын сызуға, берілген буыннан басталатын сөз ойлап айтуға, төрт дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасауды меңгерту; -сөздерді буынға бөлгізуге, сөздің дыбыстық сызбасын сызуға жаттықтыру арқылы есте сақтау және логикалық ойлауларын дамыту; -тағамның пайдасы, олардағы ағзасына қажетті дәрумендер туралы түсіндіре отырып, дұрыс тамақтанудың пайдасын ұғындыру.	1	25.02	
67	Біз нені үйрендік?(Спорт түрлерін ата)	-сөйлем құрауға, сөйлем сызбасын сызуға, сөйлемді мағынасына байланысты толықтыруға үйретуді жалғастыру; -сөздердің жалпы атауын атауға, сөздерді буынға бөлгізуге, сөздің дыбыстық сызбасын сызуға жаттықтыру арқылы зейіндерін дамыту; -спортпен айналысу қажеттігін түсіндіру арқылы салауатты өмір сүруге тәрбиелеу.	1	27.02	

2025 - 2026 оқу жылына арналған
ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ
САУАТ АШУ НЕГІЗДЕРІ / НАУРЫЗ АЙЫ/

Р/с №	ҰІӘ-нің тақырыбы	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Сағат саны	Өту мерзімі	Ескерту
68	Біз не білеміз?	-сызба бойынша сөйлем құрауға, сөйлемді мағынасына байланысты толықтыруға үйретуді жалғастыру; -дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажыратуға жаттықтыру, сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру; -балаларға тыйым сөздердің мағынасын түсіндіру арқылы әдепті болуға тәрбиелеу.	1	03.03	
69	Үйренгендерімізді қайталаймыз.	-дыбыстық сызба бойынша жұмыс жасату арқылы дыбыстық талдау дағдыларын дамыту; -сәйкестендіре білуге, буынға бөлуге, дыбыстардың түрлерін есте сақтауға жаттығулар жасату арқылы сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру; -бастаған істі аяқтай білуге тәрбиелеу.	1	04.03	
70	Біз нені үйрендік,нені білдік?	-дыбыстық сызбаны өз суретімен сәйкестендіруге арналған тапсырма арқылы дыбыс туралы білімдерін бекіту; -сөздегі дыбыстың орнын табуға, дауысты, дауыссыз дыбыстарды, жуан-жіңішке дыбыстарды ажыратуға жаттықтыру; -графикалық тапсырмаларды орындату арқылы мұқият жұмыс істеуде тәрбиелеу.	1	06.03	
71	Біз нені үйрендік? **[к]**	-дауысты, дауыссыз дыбыстар туралы білімдерін бекіту, буыннан сөз құрауды, сөзді буынға бөлуді жетілдіру; -сөйлем құрауға, сөйлемнен бірінші, екінші, үшінші сөздерді таба білуге, сөйлемнің сызбасын сыза білуге жаттықтыру арқылы есте сақтауларын дамыту; -нүктелердің үстімен суретті бастыру жұмысы арқылы эстетикалық талғамдарын тәрбиелеу.	1	10.03	
72	Біз нені үйрендік,нені білдік?	-дыбыс, буын, сөз ұғымдарын бекіту ұзынжәне қысқа сөздерге мысал келтіруге, дыбыстық талдау жасауға жаттықтыру;	1	11.03	

		-сөздің сызбасын дұрыс тауып қоса білуге, сөйлем сызбасын сызу секілді дағдыларын бекіту; -бастаған істі аяқтай білуге тәрбиелеу.			
73	Буынға бөлу.	-басталған буынға буын қосып, сөз құрауға үйрету; -сөздерді буындарға бөледі, олардың саны мен ретін анықтайды; -ұқыптылыққа тәрбиелеу.	1	13.03	
74	Сөз және сөйлем.	-сурет бойынша сөйлем құрастыруға, байланыстырып сөйлеуге үйрету; -сұрақтарға жауап беруде өз ойын дұрыс жеткізе білуге баулу; -сөзді естіп оны есте сақтай алу қабілеттерін дамыту.	1	17.03	
75	Сөйлемді аяқта.	-дамыту ойындарын ойната отырып игерген білімдерін бекіту; -сөйлем ойлап табуына назар аудару, сөздік қорларына мән беру; -ұғымталдыққа тәрбиелеу.	1	18.03	
76	Сөйлемдегі сөздердің реті.	-сөйлемдегі сөздердің ретін дұрыс қойып, сөйлем құрауға үйрету; -дауысты, дауыссыз дыбыстар туралы білімдерін бекітуге арналған тапсырмаларды орындату арқылы логикалық ойлау қабілеттерін дамыту; -дербес жұмыс істей алуға тәрбиелеу.	1	31.03	

2025 - 2026 оқу жылына арналған
ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ
САУАТ АШУ НЕГІЗДЕРІ / СӘУІР АЙЫ/

Р/с №	ҰІӘ-нің тақырыбы	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Сағат саны	Өту мерзімі	Ескерту
77	Буындарды қосып,сөз құра.	-берілген суреттің бірінші буындарды қосып ауызша сөз құрау дағдыларын меңгерту; -сөздегі дыбыстың орнын анықтауды дамыту; -ойындар арқылы шапшаңдық, төзімділік секілді қасиеттерін дамыту.	1	01.04	
78	Буындарға буын қос.	-сурет атауларының бірінші буындарын қосып сөз құрай білулерін дамыту; -дыбыстарды ажыратуға жаттығулар жасату; -өз ойын еркін жеткізе білуге жағдай жасау, сұраққа толық, тиянақты, нақты жауап беруге үйрету, сөздерді дұрыс айтуға қалыптастыру.	1	03.04	
79	Сөйлемдегі сөздердің реті мен санын анықтау.	-суретке байланысты белгілі ретімен сөйлем құрай алу және сөйлемдегі бірінші, екінші, үшінші сөздерді ретімен айта алу дағдыларын бекіту; -сөйлем сызбасын құруға және сөйлемге мағынасына қарай сөз қоса алуға жаттықтыру; -дербес жұмыс істей алуға және шыдамдылыққа тәрбиелеу.	1	07.04	
80	Сөйлемдегі сөздердің реті мен санын анықтау.	-сөйлем құрып, сөйлемдегі сөздердің реті мен санын және құрылған сөйлемнің сызбасын құрай алу дағдыларын жетілдіру.	1	08.04	
81	Буындардың орнын анықта.	-басталған буынға буын қосып, сөз құрауға үйрету; -сөздерді буынға бөлдіру арқылы шапшаң ойлауға дағдыландыру, сөздік қорларын толықтыру. -ұқыптылыққа тәрбиелеу.	1	10.04	
82	Буындардың орнын анықта.	-сөздерді буынға бөлу, буын санын ажырата алуға жаттықтыру; -дидактикалық ойындар арқылы буындардан сөз құрай алу дағдыларын дамыту; -шығармашылықпен жұмыс істеуге тәрбиелеу.	1	14.04	
83	Суреттердегі заттарды атау.	-балалардың сөздік қорын, фонетика, фонематикалық	1	15.04	

		есту қабілетін және логикалық ойлауын дамыту, ептілікпен тез әрекет етуге үйрету; -тыңғылықты жұмыс істеуге, еңбекқорлыққа тәрбиелеу.			
84	Буынға буын қос.	-балалардың дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтай алу дағдыларын бекіту; -сөз құрамын анықтау, сұраққа толық, тиянақты, нақты жауап беру дағдыларын дамыту; -ұқыпты жұмыс жасауға тәрбиелеу.	1	17.04	
85	Буындардан сөз құра.	-берілген буынға сөз құрай алу дағдыларын бекіту; -графикалық жұмысты орындау кезінде әртүрлі құрылымды сызықтарды өрнек бойынша, сұлба бойымен қолды көтермей, үзбей жаза білу қабілеттерін дамыту; -дербес жұмыс істеу алуға және ұқыптылыққа тәрбиелеу.	1	21.04	
86	Буындардан сөз құра.	-буындардан сөз құрай лау дағдыларын жетілдіру; -берілген дыбысқа сөз құрай алу дағдыларын бекіту және графикалық жұмысты орындау кезінде жаза білу қабілеттерін дамыту; -тиянақты және мұқият болуға тәрбиелеу.	1	22.04	
87	Сөздегі дыбыстың орны **[ж]**	-сөздерді буынға бөле алу дағдыларын бекіту; -тақырыпқа сай дидактикалық ойындар арқылы дыбыс, буын туралы алған білімдерін пысықтау; -дербес жұмыс істеу алуға еңбекқорлыққа тәрбиелеу.	1	24.04	
88	Буынның орнын анықтау.	-дауысты, дауыссыз дыбыстарды айтылу барысында ажыратуды жетілдіру; -дыбыстардың сөз ішіндегі орнын анықтай алу дағдыларын дамыту; -дұрыс отырмаудың денсаулыққа зиян екенін түсіндіріп, салауатты өмір сүруге тәрбиелеу.	1	28.04	
89	Сөздегі дыбыс пен буын **[о]**	-дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажыратуларын жетілдіру; -берілген дыбысқа сөз құрап, сөздегі сол дыбыстың орнын анықтай алу дағдыларын бекіту; -артикуляциялық жаттығу жасату арқылы әдемі сөйлеуге баулу.	1	29.04	

2025 - 2026 оқу жылына арналған
ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ
САУАТ АШУ НЕГІЗДЕРІ / МАМЫР АЙЫ/

Р/с №	ҰІӘ-нің тақырыбы	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Сағат саны	Өту мерзімі	Ескерту
90-91	Сөздегі дыбыс пен буын орны **[л]**\ Дыбыстардың санын анықтау	-сөздегі дыбыстың орнын анықтай алу дағдыларын жетілдіру; -дыбыстар туралы сұрақтарға жауап алу арқылы жылдам ойлауға және ойларын дұрыс жеткізе алуға жаттықтыру; -тапсырмаларды орындату арқылы талаптану, іздену секілді қасиеттерін тәрбиелеу.	2	05.05	01.05
92	Буындардың орнын анықтау.	-дыбыстардың түрлерін ажырата алу дағдыларын бекіту; -ойындар арқылы логикалық ойлауларын дамыту; -шығармашылықпен жұмыс жасауға баулу арқылы, еңбекқорлыққа тәрбиелеу.	1	06.05	
93	Сөздегі дыбыстардың реті мен саны	-сөздерді буынға бөлуді жалғастыру, берілген буынға сөз құрауды үйрету; -дауысты, дауыссыз дыбыстар туралы білімдерін бекітуге арналған тапсырмаларды орындату арқылы логикалық ойлау қабілеттерін дамыту; -дербес жұмыс істей алуға тәрбиелеу	1	08.05	
94	Буын мен сөз.	- берілген буынға сөз құрай алу дағдыларын жетілдіру; -«Буын сызбасын дәл тап» ойыны арқылы сөйлем құрату арқылы шығармашылықпен ойлауларын дамыту; -білімпаз болуға тәрбиелеу.	1	12.05	
95	Дыбыс пен буынның сөздегі орны **[и]**	-балаларды дыбыстың, буынның сөздегі орнын таба білуге үйрету; -берілген буынға сөз құрап, сөздерді буынға бөле алу дағдыларын бекіту; -дербес жұмыс істеу алуға және ұқыптылыққа тәрбиелеу.	1	13.05	
96	Дыбыс пен буын **[ы]**	-сөздерді буынға бөлу, буындарды ретімен айту және сызбамен белгілей алу дағдыларын бекіту; -берілген буынға сөз құрай алу дағдыларын бекіту; -ойындар арқылы шапшаңдық, төзімділік секілді қасиеттерін дамыту.	1	15.05	

97	Біз нені үйрендік,нені білдік? [т]	-сөздерді буынға бөлу дағдыларын жетілдіру; -сөздегі жетіспейтін буынды аяқтауға, берілген дыбысқа сөздерді жылдам құрауға жаттықтыру; -дербес жұмыс істеу алуға және ұқыптылыққа тәрбиелеу.	1	19.05	
98	Біз нені білдік?	-сөз, сөйлем туралы ұғымдарын кеңейту. -дыбыстарды дұрыс тыңдап оларды ретімен қосуға жаттығулар жасату; -дұрыс отыру, дұрыс жазу ережелерін таныстыра отырып, дене сымбатын дұрыс қалыптастыруға тәрбиелеу.	1	20.05	
99	Сөйлемдегі сөздердің санын,ретін анықта.	-сөздегі дыбыс санын анықтай алуға үйрету, дыбыстық талдау жасауды үйретуді жалғастыру; -сөзді буынға бөле алу дағдыларын бекіту; -дербес жұмыс істеу алуға және әрқашан ақжарқын жүруге тәрбиелеу.	1	22.05	
100	Мағыналы буындар.	-буынға буын қосып сөз құрауларын пысықтау. -дауыссыз, дауысты дыбыстарды ажыратуға жаттығулар жасату; -өз ойын еркін жеткізе білуге жағдай жасау, сұраққа толық, тиянақты, нақты жауап беруге үйрету, сөздерді дұрыс айтуға қалыптастыру.	1	26.05	
101	Біз нені білеміз?	-сөйлем құрату арқылы зейіндері мен логикалық ойлауларын дамыту; -дауысты, дауыссыз дыбыстардың түрлеріне жатығулар жасат; -мамандық түрлерімен таныстыру арқылы әр мамандық иелерінің жұмысын құрметтеуге тәрбиелеу.	1	27.05	
102	Біз нені үйрендік,нені білдік?	-суреттер бойынша сөйлемдер құрай білу дағдыларын жетілдіру; -қайырымдылық, қамқорлық сөздерінің мағынасын түсіндіру арқылы ақыл-ойларын дамыту.	1	29.05	

2025 - 2026 оқу жылына арналған
ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ
МАТЕМАТИКА НЕГІЗДЕРІ / ЖЫЛДЫҚ /

Білім беру ұйымы: «№25 ЖОББМ»КММ
Топ/сынып:мектепалды 0 «А» сынып
Балалардың жасы:5-6жас
Жоспардың құрылу кезеңі: қыркүйек айы 2025-2026 оқу жылы
Апталық жүктеме 3 сағат, жылдық жүктеме 102 сағат.
Алматы «Алматыкітап баспасы» 2054 ж.3 бөлім
Мақсаты: балалардың қоршаған әлеммен өзара қарым-қатынас жасауына қажетті танымдық және зерттеушілік әрекеттің қарапайым дағдыларын меңгерту, коммуникативтік- танымдық қабілеттерді, математикалық және логикалық ойлауды дамыту.
Міндеттері:

- танымдық қызығушылықтарын, білуге құмарлықты, оқу әрекетіне қызығушылықты дамыту, мектепте оқуға ынтасын арттыру;
- зейінді, есте сақтауды, бақылауды, зерттеуді, талдау жасай білуді, себеп-салдарлық байланыстарды орнату, қорытынды жасауды дамыту;
- балаларды зерттеу барысында жаңа ақпараттарды алуға, объектілерге зерттеу жүргізу үшін өз әрекетінің алгоритмін жасауға баулу;
- математикалық және интеллектуалды-шығармашылық қабілеттіліктің алғышарттары көрінуіне ықпал ету.

Күтілетін нәтижелер:

- жиынды сапасы бойынша әртүрлі элементтерден құрады;
- жиындарды бөліктерге бөледі және оларды қайта біріктіреді;
- 10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауды біледі;
- «Қанша?», «Нешінші?» сұрақтарын ажыратады, оларға дұрыс жауап береді;
- теңсіздіктен теңдік немесе теңдіктен теңсіздік шығарады;
- әртүрлі белгілері бойынша заттарды салыстыра алады (түсі, пішіні, өлшемі, материалы, қолданылуы);
- заттардың ұзындығын, биіктігін, ені мен жуандығын анықтайды;
- заттарды шамасына қарай өсу және кему ретімен орналастырады;
- заттарды салыстыруда беттестіру, қасына қою және жұппен салыстыру тәсілдерін қолданады;
- геометриялық пішіндерді (дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш) ажыратады және атайды;
- қоршаған ортадан геометриялық фигураларға ұқсас заттарды тауып, олардың пішіндерін анықтайды;
- қағаз бетінде бағдарлай біледі, апта күндерін, жыл мезгілдері бойынша айларды ретімен атайды;
- заттарды кеңістікте орналастырады, қозғалыс бағыттарын біледі;
- пазлдарды жинайды, логикалық ойын тапсырмаларын орындайды;
- түрлі сызықтар салады.

Мазмұны:

1. Жиын

Жиынды сапасы бойынша әртүрлі элементтерден (түсі, өлшемі, пішіні, дыбысы, қимылы, қолданылуы бойынша заттардан) құру, жиындарды бөліктерге бөлу және оларды қайта біріктіру, бүтін жиын мен оның әр бөлігі арасында байланыс орнату, жиынның бөліктен үлкен екенін, бөліктің жиыннан кіші екенін, жиынның бөліктерін санау және элементтердің (заттардың) бір-біріне қатынасы негізінде салыстыру.

«Бір» сөзінің мағынасы, ол тек бір затты ғана емес, сондай-ақ жиынның бір бөлігі ретінде заттардың тобын білдіретінін түсіндіру.

2. Сан және санау

10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауға жаттықтыру. Көрнекілік арқылы 6, 7, 8, 9, 10 сандарының пайда болуымен, 0-ден 9-ға дейінгі цифрмен таныстыру. «Қанша?», «Нешінші?» сұрақтарын ажырату, оларға дұрыс жауап беру.

10 көлеміндегі сандарды салыстыру, саны кем затқа бір зат қосу арқылы теңсіздіктен теңдік немесе саны көп заттан біреуін алып тастау арқылы теңдіктен теңсіздік шығару.

Теңдік туралы түсінік қалыптастыру, әртүрлі заттардан тұратын топтардың санын анықтау, топтарды санау және салыстыру негізінде сандық мәндерді дұрыс жалпылау.

Заттардың саны олардың көлеміне, арасындағы қашықтыққа, пішінге, орналасуына, сондай-ақ санау бағытына байланысты емес екенін түсіндіру.

3. Шама

Заттардың (5 және одан артық) ұзындығын, биіктігін, ені мен жуандығын анықтай білу, заттарды шамасына қарай өсу және кему ретімен орналастыру. Шамасы бойынша заттардың арасындағы қатынастарды білдіретін математикалық терминдерді қолдану.

Заттарды әртүрлі белгілері бойынша (түсі, пішіні, өлшемі, материалы, қолданылуы) салыстыра білуге үйрету. Шартты өлшемнің көмегімен заттардың ұзындығын, енін, биіктігін өлшеу және осы өлшемдер бойынша бірнеше заттарды салыстыру.

Беттестіру, тұстастыру және жұппен салыстыру тәсілдерін қолдана отырып, заттарды салыстыру, заттар тобынан 2-3 белгілері бойынша сәйкес келмейтін затты бөліп алу.

4. Геометриялық фигуралар

Шеңбермен және тіктөртбұрышпен салыстыру арқылы сопақша пішінмен таныстыру. Геометриялық фигуралар (дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш) мен денелерді (шар, текше, цилиндр) дұрыс атап, оларды ажырата білуге жаттықтыру.

Танымдық-зерттеушілік қызығушылықты, ойлауды, алдына қойылған міндетті шешуде не істеу, қалай істеу керек екенін түсінуге, күрделі формадағы заттарды өз бетінше зерттеуге мүмкіндік беру, қоршаған ортадан геометриялық фигураларға ұқсас заттарды табу, олардың пішіндерін анықтау.

Пішіннің бір формасынан екіншісін қалай жасау керектігі туралы ұғымдарды дамыту, қағаз парағын тең және тең емес бөліктерге бөлу, бүтін мен бөлікті салыстыру,

8 – 10 бөліктерден пішіндерді жинап, құрастыру.

5. Кеңістікте бағдарлау

Кеңістік туралы түсініктерді бекіту: заттарды кеңістікте орналастыру (сол жақта, оң жақта, жоғарыда, төменде); қозғалыс бағыттары: сол жақтан оң жаққа, оң жақтан сол жаққа, жоғарыдан төменге, алға, артқа.

Сөйлеуде белгілі бір заттың өзіне немесе басқа затқа қатысты орнын көрсете білуге үйрету. Берілген бағытта, оны белгі бойынша өзгерте отырып, бағдарлауын қалыптастыру. Қағаз парағын бағдарлай білуді бекіту.

6. Уақытты бағдарлау
Әртүрлі оқиғалардың, апта күндерінің, тәулік бөліктерінің реті туралы білімді бекіту. Ай атаулары, жыл мезгілдері туралы түсініктерді қалыптастыру, олардың ретін білу және атау, циферблат бойынша уақытты анықтау.
Тәулік бөліктерінің ауысуын («кеше», «бүгін», «ертең»), оқиғалардың ретін («алдымен», «содан кейін», «бұрын», «кейінірек») анықтау.
Заттар мен құбылыстардың математикалық мәнін тануға қызығушылық көзқарасты, ойлау мәдениетін, таным процесін ерікті реттеу, шыдамдылық, ұқыптылық, өзіне деген сенімділікті қалыптастыруға баулу.
Нүктелерді, өрнектерді салуға, тік және көлбеу таяқшаларды, қисық және қиғаш сызықтарды дәптердің торкөзінде сызуға үйретеді.
Біліктер мен дағдылардың тізбесі
Мектепалды топ, мектептегі (лицейдегі, гимназиядағы)
мектепалды сынып (5 жастағы балалар)
- 10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауды біледі;
- заттарды әртүрлі белгілері бойынша (түсі, пішіні, өлшемі, материалы, қолданылуы) салыстырады;
- геометриялық фигуралар (дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш) мен денелерді (шар, текше, цилиндр) дұрыс атап, оларды ажырата біледі;
- заттарды қарастырып, олардың қасиеттері мен белгілерін анықтайды.
5 жас – мектепке дейінгі балалардың танымын дамытудың жаңа сатысы. Бұл жаста балалардың танымдық жүйесі белсенді түрде дамиды. Бала бізді қоршаған ортадағы заттардың бәрінің арасында белгілі бір байланыс барын, олардың бір-біріне тәуелділігін түсіне бастайды. Сондықтан дәл осы уақытта баланың қоршаған орта мен әлемдегі құбылыстар туралы ұғымын реттеуге және толықтыруға, қалыптасуына көмектесу қажет.
5 жастағы баланың танымдық дүниесін дамыту ісінің міндеттері:
- баланың қоршаған орта туралы ұғымының молаюына және кеңеюіне ықпал ету;
- логикалық операциялардың (талдау, салыстыру, жинақтау, жіктеу) көмегімен алынған және жинақталған мәліметтерді жүйелендіру;
- балалардың бойында айнала қоршаған ортаға ұқыпты, байыпты көзқарас қалыптастыру.
Осы аталған міндеттерді табысты жүзеге асыру үшін педагогтер төмендегі жайттарға көңіл бөлгені абзал:
• баланың танымдық белсенділігінің мәні;
• баланың танымдық іс-әрекетін басқару тәсілдері мен әдістері;
• заттық-дамыту ортасын қалыптастыру.
«Математика негіздері» оқу әдістемелік кешенінің құрамы:
1. № 1, 2, 3 жұмыс дәптері.
3. Үлестірмелі материалдар.
Әдістемелік құрал төмендегі бөлімдерді қамтиды:
1) перспективалық жоспар;
2) ұйымдастырылған іс-әрекетінің үлгі жоспарлары;
3) ұйымдастырылған іс-әрекетіне арналған қосымша материалдар.

2025 - 2026 оқу жылына арналған
ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ
МАТЕМАТИКА НЕГІЗДЕРІ / ҚЫРКҮЙЕК АЙЫ/

Р/с №	ҰІӘ-нің тақырыбы	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Сағат саны	Өту мерзімі	Ескерту
1-2	Кеңістікте бағдарлау\ Қағаз бетінде бағдарлау.	-сөйлеуде өзіне немесе басқа затқа қатысты заттың орналасуын және заттың кеңістікте (солға, оңға, жоғарыға, төменге) орналасуын үйрету; қозғалысты бағыттау: сол жақтан оң жаққа, оң жақтан сол жаққа, жоғарыдан төменге, алға, артқа, сол бағытта; -берілген бағытта қозғалу қабілетін қалыптастыру, оны дабыл бойынша өзгерту; -шыдамдылыққа, төзімділікке тәрбиелеу. -балаларды кеңістіктік қарым-қатынастарды орнатуға үйрету. Заттың кеңістікте (солға, оңға, жоғарыға, төменге) және қағаз парағының бетінде орналасуын анықтау; сөйлеуде өзіне немесе басқа затқа қатысты заттың орналасуын белгілеу; -логикалық ойлау, есте сақтау, сөйлеу, назар аудару, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -шыдамдылыққа,төзімділікке тәрбиелеу.	2	03.09.2025 ж.	01.09
3	Кеңістікте және қағаз бетінде бағдарлау.	-балаларды кеңістіктік қарым-қатынастарды орнатуға үйрету. Заттың кеңістікте (солға, оңға, жоғарыға, төменге) және қағаз парағының бетінде орналасуын анықтау, сөйлеуде өзіне немесе басқа затқа қатысты заттың орналасуын белгілеу; -берілген бағытта қозғалу қабілетін қалыптастыру, оны дабыл бойынша өзгерту,логикалық ойлау, есте сақтау, сөйлеу, назар аудару, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -шыдамдылыққа, төзімділікке тәрбиелеу.	1	04.09	
4	Біреу – көп.	-«бір» сөзінің мағынасымен таныстыру. «Бір» деген ұғым – бір ғана заттың санын ғана емес, сонымен қатар бүтін бір топтың жиынтығын да білдіретіндігін ұғындыру, «біреу» және «көп» («бірнеше»), «бірдей және түрлі түсті»	1	08.09	

		терминдерін енгізу; -логикалық байланыстар мен заңдылықтарды орнату білігін бекіту. Назар аудару, есте сақтау, сөйлеу, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -шыдамдылыққа тәрбиелеу.			
5	Заттарды ортақ қасиеті бойынша топқа біріктіру.Заттардың қасиеті.	-заттар тобының (жиынының) жалпы қасиетін табу біліктілігін қалыптастыру, қандай да бір қасиеті бойынша топқа біріктіру; -жиынды сапасы бойынша әртүрлі элементтерден (түсі, өлшемі, пішіні, дыбысы, қимылы, қолданылуы бойынша заттардан) құру; -белсендік пен дербестікке тәрбиелеу.	1	10.09	
6	Заттарды ортақ қасиеті бойынша топқа біріктіру.Заттардың қасиеті.	-әртүрлі белгілері бойынша заттарды біріктіруге және сәйкестендіруге, заттар тобынан 2-3 белгілері бойынша сәйкес келмейтін затты бөліп алу, арттық затты табуды үйрету; -логикалық байланыстар мен заңдылықтарды орнату біліктілігін бекіту. Зейін мен ойлау, қорытынды жасау, есте сақтау, сөйлеу қабілетін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -шыдамдылыққа тәрбиелеу.	1	11.09	
7	1 саны және цифры.	-1 саны және цифрымен таныстыру; «Көп», «бір» ұғымдарын бекіту; заттарды жіктеу, заттар тобынан 1-3 белгілері бойынша сәйкес келмейтін «артық» затты бөліп алу; -сөйлеу, логикалық ойлау, зейін, есте сақтау, қимылдарын үйлестіру және қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -белсенділік пен дербестікке тәрбиелеу.	1	15.09	
8	2 саны және цифры	-2 саны және цифрымен таныстыру; сандарды ретімен айтуға, заттар тобынан 1-3 белгілері бойынша сәйкес келмейтін «артық» затты бөліп алу, заттарды жіктеуге үйрету. 1 саны мен цифры туралы білімін бекіту; -танымдық әрекетке қызығушылықты, зейінді, есте сақтауды, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -табандылыққа тәрбиелеу.	1	17.09	
9	3 саны және цифры.	-3 саны және цифрымен таныстыру; цифрды заттардың	1	18.09	

		санымен сәйкестендіруге; 1-ден 3-ке дейінгі цифрды тануға және бейнелеуге үйрету; заттарды санау, заттар тобынан 1-3 белгілері бойынша сәйкес келмейтін «артық» затты бөліп алу дағдыларын жетілдіру; -сөйлеу, логикалық ойлау, зейін, есте сақтау, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -табандылыққа тәрбиелеу.			
10	4 саны және цифры.	-4 саны және цифрымен таныстыру; цифрды заттардың санымен сәйкестендіруге; 1-ден 4-ке дейінгі цифрды тануға және бейнелеуге үйрету; заттарды санау, заттар тобынан 1-3 белгілер бойынша сәйкес келмейтін «артық» затты бөліп алу дағдыларын жетілдіру; -сөйлеу, логикалық ойлау, зейін, есте сақтау, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -еңбекке және ұқыптылыққа тәрбиелеу.	1	22.09	
11	5 саны және цифры.	-5 саны және цифрымен таныстыру; цифрды заттардың санымен сәйкестендіруге; 1-ден 5-ке дейінгі цифрды тануға және бейнелеуге үйрету; заттарды санау дағдыларын жетілдіру; -логикалық байланыстар мен заңдылықтарды орнату біліктілігін бекіту. Сөйлеу, зейін, есте сақтау, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -басталған істі соңына дейін жеткізуге тәрбиелеу.	1	24.09	
12	Мен 5-ке дейін санаймын.	-1-ден 5-ке дейінгі цифрды заттардың санымен сәйкестендіруге үйрету; 1-ден 5-ке дейінгі цифрды тануға және бейнелеуге үйрету; заттарды санау; 5 көлеміндегі сандарды салыстыру, саны кем затқа бір зат қосу арқылы теңсіздіктен теңдік немесе саны көп заттан біреуін алып тастау арқылы теңдіктен теңсіздік шығару дағдыларын жетілдіру; -логикалық байланыстар мен заңдылықтарды орнату біліктілігін бекіту. Сөйлеу тілін, зейінін, есте сақтау қабілетін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -ұқыптылыққа тәрбиелеу, жол ережелерін сақтауға әдеттендіру.	1	25.09	
13	6 саны және цифры.	-6 саны және цифрымен таныстыру. 1-ден 6-ға дейінгі цифрды заттардың санымен сәйкестендіруге және 1-	1	29.09	

		ден 6-ға дейінгі цифрды тануға және бейнелеуге үйрету; -логикалық байланыстар мен заңдылықтарды орнату біліктілігін бекіту. Сөйлеу, зейін, есте сақтау, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -салауатты өмір салтына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.			

2025 - 2026 оқу жылына арналған
ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ
МАТЕМАТИКА НЕГІЗДЕРІ / ҚАЗАН АЙЫ/

Р/с №	ҰІӘ-нің тақырыбы	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Сағат саны	Өту мерзімі	Ескерту
14	6 саны және цифры.	-1-ден 6-ға дейінгі цифрды заттардың санымен сәйкестендіруге; 1-ден 6-ға дейінгі цифрды тануға және бейнелеуге үйрету; -логикалық байланыстар мен заңдылықтарды орнату біліктілігін бекіту. Сөйлеу, зейін, есте сақтау, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -еңбекқорлық пен танымдық іс- әрекетке деген қызығушылыққа тәрбиелеу.	1	01.10	
15	7 саны және цифры.	-7 саны және цифрымен таныстыру. 1-ден 7-ге дейінгі цифрды заттардың санымен сәйкестендіруге; 1-ден 7-ге дейінгі цифрды тануға және бейнелеуге үйрету, заттарды санау дағдыларын жетілдіру; -логикалық байланыстар мен заңдылықтарды орнату біліктілігін бекіту. Сөйлеу, зейін, есте сақтау, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -табандылыққа тәрбиелеу.	1	02.10	
16	7 саны және цифры.	-1-ден 7-ге дейінгі цифрды заттардың санымен сәйкестендіруге үйрету; санау дағдыларын жетілдіру; -логикалық байланыстар мен заңдылықтарды орнату біліктілігін бекіту. Сөйлеу, зейін, есте сақтау, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -еңбекқорлық пен танымдық іс-әрекетке деген қызығушылыққа тәрбиелеу.	1	06.10	
17	8 саны және цифры.	-8 саны және цифрымен таныстыру. 1-ден 8-ге дейінгі цифрды заттардың санымен сәйкестендіруге; 1-ден 8-ге дейінгі цифрды тануға және бейнелеуге үйрету; логикалық байланыстар мен заңдылықтарды орнату біліктілігін бекіту; -сөйлеу, зейін, есте сақтау, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -табандылыққа тәрбиелеу.	1	08.10	

18	8 саны және цифры.	-1-ден 8-ге дейінгі цифрды заттардың санымен сәйкестендіруге; 1- ден 8-ге дейінгі цифрды тануға және бейнелеуге үйрету; логикалық байланыстар мен заңдылықтарды орнату біліктілігін бекіту; -сөйлеу, зейін, есте сақтау, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -табандылыққа тәрбиелеу.	1	09.10	
19	9 саны және цифры.	-9 саны және цифрымен таныстыру. 1-ден 9-ға дейінгі цифрды заттардың санымен сәйкестендіруге; 1-ден 9-ға дейінгі цифрды тануға және бейнелеуге үйрету; санау дағдыларын жетілдіру; -логикалық байланыстар мен заңдылықтарды орнату біліктілігін бекіту. Сөйлеу, зейін, есте сақтау, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -топта жұмыс істей білуге тәрбиелеу.	1	13.10	
20	9 саны және цифры.	-1-ден 9-ға дейінгі цифрды заттардың санымен сәйкестендіруге, салыстыруға; геометриялық фигураларды атай білуге, тізбектерді орнатуға үйрету, санау дағдыларын жетілдіру; -логикалық байланыстар мен заңдылықтарды орнату біліктілігін бекіту. Сөйлеу, зейін, есте сақтау, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. -табандылыққа тәрбиелеу.	1	15.10	
21	0 саны және цифры.	-0 саны және цифрымен таныстыру; 0-ден 9-ға дейінгі цифрды заттардың санымен сәйкестендіруге; 0-ден 9-ға дейінгі цифрды тануға және бейнелеуге үйрету; логикалық байланыстар мен заңдылықтарды орнату біліктілігін бекіту; -сөйлеу, зейін, есте сақтау, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -табандылыққа тәрбиелеу.	1	16.10	
22	10 саны	-10 санымен таныстыру. 0-ден 10-ға дейінгі сандарды заттардың санымен сәйкестендіруге үйрету; заттарды тура және кері санауға, реттік санын айтуға дағдыландыру; -логикалық байланыстар мен заңдылықтарды орнату біліктілігін бекіту. Сөйлеу, зейін, есте сақтау,	1	20.10	

		қолдың ұсақ моторикасын дамыту. -топта жұмыс істей білуге тәрбиелеу.			
23	10 саны	-0-ден 10-ға дейінгі сандарды заттардың санымен сәйкестендіруге үйрету; заттарды тура және кері санауға дағдыландыру; -логикалық байланыстар мен заңдылықтарды орнату біліктілігін бекіту. Сөйлеу, зейін, есте сақтау, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -үлкендерге құрмет көрсетуге тәрбиелеу.	1	22.10	
24	Қанша?Реті бойынша нешінші?(сол жақтан оң жаққа қарай)	-«Қанша?», «Реті бойынша нешінші?» сұрақтарына жауап беру, реттік санын айтуды үйрету. Санды цифрмен сәйкестендіруді, тура және кері санауды бекіту; -сөйлеу, зейін, есте сақтау, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -бір-біріне деген достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу.	1	23.10	

2025 - 2026 оқу жылына арналған
ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ
МАТЕМАТИКА НЕГІЗДЕРІ / ҚАРАША АЙЫ/

Р/с №	ҰІӘ-нің тақырыбы	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Сағат саны	Өту мерзімі	Ескерту
25	Қанша?Реті бойынша нешінші?	-10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауға жаттықтыру. «Қанша?», «Реті бойынша нешінші?» сұрақтарын ажырату, оларға дұрыс жауап беруге үйрету; -сөйлеу, зейін, есте сақтау, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -белсенділік пен ұйымшылдыққа тәрбиелеу.	1	03.11	
26	Дөңгелек,шаршы,тіктөртбұрыш,үшбұрыш.(ұқсастық)	-геометриялық фигура – тіктөртбұрышпен таныстыру. Геометриялық фигуралар: дөңгелек, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш атауларын, олардың ұқсастығы мен айырмашылығын ажырата білуге үйрету; -санау, логикалық байланыстар мен заңдылықтарды орнату, қоршаған ортадан геометриялық фигураларға ұқсас заттарды тауып, олардың пішіндерін анықтау дағдыларын жетілдіру; -сөйлеу, зейін, есте сақтау, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -басталған істі соңына дейін жеткізуге тәрбиелеу.	1	05.11	
27	Дөңгелек,шаршы,тіктөртбұрыш,үшбұрыш. (заттық таңдау)	-геометриялық фигураларды: дөңгелек, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш атауларын, олардың ұқсастығы мен айырмашылығын ажырата білуге үйрету; -санау, логикалық байланыстар мен заңдылықтарды орнату, қоршаған ортадан геометриялық фигураларға ұқсас заттарды тауып, олардың пішіндерін анықтау дағдыларын жетілдіру; -сөйлеу, зейін, есте сақтау, қолдың ұсақ моторикасын дамыту;	1	06.11	

		-табандылыққа тәрбиелеу.			
28	Дөңгелек және сопақша. (ұқсастық)	-геометриялық фигура – сопақшаны тануға және атауға, сопақша мен шеңбердің, сопақша мен тіктөртбұрыштың ұқсастығы мен айырмашылықтарын табуға, заттардың пішіндерін анықтауға үйрету; -геометриялық фигуралар мен олардың бөліктерін модельдеуге жаттығу; -зейінді, есте сақтауды, сөйлеуді, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -табандылыққа тәрбиелеу.	1	10.11	
29	Дөңгелек және сопақша. (заттық таңдау)	-геометриялық фигура – сопақшаны тануға және атауға, сопақша мен шеңбердің, сопақша мен тіктөртбұрыштың ұқсастығы мен айырмашылықтарын табуға, заттардың пішіндерін анықтауға үйрету; -заттарды түсі, пішіні, өлшемі бойынша ажырата білу; заттарды әртүрлі белгілері бойынша салыстыру (2-3 белгі бойынша заттар тобынан затты бөлу) қабілетін бекіту; -геометриялық фигуралар мен олардың бөліктерін модельдеуге жаттығу. Зейінді, есте сақтауды, сөйлеуді, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -табандылыққа тәрбиелеу.	1	12.11	
30	Бүтін және фигуралардың бөліктері	-пішіннің бір формасынан екіншісін қалай жасау керектігі; қағаз парағын тең және тең емес бөліктерге бөлу, бүтін мен бөлікті салыстыру, 8-10 бөліктерден пішіндерді жинап, құрастыру туралы ұғымдарды қалыптастыру; -зейінді, есте сақтауды, сөйлеуді, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -ұйымшылдық пен еңбекқорлыққа тәрбиелеу.	1	13.11	
31	Заттарды өлшемі бойынша салыстыру.	-балаларды ұзындығы(5және одан да артық), биіктігі, ені немесе қалыңдығы әртүрлі заттар арасындағы өлшемдік қатынастар орнатуға, заттарды шамасы бойынша өсу және	1	17.11	

		кему ретімен орналастыруға үйрету; -балаларды сөйлеу барысында «үлкен – кіші», «артық – кем», «өлшемі бірдей», түсі бірдей және әртүрлі, сөздерді қолдана білуге жаттықтыру; -логикалық ойлау, талдау, зейін, есте сақтау, сөйлеу, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -ұқыптылыққа тәрбиелеу.			
32	Заттарды өлшемі бойынша салыстыру.	-беттестіру, тұстастыру және жұппен салыстыру тәсілдерін қолдана отырып, заттарды салыстыру, заттар тобынан 2-3 белгілері бойынша сәйкес келмейтін затты бөліп алу, ұзындығы, биіктігі әртүрлі заттар арасындағы өлшемдік қатынастар орнатуға үйрету; -логикалық ойлау, зейін, есте сақтау, сөйлеу, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -ұйымшылдық пен еңбекқорлыққа тәрбиелеу.	1	19.11	
33	Ұзындық.Заттардың ұзындығы бойынша салыстыру.	-беттестіру, тұстастыру және жұппен салыстыру тәсілдерін қолдана отырып, заттарды салыстыру, заттар тобынан 2-3 белгілері бойынша сәйкес келмейтін затты бөліп алу, ұзындығы, биіктігі әртүрлі заттар арасындағы өлшемдік қатынастар орнатуға үйрету; -логикалық ойлау, талдау, зейін, есте сақтау, сөйлеу, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -ұқыптылыққа тәрбиелеу.	1	20.11	
34	Шартты өлшеуішті пайдаланып,заттарды ұзындығы бойынша салыстыру.(«Лего»конструктор арқылы)	-шартты өлшеуішті ұзындықты өлшейтін құрал ретінде таныстыру; шартты өлшеуіштің көмегімен заттардың ұзындығын өлшеу мен салыстыруды; ұзындығы, биіктігі әртүрлі заттар арасындағы өлшемдік қатынастарды орнатуға үйрету; -логикалық ойлау, есте сақтау, сөйлеу, назар аудару қабілеттерін дамыту; -шыдамдылыққа тәрбиелеу.	1	24.11	
35	Шартты өлшеуішті пайдаланып,заттарды ұзындығы бойынша салыстыру.(цифр арқылы)	-шартты өлшеуішті ұзындықты өлшейтін құрал ретінде таныстыру; шартты өлшемнің көмегімен заттардың ұзындығын өлшеу мен салыстыруды,	1	26.11	

		санды цифрмен сәйкестендіруге, ұзындығы, биіктігі әртүрлі заттар арасындағы өлшемдік қатынастарды орнатуға жаттықтыру; -логикалық ойлау, есте сақтау, сөйлеу, назар аудару қабілеттерін дамыту; -танымдық іс-әрекетке қызығушылыққа тәрбиелеу.			
36	Мен не істей аламын?	-10-ға дейін санауды, заттардың қасиеттерін атауды, берілген белгі бойынша жиындар құруды, заттарды ұзындығы бойынша салыстыру және өлшеуішпен өлшеу қабілетін бекіту; -зейінді, есте сақтауды, сөйлеуді, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -табандылыққа тәрбиелеу.	1	27.11	

2025 - 2026 оқу жылына арналған
ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ
МАТЕМАТИКА НЕГІЗДЕРІ / ЖЕЛТОҚСАН АЙЫ/

Р/с №	ҰІӘ-нің тақырыбы	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Сағат саны	Өту мерзімі	Ескерту
37	Шар.Текше.Цилиндр.(пішіндегі заттар)	-геометриялық денелер – текше, шар, цилиндрді тануға және атауға үйрету. -санау, логикалық байланыстар мен заңдылықтарды орнату, қоршаған ортада геометриялық денелерге ұқсас заттарды табу дағдыларын бекіту; -зейінді, есте сақтауды, сөйлеуді, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -табандылыққа тәрбиелеу.	1	01.12	
38	Шар.Текше.Цилиндр.(артық заттар)	-геометриялық денелерді текше, шар, цилиндр тануға және атауға үйрету. -санау, логикалық байланыстар мен заңдылықтарды орнату, қоршаған ортада геометриялық денелерге ұқсас заттарды табу дағдыларын жетілдіру; -зейінді, есте сақтауды, сөйлеуді, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -табандылыққа тәрбиелеу.	1	03.12	
МЕКТЕПАЛДЫ 0 «Б» СЫНЫБЫНЫҢ
ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ
2026 - 2027 оқу жылына арналған
МАТЕМАТИКА НЕГІЗДЕРІ / ЖЫЛДЫҚ /

Білім беру ұйымы: №15 мектеп-лицейі
Топ/сынып:мектепалды 0 «Б» сынып
Балалардың жасы:5-6жас
Жоспардың құрылу кезеңі: қыркүйек айы 2026-2027 оқу жылы
Апталық жүктеме: 3 сағат, жылдық жүктеме 102 сағат.
Алматы «Алматыкітап баспасы» 2025 ж.3 бөлім
Мақсаты: балалардың қоршаған әлеммен өзара қарым-қатынас жасауына қажетті танымдық және зерттеушілік әрекеттің қарапайым дағдыларын меңгерту, коммуникативтік- танымдық қабілеттерді, математикалық және логикалық ойлауды дамыту.
Міндеттері:

- танымдық қызығушылықтарын, білуге құмарлықты, оқу әрекетіне қызығушылықты дамыту, мектепте оқуға ынтасын арттыру;
- зейінді, есте сақтауды, бақылауды, зерттеуді, талдау жасай білуді, себеп-салдарлық байланыстарды орнату, қорытынды жасауды дамыту;
- балаларды зерттеу барысында жаңа ақпараттарды алуға, объектілерге зерттеу жүргізу үшін өз әрекетінің алгоритмін жасауға баулу;
- математикалық және интеллектуалды-шығармашылық қабілеттіліктің алғышарттары көрінуіне ықпал ету.

Күтілетін нәтижелер:

- жиынды сапасы бойынша әртүрлі элементтерден құрады;
- жиындарды бөліктерге бөледі және оларды қайта біріктіреді;
- 10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауды біледі;
- «Қанша?», «Нешінші?» сұрақтарын ажыратады, оларға дұрыс жауап береді;
- теңсіздіктен теңдік немесе теңдіктен теңсіздік шығарады;
- әртүрлі белгілері бойынша заттарды салыстыра алады (түсі, пішіні, өлшемі, материалы, қолданылуы);
- заттардың ұзындығын, биіктігін, ені мен жуандығын анықтайды;
- заттарды шамасына қарай өсу және кему ретімен орналастырады;
- заттарды салыстыруда беттестіру, қасына қою және жұппен салыстыру тәсілдерін қолданады;
- геометриялық пішіндерді (дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш) ажыратады және атайды;
- қоршаған ортадан геометриялық фигураларға ұқсас заттарды тауып, олардың пішіндерін анықтайды;
- қағаз бетінде бағдарлай біледі, апта күндерін, жыл мезгілдері бойынша айларды ретімен атайды;
- заттарды кеңістікте орналастырады, қозғалыс бағыттарын біледі;

- пазлдарды жинайды, логикалық ойын тапсырмаларын орындайды;
- түрлі сызықтар салады.

Мазмұны:

1. Жиын

Жиынды сапасы бойынша әртүрлі элементтерден (түсі, өлшемі, пішіні, дыбысы, қимылы, қолданылуы бойынша заттардан) құру, жиындарды бөліктерге бөлу және оларды қайта біріктіру, бүтін жиын мен оның әр бөлігі арасында байланыс орнату, жиынның бөліктен үлкен екенін, бөліктің жиыннан кіші екенін, жиынның бөліктерін санау және элементтердің (заттардың) бір-біріне қатынасы негізінде салыстыру.

«Бір» сөзінің мағынасы, ол тек бір затты ғана емес, сондай-ақ жиынның бір бөлігі ретінде заттардың тобын білдіретінін түсіндіру.

2. Сан және санау

10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауға жаттықтыру. Көрнекілік арқылы 6, 7, 8, 9, 10 сандарының пайда болуымен, 0-ден 9-ға дейінгі цифрмен таныстыру. «Қанша?», «Нешінші?» сұрақтарын ажырату, оларға дұрыс жауап беру.

10 көлеміндегі сандарды салыстыру, саны кем затқа бір зат қосу арқылы теңсіздіктен теңдік немесе саны көп заттан біреуін алып тастау арқылы теңдіктен теңсіздік шығару.

Теңдік туралы түсінік қалыптастыру, әртүрлі заттардан тұратын топтардың санын анықтау, топтарды санау және салыстыру негізінде сандық мәндерді дұрыс жалпылау.

Заттардың саны олардың көлеміне, арасындағы қашықтыққа, пішінге, орналасуына, сондай-ақ санау бағытына байланысты емес екенін түсіндіру.

3. Шама

Заттардың (5 және одан артық) ұзындығын, биіктігін, ені мен жуандығын анықтай білу, заттарды шамасына қарай өсу және кему ретімен орналастыру. Шамасы бойынша заттардың арасындағы қатынастарды білдіретін математикалық терминдерді қолдану.

Заттарды әртүрлі белгілері бойынша (түсі, пішіні, өлшемі, материалы, қолданылуы) салыстыра білуге үйрету. Шартты өлшемнің көмегімен заттардың ұзындығын, енін, биіктігін өлшеу және осы өлшемдер бойынша бірнеше заттарды салыстыру.

Беттестіру, тұстастыру және жұппен салыстыру тәсілдерін қолдана отырып, заттарды салыстыру, заттар тобынан 2-3 белгілері бойынша сәйкес келмейтін затты бөліп алу.

4. Геометриялық фигуралар

Шеңбермен және тіктөртбұрышпен салыстыру арқылы сопақша пішінмен таныстыру. Геометриялық фигуралар (дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш) мен денелерді (шар, текше, цилиндр) дұрыс атап, оларды ажырата білуге жаттықтыру.

Танымдық-зерттеушілік қызығушылықты, ойлауды, алдына қойылған міндетті шешуде не істеу, қалай істеу керек екенін түсінуге, күрделі формадағы заттарды өз бетінше зерттеуге мүмкіндік беру, қоршаған ортадан геометриялық фигураларға ұқсас заттарды табу, олардың пішіндерін анықтау.

Пішіннің бір формасынан екіншісін қалай жасау керектігі туралы ұғымдарды дамыту, қағаз парағын тең және тең емес бөліктерге бөлу, бүтін мен бөлікті салыстыру,

8 – 10 бөліктерден пішіндерді жинап, құрастыру.

5. Кеңістікте бағдарлау

Кеңістік туралы түсініктерді бекіту: заттарды кеңістікте орналастыру (сол жақта, оң жақта, жоғарыда, төменде); қозғалыс бағыттары: сол жақтан оң жаққа, оң жақтан сол жаққа, жоғарыдан төменге, алға, артқа.

Сөйлеуде белгілі бір заттың өзіне немесе басқа затқа қатысты орнын көрсете білуге үйрету. Берілген бағытта, оны белгі бойынша өзгерте отырып, бағдарлауын қалыптастыру. Қағаз парағын бағдарлай білуді бекіту.

6. Уақытты бағдарлау
Әртүрлі оқиғалардың, апта күндерінің, тәулік бөліктерінің реті туралы білімді бекіту. Ай атаулары, жыл мезгілдері туралы түсініктерді қалыптастыру, олардың ретін білу және атау, циферблат бойынша уақытты анықтау.
Тәулік бөліктерінің ауысуын («кеше», «бүгін», «ертең»), оқиғалардың ретін («алдымен», «содан кейін», «бұрын», «кейінірек») анықтау.
Заттар мен құбылыстардың математикалық мәнін тануға қызығушылық көзқарасты, ойлау мәдениетін, таным процесін ерікті реттеу, шыдамдылық, ұқыптылық, өзіне деген сенімділікті қалыптастыруға баулу.
Нүктелерді, өрнектерді салуға, тік және көлбеу таяқшаларды, қисық және қиғаш сызықтарды дәптердің торкөзінде сызуға үйретеді.
Біліктер мен дағдылардың тізбесі
Мектепалды топ, мектептегі (лицейдегі, гимназиядағы)
мектепалды сынып (5 жастағы балалар)
- 10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауды біледі;
- заттарды әртүрлі белгілері бойынша (түсі, пішіні, өлшемі, материалы, қолданылуы) салыстырады;
- геометриялық фигуралар (дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш) мен денелерді (шар, текше, цилиндр) дұрыс атап, оларды ажырата біледі;
- заттарды қарастырып, олардың қасиеттері мен белгілерін анықтайды.
5 жас – мектепке дейінгі балалардың танымын дамытудың жаңа сатысы. Бұл жаста балалардың танымдық жүйесі белсенді түрде дамиды. Бала бізді қоршаған ортадағы заттардың бәрінің арасында белгілі бір байланыс барын, олардың бір-біріне тәуелділігін түсіне бастайды. Сондықтан дәл осы уақытта баланың қоршаған орта мен әлемдегі құбылыстар туралы ұғымын реттеуге және толықтыруға, қалыптасуына көмектесу қажет.
5 жастағы баланың танымдық дүниесін дамыту ісінің міндеттері:
- баланың қоршаған орта туралы ұғымының молаюына және кеңеюіне ықпал ету;
- логикалық операциялардың (талдау, салыстыру, жинақтау, жіктеу) көмегімен алынған және жинақталған мәліметтерді жүйелендіру;
- балалардың бойында айнала қоршаған ортаға ұқыпты, байыпты көзқарас қалыптастыру.
Осы аталған міндеттерді табысты жүзеге асыру үшін педагогтер төмендегі жайттарға көңіл бөлгені абзал:
• баланың танымдық белсенділігінің мәні;
• баланың танымдық іс-әрекетін басқару тәсілдері мен әдістері;
• заттық-дамыту ортасын қалыптастыру.
«Математика негіздері» оқу әдістемелік кешенінің құрамы:
1. № 1, 2, 3 жұмыс дәптері.
3. Үлестірмелі материалдар.
Әдістемелік құрал төмендегі бөлімдерді қамтиды:
1) перспективалық жоспар;
2) ұйымдастырылған іс-әрекетінің үлгі жоспарлары;
3) ұйымдастырылған іс-әрекетіне арналған қосымша материалдар.

МЕКТЕПАЛДЫ 0 «Б» СЫНЫБЫНЫҢ
ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ
2026 - 2027 оқу жылына арналған
МАТЕМАТИКА НЕГІЗДЕРІ / ҚЫРКҮЙЕК АЙЫ/

Р/с №	ҰІӘ-нің тақырыбы	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Сағат саны	Өту мерзімі	Ескерту
1	Кеңістікте бағдарлау.	-сөйлеуде өзіне немесе басқа затқа қатысты заттың орналасуын және заттың кеңістікте (солға, оңға, жоғарыға, төменге) орналасуын үйрету; қозғалысты бағыттау: сол жақтан оң жаққа, оң жақтан сол жаққа, жоғарыдан төменге, алға, артқа, сол бағытта; -берілген бағытта қозғалу қабілетін қалыптастыру, оны дабыл бойынша өзгерту; -шыдамдылыққа, төзімділікке тәрбиелеу.	1	02.09.2026 ж.	
2	Қағаз бетінде бағдарлау.	-балаларды кеңістіктік қарым-қатынастарды орнатуға үйрету. Заттың кеңістікте (солға, оңға, жоғарыға, төменге) және қағаз парағының бетінде орналасуын анықтау; сөйлеуде өзіне немесе басқа затқа қатысты заттың орналасуын белгілеу; -логикалық ойлау, есте сақтау, сөйлеу, назар аудару, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -шыдамдылыққа,төзімділікке тәрбиелеу.	1	03.09	
3	Кеңістікте және қағаз бетінде бағдарлау.	-балаларды кеңістіктік қарым-қатынастарды орнатуға үйрету. Заттың кеңістікте (солға, оңға, жоғарыға, төменге) және қағаз парағының бетінде орналасуын анықтау, сөйлеуде өзіне немесе басқа затқа қатысты заттың орналасуын белгілеу; -берілген бағытта қозғалу қабілетін қалыптастыру, оны дабыл бойынша өзгерту,логикалық ойлау, есте сақтау, сөйлеу, назар аудару, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -шыдамдылыққа, төзімділікке тәрбиелеу.	1	07.09	
4	Біреу – көп.	-«бір» сөзінің мағынасымен таныстыру. «Бір» деген ұғым – бір ғана заттың санын ғана емес, сонымен қатар бүтін бір топтың жиынтығын да білдіретіндігін ұғындыру, «біреу» және «көп» («бірнеше»), «бірдей және түрлі түсті» терминдерін енгізу; -логикалық байланыстар мен заңдылықтарды орнату білігін бекіту. Назар аудару, есте сақтау, сөйлеу, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -шыдамдылыққа тәрбиелеу.	1	09.09	
5	Заттарды ортақ қасиеті бойынша топқа біріктіру.Заттардың	-заттар тобының (жиынының) жалпы қасиетін табу біліктілігін қалыптастыру, қандай да бір қасиеті бойынша топқа біріктіру; -жиынды сапасы бойынша әртүрлі элементтерден (түсі, өлшемі, пішіні, дыбысы, қимылы, қолданылуы бойынша заттардан) құру;	1	10.09	

	қасиеті.	-белсендік пен дербестікке тәрбиелеу.			
6	Заттарды ортақ қасиеті бойынша топқа біріктіру.Заттардың қасиеті.	-әртүрлі белгілері бойынша заттарды біріктіруге және сәйкестендіруге, заттар тобынан 2-3 белгілері бойынша сәйкес келмейтін затты бөліп алу, арттық затты табуды үйрету; -логикалық байланыстар мен заңдылықтарды орнату біліктілігін бекіту. Зейін мен ойлау, қорытынды жасау, есте сақтау, сөйлеу қабілетін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -шыдамдылыққа тәрбиелеу.	1	14.09	
7	1 саны және цифры.	-1 саны және цифрымен таныстыру; «Көп», «бір» ұғымдарын бекіту; заттарды жіктеу, заттар тобынан 1-3 белгілері бойынша сәйкес келмейтін «артық» затты бөліп алу; -сөйлеу, логикалық ойлау, зейін, есте сақтау, қимылдарын үйлестіру және қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -белсенділік пен дербестікке тәрбиелеу.	1	15.09	
8	2 саны және цифры	-2 саны және цифрымен таныстыру; сандарды ретімен айтуға, заттар тобынан 1-3 белгілері бойынша сәйкес келмейтін «артық» затты бөліп алу, заттарды жіктеуге үйрету. 1 саны мен цифры туралы білімін бекіту; -танымдық әрекетке қызығушылықты, зейінді, есте сақтауды, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -табандылыққа тәрбиелеу.	1	17.09	
9	3 саны және цифры.	-3 саны және цифрымен таныстыру; цифрды заттардың санымен сәйкестендіруге; 1-ден 3-ке дейінгі цифрды тануға және бейнелеуге үйрету; заттарды санау, заттар тобынан 1-3 белгілері бойынша сәйкес келмейтін «артық» затты бөліп алу дағдыларын жетілдіру; -сөйлеу, логикалық ойлау, зейін, есте сақтау, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -табандылыққа тәрбиелеу.	1	21.09	
10	4 саны және цифры.	-4 саны және цифрымен таныстыру; цифрды заттардың санымен сәйкестендіруге; 1-ден 4-ке дейінгі цифрды тануға және бейнелеуге үйрету; заттарды санау, заттар тобынан 1-3 белгілер бойынша сәйкес келмейтін «артық» затты бөліп алу дағдыларын жетілдіру; -сөйлеу, логикалық ойлау, зейін, есте сақтау, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -еңбекке және ұқыптылыққа тәрбиелеу.	1	23.09	
11	5 саны және цифры.	-5 саны және цифрымен таныстыру; цифрды заттардың санымен сәйкестендіруге; 1-ден 5-ке дейінгі цифрды тануға және бейнелеуге үйрету; заттарды санау дағдыларын жетілдіру; -логикалық байланыстар мен заңдылықтарды орнату біліктілігін	1	24.09	

		бекіту. Сөйлеу, зейін, есте сақтау, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -басталған істі соңына дейін жеткізуге тәрбиелеу.			
12	Мен 5-ке дейін санаймын.	-1-ден 5-ке дейінгі цифрды заттардың санымен сәйкестендіруге үйрету; 1-ден 5-ке дейінгі цифрды тануға және бейнелеуге үйрету; заттарды санау; 5 көлеміндегі сандарды салыстыру, саны кем затқа бір зат қосу арқылы теңсіздіктен теңдік немесе саны көп заттан біреуін алып тастау арқылы теңдіктен теңсіздік шығару дағдыларын жетілдіру; -логикалық байланыстар мен заңдылықтарды орнату біліктілігін бекіту. Сөйлеу тілін, зейінін, есте сақтау қабілетін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -ұқыптылыққа тәрбиелеу, жол ережелерін сақтауға әдеттендіру.	1	28.09	
13	6 саны және цифры.	-6 саны және цифрымен таныстыру. 1-ден 6-ға дейінгі цифрды заттардың санымен сәйкестендіруге және 1-ден 6-ға дейінгі цифрды тануға және бейнелеуге үйрету; -логикалық байланыстар мен заңдылықтарды орнату біліктілігін бекіту. Сөйлеу, зейін, есте сақтау, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -салауатты өмір салтына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.	1	30.09	

МЕКТЕПАЛДЫ 0 «Б» СЫНЫБЫНЫҢ
ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ
2026 - 2027 оқу жылына арналған
МАТЕМАТИКА НЕГІЗДЕРІ / ҚАЗАН АЙЫ/

Р/с №	ҰІӘ-нің тақырыбы	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Сағат саны	Өту мерзімі	Ескерту
14	6 саны және цифры.	-1-ден 6-ға дейінгі цифрды заттардың санымен сәйкестендіруге; 1-ден 6-ға дейінгі цифрды тануға және бейнелеуге үйрету; -логикалық байланыстар мен заңдылықтарды орнату біліктілігін бекіту. Сөйлеу, зейін, есте сақтау, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -еңбекқорлық пен танымдық іс- әрекетке деген қызығушылыққа тәрбиелеу.	1	01.10	
15	7 саны және цифры.	-**7** саны және цифрымен таныстыру. 1-ден 7-ге дейінгі цифрды заттардың санымен сәйкестендіруге; 1-ден 7-ге дейінгі цифрды тануға және бейнелеуге үйрету, заттарды санау дағдыларын жетілдіру; -логикалық байланыстар мен заңдылықтарды орнату біліктілігін бекіту. Сөйлеу, зейін, есте сақтау, қолдың ұсақ моторикасын дамыту;	1	05.10	

		-табандылыққа тәрбиелеу.			
16	7 саны және цифры.	-1-ден 7-ге дейінгі цифрды заттардың санымен сәйкестендіруге үйрету; санау дағдыларын жетілдіру; -логикалық байланыстар мен заңдылықтарды орнату біліктілігін бекіту. Сөйлеу, зейін, есте сақтау, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -еңбекқорлық пен танымдық іс-әрекетке деген қызығушылыққа тәрбиелеу.	1	07.10	
17	8 саны және цифры.	-8 саны және цифрымен таныстыру. 1-ден 8-ге дейінгі цифрды заттардың санымен сәйкестендіруге; 1-ден 8-ге дейінгі цифрды тануға және бейнелеуге үйрету; логикалық байланыстар мен заңдылықтарды орнату біліктілігін бекіту; -сөйлеу, зейін, есте сақтау, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -табандылыққа тәрбиелеу.	1	08.10	
18	8 саны және цифры.	-1-ден 8-ге дейінгі цифрды заттардың санымен сәйкестендіруге; 1-ден 8-ге дейінгі цифрды тануға және бейнелеуге үйрету; логикалық байланыстар мен заңдылықтарды орнату біліктілігін бекіту; -сөйлеу, зейін, есте сақтау, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -табандылыққа тәрбиелеу.	1	12.10	
19	9 саны және цифры.	-9 саны және цифрымен таныстыру. 1-ден 9-ға дейінгі цифрды заттардың санымен сәйкестендіруге; 1-ден 9-ға дейінгі цифрды тануға және бейнелеуге үйрету; санау дағдыларын жетілдіру; -логикалық байланыстар мен заңдылықтарды орнату біліктілігін бекіту. Сөйлеу, зейін, есте сақтау, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -топта жұмыс істей білуге тәрбиелеу.	1	14.10	
20	9 саны және цифры.	-1-ден 9-ға дейінгі цифрды заттардың санымен сәйкестендіруге, салыстыруға; геометриялық фигураларды атай білуге, тізбектерді орнатуға үйрету, санау дағдыларын жетілдіру; -логикалық байланыстар мен заңдылықтарды орнату біліктілігін бекіту. Сөйлеу, зейін, есте сақтау, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. -табандылыққа тәрбиелеу.	1	15.10	
21	0 саны және цифры.	-0 саны және цифрымен таныстыру; 0-ден 9-ға дейінгі цифрды заттардың санымен сәйкестендіруге; 0-ден 9-ға дейінгі цифрды тануға және бейнелеуге үйрету; логикалық байланыстар мен заңдылықтарды орнату біліктілігін бекіту; -сөйлеу, зейін, есте сақтау, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -табандылыққа тәрбиелеу.	1	19.10	
22	10 саны	-10 санымен таныстыру. 0-ден 10-ға дейінгі сандарды заттардың санымен сәйкестендіруге үйрету; заттарды тура және кері санауға, реттік санын айтуға дағдыландыру;	1	21.10	

		-логикалық байланыстар мен заңдылықтарды орнату біліктілігін бекіту. Сөйлеу, зейін, есте сақтау, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. -топта жұмыс істей білуге тәрбиелеу.			
23	10 саны	-0-ден 10-ға дейінгі сандарды заттардың санымен сәйкестендіруге үйрету; заттарды тура және кері санауға дағдыландыру; -логикалық байланыстар мен заңдылықтарды орнату біліктілігін бекіту. Сөйлеу, зейін, есте сақтау, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -үлкендерге құрмет көрсетуге тәрбиелеу.	1	22.10	

МЕКТЕПАЛДЫ 0 «Б» СЫНЫБЫНЫҢ
ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ
2026 - 2027 оқу жылына арналған
МАТЕМАТИКА НЕГІЗДЕРІ / ҚАРАША АЙЫ/

Р/с №	ҰІӘ-нің тақырыбы	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Сағат саны	Өту мерзімі	Ескерту
24	Қанша?Реті бойынша нешінші? (сол жақтан оң жаққа қарай)	-«Қанша?», «Реті бойынша нешінші?» сұрақтарына жауап беру, реттік санын айтуды үйрету. Санды цифрмен сәйкестендіруді, тура және кері санауды бекіту; -сөйлеу, зейін, есте сақтау, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -бір-біріне деген достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу.	1	02.11	
25	Қанша?Реті бойынша нешінші?	-10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауға жаттықтыру. «Қанша?», «Реті бойынша нешінші?» сұрақтарын ажырату, оларға дұрыс жауап беруге үйрету; -сөйлеу, зейін, есте сақтау, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -белсенділік пен ұйымшылдыққа тәрбиелеу.	1	04.11	
26	Дөңгелек,шаршы,тіктөртбұрыш,үшбұрыш.(ұқсастық)	-геометриялық фигура – тіктөртбұрышпен таныстыру. Геометриялық фигуралар: дөңгелек, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш атауларын, олардың ұқсастығы мен айырмашылығын ажырата білуге үйрету; -санау, логикалық байланыстар мен заңдылықтарды орнату, қоршаған ортадан геометриялық фигураларға ұқсас заттарды тауып, олардың пішіндерін анықтау дағдыларын жетілдіру; -сөйлеу, зейін, есте сақтау, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -басталған істі соңына дейін жеткізуге тәрбиелеу.	1	05.11	
27	Дөңгелек,шаршы,тіктөртбұрыш,үшбұрыш.	-геометриялық фигураларды: дөңгелек, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш атауларын, олардың ұқсастығы мен айырмашылығын	1	09.11	

	(заттық таңдау)	ажырата білуге үйрету; -санау, логикалық байланыстар мен заңдылықтарды орнату, қоршаған ортадан геометриялық фигураларға ұқсас заттарды тауып, олардың пішіндерін анықтау дағдыларын жетілдіру; -сөйлеу, зейін, есте сақтау, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -табандылыққа тәрбиелеу.			
28	Дөңгелек және сопақша. (ұқсастық)	-геометриялық фигура – сопақшаны тануға және атауға, сопақша мен шеңбердің, сопақша мен тіктөртбұрыштың ұқсастығы мен айырмашылықтарын табуға, заттардың пішіндерін анықтауға үйрету; -геометриялық фигуралар мен олардың бөліктерін модельдеуге жаттығу; -зейінді, есте сақтауды, сөйлеуді, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -табандылыққа тәрбиелеу.	1	11.11	
29	Дөңгелек және сопақша. (заттық таңдау)	-геометриялық фигура – сопақшаны тануға және атауға, сопақша мен шеңбердің, сопақша мен тіктөртбұрыштың ұқсастығы мен айырмашылықтарын табуға, заттардың пішіндерін анықтауға үйрету; -заттарды түсі, пішіні, өлшемі бойынша ажырата білу; заттарды әртүрлі белгілері бойынша салыстыру (2-3 белгі бойынша заттар тобынан затты бөлу) қабілетін бекіту; -геометриялық фигуралар мен олардың бөліктерін модельдеуге жаттығу. Зейінді, есте сақтауды, сөйлеуді, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -табандылыққа тәрбиелеу.	1	12.11	
30	Бүтін және фигуралардың бөліктері	-пішіннің бір формасынан екіншісін қалай жасау керектігі; қағаз парағын тең және тең емес бөліктерге бөлу, бүтін мен бөлікті салыстыру, 8-10 бөліктерден пішіндерді жинап, құрастыру туралы ұғымдарды қалыптастыру; -зейінді, есте сақтауды, сөйлеуді, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -ұйымшылдық пен еңбекқорлыққа тәрбиелеу.	1	16.11	
31	Заттарды өлшемі бойынша салыстыру.	-балаларды ұзындығы(5және одан да артық), биіктігі, ені немесе қалыңдығы әртүрлі заттар арасындағы өлшемдік қатынастар орнатуға, заттарды шамасы бойынша өсу және кему ретімен орналастыруға үйрету; -балаларды сөйлеу барысында «үлкен – кіші», «артық – кем», «өлшемі бірдей», түсі бірдей және әртүрлі, сөздерді қолдана білуге жаттықтыру; -логикалық ойлау, талдау, зейін, есте сақтау, сөйлеу, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -ұқыптылыққа тәрбиелеу.	1	18.11	
32	Заттарды өлшемі бойынша	-беттестіру, тұстастыру және жұппен салыстыру тәсілдерін қолдана	1	19.11	

	салыстыру.	отырып, заттарды салыстыру, заттар тобынан 2-3 белгілері бойынша сәйкес келмейтін затты бөліп алу, ұзындығы, биіктігі әртүрлі заттар арасындағы өлшемдік қатынастар орнатуға үйрету; -логикалық ойлау, зейін, есте сақтау, сөйлеу, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -ұйымшылдық пен еңбекқорлыққа тәрбиелеу.			
33	Ұзындық.Заттардың ұзындығы бойынша салыстыру.	-беттестіру, тұстастыру және жұппен салыстыру тәсілдерін қолдана отырып, заттарды салыстыру, заттар тобынан 2-3 белгілері бойынша сәйкес келмейтін затты бөліп алу, ұзындығы, биіктігі әртүрлі заттар арасындағы өлшемдік қатынастар орнатуға үйрету; -логикалық ойлау, талдау, зейін, есте сақтау, сөйлеу, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -ұқыптылыққа тәрбиелеу.	1	23.11	
34	Шартты өлшеуішті пайдаланып,заттарды ұзындығы бойынша салыстыру.(«Лего»конструктор арқылы)	-шартты өлшеуішті ұзындықты өлшейтін құрал ретінде таныстыру; шартты өлшеуіштің көмегімен заттардың ұзындығын өлшеу мен салыстыруды; ұзындығы, биіктігі әртүрлі заттар арасындағы өлшемдік қатынастарды орнатуға үйрету; -логикалық ойлау, есте сақтау, сөйлеу, назар аудару қабілеттерін дамыту; -шыдамдылыққа тәрбиелеу.	1	25.11	
35	Шартты өлшеуішті пайдаланып,заттарды ұзындығы бойынша салыстыру.(цифр арқылы)	-шартты өлшеуішті ұзындықты өлшейтін құрал ретінде таныстыру; шартты өлшемнің көмегімен заттардың ұзындығын өлшеу мен салыстыруды, санды цифрмен сәйкестендіруге, ұзындығы, биіктігі әртүрлі заттар арасындағы өлшемдік қатынастарды орнатуға жаттықтыру; -логикалық ойлау, есте сақтау, сөйлеу, назар аудару қабілеттерін дамыту; -танымдық іс-әрекетке қызығушылыққа тәрбиелеу.	1	26.11	
36	Мен не істей аламын?	-10-ға дейін санауды, заттардың қасиеттерін атауды, берілген белгі бойынша жиындар құруды, заттарды ұзындығы бойынша салыстыру және өлшеуішпен өлшеу қабілетін бекіту; -зейінді, есте сақтауды, сөйлеуді, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -табандылыққа тәрбиелеу.	1	30.11	

МЕКТЕПАЛДЫ 0 «Б» СЫНЫБЫНЫҢ
2026 - 2027 оқу жылына арналған
ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ
МАТЕМАТИКА НЕГІЗДЕРІ / ЖЕЛТОҚСАН АЙЫ/

Р/с №	ҰІӘ-нің тақырыбы	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Сағат саны	Өту мерзімі	Ескерту
37	Шар.Текше.Цилиндр.(пішіндегі заттар)	-геометриялық денелер – текше, шар, цилиндрді тануға және атауға үйрету. -санау, логикалық байланыстар мен заңдылықтарды орнату, қоршаған ортада геометриялық денелерге ұқсас заттарды табу дағдыларын бекіту; -зейінді, есте сақтауды, сөйлеуді, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -табандылыққа тәрбиелеу.	1	02.12	
38	Шар.Текше.Цилиндр.(артық заттар)	-геометриялық денелерді текше, шар, цилиндр тануға және атауға үйрету. -санау, логикалық байланыстар мен заңдылықтарды орнату, қоршаған ортада геометриялық денелерге ұқсас заттарды табу дағдыларын жетілдіру; -зейінді, есте сақтауды, сөйлеуді, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -табандылыққа тәрбиелеу.	1	03.12	
39	Жазық фигура және көлемді фигура.	-жазық және көлемді геометриялық фигуралар мен денелерді тануға және атауға үйрету; -санау, санды цифрмен сәйкестендіру, логикалық байланыстар мен заңдылықтарды орнату, қоршаған ортада геометриялық денелерге ұқсас заттарды табу дағдыларын жетілдіру; -қиялды, зейінді, есте сақтауды, сөйлеуді, қолдың ұсақ моторикасын, берілген бағытта штрихтауды дамыту; -еңбекқорлық пен ұқыптылыққа тәрбиелеу.	1	07.12	
40	Таңертең,күндіз,кеш,түн.Кеше,бүгін,ертең.(Тәулік бөліктер)	-таңертең, күндіз, кеш, түн бір тәулікті құрайтыны туралы түсінік беру; тәуліктің бөліктерін (таңертең, күндіз, кеш, түн) тану, атау кезінде дұрыс реттілікті сақтау: кеше, бүгін, ертең; күннің бір бөлігі мен балалардың әрекетін байланыстыруға үйрету. -санау, цифрды санмен сәйкестендіру білімін бекіту; -логикалық ойлау, зейін, есте сақтау, сөйлеу, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -ұқыптылыққа тәрбиелеу.	1	09.12	
41	Таңертең,күндіз,кеш,түн.Кеше,бүгін,ертең.(мезгіл)	-тәуліктің бөліктерін (таңертең, күндіз, кеш, түн) тану, атауды, атау кезінде дұрыс реттілікті сақтау: кеше, бүгін, ертең, күннің бір бөлігі мен балалардың әрекетін байланыстыруға үйрету;	1	10.12	

		-логикалық ойлау, зейін, есте сақтау, сөйлеу, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -ұқыптылыққа тәрбиелеу.			
42	Апта күндері.(суретті)	-апта күндерін рет-ретімен атауға үйрету; -сандық және реттік санау дағдыларын жетілдіру; -логикалық ойлау, зейін, есте сақтау, сөйлеу, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -белсенділік пен ұйымшылдыққа тәрбиелеу.	1	14.12	
43-44	Апта күндері.(еңбек)/ Жыл мезгілдері.(суретті)	-апта күндерін рет-ретімен атауға үйрету, сандық және реттік санау дағдыларын жетілдіру; -логикалық ойлау, зейін, есте сақтау, сөйлеу, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -белсенділік пен ұйымшылдыққа тәрбиелеу. - айлардың атауларын жыл мезгілдеріне қарай таныстыру, табиғат құбылыстары туралы ұғымдарын бекіту; -логикалық ойлау, сәйкестік табу, зейін, есте сақтау, сөйлеу, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -табиғатқа деген қызығушылық пен сүйіспеншілікке тәрбиелеу.	1	17.12	16.12
45	Жыл мезгілдері.(айлар)	- ай атауларын жыл мезгілдеріне қарай таныстыру, табиғат құбылыстары туралы; оқиғалар тізбегі кеше, бүгін, «алдымен – содан кейін» ұғымдарын бекіту, жылдың әр мезгіліне қарай киім таңдау дағдыларын жетілдіру; -сәйкестік табу, зейін, есте сақтау, сөйлеу, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -табиғатқа деген қызығушылық пен сүйіспеншілікке тәрбиелеу.	1	23.12	
46	«Алдымен-содан кейін», «болды-бар-болады», «бұрын-кейінірек»(суретті)	-оқиғалар тізбегін «алдымен – содан кейін», «болды – бар – болады», «бұрын – кейінірек», жыл мезгілдеріне қарай айларды ретімен атауға үйрету, жыл мезгілдері мен табиғи өзгерістер туралы түсініктерді бекіту, 1-ден 10-ға дейін санау дағдыларын жетілдіру; -логикалық ойлау, сәйкестік табу, зейін, есте сақтау, сөйлеу, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -еңбекке деген сүйіспеншілікке, нанға ұқыпты қарауға тәрбиелеу.	1	24.12	
47	«Алдымен-содан кейін», «болды-бар-болады», «бұрын-кейінірек»(суретті сызып қосу)	-оқиғалар тізбегін «алдымен – содан кейін», «болды – бар – болады», «бұрын – кейінірек», жыл мезгілдеріне қарай айларды ретімен атауға үйрету; -логикалық ойлау, сәйкестік табу, зейін, есте сақтау, сөйлеу, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -қазақ халқының мәдениетіне деген қызығушылыққа тәрбиелеу.	1	24.12	

МЕКТЕПАЛДЫ 0 «Б» СЫНЫБЫНЫҢ
ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ
2026 - 2027 оқу жылына арналған
МАТЕМАТИКА НЕГІЗДЕРІ / ҚАҢТАР АЙЫ/

Р/с №	ҰІӘ-нің тақырыбы	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Сағат саны	Өту мерзімі	Ескерту
48	10 көлемінде тура және кері санау.№1	-10 көлемінде тура және кері санауды жаттықтыру, оқиғалар тізбегін ретімен дұрыс атауға үйрету -талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау; зейін, есте сақтау, сөйлеу дағдысын; қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -дербестікке және шыдамдылыққа тәрбиелеу.	1	11.01.2027 ж.	
49	10 көлемінде тура және кері санау.№2	-10 көлемінде тура және кері санауды жаттықтыру, санды цифрмен сәйкестендіру дағдыларын жетілдіру; -талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау; зейін, есте сақтау, сөйлеу дағдысын; қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -дербестікке және шыдамдылыққа тәрбиелеу.	1	13.01	
50	Заттармен әрекет.№1	-жиындарды бөліктерге бөлу және оларды қайта біріктіру, бүтін жиын мен оның әр бөлігі арасында байланыс орнату, жиынның бөліктен үлкен екенін үйрету, бөліктің жиыннан кіші екенін түсіну; -кері тәртіппен санау, жетіспейтін сандарды табу, санды цифрмен сәйкестендіру дағдыларын жаттықтыру; -зейін, есте сақтау, сөйлеу, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -дербестікке тәрбиелеу.	1	14.01	
51	Заттармен әрекет.№2	-жиындарды бөліктерге бөлу және оларды қайта біріктіру, бүтін жиын мен оның әр бөлігі арасында байланыс орнату, жиынның бөліктен үлкен екенін, бөліктің жиыннан кіші екенін түсіну, жиынның бөліктерін санау және элементтердің (заттардың) бір-біріне қатынасы негізінде салыстыру, жиынның үлкен (кіші) бөлігін немесе олардың теңдігін анықтау дағдыларын бекіту; -санды цифрмен сәйкестендіруге, кеңістікте және қағаз бетінде бағдарлауға жаттықтыру; -талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау, зейін, есте сақтау, сөйлеу, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -бастаған ісін соңына дейін аяқтауға тәрбиелеу.	1	18.01	
52	Артық,кем,тең.№1	- «артық», «кем», «тең» ұғымдарымен таныстыру, жиынның бөліктерін санау және элементтердің (заттардың) бір- біріне қатынасы негізінде салыстыру, саны кем затқа бір зат қосу арқылы теңсіздіктен теңдік немесе саны көп заттан біреуін алып тастау	1	20.01	

		арқылы теңдіктен теңсіздік шығаруға үйрету; -санды цифрмен сәйкестендіруге жаттықтыру; -зейін, есте сақтау, сөйлеу, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -дербестікке, табандылыққа тәрбиелеу.			
53	Артық,кем,тең.№2	-жиынның бөліктерін санау және элементтердің (заттардың) бір-біріне қатынасы негізінде салыстыру, нақты жиындарды салыстыру негізінде 10 көлеміндегі сандар бойынша дағдыларын жетілдіру; -талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау, зейін, есте сақтау, сөйлеу, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -дербестікке, табандылыққа тәрбиелеу.	1	21.01	
54	Артық,кем,тең.№3	-жиынның бөліктерін санау және элементтердің (заттардың) бір-біріне қатынасы негізінде салыстыру; нақты жиындарды салыстыру негізінде 10 көлеміндегі сандар бойынша дағдыларын жетілдіру; -талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау, қолдың ұсақ моторикасын, берілген бағытта штрихтауды дамыту; -білімге деген қызығушылыққа тәрбиелеу.	1	25.01	
55	Заттар тобын санау және салыстыру.№1	-топтарда заттардың тең және тең емес санын анықтауға, «артық», «кем», «тең», саны кем затқа бір зат қосу арқылы теңсіздіктен теңдік немесе саны көп заттан біреуін алып тастау арқылы теңдіктен теңсіздік шығаруды үйрету; -санды цифрмен сәйкестендіру, 10-ға дейін санауды, заттарды белгілі бір ерекшелігіне қарай топтастыру дағдыларын жетілдіру; -талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау, зейін, есте сақтау, сөйлеу, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -қызығушылыққа тәрбиелеу.	1	27.01	
56	10-ға дейін санау.№1	-көрнекілік арқылы 10-ға дейін сандардың пайда болуымен таныстыру; -заттардың саны олардың көлеміне, арасындағы қашықтыққа, пішінге, орналасуына, сондай-ақ санау бағытына байланысты емес екенін түсіндіру, оқиғалардың тізбегін дұрыс ретімен атау, талдау, қарапайым тұжырымдар жасау қабілетін бекіту; -зейінін, есте сақтау, сөйлеу, қолдың ұсақ моторикасын, затты штрихтауды дамыту; -білімге деген қызығушылыққа тәрбиелеу.	1	28.01	

МЕКТЕПАЛДЫ 0 «Б» СЫНЫБЫНЫҢ
ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ
2026 - 2027 оқу жылына арналған
МАТЕМАТИКА НЕГІЗДЕРІ / АҚПАН АЙЫ/

Р/с №	ҰІӘ-нің тақырыбы	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Сағат саны	Өту мерзімі	Ескерту
57	10-ға дейін санау.№2	-10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауға, әрбір келесі сан 1-ге артық, алдыңғы сан 1-ге кем екенін, қағаз бетінде бағдарлауға жаттықтыру; -зейінін, есте сақтау, сөйлеу, қолдың ұсақ моторикасын, затты белгілі бағытта штрихтауды дамыту; -дербестікке, табандылыққа тәрбиелеу.	1	01.02	
58	Заттар тобын санау және салыстыру.№2	-көрнекілік арқылы 6, 7, 8, 9 сандарының пайда болуымен таныстыруды жалғастыру, топтарда заттардың тең және тең емес санын білуді бекіту, 10-ға дейін санауды жаттықтыру; -талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау, зейін, есте сақтау, сөйлеу, қолдың ұсақ моторикасын, затты белгілі бағытта штрихтауды дамыту; -басталған істі соңына дейін жеткізуге тәрбиелеу.	1	03.02	
59	Заттар тобын санау және салыстыру.№3	-көрнекілік арқылы 6, 7, 8, 9, 10 сандарының пайда болуымен таныстыруды, бүтін жиын мен оның әр бөлігі арасында байланыс орнату туралы, «артық», «кем», «тең» ұғымдарын бекіту; -талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау, зейінді, есте сақтауды, қолдың ұсақ моторикасын, заттарды белгілі бір бағытта штрихтауды дамыту; -дербестікке тәрбиелеу.	1	04.02	
60	Фигуралар мен денелер.№1	-фигуралар мен денелерді: дөңгелек, шаршы, тіктөртбұрыш, үшбұрыш, шар, текше, цилиндрді тануға және атауға, олардың ұқсастығы мен айырмашылығын табу; санау, логикалық байланыстар мен заңдылықтарды орнату, қоршаған ортадан геометриялық фигураларға ұқсас заттарды тауып, олардың пішіндерін анықтау дағдыларын жетілдіру; -сөйлеу, зейін, есте сақтау, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -үлкендерге құрмет етуге, еңбекке баулуға тәрбиелеу.	1	15.02	
61	Фигуралар мен денелер.№2	-фигуралар мен денелерді тануға және атауға, олардың ұқсастығы мен айырмашылығын табу; 1- ден 10-ға дейін санау, логикалық байланыстар мен заңдылықтарды орнату, қоршаған ортадан геометриялық фигураларға ұқсас заттарды	1	17.02	

		тауып, олардың пішіндерін анықтау, қағаз парағын бағдарлай білу дағдыларын бекіту; -сөйлеу, зейін, есте сақтау, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -ұқыптылыққа тәрбиелеу.			
62	Бүтін және бөлік.	-бөліктерден бүтін құру және оларды қайта бөліктерге бөлу, бүтін жиын мен оның әр бөлігі арасында байланыс орнату: бүтін бөліктен үлкен; санау, сандарды салыстыру, цифрларды тану және атау дағдыларын бекіту; -қиял, логикалық ойлау, сәйкестік табу, зейін, есте сақтау, сөйлеу, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -дербестікке тәрбиелеу.	1	18.02	
63	Заттың бірнеше тең бөліктері.№1	-заттарды бірнеше тең бөліктерге бөлуге; «жарты, ширек, үштен бір бөлігі», деп атауға, бүтін мен бөлікті салыстыруға үйрету; -заңдылықтарды орнату, талдау, салыстыру қабілетін бекіту; қарапайым тұжырымдарды құру; зейінді, ойлауды, сөйлеуді, қолдың ұсақ моторикасын, берілген бағытта штрихтауды дамыту; -табандылыққа тәрбиелеу.	1	22.02	
64	Заттың бірнеше тең бөліктері.№2	-заттарды бірнеше тең бөліктерге бөлуге, «жарты, ширек, үштен бір бөлігі» деп атауға, бүтін мен бөлікті салыстыруға үйрету; -талдау, салыстыру қабілетін бекіту, қарапайым тұжырымдарды құру, зейінді, ойлауды, сөйлеуді, қолдың ұсақ моторикасын, берілген бағытта штрихтауды дамыту; -табандылыққа тәрбиелеу.	1	24.02	
65	Заттар тобын бөліктерге бөлу және заттар тобын біріктіру.№1	-жиындарды бөліктерге бөлу және оларды қайта біріктіру, бүтін жиын мен оның әр бөлігі арасында байланыс орнату, санды цифрмен сәйкестендіру, 1-ден 10-ға дейін санау, қағаз бетінде бағдарлау дағдыларын бекіту; -зейінді, ойлауды, сөйлеуді, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -бастаған ісін соңына дейін аяқтауға тәрбиелеу.	1	25.02	

МЕКТЕПАЛДЫ 0 «Б» СЫНЫБЫНЫҢ
ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ
2026 - 2027 оқу жылына арналған
МАТЕМАТИКА НЕГІЗДЕРІ / НАУРЫЗ АЙЫ/

Р/с №	ҰІӘ-нің тақырыбы	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Сағат саны	Өту мерзімі	Ескерту
66	Заттар тобын бөліктерге бөлу және заттар тобын біріктіру.№2	-жиынның бөліктерін санау және элементтердің (заттардың) бір-біріне қатынасы негізінде салыстыру, жиынның бөліктен үлкен (кіші) немесе олардың теңдігін анықтау, санды цифрмен сәйкестендіру, заңдылықтар орнату дағдыларын бекіту; -танымдық қызығушылықты, зейінді, ойлауды, сөйлеуді, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -табандылыққа және дербестікке тәрбиелеу.	1	01.03	
67	Заттар тобын бөліктерге бөлу және заттар тобын біріктіру.№3	-жиындарды бөліктерге бөлу және оларды қайта біріктіру, бүтін жиын мен оның әр бөлігі арасында байланыс орнату, жиынның бөліктен үлкен екенін, бөліктің жиыннан кіші екенін, жиынның бөліктерін санау және элементтердің (заттардың) бір-біріне қатынасы негізінде салыстыру дағдыларын жетілдіру; -талдау, салыстыру қабілетін бекіту, қарапайым тұжырымдарды құру, зейінді, ойлауды, сөйлеуді, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -табандылыққа тәрбиелеу.	1	03.03	
68	Заттар тобын бөліктерге бөлу және заттар тобын біріктіру.№4	-жиындарды бөліктерге бөлу және оларды қайта біріктіру, бүтін жиын мен оның әр бөлігі арасында байланыс орнату, жиынның бөліктен үлкен екенін, бөліктің жиыннан кіші екенін, жиынның бөліктерін санау және элементтердің (заттардың) бір-біріне қатынасы негізінде салыстыру дағдыларын жетілдіру; -талдау, салыстыру қабілетін бекіту, қарапайым тұжырымдарды құру, зейінді, ойлауды, сөйлеуді, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -табандылыққа тәрбиелеу.	1	04.03	
69-70	Ұзынырақ-қысқа,биік-аласа/ Кең-тар,жуан-жіңішке,қалың-жұқа.	-шартты өлшемнің көмегімен үлгіден ұзынырақ (қысқа), жоғары (төмен) және оған тең заттарды табуға үйрету; -заттарды салыстыруда қасына қою, беттестіру тәсілдерін қолдану, қарама-қарсы сөздерді атау дағдыларын жетілдіру; -бақылау, талдау, зейін, есте сақтау, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -ұқыптылыққа тәрбиелеу. - шартты өлшемнің көмегімен үлгіден ұзынырақ (қысқа), жоғары (төмен) және оған тең заттарды табуға үйрету; -заттарды салыстыруда қасына қою, беттестіру тәсілдерін	2	10.03	08.03

		қолдану, қарама-қарсы сөздерді атау, кеңістікте бағдарлау дағдыларын жетілдіру; -логикалық ойлауды,зейінді,есте сақтауды, сөйлеуді,қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -дербестікке, ұқыптылыққа тәрбиелеу.			
71	Заттарды ұзындығы,ені,жуандығы бойынша салыстыру.	-шартты өлшемнің көмегімен үлгіден ұзынырақ (қысқа), жоғары (төмен) және оған тең заттарды табуға үйрету; -заттарды салыстыруда қасына қою, беттестіру тәсілдерін қолдану, геометриялық фигураларды, карама-қарсы сөздерді атау дағдыларын бекіту; -талдау, қарапайым тұжырымдар жасау, зейінді, есте сақтауды, сөйлеуді, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -дербестікке, ұқыптылыққа тәрбиелеу.	1	11.03	
72-73	Мен не білемін және не істей аламын?/ Геометриялық фигуралар.	-санау, заттар санын цифрмен сәйкестендіру, үлгіден ұзынырақ (қысқа), және оған тең заттарды табуды үйрету, жыл мезгілдерін атау, фигураларды тану туралы білімдерін бекіту; -талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау; зейін, сөйлеу, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -дербестікке тәрбиелеу. -геометриялық фигураларды: дөңгелек, сопақша, шаршы, тіктөртбұрыш, үшбұрыш тануға және атауға үйрету; Пішіндер мен денелердің ерекше қасиеттері туралы түсінік беру,қоршаған ортадан геометриялық фигураларға ұқсас заттарды табу, олардың пішіндерін анықтау дағдыларын жетілдіру; -зейін, есте сақтау, сөйлеу, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -бастаған ісін соңына дейін аяқтауға тәрбиелеу.	2	17.03	15.03
74	Геометриялық фигуралар және денелер.№1	-денелерді тануға және атауға үйрету – текше, шар, цилиндр,денелердің айрықша қасиеттері туралы ұғымдарын бекіту; қоршаған ортадағы осы формалардың объектілерін таба білу; фигуралардың тақырыптық композицияларын өз ниеті бойынша құрастыру; санды цифрмен сәйкестендіру дағдыларын жетілдіру; -зейінді, есте сақтауды, сөйлеуді, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -табандылыққа тәрбиелеу.	1	29.03	
75	Геометриялық фигуралар және денелер.№2	-пішіндердің атауларын: дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш, денелердің атауларын: текше, шар, цилиндр тануға және атауға үйрету, пішіндер мен денелердің ерекше	1	31.03	

		қасиеттері туралы түсінік беру; -пішіннің бір формасынан екіншісін қалай жасау керектігі туралы, сандық және реттік санау білімін бекіту; -зейін, есте сақтау, сөйлеу, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -шыдамдылыққа тәрбиелеу.			

МЕКТЕПАЛДЫ 0 «Б» СЫНЫБЫНЫҢ
ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ
2026 - 2027 оқу жылына арналған
МАТЕМАТИКА НЕГІЗДЕРІ / СӘУІР АЙЫ/

Р/с №	ҰІӘ-нің тақырыбы	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Сағат саны	Өту мерзімі	Ескерту
76	Геометриялық пішіндегі заттар.№1	-пішіндердің атауларын тануға және атауға, қоршаған ортадан фигураларға ұқсас заттарды табу, олардың пішіндерін анықтау, олардың ұқсастығы мен айырмашылығын ажырата білуге үйрету; -санды цифрмен сәйкестендіру, талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау дағдыларын бекіту; -зейін, сөйлеу, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -дербестікке тәрбиелеу.	1	01.04	
77	Геометриялық пішіндегі заттар.№2	-пішіндердің, денелердің атауларын тануға және атауға, олардың ұқсастығы мен айырмашылығын ажырата білуге үйрету; -пішіннің бір формасынан екіншісін қалай жасау керектігі туралы түсінік беру; -зейін, есте сақтау, сөйлеу, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -шыдамдылыққа тәрбиелеу.	1	05.04	
78	Тәулік бөліктері.Циферблат	-циферблат, сағат тілдерімен таныстыру,циферблат арқылы уақытты анықтауға үйрету,әртүрлі оқиғалардың реттілігі, тәулік бөліктері туралы білімдерін бекіту. Тәулік бөліктерінің ауысуын («кеше», «бүгін», «ертең»), оқиғалардың ретін («алдымен – содан кейін», «бұрын – кейінірек») анықтау дағдыларын жетілдіру; -танымдық қызығушылықты, зейінді, есте сақтауды, сөйлеуді, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -табандылыққа тәрбиелеу.	1	07.04	
79	Циферблат бойынша уақытты анықтау.	-тәулік бөліктері туралы, циферблат арқылы уақытты анықтау, әртүрлі оқиғалардың реттілігі «алдымен – содан кейін», «болды – бар – болады», «ертерек – кейінірек» туралы білімдерін бекіту; -зейінді, есте сақтауды, сөйлеуді, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -табандылыққа тәрбиелеу.	1	08.04	

80	Апта күндері.	-апта күндері, тәулік ауысу реттілігі: кеше, бүгін, ертең, оқиғалардың реті («алдымен – содан кейін», «бұрын – кейінірек»), санды цифрмен сәйкестендіру туралы білімдерін бекіту; -танымдық қызығушылықты, зейінді, есте сақтауды, сөйлеуді, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -табандылыққа тәрбиелеу.	1	12.04	
81	Уақыт.Апта күндері.	-циферблатта уақытты және оқиғалардың ретін («алдымен – содан кейін», «бұрын – кейінірек») анықтау, апта күндері, тәулік уақыты туралы білімдерін бекіту; -танымдық қызығушылықты, зейінді, есте сақтауды, сөйлеуді, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -табандылыққа тәрбиелеу.	1	14.04	
82	Жыл мезгілдері.Жыл айлары.№1	-жылдың айлары туралы ұғымдарын қалыптастыру, оларды атауға үйрету, оқиғалардың реттілігін анықтау, жыл мезгілдерін ретімен атау, санды цифрмен сәйкестендіруге білімдерін бекіту; -логикалық ойлауды, зейінді, есте сақтауды, сөйлеуді, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -табандылыққа, шыдамдылыққа тәрбиелеу.	1	15.04	
83	Жыл мезгілдері.Жыл айлары.№2	-жылдың айлары туралы ұғымдырын қалыптастыру, оларды ретімен атауға үйрету, оқиғалардың реттілігін анықтау, санды цифрмен сәйкестендіруге білімін бекіту; -логикалық ойлауды, зейінді, есте сақтауды, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -басталған істі соңына дейін аяқтауға тәрбиелеу.	1	19.04	
84	Жыл мезгілдері.Жыл айлары.№3	-жыл мезгілдері мен айлар туралы ұғымдарын қалыптастыру, оларды ретімен атауға үйрету, заттарды бір белгі бойынша біріктіру, санды цифрмен сәйкестендіру, 1-ден 10-ға дейін санау дағдыларын жетілдіру; -зейінді, есте сақтауды, логикалық ойлауды, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -шыдамдылық пен табандылыққа тәрбиелеу.	1	21.04	
85	Заттар тобы.Заттарды санау.№1	-заттарды санау, артық, кем, бірдей (тең) екенін атау, заттар тобын салыстыру, санды цифрмен сәйкестендіру, себеп- салдарлық байланыстар мен заңдылықты орнату туралы дағдыларын бекіту; -логикалық ойлауды, зейінді, есте сақтауды, сөйлеуді, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -табандылыққа, дербестікке тәрбиелеу.	1	22.04	
86	Заттар тобы.Заттарды санау.№2	-заттарды санау және заттар тобын салыстыру, санды цифрмен сәйкестендіру, артық, кем, бірдей (тең) екенін атау дағдыларын	1	26.04	

		жетілдіру; -танымдық қызығушылықты, зейінді, есте сақтауды, сөйлеуді, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -табандылыққа, шыдамдылыққа тәрбиелеу.			
87	Заттар тобы.Заттарды санау.№3	-заттарды санау және заттар тобын салыстыру, санды цифрмен сәйкестендіру, қағаз бетінде бағдарлау дағдыларын бекіту; -танымдық қызығушылықты, зейінді, есте сақтауды, сөйлеуді, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -үй жануарларына деген қызығушылыққа,оларға деген қамқорлыққа тәрбиелеу.	1	28.04	
88	Заттар тобы.Заттарды санау.№4	-заттарды санау, заттар тобын салыстыру, жиынның бөліктерін санау және элементтердің (заттардың) бір-біріне қатынасы негізінде салыстыру, жиынның бөліктен үлкен (кіші) немесе олардың теңдігін анықтау, санды цифрмен сәйкестендіру, қағаз бетінде бағдарлау дағдыларын бекіту; -талдау, қарапайым тұжырымдар жасау, логикалық ойлау, зейін, есте сақтау, сөйлеу, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -үй жануарларына деген қызығушылыққа, оларға деген қамқорлыққа тәрбиелеу.	1	29.04	

МАТЕМАТИКА НЕГІЗДЕРІ / МАМЫР АЙЫ/

Р/с №	ҰІӘ-нің тақырыбы	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Сағат саны	Өту мерзімі	Ескерту
89-90	Заттар тобы.Заттарды санау.№5/ Заттар тобы.Заттарды санау.№6	-санды цифрмен сәйкестендіру, заттардың екі тобын бір жиынға біріктіру, санның «көршілерін» атау дағдыларын бекіту; -зейінді, есте сақтауды, сөйлеуді, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -табандылыққа тәрбиелеу. - заттарды санау, санды цифрмен сәйкестендіру, жиынды бөліктерге бөлу, жиынның бөліктен үлкен (кіші) немесе олардың теңдігін анықтау дағдыларын бекіту; -талдау, қарапайым тұжырымдар жасау, логикалық ойлау, зейін, есте сақтау, сөйлеу, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -табандылыққа тәрбиелеу.	2	05.05	03.05
91	Заттар тобын санау және салыстыру.	-заттарды санау, заттар тобын салыстыру; жиынның бөліктен үлкен (кіші) немесе олардың теңдігін анықтау, заттардың екі тобын бір жиынға біріктіру, санды цифрмен сәйкестендіру, санның «көршілерін» атау дағдыларын бекіту;	1	06.05	

		-қиялды, зейінді, есте сақтауды, сөйлеуді, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -еңбекқорлыққа тәрбиелеу.			
92-93	Заттар тобы.Заттарды санау.№7/ Заттар тобы.Заттарды санау.№8	-заттарды санау, заттар тобын салыстыру, артық, кем, бірдей (тең) екенін, санның «көршілерін» атау, фигураларды белгілеріне қарай таңдау (пішін, түс) дағдыларын бекіту; -зейінді, есте сақтауды, сөйлеуді, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -табандылыққа тәрбиелеу. - заттарды санау, заттар тобын салыстыру, артық, кем, бірдей (тең) екенін, санның «көршілерін» атау, фигураларды белгілеріне қарай таңдау (пішін, түс) дағдыларын бекіту; -зейінді, есте сақтауды, сөйлеуді, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -табандылыққа тәрбиелеу.	2	12.05	10.05
94	Заттар тобы.Заттарды санау.№9	заттар тобын санына қарай салыстыруға, жиынды бөліктерге бөлу, жиынның бөліктен үлкен (кіші) немесе олардың теңдігін анықтау, заттарды әртүрлі белгілері бойынша (түсі, пішіні, өлшемі, материалы, қолданылуы) біріктіруге дағдыларын бекіту; -талдауды, бақылауды, зейінді, есте сақтауды, сөйлеуді, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -бастаған ісін соңына дейін аяқтауға тәрбиелеу.	1	13.05	
95	Бүтін және бөлік.№1	- бүтінді бөліктерге бөлуге (қағаз парағын тең және тең емес бөліктерге бөлу), бүтін мен бөлікті салыстыру, пішіндерді жинап, құрастыру, бөліктерді атау, санды цифрмен сәйкестендіру дағдыларын бекіту; -талдауды, зейінді, есте сақтауды, сөйлеуді, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -қайшымен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік техникасын сақтай білуге тәрбиелеу.		17.05	
96	Бүтін және бөлік.№2	-қағаз парағын тең және тең емес бөліктерге бөлу, бүтін мен бөлікті салыстыру, бөлшектерден пішіндер жинау және құрастыру, санды цифрмен сәйкестендіру дағдыларын бекіту; -зейінді, есте сақтауды, сөйлеуді, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -табандылыққа тәрбиелеу.	1	19.05	
97	Бүтін және бөлік.№3	-бүтін мен бөлікті салыстыру, бөліктерді атау, тең және тең емес бөліктерді анықтау, бөліктерден фигуралар жасау дағдыларын	1	20.05	

		бекіту; -қиялды, бақылауды, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -қайшымен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік техникасын сақтай білуге тәрбиелеу.			
98	Өлшеймін және салыстырамын.№1	-шартты өлшемнің көмегімен ұзындықты өлшеу, заттарды салыстыру, беттестіру, тұстастыру және жұппен салыстыру тәсілдерін қолдану қабілетін дамыту; -танымдық қызығушылықты, зейінді, есте сақтауды, сөйлеуді, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -табандылыққа тәрбиелеу.	1	24.05	
99	Өлшеймін және салыстырамын.№2	-шартты өлшемнің көмегімен ұзындықты өлшеу, заттарды белгілі бір ретпен орналастыру, 1-ден 10-ға дейін санау, санды цифрмен сәйкестендіру, реттік санау дағдыларын бекіту; -танымдық қызығушылықты, зейінді, есте сақтауды, сөйлеуді, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -үй жануарларына деген қызығушылыққа, оларға деген қамқорлыққа тәрбиелеу.	1	26.05	
100	Өлшеймін және салыстырамын.№3	-шартты өлшемнің көмегімен заттарды салыстыру (түсі, пішіні, өлшемі), санды цифрмен сәйкестендіру, ұзын, қысқа ұғымдары, геометриялық фигуралар туралы дағдыларын бекіту; -зейінді, есте сақтауды, сөйлеуді, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -қызығушылыққа, табандылыққа тәрбиелеу.	1	27.05	
101-102	Не білеміз?Не істей аламыз?№1 Не білеміз?Не істей аламыз?№2	-оқиғалар тізбегін «алдымен – содан кейін», «болды – бар – болады», «бұрын – кейінірек» ретімен атауды, санды цифрмен сәйкестендіру, жиынды бөліктерге бөлу, жиынның үлкен (кіші) бөлігін немесе олардың теңдігін анықтау дағдыларын бекіту; -қарапайым тұжырымдарды жасау, зейінді, есте сақтауды, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -танымдық іс- әрекетке қызығушылыққа тәрбиелеу. -10 көлемінде санай білу, сандардың «көршілерін» атау, санды цифрмен сәйкестендіру, жиынды бөліктерге бөлу, жиынның үлкен (кіші) бөлігін немесе олардың теңдігін анықтау дағдыларын бекіту; -талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау, зейінді, есте сақтауды, сөйлеуді, қолдың ұсақ моторикасын дамыт;. -қызығушылыққа, табандылыққа тәрбиелеу.	1	31.05	

МЕКТЕПАЛДЫ 0 «Б» СЫНЫБЫНЫҢ
ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ
2026 - 2027 оқу жылына арналған
ҚОРШАҒАН ӘЛЕММЕН ТАНЫСТЫРУ / ЖЫЛДЫҚ АЙЫ/

Білім беру ұйымы: «№15 мектеп-лицей»
Топ/сынып:мектепалды 0 «Б» сынып
Балалардың жасы:5-6жас
Жоспардың құрылу кезеңі: қыркүйек айы 2026-2027 оқу жылы

Апталық жүктеме 2 сағат, жылдық жүктеме 68 сағат.
Алматы «Алматыкітап баспасы» 2025 ж.

Мақсаты: тәрбиеленушілердің, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың әлеуметтік дағдыларын дамыту, оларды әлеуметтік-мәдени нормаларға, қоғам және мемлекет, отбасы дәстүрлеріне тарту, рухани-адамгершілік құндылықтарға баулу, қоршаған әлемнің заттары мен құбылыстары туралы ұғымдарын байыту.

Міндеттері:

- әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру, қоғамның әлеуметтік және этикалық нормалары мен дәстүрлеріне, жалпы адами құндылықтарға баулу; дербестікке тәрбиелеу;
- Отанның тарихы мен мәдениетін білу және оған құрметпен қарауды қалыптастыру, туған жер туралы түсініктерін кеңейту;
- еңбек түрлеріне және әртүрлі мамандық иелеріне құрметпен қарауды қалыптастыру;
- табиғат әлеміне танымдық қызығушылықты, табиғаттың жанды нысандарына жанашырлық сезімін дамыту, қоршаған ортаға қатысты кейбір әрекеттерінің қарапайым салдарын көре білу;
- экологиялық мәдениеттің негіздерін қалыптастыру және табиғатта өзін қауіпсіз ұстау.

Оқу бағдарламасының мазмұны келесі бөлімдерді қамтиды:

Бала, оның отбасы, үйі:

Өзінің жасына сәйкес өмірінде болатын өзгерістерді, балабақшаға баруы, мектепке баруы, ересек азамат болып ержетуі мен еңбек етуі, болашақта табысты болуы үшін білімнің қажеттігін түсінуіне, болашақта мектепте оқуға ынтасын арттыру, жаңаны тануға, өз өміріне қажетті дағдыларды игеруге ықпал ету.

Өзінің болашағына, біліміне, денсаулығына, қызметіне, жетістіктеріне сенімді болуға, қоғамға пайдасын тигізуге баулу. Еңбеккорлық пен жауапкершіліктің маңызын түсіну, өзін-өзі құрметтеу, өз күші мен мүмкіндіктеріне деген сенімділікті арттыру.

Туыстық байланыстарды түсіну (өз жұрты атасы мен әжесі, жақын туыстары, нағашы жұрты), өзінің жеті атасын білу. Үйде отбасы мүшелеріне қамқорлық жасау, үлкендерді сыйлау, кішіге ізет көрсету, үй шаруасына көмектесу, отбасы мүшелеріне жақсы көретінін білдіру, алғыс айту, сыпайы сөйлеу.

Заттық әлем, кеңістікті бағдарлау

Заттар, олардың белгілерін нақтылау және бейтаныс заттардың қолданылуын түсіну.Заттардың қандай материалдардан жасалғанын өзбетінше анықтау және талдау, олардың сапалары мен қасиеттерін сипаттау.

Үй-жайларда, балабақша ауласында, жақын маңдағы шағын ауданда еркін бағдарлай білу.

Көлік, байланыс құралдары

Арнайы көлік құралдарының түрлерін, белгілі бір жұмыс түрін орындау үшін олардың жабдықталуын түсіну, ұялы телефон, смартфон, компьютер, ғаламтор, теледидар және т.б. қолданылуын білу, оларды қолдануда қауіпсіздікті сақтау.

Еңбекке баулу.

Әртүрлі мамандықтар, еңбектің мазмұны, сипаты және нәтижесінің маңызын, түсіну және бағалау.

Ата-ана еңбегін түсіну, адамдардың еңбектеріндегі өзара байланыстарды байқау. Еңбек ардагерлерін, қарттарды құрметтеу, үлкенді сыйлау, олардың еңбегін бағалау.

Шамасы келетін, бірлескен еңбек әрекетіне қатысуға, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, дербестік пен жауапкершілікке баулу. Топта тазалық сақтауға, ойыншықтарды сүртуге, табиғат бұрышындағы тіршілік иелеріне күтім жасауға, кезекшілік міндеттерін жауапкершілікпен атқаруға, жоспарланған нәтижеге жетуге, өзі мен құрдастарының еңбегінің, шығармашылық әрекеттерінің нәтижелерін бағалауға және құрметпен қарауға баулу. Айналадағы заттар, ойыншықтар адамның еңбегімен жасалғанын түсіну және оларға ұқыпты қарау.

Адамгершілікке баулу

Балаларды адамгершілік құндылықтарға, өз іс-әрекеттері мен басқа адамдардың іс-әрекеттерін бағалай білуге, өзінің іс-әрекетіне басқалар пікірін білдірген жағдайда ол пікірді дұрыс қабылдауға, өз ісіне адал болуға, еңбек етуде, шығармашылық әрекеттерде нәтижеге жетуге ұмтылуға, сеніп тапсырған тапсырмаларды жауапкершілікпен орындауға, айналасындағыларға әрқашан әділ болуға, оларға қолдау көрсетуге, көмек беруге, жалған сөйлемеуге, үлкендерді сыйлауға, кішіге қамқор болуға баулу.

Менің Отаным – Қазақстан.

Туған өлке, ел, Отан, мемлекеттік мерекелер, Қазақстан Республикасының рәміздерін, Қазақстан Республикасының Президенті, оның халық үшін атқаратын қызметінің маңыздылығын түсіну.

Мемлекеттік Әнұранды жатқа білу, оның маңыздылығын түсіну. Мемлекеттік мерекелердің (Тәуелсіздік, Республика күні, жаңа жыл, Наурыз, ғарышкерлер, аналар мерекесі, Отан қорғаушылар, балалар, астана күні) маңыздылығын түсіну, оларға белсенді қатысу. Қазақстанның тұңғыш ғарышкерлері Тоқтар Әубәкіров, Талғат Мұсабаевті білу, оларды құрметтеу.

Қазақстан Республикасының астанасы –Астана қаласы, республикадағы қалалар мен ауылдардың атаулары, олардың көрікті жерлері, ауыл мен қала өмірінің ерекшеліктері туралы ұғымдарын байыту.

Қазақстанның әсем табиғаты, көрнекі жерлері мен тарихи орындарының, мәдени мұрасының маңыздылығын түсіну. Қазақ халқының киіз үйінің маңыздылығын, оның құрылысы мен ішкі жабдықтарын білу. Қазақ халқының салт-дәстүрлерін білу және құрметтеу.

Өз Отанын жақсы көру, оны қорғаудың, Қазақстан әскерінің маңыздылығын түсіну. Ұлы Отан соғысы жылдарында Отанын қорғаған қазақстандық жауынгерлердің Кеңес Одағының батырлары Бауыржан Момышұлы, Әлия Молдағұлова, Мәншүк Мәметова, Халық қаһарманы Рахымжан Қошқарбаевтің ерліктері туралы білу, оларды құрметтеу.

Жол қозғалысы ережелері

Жолда қауіпсіздік ережелерін сақтау. Жол белгілерін (жүру бөлігі, жаяу жүргіншілер өткелі, тротуар) білу, бағдаршамның белгілеріне сәйкес жолдан өту. Жол қозғалысының қарапайым ережелерін, жаяу жүргіншілер мен велосипедшілердің қозғалыс ережелерін сақтау. «Балалар», «трамвай аялдамасы», «автобус аялдамасы», «жаяу жүргіншілер жолы», «велосипед жолы» белгілерін білу.

Табиғатпен таныстыру

Тірі және өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін кеңейту. «Өлі табиғат» ұғымымен таныстыру (су, ауа, мұз сұңгілері, күн, бұлт, қар, тастар, жел, жаңбыр); өлі табиғат заттарын адамның қолымен жасалған заттардан ажырата білу.

Тірі және өлі табиғат, табиғат құбылыстары (маусым, өсімдік, адам еңбегі) арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және түсіну.

Балалардың зерттеу әрекеті үшін жағдай жасау, табиғатпен таныстыру барысында заттар мен құбылыстардың өзіне тән, сипаттамалық белгілерін бақылау, талдау, салыстыру, ажырату.

Адам өмірі үшін судың, құмның, күн, ай сәулесінің, саздың, тастардың және т.б. маңызын түсіну.

Өсімдіктер әлемі

Туған өлкенің өсімдіктері (ағаштар, бұталар, гүлдер, шөпті өсімдіктер) туралы түсініктерін кеңейту, «орман», «шалғын» және «бақша» ұғымдарымен таныстыру.

Өсімдіктердің тірі тіршілік иесі екендігін бақылау және себеп-салдарлық байланыстарды ажырату: өсімдік жапырақтары, сабақтарының қозғалуы, гүлдердің күн шыққанда жапырақтарының ашылуы және кешке жабылуы, тамырдың суды сорып, сабағы арқылы су өткізіп, басқа бөліктерін қоректендіруі, өсімдіктердің өсуі үшін ылғалдың, жарықтың, жылу мен тыңайтқыштың қажеттігі олардың жылуды, суықты, күнді немесе бұлтты ауа-райын сезуі, олардың өсуі және көбеюі.

Өсімдіктерге қажеттіліктеріне сәйкес күтім жасау әдістерін білу: оларды суару, түбін қопсыту, жапырақтың шаңын сүрту.

Нанға ұқыпты қарауға, бидайды өсіруге және өндіруге қатысатын адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.

Жануарлар әлемі

Қазақстан аумағын мекендейтін жануарлар мен олардың төлдерін атау және олардың өздеріне тән белгілері бойынша ажырату. Бақылау арқылы төрт түліктің пайдасын білу, оларды күтіп-баптау, жылдың әр мезгілінде олардың сыртқы түрі мен тіршілік ету ерекшеліктерін сипаттау, жыл құстары мен қыстайтын құстарды ажырата білу, құстардың пайдасы туралы білу, оларға қамқорлық жасау.

Жануарлардың тірі тіршілік иесі екендігін бақылау және себеп-салдарлық байланыстарды ажырату: жануарлар қозғалады (жүреді, жүгіреді, секіреді, ұшады, қозғалады); қоректенеді (өсімдіктердің жапырақтары, сабағы, бұтақтары, қабығы, шырыны, тұқымдарымен, етпен, жәндіктермен); өседі және көбейеді, қоршаған ортаны көз, мұрын, тіл, құлақ, тері көмегімен сезе білу.

Жануарларды әртүрлі белгілері бойынша: құстар, балықтар, жануарлар, аңдар, жәндіктер, мекендеу орны (орман, шалғын, су айдыны, бақша, бақ, алаң); қозғалу тәсілі (жүгіру, ұшу, секіру, жүзу және т. б.); табиғи-климаттық аймақтар (ақ аю, итбалық, пингвин, жираф, піл, маймыл және т. б.) бойынша топтастыру.

Қарапайым экологиялық ұғымдарды, адамның табиғаттың бір бөлігі екендігін және оны қорғау, сақтау керек екендігін, күн мен ауаның адам, жануарлар мен өсімдіктер өміріндегі маңызы туралы, табиғатпен қарым-қатынас барысында денсаулықты нығайтуды, табиғатты сақтауда жауапкершілікті сезіне білу.

Күтілетін нәтижелер:

- өзінің болашағына, табысты болу үшін білімнің қажеттігін түсінеді;
- еңбекқорлық пен жауапкершіліктің маңызын түсінеді;
- өз күші мен мүмкіндіктеріне сенеді;
- туыстық байланыстарды түсінеді, жеті атасын біледі;
- үлкендерді сыйлайды, кішіге қамқорлық танытады;
- қолынан келгенше көмектесуге тырысады;
- отбасы мүшелерін жақсы көреді, оларға алғыс айтады, сыпайы сөйлейді;
- заттардың қандай материалдардан жасалғанын өз бетінше анықтайды және олардың сапалары мен қасиеттерін сипаттайды;
- ұялы телефон, смартфон, компьютер, ғаламтор, теледидар және т.б. қолданылуын біледі;
- айналадағы заттар, ойыншықтар адамның еңбегімен жасалғанын біледі және оларға ұқыпты қарауға тырысады;
- еңбек ардагерлерін, қарттарды құрметтейді, үлкенді сыйлайды, олардың еңбегін бағалайды;
- әнұранды кеудесіне қолын қойып, жауапкершілікпен орындайды;
- Мемлекеттік мерекелердің маңыздылығын түсінеді, оларға белсенділікпен қатысады;
- Қазақстанның тұңғыш ғарышкерлерін біледі, оларды құрметтейді;
- Қазақстанның әсем табиғаты, көрнекі жерлері мен тарихи орындарының маңыздылығын түсінеді;

- өз Отанын жақсы көреді, оны қорғаудың, Қазақстан әскерінің маңыздылығын түсінеді;
- Кеңес Одағының батырларын біледі, оларды құрметтейді;
- өз іс-әрекеттері мен басқа адамдардың іс-әрекеттерін бағалай біледі;
- еңбек етуде, шығармашылық әрекеттерде жақсы нәтижеге жетуге ұмтылады;
- сеніп тапсырған тапсырмаларды жауапкершілікпен орындауға тырысады;
- айналасындағыларға әрқашан әділ болуға, оларға қолдау көрсетуге, көмек беруге тырысады;
- балабақшаның үй-жайларында, жақын маңдағы шағын ауданда еркін бағдарлайды;
- арнайы көлік құралдарының қолданылуы туралы біледі;
- өлі табиғат заттарын адамның қолымен жасалған заттардан ажыратады;
- тірі және өлі табиғат, табиғат құбылыстары арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды бақылайды және түсінеді;
- заттар мен құбылыстардың өзіне тән, сипаттамалық белгілерін бақылайды, талдайды, салыстырады, ажыратады;
- туған өлкенің ағаштарын, бұталарын, гүлдерін, шөпті өсімдіктерін таниды және ажыратады;
- өсімдіктерді бақылап, себеп-салдарлық байланыстарды ажыратады;
- өсімдіктерге күтім жасау әдістерін біледі;
- жануарларды әртүрлі белгілері бойынша топтастырады;
- таныс материалдармен өз бетінше эксперимент жасай алады;
- нанға ұқыпты қарайды, адамдардың еңбегін құрметтейді;
- Қазақстан аумағында мекендейтін жануарлар мен олардың төлдерін ажыратады және атайды;
- төрт түліктің пайдасын біледі, оларды күтіп-баптайды;
- жыл құстары мен қыстайтын құстарды ажыратады, құстардың пайдасын біледі, оларға қамқорлық жасайды;
- адамның табиғаттың бір бөлігі екендігін біледі;
- табиғатты қорғау, сақтау, күн мен ауаның адам, жануарлар мен өсімдіктер өміріндегі маңызы туралы біледі;
- тірі объектілердің өсуі мен дамуы үшін су, жарық, ауа, қорек және айналасындағылардың қамқорлығы қажет екенін түсінеді;
- қоршаған ортадағы тірі және өлі табиғат объектілеріне қамқорлық танытады;
- ата-анасының, жақындарының еңбегі туралы әңгімелеп береді;
- Қазақстан Республикасының Президентін біледі оны мақтан тұтады;
- жол қозғалысы ережесін біледі.

ҚОРШАҒАН ӘЛЕММЕН ТАНЫСТЫРУ / ҚЫРКҮЙЕК АЙЫ/

Р/с №	ҰІӘ-нің тақырыбы	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Сағат саны	Өту мерзімі	Ескерту
1	Жыл мезгілдері: жаз, күз. Белгілері	-жаз және күз мезгілдерінің негізгі, маңызды белгілері бойынша түсініктерін қорытындылау, жүйелеу; -осы мезгілдерге тән табиғаттағы өзгерістер, ағаштар, жәндіктер, ауа райы құбылыстары, адамдардың еңбегі туралы білім беру. Сөздік қорларын, өзін қоршаған орта туралы ойын жеткізе білу қабілеттерін дамыту;	1	01.09.2026 ж.	

		-топтағы балалармен өз білгенін бөлісе алуға, пікірін айта алуға тәрбиелеу.			
2	Қыстап қалатын құстар және жыл құстары	-қыстап қалатын және жыл құстары туралы жалпы түсініктерін қалыптастыру. Қыстап қалатын және жыл құстары туралы жалпы түсініктерін қалыптастыру; оларды маңызды белгілері бойынша ажырата білуге үйрету; -балалардың құстардың жылы жаққа ұшып кету себептері туралы түсініктерін тереңдету; құстарды қыстап қалатын, жылы жаққа ұшып кететін құстарға бөліп жіктей алу білімдерін кеңейту; -құстарға деген сүйіспеншіліктерін арттыру; қыста оларға қамқорлық жасауға деген құштарлықтарының артуына жағдай жасау.	1	04.09	
3	Нан дастарқанға қалай келеді?	-жаз және күз мезгілдерінің негізгі, маңызды белгілері бойынша түсініктерін қорытындылау, жүйелеу; -осы мезгілдерге тән табиғаттағы өзгерістер, ағаштар, жәндіктер, ауа райы құбылыстары, адамдардың еңбегі туралы білім беру. Сөздік қорларын, өзін қоршаған орта туралы ойын жеткізе білу қабілеттерін дамыту; -топтағы балалармен өз білгенін бөлісе алуға, пікірін айта алуға тәрбиелеу.	1	08.09	
4	Ауылдағы адам еңбегі	-ауыл адамдардың еңбегімен таныстыру, ауылдағы еңбек туралы жалпы білімдерін бекіту; -еңбек туралы жалпы түсініктерін бекіту арқылы балалардың сөздік қорын байыту; -адам еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу, еңбексүйгіштікке баулу, барлық мамандық маңызды және құрметті екенін саналарына жеткізу.	1	11.09	
5	Жанды және жансыз табиғат	-жанды және жансыз табиғат, олардың белгілері туралы түсінік беру, жансыз және жанды табиғат нысандарын айырмашылықтарын түсіндіру. Жансыз және жанды табиғат заттарын адамның қолымен жасалған заттардан ажыратуды үйрету; -табиғат нысандарына тән сипат бойынша топқа бөле білу. Жанды табиғат нысаны – гүл дәнін, жансыз табиғат нысаны – тасты салыстырып, ыдысқа отырғызып, тәжірибе жасау, бақылау, пайымдау, дәлелдеу, топта жұмыс істеу дағдыларын арттыру; -табиғатқа деген сүйіспеншіліктерін арттыру, табиғатты көзінің қарашығындай сақтауға тәрбиелеу.	1	15.09	
6	Жабайы жануарлардың тіршілігіндегі күзгі және	-жануарлардың тіршілігіндегі күзгі, қысқы өзгерістері және тіршілігімен таныстыру;	1	18.09	

	қысқы өзгерістер	-жануарлардың қысқа қалай дайындалатыны туралы түсінік беру. Жабайы және үй жануарлары туралы білімдерін толықтыру; -жануарларға қамқор болуға тәрбиелеу.			
7	Заттар әлеміне саяхат	-заттар әлемі туралы түсініктерін бекіту, заттардың адам өміріндегі маңызы туралы көзқарастарын кеңейту; -олардың белгілерін нақтылау және бейтаныс заттардың қолданылуын түсіну; -балаларды айналадағы қоршаған ортаға танымдық қызығушылықпен қарауға баулу.	1	22.09	
8	Отбасындағы мерекелер мен дәстүрлер	-отбасылық мерекелер, отбасылық дәстүрлер туралы білімдерін кеңейту; -«Отбасылық мерекелер», «Отбасылық дәстүрлер» ұғымымен таныстыру. Отбасылық дәстүрлердің маңыздылығын түсіндіру; -отбасылық дәстүрлерді қастерлеуге баулу.	1	25.09	
9	Оттың пайдасы мен зияны	-оттың пайдасы мен зияны туралы білімдерін кеңейту; Өрт кезіндегі қауіпсіздік ережесімен таныстыру. -өз іс-әрекетін қорытындылау, шешім шығару, логикалық пікір айту дағдыларын дамыту; -өрт сөндірушілер қызметін құрметтеуге, қырағы, ұқыпты болуға тәрбиелеу.	1	29.09	

ҚОРШАҒАН ӘЛЕММЕН ТАНЫСТЫРУ / ҚАЗАН АЙЫ/

Р/с №	ҰІӘ-нің тақырыбы	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Сағат саны	Өту мерзімі	Ескерту
10	Ең жақын адамдар	-отбасы және отбасы мүшелері туралы ұғымдарын кеңейту. Отбасы мүшелері – бірге тұратын адамдар екені туралы түсінік беру; -балаларды өз отбасы туралы сауатты әңгімелеуге баулу, балалардың айланыстырып сөйлеу дағдыларын жетілдіру; -жақын адамдарға қамқорлық жасауға деген ықыласты тәрбиелеу, отбасына деген оң көзқарас қалыптастыру.	1	02.10	
11	Дәрілік өсімдіктер	-өз жерінде өсетін дәрілік өсімдіктермен таныстыру. Дәрілік өсімдіктерді емдеуге қолданудың қарапайым тәсілдерімен таныстыру; -өсімдіктер туралы білімдерін әрі қарай дамыту; -өсімдіктерді қорғауға деген тілектерін арттыру.	1	06.10	
12	Өсімдіктердің көбеюі	-өсімдіктердің өсу, даму сатыларымен таныстыру. Тәжірибе жасап, одан қорытынды шығара білуге үйрету, өсімдіктің жемісі, тұқымы туралы түсініктерін қалыптастыру;	1	09.10	

		-тәжірибе жасауға деген қызығушылықтарын арттыру; өсімдіктер туралы білімдерін дамыту; -өсімдіктерге қамқор болуға тәрбиелеу.			
13	Заттардың адам өміріндегі маңызы Заттар неден жасалады?	-заттар, олардың белгілері мен ерекшеліктері туралы ұғымдарын қалыптастыру; -заттардың адам өміріндегі маңызын түсіндіру арқылы оларды топтастыра білу дағдыларын арттыру. Сурет бойынша және «Сұрақ-жауап» әдісі арқылы байланыстырып сөйлеу дағдыларын жетілдіру; -тұрмыстық бұйымдарды қолдану кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтауға дағдыландыру.	1	13.10	
14	Менің туған өлкем	-«Туған өлке» әр адамның туып-өскен жері, атамекені екенін түсіндіру. Өздерінің туған өлкелері туралы әңгімелеп айтуға үйрету; -ертегі кейіпкері – Желаяқ арқылы туған өлкелерінің көрнекті жерлері, тарихи ескерткіштер жайлы әңгімелету, балалардың ауызекі сөйлеулерін дамыту; -туған жерді құрметтеуге тәрбиелеу.	1	16.10	
15	Менің Отаным-Қазақстан	-Мемлекеттік мереке – Тәуелсіздік күні туралы түсініктерін қалыптастыру. Балаларға өздері тұратын туған қала, балабақша орналасқан шағынаудан, көше туралы түсіндіру. Балалардың нақты мекенжайын, тұрғылықты жерін атай білу дағдыларын қалыптастыру. -Отан деген сөздің мағынасын түсіндіре білуге, және Қазақстанда тұратын ұлт өкілдері туралы әңгімелей алуға баулу. «Сұрақ-жауап» әдісі арқылы зейіндерін дамыту; -туған жерін, Отанын сүюге тәрбиелеу.	1	20.10	
16	Менің мекенжайым	-балаларға өздері тұратын туған қала, балабақша орналасқан шағынаудан, көше туралы түсіндіру. Балалардың нақты мекенжайын, тұрғылықты жерін атай білу дағдыларын қалыптастыру; -схеманы пайдаланып, көрсетілген мекенге жетуді үйрету, түрлі өмірде кездесетін жағдаяттан шыға білу қабілеттерін дамыту; -көмекке келуге, достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу.	1	23.10	

ҚОРШАҒАН ӘЛЕММЕН ТАНЫСТЫРУ / ҚАРАША АЙЫ/

Р/с №	ҰІӘ-нің тақырыбы	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Сағат саны	Өту мерзімі	Ескерту
17	Ағаш, бұта және	-өзін қоршаған ортадағы өсімдіктерді үш топқа (ағаш, бұта, шөптесін	1	03.11	

	өсімдіктер	өсімдіктер) жіктей білуге үйрету. Оларға тән сыртқы белгілерді атай білу. Өзінің туған өлкесінде өсетін өсімдіктермен таныстыру; -табиғат туралы алған білімдерін дамыту. Сөйлеу, ойлау, зейінін аудара білу қабілеттерін жетілдіру. -туған жерінің табиғатына деген сүйіспеншіліктерін арттыру.			
18	Көшедегі қауіпсіздік	-көшедегі қауіпсіздік ережелерін қайталау, балаларды өмірлік қауіпсіздік ережелеріне үйретуді жалғастыру. Қоғамдық және жеке көліктердегі тәртіп сақтау заңдылықтары туралы түсініктерін дамыту; -жол қозғалысының қарапайым ережелерін, жаяу жүргіншілер мен велосипедшілердің қозғалыс ережелерін сақтау (жүру бөлігі, жаяу жүргіншілер өткелі, жаяужол, велосипед, электросамокат, гироскутер, сигвейге арналған жол); -жолда жүру ережелерін орындауға, тәртіпке баулу.	1	06.11	
19	Ауаның қасиеттері	-балаларды ауаның қасиеттерімен таныстыру, тәжірибе арқылы ауаның біздің айналамызды қоршап тұрғанына көздерін жеткізу; -ойлау белсенділіктерін, байқағыштықтарын арттыру; -қоршаған ортаны таза ұстауға тәрбиелеу.	1	10.11	
20	Қазақстанда өсетін өсімдіктер	-өсімдіктердің әр алуан жерде (дала, шалғын, орман, тау, баубақша т.б.) өсетіні туралы түсінік қалыптастыру. Қазақстанда өсетін өсімдіктердің кейбір түрімен таныстыру; -аймақтық табиғат ерекшеліктеріне тән өсімдіктер туралы түсініктерін кеңейту; -өсімдік әлеміне ұқыпты қарауға тәрбиелеу; өсімдіктерсіз тіршілік атаулы өмір сүре алмайтыны туралы ұғым беру.	1	13.11	
21	Көлік	-балаларға көлік туралы түсінік беру. Көліктерді топтастыра білуге үйрету. Көлік жайлы білімдерін қалыптастыру, аттарын, түрлерін ажыратуға үйрету; -көлік түрлерінің адамға қажеттілігіне назар аударту. Балалардың сөйлеу, ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту, сөздік қорларын молайту; -еңбексүйгіштікке, тазалыққа үйрету.	1	17.11	
22	Жеті ата	-«Жеті ата» туралы түсінік беру; -туыстық байланыстарды түсіндіру арқылы есте сақтау, сұрақтарға жауап беру дағдыларын дамыту және өз отбасы туралы әңгімелеу білуге баулу; -ата-баба дәстүріне деген қызығушылықтарын ояту.	1	20.11	
23	Қазақстанда	-Қазақстан жерін мекендейтін жануарлармен таныстыру. Олардың	1	24.11	

	мекендейтін жануарлар	тіршілігі туралы мағлұмат беру; -балалардың жануарлар туралы білімдерін әрі қарай кеңейту; өз білімдерін қолдана алуға жағдай туғызу; -жануарларға деген сүйіспеншіліктерін арттыру, оларға деген қамқорлық сезімдерін дамыту.			
24	Қызыл кітапқа енгізілген Қазақстан жануарлары	-балалардың Қызыл кітап туралы түсініктерін қалыптастыру. Жануарлардың жойылып кету себептерін түсіндіру, оларды қорғау жолдарымен таныстыру; -өз елінің жануарлары, олардың тіршілігі туралы түсініктерін кеңейту. Оларды қорғау үшін адамдардың не істеу керектігі жөніндегі білімдерін дамыту; -туған жерінің табиғатына деген жауапкершілік сезімдерін арттыру; жануарларға қайырымды болуға тәрбиелеу.	1	27.11	

ҚОРШАҒАН ӘЛЕММЕН ТАНЫСТЫРУ / ЖЕЛТОҚСАН АЙЫ/

Р/с №	ҰІӘ-нің тақырыбы	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Сағат саны	Өту мерзімі	Ескерту
25	Мен кезекшімін	-балаларды шамасы келетін, бірлескен еңбек әрекетіне қатысуға, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, дербестік пен жауапкершілікке баулу; -топта тазалық сақтауға, кезекшілік міндеттерін жауапкершілікпен атқаруға үйрету; -еңбекке құрметпен қарауға баулу.	1	01.12	
26	Байланыс құралдары	-байланыс құралдарының қызметтері туралы түсініктерін кеңейту. Байланыс құралдарының қазіргі замандағы рөлімен таныстыруды жалғастыру арқылы байланыстырып сөйлеу дағдыларын жетілдіру; -байланыс құралдары құралдарының бір-бірінен айырмашылығы мен ұқсастығын түсіндіре отырып, ойлай қабілеттерін дамыту; -компьютер немесе планшетпен жұмыс істеу ережелерін қатаң сақтауға дағдыландыру.	1	04.12	
27	Арнайы көліктер. Жүк және жолаушы көліктері	-көлік түрлерімен таныстыруды жалғастырып, олардың қарапайым құрылысы және қажеттілігі жайлы түсіндіру; -арнайы көлік құралдарының көп түрлілігі, белгілі жұмыс түрін орындау үшін олардың жабдықтары жайлы түсініктерді қалыптастыру. Айналадағы қоршаған ортаға зейін қоя білу дағдысын қалыптастыру; -көшеде тәртіп ережелерін сақтауға, мұқият болуға тәрбиелеу.	1	08.12	
28	Балабақша мамандары	а) Балалардың балабақша қызметкерлері туралы, олардың жұмысының маңыздылығы туралы білімдерін кеңейту. Балабақша қызметкерлеріне	1	11.12	

		қажетті құралдар туралы жұмбақтарды шешкізу арқылы байланыстырып сөйлеу дағдыларын жетілдіру. б) Балабақшадағы мамандық иелеріне құрметпен қарауға, еңбектерін бағалауға тәрбиелеу.			
29	Қазақстанның байлықтары мен жетістіктері	-Қазақстан жерінің байлықтарымен, жетістіктерімен таныстыруды жалғастыру. -еліміздің табиғи байлықтары туралы мәлімет беру, еліміздің қалаларымен таныстыруды жалғастыру арқылы есте сақтау қабілеттерін дамыту. -туған елге сүйіспеншіліктерін арттыру, отансүйгіштікке баулу.	1	15.12	
30	Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері	-еліміздің рәміздері туралы білімдерін толықтыру. Суреттер арқылы еліміздің рәміздері туралы әңгімелей білуге баулу; -әр рәміздің мән-мағынасын әңгімелету арқылы зейіндерін дамыту; -өз елінің тарихын білуге деген қызығушылықтарын арттыра отырып, елжандылыққа тәрбиелеу.	1	18.12	
31	Жер – біздің ортақ үйіміз	-жердің барлық тіршілік иесінің ортақ үйі екенін ұғындыру. Адам табиғаттың негізгі бір бөлігі екенін, оның табиғатты қорғаудағы рөлін түсіндіру; -табиғат туралы түсініктерін кеңейту; -табиғатта өзін дұрыс ұстауға, оны қорғау арқылы Жер ғаламшарын құрметтеуге тәрбиелеу.	1	22.12	
32	Қардың пайдасы	-қардың түзілуі жайлы жалпы мәлімет беру; -қардың қасиеттері туралы балалардың білімін бекіту арқылы «суық», «дымқыл», «жеңіл», «жарқырауық», «жылтырақ», «қатты» деген сөздермен сөздік қорларын байыту; -табиғат құбылыстарын зерттеуге қызығушылық шақыру.	1	25.12	

ҚОРШАҒАН ӘЛЕММЕН ТАНЫСТЫРУ / ҚАҢТАР АЙЫ/

Р/с №	ҰІӘ-нің тақырыбы	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Сағат саны	Өту мерзімі	Ескерту
33	Тұрмыстық техника. Оның қажеттілігі	-тұрмыстық техникалардың түрі және оның қажеттілігін түсіндіру; -тұрмыстық техника, оның қолданылуы туралы білімдерін жетілдіру. Қауіпсіздік ережесі туралы алған білімдерін дамыту; -қауіпсіздік ережелерін сақтап жүруге тәрбиелеу.	1	12.01.2027 ж.	
34	Әдептілік-әдемілік	-балаларды әдептілік ережелерімен таныстыру;	1	15.01	

		-күнделіктегі өмірде түрлі жағдаяттарда өздерін ұстай білу дағдыларын қалыптастыру; -сыпайы сөйлесе білуге, ойын терең жеткізе білуге баулу.			
35	Су – тіршілік көзі	-судың адамзат тіршілігіндегі маңызы туралы білімдерін естеріне түсіру және судың қасиеттерімен таныстыру; -танымдық мүмкіндіктерін арттыру; тәжірибе жасай білу дағдыларын арттыру; -суды үнемдеуге тәрбиелеу; топта жұмыс істей білуге, ұжымда өзін дұрыс ұстай білуге дағдыландыру.	1	19.01	
36	Өнеркәсіптегі адам еңбегі	-өнеркәсіптегі адам еңбегімен таныстыру; -өнеркәсіптегі еңбек адамдарының мамандықтары жайлы түсінік беру, өндіріс, өнім туралы жалпы білімдерін дамыту; -еңбексүйгіштікке баулу.	1	22.01	
37	Жол белгілері	-жол белгілері мен жаяу жүргіншілер ережесімен таныстыру; -жол белгілерін топтастырып, сақтандыру, көрсеткіш, тыйым салу белгілерін ажырата білуді үйрету; -көшедегі қауіпсіздік ережелерін үнемі сақтап жүруге тәрбиелеу; ұқыпты, мәдениетті болып өсуге баулу;	1	26.01	
38	Суық өлкедегі тіршілік	-балалардың суық аймақтағы тіршілік жайлы білімдерін қалыптастыру; -жабайы аңдар және олардың қоршаған ортаға бейімделу ерекшеліктері туралы түсініктерін жетілдіру; қиялын, шығармашылығын, сөйлеуін дамыту; -қызығушылыққа, мейірімділікке, жауапкершілікке, топпен жұмыс жасай білуге, ізденімпаздыққа тәрбиелеу.	1	29.01	

ҚОРШАҒАН ӘЛЕММЕН ТАНЫСТЫРУ / АҚПАН АЙЫ/

Р/с №	**ҰІӘ-нің тақырыбы**	**Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері**	**Сағат саны**	**Өту мерзімі**	**Ескерту**
39	Біздің табиғаттағы достарымыз	-жануарларды топтары (аңдар, құстар, жәндіктер, қосмекенділер) және әр топқа тән ерекшеліктері туралы түсіндіру; -балалардың жануарлар туралы білімін кеңейту арқылы сөздік қорларын арттыру, шығармашылық қиялдарын дамыту; -жануарларға қамқор болуға тәрбиелеу.	1	02.02	
40	Әлем жануарлары	-әлем жануарлары туралы балалардың білімін кеңейту. Жануарларды табиғи-климаттық аймақтар бойынша топтастыруды үйрету; -жануарлардың климаттық аймақтар бойынша тіршілігін	1	05.02	

		анықтау,ерекшеліктерін, жалпы белгілерін атау; -жануарлар әлеміне қызығушылық шақыру, жануарларға қамқор болуға, мейірімді болуға үйрету.			
41	Табиғаттағы маусымдық құбылыстар	-әр жыл мезгіліне тән табиғат құбылыстарының ерекшеліктерімен таныстыру. Табиғат құбылыстарының адамның физикалық және эмоциялық күйіне әсері туралы білімдерін дамыту; -табиғат құбылыстарының сырын білуге деген қызығушылықтарын арттыру; -табиғатқа қамқор болу сезімдерін ояту	1	16.02	
42	Кеңістікті бағдарлау	-балалардың кеңістікте бағдарлау қабілетін бекіту,кеңістікті бағдарлай отырып, алыс, жақын, оң жақ, сол жақ, жоғары, төмен, ұғымдарын бекіту; -топқа бөлініп, бір-біріне тапсырма орындату арқылы кеңістік қатынастарын дамыту; -достық қатынастарды жетілдіру, бір-бірін тыңдай білуге тәрбиелеу.	1	19.02	
43	Қоректену тізбегі	-сызба арқылы табиғаттағы өсімдіктермен жануарлардың, адамның өзара байланысын көрсету. Қорек тізбегін құра білуге үйрету; -адам үшін барлық тіршіліктің маңызды екенін ұғындыру; табиғаттағы тепе-теңдіктің қажеттілігі туралы түсініктерін кеңейту; -табиғат байлығын сақтауға өз үлесін қосуға тәрбиелеу.	1	23.02	
44	Жыл мезгілдері: қыс, көктем. Белгілері	-қыс және көктем мезгілінің белгілері туралы білімдерін тереңдету; осы мезгілдерге тән маусымдық құбылыстармен таныстыру; -байланыстырып сөйлеу, жыл мезгілдерінің ерекшеліктерін теңеу сөздерді қолданып сипаттай алу дағдыларын дамыту; -табиғатты сүюге, қорғауға тәрбиелеу; маусымға сәйкес киініп жүруге, денсаулығын күтуге үйрету.	1	26.02	

ҚОРШАҒАН ӘЛЕММЕН ТАНЫСТЫРУ / НАУРЫЗ АЙЫ/

Р/с №	**ҰІӘ-нің тақырыбы**	**Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері**	**Сағат саны**	**Өту мерзімі**	**Ескерту**
45	Наурыз мерекесі	-балаларға наурыз айы, наурыз мерекесі туралы түсінік беруді жалғастыру; -көктем мезгіліндегі табиғат сұлулығын байқай білуге тәрбиелеу. Наурыз қазақ халқының жаңа жылы екенін түсіндіру; -ұлттық мерекеге қызығушылықтарын арттыру, дәстүрлерді сақтауға баулу.	1	02.03	
46	Қазақстанның өзен-	-қазақстан өзен-көлдерін мекендейтін жануарлармен және балықтың	1	05.03	

	көлдеріндегі жануарлар	құрылысы, оның тіршілігі туралы түсіндіру; -балаларды туған жерінің құндылығымен таныстыруды жалғастыру; балықтар туралы білімдерін әрі қарай дамыту; -табиғатты сүюге, қорғауға, судың адам өміріндегі маңыздылығын түсінуге тәрбиелеу.			
47	Жайлау. Киіз үйдің құрал-жабдығы	-балаларға жайлау, киіз үйдің құрылысы және оның ішкі жиһаздары туралы мәлімет беру.Қоршаған ортаны танып білуіне жағдай жасау, ұлттық мәдениетіміз жайлы білімдерін дамыту; -киіз үй мен оның жиһаздарының пайдасы жайлы түсіндіре отырып, балалардың зейіндерін дамыту; -киіз үй құрал-жабдықтарының қандай эстетикалық талғаммен жасалғанын түсіндіре отырып, талғампаз болуға баулу.	1	09.03	
48	Менің елімнің салт-дәстүрі	-қазақ халқының салт-дәстүрлері туралы білімдерін кеңейту. Балаларға өздері білетін халқымыздың салт-дәстүрлері туралы айтқызу; -сурет арқылы «Бесікке бөлеу», Тұсаукесер», «Ашамайға отырғызу» рәсімдері туралы әңгімелету арқылы байланыстырып сөйлеу дағдыларын жетілдіру; -туған халқының салт-дәстүрін құрметтеуге тәрбиелеу.	1	12.03	
49	Жаяу жүргіншілер ережелері	-жаяу жүргіншілер ережесін меңгертуді жалғастыру; -жол белгілерінің қауіпсіздік сақтаудағы маңызды екенін әңгімелей білуге баулу. Көшедегі тәртіп ережесін қатаң сақтауға, жолда зейінді болуға дағдыландыру; -жолда жүру ережесін сақтап жүруге тәрбиелеу.	1	16.03	
50	Ұлттық ойындар	-балаларды қазақтың ұлттық ойындармен таныстыруды жалғастыру. Ойын арқылы балалардың адамгершілік, адалдық, әділдік, сезімталдық қасиеттерін қалыптастыру; -өз құрдастарын тарта отырып, ұлттық ойындар ойнауға ынталандыру; -ұлттық ойындарды ойнай отырып, өз ұлтына деген сүйіспеншілігін арттырып, салт-дәстүрлерді сақтай білуге баулу.	1	19.03	
51	Бөлме өсімдіктері және оларды күту	-балалардың бөлме өсімдіктері туралы білімдерін бекіту (атауы, құрылысы). Өсімдіктерді салыстырып, олардың айырмашылығы мен ұқсастығымен, олардың өсуіне қажетті жағдаймен таныстыру; -практикалық жұмыс істеу дағдыларын арттыру; өсімдіктер туралы білімдерін толықтыру; -әңгімеге араласа білуге, өз көзқарасын айта алуға тәрбиелеу; өсімдіктерді өсіруге, күтуге деген қызығушылықтарын арттыру.	1	30.03	

ҚОРШАҒАН ӘЛЕММЕН ТАНЫСТЫРУ / СӘУІР АЙЫ/

Р/с №	ҰІӘ-нің тақырыбы	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Сағат саны	Өту мерзімі	Ескерту
52	Төрт түлік	-үй жануарлары туралы білімдерін кеңейту. Балаларды үй жануарларымен және олардың төлдерімен таныстыруды жалғастыру; -әр жануардың өзіне тән белгілерімен таныстыру; есте сақтауды, зейінді, сөйлеуді дамыту; -төрт түлік малды күте білуге және сүйе білуге тәрбиелеу.	1	02.04	
53	Жәндіктер әлемі	-жәндіктер туралы жаңа білім алу қажеттілігін дамыту Жәндіктер туралы алған білімдерін бақылауға, салыстыруға, талдауға, жүйелеуге қолдануды үйрету; -жәндіктерді бақылаған сәтеріндегі зерттеу нәтижелерін көруге талпындыру; -жанды табиғатқа, жәндіктерге қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу.	1	06.04	
54	Табиғатта өзін-өзі ұстау ережелері	-табиғатта өзін дұрыс ұстау ережелерімен таныстыру. Табиғат, оның байлығын қорғау, күту туралы түсініктерін кеңейту; -табиғаттың адамға пайдасы жайлы мәлімет беру; -табиғатқа деген қамқорлықтарын, сүйіспеншіліктерін тәрбиелеу.	1	09.04	
55	Қазақстан ғарышкерлері	-балаларға Қазақстан ғарышкерлері туралы мәлімет беруді жалғастыру; -ғарышкер киімі жайлы білімдерін жетілдіру. Күн жүйесі, ғаламшарлар туралы жалпы мәлімет беру; -Қазақстанның тұңғыш ғарышкерлерін құрметтеу, туған еліне деген мақтаныш, патриоттық сезімдерін тәрбиелеу.	1	13.04	
56	Біз – табиғаттың досымыз	-жануарлар әлемі (аңдар, құстар, жабайы және үй жануарлары т.б.) туралы білімдерін қорытындылау. -жануарларды топқа бөле алуды білу. Зейіндері мен бақылағыштықтарын дамыту. -қоршаған ортаға, онда тіршілік ететін жануарларға деген сүйіспеншіліктерін тәрбиелеу.	1	16.04	
57	Табиғат аясындағы қауіпсіздік ережелері	-табиғаттағы өзін-өзі ұстау тәртібімен таныстыруды жалғастыру. Қоршаған ортаға саналы көзқараспен қарауды үйрету; -табиғат ерекшеліктеріне қызығушылық ояту, бақылау, қорытындылау әдістерін меңгерту, өмір қауіпсіздігі ережелерін бекітіп, табиғаттың адаммен байланысы арқылы, өзін-өзі қорғай білу, кез келген жағдаяттардан уақтылы шешім табу арқылы шыға білуге үйрету; -табиғатты аялап сүюге, қамқорлыққа ала білуге тәрбиелеу.	1	20.04	
58	Компьютер әлемінде	-балаларды компьютердің бөліктерімен таныстыру; -қазіргі заман технологиясының жетістіктері мен адам еңбегін	1	23.04	

		жеңілдетуге арналған құралдар туралы білімдерін кеңейту; -компьютердің пайдасы және зияны туралы әңгімелеу, қауіпсіздік ережелерін сақтауға баулу.			
59	Ынтымақ пен бірлік мерекесі	-біздің елімізде көптеген ұлт өкілдерінің тұратыны жайлы мәлімет беру. Әр ұлт өкілдерінің ерекшелігі, өздерінің салтдәстүрлері бар екенін ұлттар достығы жайлы түсінік қалыптастыру; -қазақ халқының бауырмал халық екенін түсіндіру; -ұлтаралық достық туралы әңгімелету арқылы балалардың сөздік қорын толықтыру.	1	27.04	
60	Әскери мамандықтар	-балаларды әскери мамандық түрлерімен таныстыру, әскери мамандықтар туралы жалпы білім беру. Киімге, қару-жарақ, әскери техникаға қарап, әскери қызметтерді ажырата білу дағдыларын дамыту, әскер туралы түсініктерін кеңейту. -әскери мамандықтарға қызығушылықтарын тудыру. -Отансүйгіштік сезімдерін, айбынды армиямыз үшін мақтаныш сезімдерін ояту.	1	30.04	

ҚОРШАҒАН ӘЛЕММЕН ТАНЫСТЫРУ / МАМЫР АЙЫ/

Р/с №	**ҰІӘ-нің тақырыбы**	**Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері**	**Сағат саны**	**Өту мерзімі**	**Ескерту**
61-62	Үйдегі және балабақшадағы қауіпсіздік/ Барлық мамандық қажет әрі маңызды	- балаларға үйдегі және балабақшадағы қауіпсіздік ережелерін түсіндіру; -үйде, көшеде, балабақшада сақтау керек қауіпсіздік ережелері туралы білімдерін дамыту; -қоршаған ортада өз өмірінің қауіпсіздігін сақтау ережелеріне тәрбиелеу; қауіпті жағдайларды ескере отырып, үлкендердің айтқанын тыңдауға баулу. - мамандық түрлері, олардың атқаратын қызметі, қоғамға келтіретін пайдасы туралы білімдерін толықтыру. Әртүрлі мамандық иелерінің еңбегінің маңызын және олардың қажеттігін ұғындыру. -өз ата-анасының мамандығы туралы айта алу дағдыларын арттыру. -мамандық иелерінің еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.	1	04.05	07.05
63	Ұлы Отан соғысы ардагерлері	-балаларды Ұлы Отан соғысы ардагерлерімен таныстыруды жалғастыру. Ұлы Отан соғысы және осы соғысқа қатысқан қазақ батырлары туралы мағлұматтарын кеңейту. -Қазақстандық батырлардың ерліктері туралы білу, оларды құрметтеу. -балаларды аға ұрпақтың өсиетін тыңдап, адал болып өсуге, Отансүйгіштікке тәрбиелеу. Батырларды аты-жөндерімен атап және	1	11.05	

		олардың ерліктерін әңгімелеу арқылы есте сақтау қабілеттерін дамыту.			
64	Жас экологтер	-балалардың табиғат туралы білімдерін молайту, табиғатты қорғау әр адамның міндеті екенін ұғындыру. -туған жер табиғатына деген сүйіспеншілігін арттыру, экологиялық тәрбие негізін қалыптастыру. -табиғатты қорғай алатын, аялай білетін адамгершілігі мол, ізгілікті экологиялық білімі мен мәдениеті жоғары жаңа ұрпақ тәрбиелеу.	1	14.05	
65	Адам – табиғаттың бір бөлігі	-адамның табиғаттың ажырамас бөлігі екендігі туралы түсініктерін қалыптастыру. -адамның сезім мүшелерінің табиғатты танып-білудегі рөлі туралы түсінік беру. Балалардың тілін дамыту, сөйлеу тілдерін жетілдіру, қиялдарын байыту. -балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу, денсау- лығын сақтауға деген ниеттерін арттыру.	1	18.05	
66	Табиғатқа қауіп-қатер төнуде	-еліміздің орман, тоғай, өзен-көл сияқты байлықтары туралы түсініктерін кеңейту. -табиғатта өзін дұрыс ұстау туралы ережені бекіту. Ойлауларын, сөйлеу тілдерін, шығармашылық мүмкіндіктерін арттыру. -табиғатқа деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.	1	21.05	
67	Табиғат бұрышын мекендеушілер. Оларды күту.	-жанды табиғат бұрышын мекендеушілер, оларға күтім жасау жолдарымен таныстыру. -жануарлар туралы түсініктерін кеңейту. -үйде өсіруге болатын жануарлар тіршілігіндегі ерекшеліктерді атай білу, табиғат бұрышын мекендейтін жануарларға деген қамқорлық сезімдерін арттыру.	1	25.05	
68	Астана – бас қала	-Астана қаласының тарихи-мәдени орындарымен таныстыруды жалғастыру. Қазақстан Республикасының Президенті, елордасы – Астана қаласы және оның көрікті жерлері туралы түсініктерін қалыптастыру. -Балалардың сөздік қорын, есте сақтауын, зейінін белсендіру және кеңейту, сөйлеуін дамыту. -өз Отанына деген сүйіспеншілік пен мақтаныш сезімдерін тәрбиелеу.	1	28.05	

МЕКТЕПАЛДЫ 0 «Б» СЫНЫБЫНЫҢ
ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ
2026 - 2027 оқу жылына арналған
СУРЕТ САЛУ / ЖЫЛДЫҚ /

Білім беру ұйымы: №15 мектеп-лицейі
Топ/сынып:мектепалды 0 «Б» сынып
Балалардың жасы:5-6жас
Жоспардың құрылу кезеңі: қыркүйек-жылдық 2026-2027 оқу жылы
Айына 1 сағат, барлығы 9 сағат
Алматы «Алматыкітап баспасы» 2025 ж.
Мақсаты: тәрбиеленушілердің қызығушылықтарын, жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, шығармашылық қиялын, эмоционалды-сезімдік саласын, дүниетанымын, ойлауын, көркем-эстетикалық талғамды дамыту.
Міндеттері:

балалардың өнер шығармаларын эмоционалды қабылдау қабілетін қалыптастыру;
балалардың шығармашылық қабілеттерін, қоршаған ортаны эстетикалық тұрғыдан қабылдауын дамыту;
қоршаған әлемді эмоционалды тану, өнер түрлері туралы түсінігін қалыптастыру;
өзінің, құрдастарының жұмыс нәтижелерін бағалай білуге, жұмысты ұжыммен орындауға баулу;
музыкаға, өнердің түрлеріне, өнер туындыларына ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу;
тәрбиеленушілердің жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ұлттық мәдениетке баулу арқылы патриотизмді тәрбиелеу үшін жағдай жасау;
балалардың түрлі әрекеттерінде қауіпсіздікті сақтау.

Сурет салу.

Заттардың, ертегі кейіпкерлерінің бейнесін өзіне тән ерекшеліктерімен салу, сюжеттерде қарапайым мағыналы байланыстарымен ондағы заттардың арасындағы кеңістіктік қатынастарды жеткізе білу.

Парақта кеңістіктегі заттардың қалпын беру, заттардың жазықтықта әртүрлі орналасуы мүмкін екендігін түсіндіру (тұрады, жатады және қалпын өзгерте алады), тірі табиғат заттарының бейнелерін күрделі емес қимылдар мен қалыптар арқылы беру (өсімдіктер, жануарлар, құстар).

Заттардың пішіндеріне, бөліктердің салыстырмалы өлшеміне және олардың орналасуына сүйене отырып, түстер мен олардың реңктерін беру, негізгі пішінді, заттар мен олардың бөліктерінің пропорцияларын мәнерлеп жеткізе білу, түстерді өз қалауы бойынша таңдау.

Бояулармен жұмыс жасауды жетілдіру (боғышта акварельді сумен араластыру, қажетті түсті алу), қанық түстер алу үшін қарындашты түрліше басып бояу, бейнелеу, түсті қанық беру үшін қағаздың фонын таңдау және бояуларды үйлестіру, өз жұмысының нәтижелерін бағалау.

Бейнелеу әдістерін (штрихтар, бояуларды араластырып, кляксография, жіппен және т. б.) қолдану.

Жаңа түстер (күлгін) және реңктерді (көк, қызғылт, қою жасыл) бояуды араластыру арқылы шығару (гуашпен сурет салу кезінде).

Түзу, ирек, жіңішке, жалпақ сызықтарды, түрлі көлемдегі дөңгелектерді, жақпаларды, нүктелерді ырғақты орналастыра отырып, қарапайым пішінді өрнектерді құрастыра білуді бекіту, түрлі өлшемді өрнектерді біріктіру, ақ және түрлі-түсті фондарды қолдана отырып,

түсті таңдау.

Қазақ ою-өрнектерінің түрлері («түйетабан», «құсқанаты», «құстұмсық», «жапырақ», «жауқазын», «жетігүл», «жұлдызгүл» және т.б.) туралы түсінігін кеңейту, өзіне тән элементтерді пайдалана отырып, оларды құрастыра білуін дамыту. Қазақ ою-өрнектерінің сипатын, колоритін жеткізе отырып, көлемді пішіндерді бояу, парақтың ортасын, бұрыштарын, жоғарғы, төменгі, оң және сол жақтарын ажырату, тік сызықтардың әртүрлі үйлесуімен құрылған қазақ ою-өрнегінің элементтерін салу.

Ою-өрнектермен қазақтың ұлттық киімдерін (орамал, шапан, қамзол және т.б.) салу, оларды пішіндердің ортасында және шеттерінде орналастыру. Ою-өрнекті өзбетінше ойдан салуға мүмкіндік беру. Ұжыммен бірге жұмыс істеу, міндеттерді өзара келісіп орындау, салынған суретпен түрлі ойындар ойнау.

Суретті қарапайым қаламның көмегімен жеңіл ырғақпен үстінен қатты баспай бейненің сұлбасын салу, бірнеше заттардың өлшеміндегі айырмашылықтарды беру, геометриялық пішіндегі заттарды салу.

Бояумен сурет салу кезінде қылқаламды бояуға батыру, қағазға жуан сызықтарды сызарда қылқаламды көлденең, ал жіңішке сызықтар мен нүктелерді сызу үшін тігінен ұстап, суреттерді бояғанда бір бағытта солдан оңға қарай, жоғарыдан төмен қарай, қиғашынан жүргізу.

Балалардың суретте қарапайым сюжеттерді: әлеуметтік оқиғаларды, қоршаған өмірдегі оқиғаларды, мерекелерді, адамдардың еңбегін, ертегілердің, өлеңдердің, әндердің және басқалардың желісін жеткізе білуін жетілдіру.

Қазақ халқының өмірін, еңбегін, тұрмысын көрсете отырып, қазақ ертегілерінің желісі бойынша сурет салу. Ұжымдық жұмыстарға, өзбетінше ойдан сурет салуға мүмкіндік беру.

Көркемөнерге тәрбиелеудің төмендегідей міндеттерін шешу көзделді:

– тұрмыста, еңбекте, ойын барысында қоғамдық және табиғи құбылыстармен, заттармен таныстыру арқылы балалардың бойында қоршаған ортаға деген эстетикалық көзқарасты қалыптастыру;
– өнер құралдары арқылы көркемдік тәрбие беру (көркемдік талғамды қалыптастыру, шығармашылық қабілеттерін дамыту);
– көркемөнер туындылары жайында қарапайым түсінік беру және әсер алу, сезінуге баулу, бейнелеу әрекеті негізінде іскерлік дағдыларды меңгерту, музыка, әдебиет т.б. өнер түрлері арқылы өмірдегі әдемілікті, сұлулықты қабылдау мен түсінуге, сезінуге дағдыландыру, қарапайым эстетикалық әсерлер, көру мен есту түйсіктерін жинақтауға жаттықтыру;
– эмоциялық және танымдық үдерістерді белгілі бір шамада дамыту.

Бейнелеу оқу қызметін ұйымдастыруда педагогтерге қойылатын талаптар:

– берілген тақырып мазмұнын ашу үшін бейнелеу өнері түрлері жайында түсінік беріп, көркемөнер туындыларымен таныстыру, оның көркемдігін сезіне, қабылдай білуге дағдыландыру;
– бейнелеу іс-әрекетін үйрету барысында оның мәнерлеу құралдарын (түс, көлем, пішін, композиция, ырғақ т.б.) меңгерту, құрал-жабдықтармен жұмыс істеу іскерлігіне машықтандыру (сурет салу, мүсіндеу, қиып жапсыру);
– сәндік қолданбалы өнер арқылы ұлттық салт-дәстүрлермен таныстырып, үлкендер еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу, көркемдік талғамын қалыптастыруға көңіл болу;
– ауыз әдебиеті үлгілерін, көркем шығармаларды тиімді қолдану;
– баланың дене бітімінің сымбатты болып қалыптасуына мүмкіндік туғызу (түзу отыру, бой сергіту сәтінде қимылды ойындарды өз мақсатына сай пайдалану);
- көркемөнерге қызығушылығын арттыру, ақыл-ойының дамуына, қиялының шарықтауына ықпал ете білу;
- еңбек ету дағдыларын қалыптастыру;
– қоғамдық өмір, табиғат, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі жайында қарапайым түсініктер беріп, оларға қамқорлық жасауға тәрбиелеу.

Аталған талаптарды тәрбие жұмысының негізгі арқауы ете отырып, педагог баланың көңіл күйіне, психологиялық, физиологиялық даму ерекшеліктері мен қабылдауына бақылау жасап, іс-әрекеттердің біреуінен екіншісіне мазмұн үндестігін сақтап сабақтастыра, жеңіл де түсінікті жолдармен ауысып отырады.

Қазақтың бейнелеу, кескіндеме, мүсіндеу, сәулет өнері, сәндік-қолданбалы өнері туындыларын, шеберлердің (мүсіншілер, суретшілер) қолынан шыққан ағаш, темір, жүн, матадан жасалған бұйымдарды көрсету арқылы балаға халықтық өнер сипатын, оның ерекшелігін, әсемдігін, ұлттық айшығын таныту, мақтаныш сезімін ояту бағытындағы жұмыстар жүргізіледі. Сондай-ақ балаларды көркемөнер туындыларын жан дүниесімен қабылдауға, өнердің мәнерлілігін сезіне білуге баулу қажет.

Затқа қарап сурет салу дағдыларын қалыптастыру. Бұл кезеңдегі бала игеруі тиіс басты міндеттерге мыналар жатады:

– заттың пішінін, көлемін және өзіне лайықты бояу түстерін таңдап алуға үйрету, сызықтарды, нәзік сызықтарды түзу, шебер жүргізу, қарындашты қатты баспай, қағаз бетіне із түсіру;

– бояумен жұмыс істеудің машықтарын меңгерту. Қылқалам ұшымен жіңішке сызық, көлбеу басып жуан сызық түсіру. Қылқаламмен сызықтарды жеңіл жүргізу, түзу, қисық, тұйық, доға тәрізді, дөңгелек және толқынды сызықтарды еркін сызуға жаттықтыру;

– нүктелерді салуда тік бағыттау не дөңгелек таяқшаны пайдалануға жаттықтыру. Заттардың әртүрлі көлемдегі бейнесін бере білуге үйрету, оның ерекшеліктерін байқай білу. Биік-аласа, ұзын-қысқа, жуан-жіңішке тәрізді салыстырмалы көлемдерді беруде түстер үйлесімділігін таңдай білу;

– сулау техникасы арқылы сурет салу дағдыларын қалыптастыру (қуыршақтың көйлегіне мата дайындау, жаңбырдан кейінгі күзгі орман т.б.);

– заттық тақырыпта, мазмұнды сурет салу дағдыларын жетілдіру. Айналадан көргендерін, алған әсерін бейнелеуге үйрету. Ертегі, өлең, тақпақтар мазмұны бойынша сурет салу, қағаз бетін толық пайдалануға дағдыландыру.

Күтілетін нәтижелер:

- заттардың жазықтықта әртүрлі орналасуы мүмкін екендігін түсінеді;
- тірі табиғат заттарының бейнелерін күрделі емес қимылдар мен қалыптар арқылы жеткізеді;
- түстерді өз қалауы бойынша таңдайды;
- бояулармен қолдануды, бояғышта акварельді сумен араластыруды, қанық түстер алу үшін қарындашты түрліше басып бояуды біледі; өз жұмысының нәтижелерін бағалай алады;
- сурет салуда әртүрлі техниканы қолданады;
- парақтың ортасын, бұрыштарын, жоғарғы, төменгі, оң және сол жақтарын ажыратады;
- жаңа түстер (күлгін) және реңктерді (көк, қызғылт, қою жасыл) бояуды араластыру арқылы шығарады;
- қазақ ою-өрнектерінің түрлерін біледі;
- ою-өрнектермен қазақтың ұлттық киімдерін салады;
- оюды өзбетінше ойдан салады;
- ұжыммен бірге жұмыс істейді, міндеттерді өзара келісіп орындайды;
- ою-өрнек элементтерін пішіндердің ортасында және шеттеріне салады;
- қазақ оюларының элементтерін салады және олармен киімдерді, тұрмыстық заттарды безендіреді;
- сюжеттік суреттерді салады;
- ұжымдық жұмыстарды орындайды, ойдан сурет салады;
- суретті бейнелеуде мәнерлі құралдарды, қазақ оюларының элементтерін қолданады;
- сурет салуда ұқыптылықты, қауіпсіздікті сақтайды.

МЕКТЕПАЛДЫ 0 «Б» СЫНЫБЫНЫҢ
ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ
2026 - 2027 оқу жылына арналған
СУРЕТ САЛУ / ЖЫЛДЫҚ /

Р/с №	ҰІӘ-нің тақырыбы	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Сағат саны	Өту мерзімі	Ескерту
1	Ағаш бұтақтары. *(Түрлі түсті қарындаштар)*	-ағаш түрлері, терек бұталарының салыну тәсілдері туралы білім беру; -балалардың шығармашылық қабілетін дамыту; - жұмысты ұқыпты, таза жасауға тәрбиелеу.	1	01.09.2026 ж.	
2	Жаңбырлы күн *(Акварель бояу)*	-мазмұнды сурет салудағы сүйкей жағу арқылы қағаз бетіне дақ түсіру тәсілін үйрету; қылқаламмен және бояумен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру; -ұқыпты жұмыс істеуге үйрету, тиянақтылыққа тәрбиелеу.	1	29.09	
3	Гүлдене бер, Қазақстан! *(Акварель бояу)*	-балалардың қоршаған ортадан алған әсерлерін көрсете білуге үйрету,Қазақстанның кең байтақ екенін түсіндіріп, білімдерін кеңейту; -балалардың туған жердің көрінісін қағазға түсіре білудегі шығармашылық ойлауын дамыту;	1	03.11	
4	Менің сүйікті ертегім *(Акварель бояу)*	-балаларды сурет салғанда ертегілер сюжетін, өздері ұнататын кейіпкерлерге тән сипаттарды бере білуге баулу. -балаларды елестете отырып сурет салу тәсілдерімен таныстыру.	1	01.12	
5	Мерекелік дастарқан. *(Акварель бояу)*	-балаларды қазақтың қонақжайлылығымен таныстыру; -дастарқанды әшекейлеу арқылы көркемдік талғамын қалыптастыру.	1	12.01.2027 ж.	
6	Қысқы табиғат *(Акварель бояу)*	-балалар бойында байқағыштық, қысқы табиғат құбылыстары ерекшелігін сезіне білуге үйрету. -балалардың қысқы табиғат құбылыстары туралы білімдерін нығайту; -табиғат құбылыстарын бейнелей білу, балаларға табиғатқа деген қамқорлық жасаудың қажеттілігін түсіндіру;	1	16.02	
7	Сәукелені әшекейлейміз Алашаны әшекейлеу. *(Акварель бояу)*	-қазақ халқының тұрмысы, еңбегі, ұлттық киімдер туралы ұғымдарын бекіту; -балалардың шығармашылық қабілетін дамыту; -балаларды бір-біріне дұрыс қарым-қатынас жасауға, адамгершілік, ізгілік қасиеттерге тәрбиелеу.	1	16.03	
8	Көрікті көктем. *(Акварель бояу)*	-балалардың көктемгі құбылыстар туралы білімдерін бекіту; -көктемнің шуақты бейнесін көре білуге, қағаз бетіне түсіре білуге дағдыландыру; -жұмысты талғаммен орындауға тәрбиелеу.	1	20.04	

9	Кешкі қала. *(Акварель бояу)*	-ауыл мен қала ерекшеліктері, құндылықтары туралы білімдерін бекіту, алған әсерлерін көрсете білуге үйрету; -кешкі қала көрінісін сезіне отырып, қағаз бетіне дұрыс орналастыруды үйрету; -жұмысты талғаммен орындауға тәрбиелеу.	1	18.05	

МЕКТЕПАЛДЫ 0 «Б» СЫНЫБЫНЫҢ
ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ
2026 - 2027 оқу жылына арналған
МҮСІНДЕУ / ЖЫЛДЫҚ /

Білім беру ұйымы: №15 мектеп-лицейі
Топ/сынып:мектепалды 0 «Б» сынып
Балалардың жасы:5-6жас
Жоспардың құрылу кезеңі: қыркүйек-жылдық 2026-2027 оқу жылы
Айына 1 сағат, барлығы 9 сағат
Алматы «Алматыкітап баспасы» 2025 ж.
Мақсаты: тәрбиеленушілердің қызығушылықтарын, жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, шығармашылық қиялын, эмоционалды-сезімдік саласын, дүниетанымын, ойлауын, көркем-эстетикалық талғамды дамыту.
Міндеттері:

балалардың өнер шығармаларын эмоционалды қабылдау қабілетін қалыптастыру;
балалардың шығармашылық қабілеттерін, қоршаған ортаны эстетикалық тұрғыдан қабылдауын дамыту;
қоршаған әлемді эмоционалды тану, өнер түрлері туралы түсінігін қалыптастыру;
өзінің, құрдастарының жұмыс нәтижелерін бағалай білуге, жұмысты ұжыммен орындауға баулу;
музыкаға, өнердің түрлеріне, өнер туындыларына ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу;
тәрбиеленушілердің жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ұлттық мәдениетке баулу арқылы патриотизмді тәрбиелеу үшін жағдай жасау;
балалардың түрлі әрекеттерінде қауіпсіздікті сақтау.

Мүсіндеу.

Сазбалшық, ермексаз және пластикалық массадан мүсіндеудің ерекшеліктерін білу.

Шынайы бейнесіне қарап және ойдан пішіндері мен өлшемі әртүрлі таныс заттарды: көкөністерді, жемістерді, ойыншықтарды, ыдыстарды мүсіндеу, оларға тән ерекшеліктерді беру, қолдың және саусақтардың қимылдарын жетілдіру, қарапайым пропорцияларды сақтай отырып, адам мен жануардың пішіндерін мүсіндеу.

Бақылаған заттың бейнесін бере білу, затты әртүрлі қалыптарда мүсіндеу, пішіннің бетін дымқыл шүберекпен тегістеу және кескішті пайдалану.

Адамның бейнесін, жануарлардың қимылдарын, қол-аяқтардың қалпын дұрыс мүсіндеу. Заттардың ұзын және қысқа, жуан және жіңішке белгілерін көрсете білу, бөліктердің салыстырмалы көлемдерін сақтау, мүсінделген пішіндердің бөліктерін бір-біріне қосып, біріккен жерлерін тегістеу.

Мүсіндеудің әртүрлі әдістерін қолдану: құрылымдық (жеке бөліктерден) және мүсіндік (негізгі бөліктерді тұтас кесектен жасау). Затқа қарап мүсіндеуде ойыншықтарды, пішіні шағын мүсіндерді, халық шеберлерінің бұйымдарын қолдану.

Қазақ халқының түрлі ыдыс-аяқтарын (қазан, астау, табақ, тостаған, керсен, ожау, күбі торсық және т.б.), тұрмыстық заттарын (керует, үстел, ер-тұрман, ошақ, кебеже, диірмен және т.б), зергерлік бұйымдарымен (білезік, сырға, сақина, тұмар, шашбау және т.б.), туған өлкедегі мәдени мұра ескерткіштерімен таныстыру, аталған заттардан қалауы бойынша мүсіндеу және оларды ою-өрнектермен және қосымша заттармен (моншақ, дән және т.б.) безендіру, жұмыс барысында әртүрлі пішінді кескіштерді қолдану, олардың бетіне бедерлер жасау.

Біртекті заттардан сюжеттер құру, бірнеше пішінді бір тұғырға орналастыру, сюжеттерде пішіннің, қимылдың ерекшеліктерін жеткізе білу, кейіпкерлердің өзіне тән бөлшектерін мүсіндеу, композицияларды қосымша заттар мен элементтердің көмегімен көркемдеп жеткізу. Ертегілер мен әңгімелердің мазмұны бойынша сюжеттік композицияларды құру дағдыларын жетілдіру.

Ойдан өзбетінше мүсіндеуге, ұжымдық жұмыстарды орындауға баулу. Мүсіндеген заттарымен түрлі ойындар ойнау.

Жұмысты ұқыпты орындау, заттарды жинау, қауіпсіздік ережелерін сақтау.

Заттық мүсіндеу.Дағдыларды қалыптастыру:

– балаларды затқа қарап немесе көз алдарына елестету арқылы көлемі мен пішіні әртүрлі таныс заттарды, көгөністер мен жемістерге тән ерекше бөліктерді бейнелеуде қолдарын және саусақтарын дұрыс қозғалта отырып, мүсіндеу;

- қарапайым қатынастарды сақтай отырып адам мен жануарлардың пішінін мүсіндеуге үйрету;

– көшеде, үйде және балабақшада көрген заттарын бейнелей отырып, елестету арқылы мүсіндеу.

Олар бақылау жасаған заттардың бейнесін жеткізе білуге, заттарды түрлі қалыпта мүсіндеуге, бейненің жеке шешімін өздігінен табуға үйрету. Сулы шүберекпен пішіннің үстіне

н тегістеуге және кескішті қолдануға үйрету.

Сәндік мүсіндеу.

Балаларды халықтық ойыншықтармен таныстыру, ойыншықтарды

мүсіндеуге үйрету. Халықтық ойыншықтар желісі бойынша бейнелер жасауға үйрету. Мүсінді бейнені безендірудің тәсілдерін өз қалауы бойынша таңдауды ұсыну.

Сюжеттік мүсіндеу.

Балаларды мүсіндеудің таныс әдістерін қолдануға және заттардың өлшемдік қатынастарын бере білуге жаттықтыру. Бейненің ерекше қасиетін, адамның қимылын анық көрсетуге, сырт келбетін әдемі безендіруге үйрету.

Кескішті қолданып, тұтас бөліктен мүсін жасауды жетілдіру.

Затты тұғырға орналастыру техникасын қалыптастыру. Біртекті заттардан сюжеттер жасау, бірнеше пішінді бір тұғырға орналастыру.

Кейіпкерлердің өзіне тән бөлшектерін мүсіндеуге, композиция мазмұнын қосымша заттар мен элементтердің көмегімен мейлінше көркемдеп жеткізуге үйрету.

Біркелкі заттардың бейнесін жасаудан, мазмұнға сәйкес әрқилы бейнелерді жасау білімдерін бекіту.

Күтілетін нәтижелер:

- сазбалшық, ермексаз және пластикалық массадан мүсіндеу ерекшеліктерін біледі;
- шынайы бейнесіне қарап және ойдан пішіндері мен өлшемі әртүрлі таныс заттарды мүсіндейді;
- қарапайым пропорцияларды сақтай отырып, адам мен жануардың пішіндерін мүсіндейді;
- мүсіндеудің әртүрлі әдістерін қолданады;
- қазақ халқының түрлі ыдыс-аяқтарын, тұрмыстық заттарын, зергерлік бұйымдарын мүсіндейді және оларды ою-өрнектермен және қосымша заттармен безендіреді;

- біртекті заттардан сюжеттер құрастырады, бірнеше пішінді бір тұғырға орналастырады;
- ертегілер мен әңгімелердің мазмұны бойынша сюжеттік композицияларды құрады;
- ортақ композиция құру үшін ұжыммен мүсіндеу дағдыларын меңгерген;
- мүсіндеген заттарымен түрлі ойындар ойнайды;
- жұмысты ұқыпты орындайды, қауіпсіздік ережелерін сақтайды.

МЕКТЕПАЛДЫ 0 «б» СЫНЫБЫНЫҢ
ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ
2026 - 2027 оқу жылына арналған
МҮСІНДЕУ / ЖЫЛДЫҚ /

Р/с№	ҰІӘ-нің тақырыбы	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Сағат саны	Өту мерзімі	Ескерту
1	Жеміс бағында.	-пішінді мүсіндеудің таныс әдістерін пайдаланаотырып,жемістерді мүсіндеу; -бейнені затпен салыстыру, мүсіндегі сәйкестіктерді анықтай білу қабілеттерін дамыту**;** -балаларды табиғатты сүюге тәрбиелеу**.**	1	08.09.2026 ж.	
2	Көгөністер. Саңырауқұлақтар.	-геометриялық фигураларды қияр, қызылша, сәбіз,т.б.көгөністер пішініне келтіру арқылы мүсіндеу; -қолдың ұсақ моторикасын,ойлау қабілеттерін дамыту; -адамгершілік,эстетикалық тәрбие беру.	1	06.10	
3	Күзгі жапырақтар. (бедерлі мүсіндеу) Жаңғақ кемірген тиін.	-маусымдық өзгерістер туралы білімін кеңейту; -балалардың қиялын, ойлау қабілетін дамыту; -еңбекқорлыққа, ұйымшылдыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.	1	10.11	
4	Кесе.	-ыдыстың шығу тарихымен, ыдысты жасайтын материал түрімен (тас, әйнек, ағаш, металл, қыш, пластик)таныстыру; -белсенділігін, шығармашылығын дамыту; -тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.	1	08.12	
5	Тостаған.	-ұлттық ыдыстардың ерекшеліктеріне назар аударaотырып, оны мүсіндеудің әдіс-тәсілдерімен таныстыру; -ойын арқылы балалардың қимыл- қозғалыстарын, көркемдік талғамдарын дамыту; -балаларды ауызбірлікке,ұлттық дәстүрлерді құрметтеуге тәрбиелеу.	1	19.01.2027 ж.	
6	Торсық.	-торсықты әртүрлі әдіс-тәсілдермен безендіру; торсықтың пішініне сәйкес ою-өрнектерді шығармашылықпентаңдап, әшекейлеу жолдарын түсіндіру; -ұсақ қол қимылдарын дамыту, көру арқылымүсіндей білу іскерліктерін қалыптастыру; -ұлттық бұйымға деген қызығушылықтарын ояту,өнерді сүюге тәрбиелеу.	1	23.02	

7	Ғарыш кемесі.	-ғарыш әлеміне деген қызығушылықтарын арттыру; -балардың ой-қиялын, эстетикалық талғамдарын дамыту; -Отанын, елін, жерін сүюге, адалдыққа,батылдыққа,ұқыптылыққа тәрбиелеу.	1	31.03	
8	Әдемі гүлдер.	-гүлдердің түр-түстерін ажырата білуге баулу;өсімдіктерді күту ережелерімен таныстыру; -қолдың қимылын, сөздік қорын, тілін дамыту; -эстетикалық талғамдарын қалыптастыру, табиғатты аялай білуге тәрбиелеу.	1	27.04	
9	Жайлауда	- сурет бойынша әңгімелей отырып, жайлау, киіз үйтуралы түсінік беру; -ұлттық ою-өрнекті мүсіндей білуге үйрету; -балалардың қиялын, ойлау қабілеттеріндамыту; -еңбексүйгіштікке,ұқыптылыққа тәрбиелеу, ұлттықөнерді бағалай білуге тәрбиелеу.	1	25.05	

МЕКТЕПАЛДЫ 0 «Б» СЫНЫБЫНЫҢ
ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ
2026 - 2027 оқу жылына арналған
ЖАПСЫРУ / ЖЫЛДЫҚ /

Білім беру ұйымы: №15 мектеп-лицейі
Топ/сынып:мектепалды 0 «Б» сынып
Балалардың жасы:5-6жас
Жоспардың құрылу кезеңі: қыркүйек-жылдық 2026-2027 оқу жылы
Айына: 1 сағат, барлығы 8 сағат
Алматы «Алматыкітап баспасы» 2025ж.
Мақсаты: тәрбиеленушілердің қызығушылықтарын, жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, шығармашылық қиялын, эмоционалды-сезімдік саласын, дүниетанымын, ойлауын, көркем-эстетикалық талғамды дамыту.
Міндеттері:

балалардың өнер шығармаларын эмоционалды қабылдау қабілетін қалыптастыру;
балалардың шығармашылық қабілеттерін, қоршаған ортаны эстетикалық тұрғыдан қабылдауын дамыту;
қоршаған әлемді эмоционалды тану, өнер түрлері туралы түсінігін қалыптастыру;
өзінің, құрдастарының жұмыс нәтижелерін бағалай білуге, жұмысты ұжыммен орындауға баулу;
музыкаға, өнердің түрлеріне, өнер туындыларына ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу;
тәрбиеленушілердің жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ұлттық мәдениетке баулу арқылы патриотизмді тәрбиелеу үшін жағдай жасау;
балалардың түрлі әрекеттерінде қауіпсіздікті сақтау.

Жапсыру.

Қайшыны қолдануды бекіту: жолақтардан тікбұрышты пішіндер, шаршылардан үшбұрышты пішіндер, шаршы немесе тікбұрыштың бұрыштарын қию арқылы дөңгелек және сопақша пішіндерді қиып алу.

Қағаздан таныс немесе ойдан әртүрлі бейнелерді, қатпарланып бүктелген қағаздан бірдей бірнеше пішіндерді және екіге бүктелген қағаздан симметриялы пішіндегі заттарды қию.

Жапсырудың түрлі әдістері (симметриялы, сыңарлы симметриялы, сұлбалы) мен тәсілдерін (тура, қисық қию, ою, флористика элементтерін және т.б.) қолдану, түрлі материалдардан (қағаз, мата, табиғи материалдар) жапсыру.

Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен (кілем, алаша, сырмақ, ши, көрпе, жастық және т.б.), киіз үйдің жабдықтарымен (кереге, уық, шаңырақ, сықырлауық, басқұр және т.б.) таныстыру, аталған заттардан қалауы бойынша қиып жапсыру, оларды ою-өрнектермен безендіру.

Сюжеттік композициялар жасау, оларды сәнді бөлшектермен толықтыру, жеке және топпен бірлесіп жасау, онда міндеттерді келісіп атқару.

Сюжеттік жапсыруда заттардың өлшеміне қарай арақатынасын, әртүрлі заттардың бөліктерінің пішінін, олардың құрылымын, пропорцияларын беру, әлеуметтік оқиғаларды, балалар өміріндегі оқиғаларды бейнелеу, шаблондармен, трафареттермен, дайын үлгілермен жұмыс істеу, композиция ережелеріне, перспективаға сәйкес бейнелерді құрастыру.

Қайшы мен желімді дұрыс қолдану, еңбек қауіпсіздігі мен жеке гигиена ережелерін сақтау.

Күтілетін нәтижелер:

- қайшымен түрлі геометриялық пішіндерді қияды;
- таныс немесе ойдан әртүрлі бейнелерді, қатпарланып бүктелген қағаздан бірдей бірнеше пішіндерді және екіге бүктелген қағаздан симметриялы пішіндегі заттарды қияды;
- қазақ халқының тұрмыстық заттарын, киіз үйдің жабдықтарын таниды, оларды қиып жапсырады, ою-өрнектермен безендіреді;
- жұмыс тәсілдерін таңдайды және түсіндіреді;
- бірнеше бөліктерден бейнелерді құрастырады;
- сюжеттік композициялар жасайды, оларды сәнді бөлшектермен толықтырады;
- жұмысты жеке және топпен бірлесіп жасайды, топтық жұмыста міндеттерді келісіп атқарады;
- сюжеттік жапсыруда заттардың өлшеміне қарай арақатынасын, әртүрлі заттардың бөліктерінің пішінін, олардың құрылымын, пропорцияларын береді;
- шаблондар мен трафареттермен, дайын үлгілермен жұмыс істейді;
- геометриялық элементтерден құрастырады, заттарды қазақ ою-өрнектерімен безендіреді;
- қайшы мен желімді дұрыс қолданады;
- еңбек қауіпсіздігі мен жеке гигиена ережелерін сақтайды.

МЕКТЕПАЛДЫ 0 «Б» СЫНЫБЫНЫҢ
ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ
2026 - 2027 оқу жылына арналған
ЖАПСЫРУ / ЖЫЛДЫҚ /

Р/с №	ҰІӘ-нің тақырыбы	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Сағат саны	Өту мерзімі	Ескерту
1	Көшедегі үйлер.Біздің үй.	-архитектуралық бөлшектер туралы түсініктерін кеңейте	1	15.09.2026 ж.	

		отырып, әр бөлікті өз орнына ұқыптылықпен жапсыру қабілеттерін дамыту; -балалардың үй туралы, оның түрлері туралы ой-қиялдарын жетілдіру.			
2	Күзгі жапырақтар.	-қол, саусақ қимылдарын арттыру; көркем сөйлеу тілін дамыту; -табиғатты сүюге, еңбекке тәрбиелеу.	1	13.10	
3	Бұлттар.	-қағаз бетіне бейнені дұрыс орналастыра білу машығына баулу; -шығармашылық қабілеттерін дамыту; -табиғатты сүюге, әсемдікке тәрбиелеу.	1	17.11	
4	Айдарлы әтеш	-үй құстарына деген қамқорлық сезімдерін ояту; -ойлау қабілеттерін , қиялын дамыту.	1	15.12	
5	Түлкі.	-бұрынғы үйренген әдіс-тәсілдерді өз еріктерімен қолдана білу дағдыларын қалыптастыру; -ұсақ қол қимылдарын, ойлау қабілетін дамыту , -ұқыптылыққа, тиянақтылыққа тәрбиелеу**.**	1	26.01.2027 ж.	
6	Домбыра.	-бүктелген қағаздан симметриялы пішінді қия білуді жалғастыру; -шығармашылық қасиеттерін дамыту; -қол қимылдарын жаттықтыру; -өнерді бағалай білуге, өнерлі болуға талпынуға ықпал ету.	1	02.03	
7	Орамалды әшекейле.	-балалардың геометриялық пішіндер туралы білімдерін пысықтау; -ұқыпты жапсыруға үйрету; -саусақ моторикасын дамыта отырып, өнерге баулу; -сенсорикалық тәрбиені дамыту; -достарына көмектесе білуге тәрбиелеу.	1	08.04	
8	Әжеме арналған қамзол. Мерекелік жалаушалар	-сәндік қолданбалы өнер түрлерімен таныстыру; -саусақ қимылдарын дамыту, қағазды қатпарлап, бүктеп қию әдістерін жалғастыру; -ою атауларын еске түсіру;ұлттық өнерді қадірлеуге, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. -қағаздарды түр-түсіне қарай іріктеп алу, пішіндерді қағаз бетіне дұрыс орналастыра білу дағдыларын қалыптастыру; саусақ қозғалыстарын жетілдіру; -қайшымен жұмыс істеу кемділігін арттыру; қуана білуге, достарына, айналасындағыларға қуаныш сыйлай білуге тәрбиелеу.	1	04.05	
Барлығы: 8 сағат					

МЕКТЕПАЛДЫ 0 «Б» СЫНЫБЫНЫҢ
ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ
2026 - 2027 оқу жылына арналған
ҚҰРАСТЫРУ / ЖЫЛДЫҚ /

Білім беру ұйымы: №15 мектеп-лицейі
Топ/сынып:мектепалды 0 «Б» сынып
Балалардың жасы:5-6жас
Жоспардың құрылу кезеңі: қыркүйек-жылдық 2026-2027 оқу жылы
Айына:1сағат, жылдық жүктеме 8 сағат
Алматы «Алматыкітап баспасы» 2025 ж.
Мақсаты: тәрбиеленушілердің қызығушылықтарын, жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, шығармашылық қиялын, эмоционалды-сезімдік саласын, дүниетанымын, ойлауын, көркем-эстетикалық талғамды дамыту.
Міндеттері:

балалардың өнер шығармаларын эмоционалды қабылдау қабілетін қалыптастыру;
балалардың шығармашылық қабілеттерін, қоршаған ортаны эстетикалық тұрғыдан қабылдауын дамыту;
қоршаған әлемді эмоционалды тану, өнер түрлері туралы түсінігін қалыптастыру;
өзінің, құрдастарының жұмыс нәтижелерін бағалай білуге, жұмысты ұжыммен орындауға баулу;
музыкаға, өнердің түрлеріне, өнер туындыларына ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу;
тәрбиеленушілердің жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ұлттық мәдениетке баулу арқылы патриотизмді тәрбиелеу үшін жағдай жасау;
балалардың түрлі әрекеттерінде қауіпсіздікті сақтау.

Құрастыру.

Құрылыс материалдарынан, конструктор бөлшектерінен құрастыру: ауызша сипаттау бойынша ұсынылған тақырыпқа, өзбетінше ойдан құрастыруға, құрдастарымен бірлесіп, шығармашылықпен құрастыруға баулу. Құрастырылған құрылысы мен құрылыстың шынайы бейнесі арасында байланыс орнату.

Қағаздан құрастыру. Қағаз цилиндрлерден қазақ халқының ұлттық бас киімдерін (тақия, сәукеле, кимешек және т.б.) және ыдыстарын құрастыру, оларды жіппен, ою-өрнектермен және т.б. безендіру. Пішіндердің түрлі қалыптарын бере білуді, оларды күрделі емес композицияларға біріктіруді қалыптастыру. Өзінің құрастырған құрылысын талдау арқылы тиімді конструктивті шешімдерді табу, оларды құрастыруда қолдану. Дербестікті, шығармашылықты, бастаманы қолдау.

Ұжыммен сюжетті құрастыруға баулу. Шығармашылық ойлауды және қиялды дамыту. Қағаздан құрастыру әдістерін қолданып, жазық материалды көлемді пішінге өзгерте білуді бекіту. Дайын үлгілермен және қарапайым сызба бойынша жұмыс істеу, бейнені кескіні бойынша қию үшін қайшыны қолдану.

Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру. Табиғи материалдарды дұрыс пайдалануға үйрету. Табиғи және қалдық материалдармен жұмыс жасау кезінде өзінің әрекетін жоспарлау дағдыларын жетілдіру, дербестік пен шығармашылық танытып, мақсатты түрде жұмыс жасай білу. Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып, елестетуі, ойлауы бойынша қолдан бұйымдар жасай білу.

Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен, киіз үйдің жасауларымен, тұрмыстық заттарымен, ыдыстарымен таныстыру, олардың қандай материалдан жасалғанын зерттеу. Табиғи (ағаш, мақта, жүн, жіп, асық, қағаз, тері, кенеп, мата, дәннің түрлері

және т.б.) және қалдық заттардан құрастыруға баулу.

Ойынға қажетті құрылысты бірлесіп ойдан құрастыруға, алдағы жұмысты бірге жоспарлауға, бір-бірімен келісіп орындауға, дайын құрылыспен ойнауға мүмкіндік беру.

Күтілетін нәтижелер:

- ұсынылған тақырыпқа, өзбетінше ойдан құрастырады;
- құрдастарымен бірлесіп, шығармашылықпен құрастырады;
- өзінің құрастырған құрылысын талдау арқылы тиімді конструктивті шешімдерді табады, оларды құрастыруда қолданады;
- бейнені кескіні бойынша қияды;
- қалдық және табиғи материалдан құрастырады;
- көрнекілікке сүйене отырып, елестетуі, ойлауы бойынша қолдан бұйымдар жасайды;
- қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарын, киіз үйдің жасауларын, тұрмыстық заттарын, ыдыстарын таниды, олардың қандай материалдан жасалғанын ажыратады;
- ойынға қажетті құрылысты бірлесіп ойдан құрастырады, жұмысты бірге келісіп орындайды, дайын құрылыспен ойнайды;
- ұжыммен бірге жұмыс істейді;
- жазық қағаз пішіндерді көлемді пішіндерге өзгертеді;
- жұмыс орнында қауіпсіздік ережелерін сақтайды.

МЕКТЕПАЛДЫ 0 «Б» СЫНЫБЫНЫҢ
ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ
2026 - 2027 оқу жылына арналған
ҚҰРАСТЫРУ / ЖЫЛДЫҚ /

Р/с№	ҰІӘ-нің тақырыбы	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Сағат саны	Өту мерзімі	Ескерту
1	Ұшақ.	-құрылыс материалдарынан ұшақты құрастыра білуге үйрету; -ұшақты құрастыруда оның негізгі бөлігі мен ұсақ бөлшектерін ажырата алу және балалардың ой-қиялын дамыту; -өзінің іс-әрекетін алдын ала жоспарлау дағдыларын қалыптастыру, батылдыққа, ерлікке тәрбиелеу.	1	22.09.2026 ж.	
2	Жәндіктер. Жануарлар әлемі.	-табиғи материалдардың түрлерімен таныстыру және олардан жәндіктерді құрастыруды үйрету; -кепкен жапырақтардың пішініне сәйкес әртүрлі ұсақ заттар дайындау, шығармашылық қабілеттерін дамыту; -киндер қауашақтарынан аңдардың бейнесін жасай білуге үйрету; -қалдық заттармен жұмыс жасауда шығармашылық ойлауды дамыту -сөзбен сипаттау арқылы сөздік қорын дамыту.	1	20.10	
3	Орманды	-табиғи материалдардан әртүрлі орман мекендеушілерін жасай	1	24.11	

	мекендеушілер.	білуге үйрету; -табиғи материалдарды пайдаланып әртүрлі бейнелер жасай білу, шығармашылық ойлау қабілеттерін дамыту; -ұжымдық жұмыс жасау арқылы мазмұнды құрастыруға қозғау салу, шығармашылық ойлауды және қиялдауды дамыту; - ұқыпты жұмыс жасай білуге тәрбиелеу.			
4	Ою- өрнектер. Киіз үй.	-сым темірден ою-өрнек құрастыра білуді үйрету; - көрнекіліктерді қолдану және ойдан шығару, өзінің көз алдына елестету арқылы жұмыс жасай білуді дамыту; -киіз үй құрастыруда оның негізгі бөліктерін ажырата алу және оған тән бөлшектерін анықтай білуге үйрету; -киіз үйдің бөліктерінің атауларымен таныстыру, оның адам өміріндегі маңызын түсіндіру, жасаған құрылысын талдай білу; -құрастыру барысында өзара келісімге келуге, қарым-қатынас мәдениетіне тәрбиелеу.	1	22.12.	
5	Көліктер.	-құрылыс материалдары мен «Лего» конструкторларды пайдалана отырып көлік түрлерін құрастыруға үйрету; -бірнеше бөліктен тұратын заттарды құрастыру,олардың бөлшектерін берік орнату және шығармашылық ойлауды дамыту; -берілген тақырыпқа сурет, фотосуреттер бойынша құрылыс салу оны сөзбен сипаттау арқылы сөздік қорын дамыту. Өзі жасаған құрылысын талдау негізінде шешімдер табу, оларды құру кезеңдерін жоспарлау, еңбек нәтижесіне жете білуге тәрбиелеу.	1	02.02.2027 ж.	
6	«Сиқырлы» қораптар.	-тіктөртбұрышты және цилиндр пішіндерден түрлі түсті қағаздарды пайдалана отырып жануарларды жасай білуге үйрету; -қалдық заттарды, қораптарды пайдалана отырып көрсеткен үлгіге сәйкес бейнелерді жасай білу, ой-қиялын дамыту; -қалдық заттардан жасалған ойыншықтарды өздігінен безендіру және шығармашылықпен еңбек ету, ұқыпты жұмыс жасай білуге тәрбиелеу.	1	09.03	
7	Мысық. Күшіктер.	-қалдық материалдармен заттар құрастыра білуге үйрету; -қалдық материалдарды мақсатты түрде пайдалана білуді бекіту; -қағаздан цилиндр пішіндер жасау арқылы күшікті бейнелей білуге үйрету; -қағазбен көлемді пішіндер жасауда композицияға біріктіру,	1	13.04	

		ойлау қабілеттерін дамыту; -күшіктің ұсақ дене бөліктерін өздігінен толықтыру, күрделі емес композицияға біріктіру; -шығармашылық қиялды дамыту, үй жануарларына қамқорлық жасай білуге тәрбиелеу.			
8	Менің мектебім. (Ұжымдық жұмыс)	-өз құрылысын талдай білуді бекіту, талдау негізінде құрылымдық шешімдер табу, оларды құру кезеңдерін жоспарлай білуге үйрету; -құрылыс материалдарымен құрастыруда ұжымдық мазмұнды құрастыруға қозғау салу, шығармашылық ойлауды және қиялдауды дамыту;	1	11.05	

МЕКТЕПАЛДЫ 0 «Б» СЫНЫБЫНЫҢ
ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ
2026 - 2027 оқу жылына арналған
МУЗЫКА / ЖЫЛДЫҚ/

Білім беру ұйымы: №15 мектеп-лицейі
Топ/сынып:мектепалды 0 «Б» сынып
Балалардың жасы:5-6жас
Жоспардың құрылу кезеңі: қыркүйек айы 2026-2027 оқу жылы
Аптасына: 2 сағат, барлығы 68 сағат
Алматы «Алматыкітап баспасы» 2025ж.
Мақсаты: тәрбиеленушілердің қызығушылықтарын, жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, шығармашылық қиялын, эмоционалды-сезімдік саласын, дүниетанымын, ойлауын, көркем-эстетикалық талғамды дамыту.
Міндеттері:

балалардың өнер шығармаларын эмоционалды қабылдау қабілетін қалыптастыру;
балалардың шығармашылық қабілеттерін, қоршаған ортаны эстетикалық тұрғыдан қабылдауын дамыту;
қоршаған әлемді эмоционалды тану, өнер түрлері туралы түсінігін қалыптастыру;
өзінің, құрдастарының жұмыс нәтижелерін бағалай білуге, жұмысты ұжыммен орындауға баулу;
музыкаға, өнердің түрлеріне, өнер туындыларына ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу;
тәрбиеленушілердің жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ұлттық мәдениетке баулу арқылы патриотизмді тәрбиелеу үшін жағдай жасау;
балалардың түрлі әрекеттерінде қауіпсіздікті сақтау.

Музыка.

Музыкаға қызығушылық пен сүйіспеншілікті қалыптастыру. Классикалық, халықтық және заманауи музыкамен таныстыру негізінде музыка мәдениетін қалыптастыру.

Музыка тыңдау.

Балаларды шығармалардың эмоционалды мазмұнын, олардың сипатын, көңіл-күйін, динамикалық ерекшеліктерін ажырата білуге үйрету.Музыкалық шығармаға көзқарасын білдіру, оның сипаты, мазмұны туралы айту.

Музыканың сипатын бейненің мазмұнымен, оның көңіл-күйімен байланыстыра білуді қалыптастыру.Өмірдің кейбір құбылыстарын бейнелеу тәсілі ретінде әлемдік және қазақ музыка өнерінің шығармаларымен таныстыру.

Музыкалық шығармалардың жанрларын ажыратуға (ән, күй, марш, би) үйрету. Шығармалардың жеке фрагменттері бойынша (кіріспе, қорытынды, музыкалық фразалар) әуендерді тану арқылы музыканы есте сақтауды жетілдіру.

Қазақ халық аспаптары: домбыра мен қобыз үнінің тембрлік ерекшеліктерімен, «күй» жанрымен, күйші-композиторлар: Құрманғазы, Қорқыт, Тәттімбет, Дина Нұрпейісова, Дәулеткерей Шығайұлы, Ықылас Дүкенұлы шығармаларымен таныстыру.

Лирикалық, вальс ырғағындағы баяу әуендерді қабылдау, әннің (шығарманың) сипатына сәйкес би қимылдарын орындай білу, әннің қарқынының өзгеруін байқау, шығармаларды сипаттай білу.

Қазақ халқының әндері мен би әуендерінің үздік үлгілерін тыңдауға баулу.

Ән айту.

Ән айтуда дауыспен вокалдық-есту қабілетін үйлестіруді жетілдіру.

Ән айту дағдыларын қалыптастыру, бірінші октаваның «ре», екінші октаваның «до» диапазонда жеңіл дауыспен ән айту, ән айтар алдында, музыкалық фразалар арасында тыныс алу, әннің сөздерін анық айту, орташа, қатты және ақырын дауыспен ән айту. Музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз жеке ән айту дағдыларын дамыту.

Әртүрлі сипаттағы әндерді өз бетінше және шығармашылықпен орындауға баулу. Әнді музыкалық талғаммен орындауға жаттықтыру.

Музыкалық-ырғақтық қимылдар.

Музыканың және оның бөліктерінің сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгерте отырып, жаттығуларды орындауға үйрету: марш сипатын анық ырғақты жүрумен; музыканың қимыл сипатын жеңіл және ырғақпен жүгіру, жүрелеп отыру арқылы бере білу.

Би қимылдарын: қосалқы және ауыспалы қадам жасауды, әртүрлі бағытта жүгіруді және секіруді меңгеру.

Билер

Музыкаға сәйкес орындалатын би қимылдарын білу; би қимылдарының элементтерін жеңіл, еркін орындау; қозғалыс бағытын музыкалық фразаларға сәйкес өзгерту.

Қазақ халқының би өнерімен таныстыру, қазақтың халықтық би өнері ерте заманнан қалыптасқандығын, ол халқымыздың аса бай ауыз әдебиетімен, ән-күйлерімен, дәстүрлі тұрмыс салтымен біте қайнасып келе жатқан ел мұрасы екенін, би өнері өзінің эстетикалық болмысында қазақ жұртының жалпы дүниетанымына сай арман-мұраттарын бейнелейтін қимылдар жүйесін құрайтынын түсіндіру, балаларға «Қаражорға» биін билету.

Би шығармашылығы.

Таныс би қимылдарын қолдана отырып, музыканың сипатына сәйкес ойдан би қимылдарын шығару, мәтінге сәйкес әнді сахналау; шығармашылық тапсырмаларды орындауға ынталандыру.

Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау

Балалар музыкалық аспаптарында қарапайым, таныс әуендерді жеке және шағын топпен орындауға үйрету, балалар шығармашылығын дамыту, оларды белсенділікке, дербестікке баулу.

Музыкалық (дауылпаз, асатаяқ, сазсырнай, тұяқтас, қоңырау, сыбызғы, домбыра, металлофон, ксилофон, бубен, барабан, маракас, румба және т.б.) және шулы аспаптарда ойнау тәсілдерімен таныстыру.

І жартыжылдық

Музыка тыңдау. Дағдыларды қалыптастыру:

Шығармалардың эмоционалдық мазмұнын, олардың сипатын, көңіл күйін ажырату, әсерлі реңктерін ажырату. Музыкалық шығармаға өзінің қатынасын білдіру, оның мазмұны мен сипаты туралы пікірін айту, қазақтың ұлттық аспабының дыбысталуымен таныстыру. Ұлттық, домбырада және қобызда орындалатын "күй" жанрымен таныстыру, күйші-композитор: күйші Құрманғазы, қобызшы Қорқыт шығармашылығымен таныстыру.

Ән айту. Дағдыларды қалыптастыру:

Дауысы мен есту қабілеттерін дамытуға арналған жаттығуларда қиын емес әуендерді 2–3 жақын үндестікте дауысын дәл келтіріп орындауға үйрету, септима мен терция дыбыстарын ажырату, қолымен бағытын (жоғары-төмен) көрсете отырып, әуеннің жоғарғы-төменгі қозғалысын ажырату.

Әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру, әннің кіріспесін, басын, қайырмасын ажырату. Мерекелік әннің шаттық күйін көңілді жеткізіп, жеңіл, ширақ дауыспен шумақтардың соңын жұмсартып айту. Қазақ халқының музыкасын қабылдау.

Музыкалық-ырғақтық қимылдар. Дағдыларды қалыптастыру:

Музыка сипатын анық ырғақты жүріспен, музыканың ширақ сипатын жеңіл, ырғақты жүгіріспен беру жаттығуларын орындау.

Ойындар, хороводтар. Дағдыларды қалыптастыру:

Музыка сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау: қол ұстасып, шеңберде айтылатын әндермен шеңберді айналып жүру, музыкалық тіркестерге сәйкес қозғалыстарды өзгерту, жылдамдық пен ептілікті білдіру, пьесаның аяқталуын белгілеу,

ұлттық ойындардың көңілді сипатын бере білу, дауыстардың биіктіктерін ажыратып, үлкен шеңберден кіші шеңберге қайта тұру.

Билер Дағдыларды қалыптастыру:

Әуеннің би сипатын сезіну, би қимылдарының элементтерін орындау, халық биін үйрену арқылы көркем мұраның кейбір элементтерімен таныстыру.

Би шығармашылығы. Таныс би қимылдарын қолдана отырып, ойдан би шығару іскерліктерін мадақтау, мәтінге сәйкес әнді жеке сахналау мен шығармашылық тапсырмаларды орындауға үйрету.

Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау. Дағдыларды қалыптастыру: Ересектердің орындауындағы музыкалық пьесаларды тыңдау, жоғарғы регистр, аспаптың дыбысталу тембрін ажырату. Әуеннің ырғақтық бейнесін ұрмалы аспаптарда жеке немесе кішігірім топпен ойнау. Қазақтың ұлттық ұрмалы аспаптарында ойнауға үйрету.

II жартыжылдық

Музыка тыңдау. Дағдыларды қалыптастыру:

Музыкалық мәнерлілік құралдары мен сипатын егжей-тегжейлі ажырату қабілетін дамыту. Домбыраның дыбысталуы бейнеленген пьесаларды әсерлі реңкі мен музыкалық мәнерлілік құралдарын белгілей отырып тыңдау. Лирикалық, вальс ырғағындағы байсалды әуендерді қабылдап, пьесаның билеуге икемді сипатын сезініп, қарқындық өзгерісін белгілеу. Музыкалық дыбысталуының сипаттамасына сүйене отырып, бейненің мазмұны мен музыкалық мәнерлілік элементтерімен байланыстыру, шығарманы сипаттай білу. Қазақстан композиторларының шығармашылығымен таныстыруды жалғастыру.

Ән айту. Дағдыларды қалыптастыру:

1) бір дыбыста құрылған әуеннің бөліктерін дәл ырғағымен дербес орындау;
2) терция дыбыстарын ажырату, қолмен бағытын көрсете отырып, әуеннің жоғарғы-төменгі қозғалысын ажырату;
3) қолмен бағытын көрсете отырып, әуеннің жоғарғы-төменгі қозғалысын ажырату;
4) фортепианоның сүйемелдеуімен немесе сүйемелдеуінсіз, жалғыз немесе топпен айту, оны металлофонда ойнау.

Сезіммен, ырғаққа сәйкес, ырғақтық бейнесін сақтай отырып, сөздерді анық және фразалар арасында дұрыс тыныс алып, музыкалық кіріспеден соң бірден бастап айту. Динамикалық ерекшелікті көрсете отырып, эмоционалды түрде ән айту, тынысты дұрыс алу.

Музыкалық-ырғақтық қимылдар, жаттығулар. Дағдыларды қалыптастыру:

Музыканың ширақ сипатын жеңіл, ырғақты жүгіріспен беру, тізені көтеріп жүгіруді орындау, ұлттық би элементтерін орындау, музыка сипатын би қимылдарында беру.

Ойындар, хороводтар. Дағдыларды қалыптастыру:

Түрлі сипаттағы музыкамен байланысты музыкалық-ойын бейнелерін: байсалды, баяу және көңілді, шаттықты би күйін мәнерлі жеткізу. Музыкаға сәйкес заттармен қозғалу, саптағы орнын өзгерте отырып, кеңістікте еркін бағдарлану: екі шеңбер, үлкен шеңберге тұру. Сюжетті ойындарды сахналауға үйрету.

Билер Дағдыларды қалыптастыру:

Музыкаға сәйкес қозғалыс бағытын жеңіл, еркін және нақты ауыстыра отырып орындау, би бейнелерін беру, бейнелік би қозғалыстарын қолдана отырып, әндерді сахналау.

Би шығармашылығы. Музыка сипатына сәйкес таныс би қимылдарын қолданып, би ойластыру.

Балалардың музыкалық аспаптарда ойнауы. Дағдыларды қалыптастыру:

Ересектердің орындауында халық әуендерін тыңдау, олардың сипаты мен қарқынын белгілеу. Жеңіл әуендерді ансамбльмен, балаларға арналған музыкалық аспаптарда фортепианоның сүйемелдеуімен, уақытында қосылып айту, ырғақтық бейнесін анық бере отырып ойнау, әуенді ойынмен бірге сүйемелдеу.

Күтілетін нәтижелер:

- музыкаға қызығушылық пен сүйіспеншілік танытады;
- музыкалық шығармаларға көзқарасын білдіреді, оның сипаты, мазмұны туралы айтады;
- қарапайым музыкалық жанрларды ажыратады (күй, ән, би, марш);
- әннің басында, музыкалық фразалардың арасында тыныс алуды біледі, бірінші октаваның «ре» екінші октаваның «до» диапазонында
- жеңіл дауыспен ән айтады;
- әннің сөзін анық айтады, музыка сипатын қабылдайды және жеткізеді;
- шығарманың жеке фрагменттерін (кіріспе, қайырмасы, соңы) ажырата алады;
- қазақ халқының күйші, композиторларын біледі;
- таныс әндерді өз бетінше музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз орындайды;
- әртүрлі сипаттағы әндерді өз бетінше және шығармашылықпен орындайды;
- музыкалық аспаптарда қарапайым әуендерді ойнайды;
- марш сипатын анық ырғақты жүрумен, музыканың қимыл сипатын – жеңіл және орташа (жоғары-төмен) ырғақпен береді;
- заттармен қимылдар жасайды, сюжетті ойындарды сахналайды;
- музыканың сипатына сәйкес қимылдарды орындайды;
- балаларға арналған музыкалық аспаптарда ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгерген.

МЕКТЕПАЛДЫ 0 «Б» СЫНЫБЫНЫҢ
ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ
2026 - 2027 оқу жылына арналған
МУЗЫКА / ҚЫРКҮЙЕК/

Р/с №	ҰІӘ-нің тақырыбы	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Репертуар	Сағат саны	Өту мерзімі	Ескерту

1	Білімің бұлағың.	- домбырада орындалатын күй жанрымен таныстыру, күйші-композитор Дәулеткерей шығармашылығымен таныстыру; -әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру, әннің кіріспесін, басын, қайырмасын ажыратуға үйрету; -балалардың музыкаға деген құштарлығын арттыру.	**Музыка тыңдау:** «Қосалқа» (Дәулеткерей, үнтаспа) **Ән айту:** «Білімің – бұлағың» (Т.Қоңыратбай) **Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** «Қояндар», «Аю», «Түлкі», «Қасқыр»(Т. Ломова) **Би:** «Жұптасу биі» (чех халық әуені) **Ойындар, хороводтар:** «Айгөлек» қазақтың халық әні (өңдеген Б.Қыдырбекова)	1	01.09.2026 ж.	
2	Біз бақытты балдырған.	-көңіл күйін, динамикалық ерекшеліктерін, әсерлі реңктерін ажырата білуге үйрету. Музыка сипатын анық, ырғақты жүріспен музыканың ширақ сипатын жеңіл, ырғақты жүріспен беру жаттығуларын орындау дағдыларын қалыптастыру; -әуеннің би сипатын түсіну,би қимылдарының элементтерін орындау, жаңа би элементтерімен танысу. Бақытты балалық шақ туралы сұхбаттасу; -балалардың музыкаға деген құштарлығын арттыру.	**Музыка тыңдау.** «Көңілді балалар әні (Б. Дәлденбай) **Ән айту:** «Біз бақытты балдырған» (Т. Нағашыбаев) «Білімің – бұлағың» (Т. Қоңыратбай) **Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** «Қояндар», «Аю», «Түлкі», «Қасқыр»(Т. Ломова) **Би:** «Жұптасу биі» (чех халық әуені) **Ойындар, хороводтар:** Ұлттық ойын «Етек-етек» (Т. Сарыбаева)	1	03.09	
3	Нота үйренейік.	-дауысы мен есту қабілеттерін дамытуға арналған жаттығуларда қиын емес әуендерді екі-үш жақын үндестікте дауысын дәл келтіріп, балалар музыкалық аспаптарында қарапайым, таныс әуендерді жеке және шағын топпен орындауға үйрету; -әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру, әннің кіріспесін, басын, қайырмасын ажырату дағдыларын қалыптастыру; -балалардың музыкаға деген	**Музыка тыңдау:** «Гүлдерайым» қазақтың халық әні (өңдеген Т. Қоңыратбай). **Ән айту:** «До-ре-ми» (Ө. Байділдаев), «Біз бақытты балдырған»(Т. Нағашыбаев) **Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** «Марш» (В. Дешевов) **Би:** «Жұптасу биі» (чех халық әуені қайталау) **Ойындар, хороводтар:** «Сиқырлы ағаш»	1	08.09	

		құштарлығын арттыру.	**Музыкалық аспапта ойнау:** «Еркем-ай» қазақтың халық әні (өңдеген Б. Дәлденбай)			
4	Қазақтың аспаптары.	-музыка сипатын анық ырғақты, ширақ жүріспен беруге, балалар музыкалық аспаптарында қарапайым, таныс әуендерді жеке және шағын топпен орындауға үйрету. Ән айтуда дауыспен вокалдық-есту қабілетін үйлестіру. Қазақтың аспаптарымен таныстыру; -музыканың және оның бөліктерінің сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгерте отырып, жаттығуларды орындау дағдыларын қалыптастыру; -балалардың музыкаға деген қызығушылығын арттыру.	**Музыка тыңдау:** «Домбыра» Г.Жаньярова **Ән айту:** «Қазақтың аспаптары» (Г. Жаньярова) «До-ре-ми» әні (Ө. Байділдаев). **Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** «Күн шықты» (Қолдарымен жаттығу) **Би:** «Күзгі жапырақтармен би». («Вальс» П.Чайковский). **Ойындар, хороводтар:** «Құстың қауырсыны кімге барады» **Музыкалық аспапта ойнау:** «Еркем-ай» қазақтың халық әні (өңдеген Б. Дәлденбай)	1	10.09	
5	Көңілді ырғақтар.	-шығармалардың эмоционалдық мазмұнын, олардың сипатын, көңіл күйін, динамикалық ерекшеліктерін, әсерлі реңктерін ажырата білуге үйрету. Музыка сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау, музыкалық тіркестерге сәйкес қозғалыстарды өзгерту дағдыларын қалыптастыру; -ән айтар алдында, музыкалық фразалар арасында тыныс алу, әннің сөздерін анық айту, орташа, қатты және ақырын дауыспен ән айту; -көңілді әуенге қызығушылықтарын арттыру.	**Музыка тыңдау:** «Көңілді би» (Е.Штраус) **Ән айту:** «Мен өнерлі баламын» (М. Омаров) ««Қазақтың аспаптары» (Г. Жаньярова) **Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** «Бәріміз бірге» (А.Айтуова) **Би:** «Күзгі жапырақтармен би» «Вальс» (П. Чайковский). **Ойындар, хороводтар:** «Ән салған кім?» (А. Райымқұлова)	1	15.09	
6	Мен өнерлі баламын.	-әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп, дауысы мен есту қабілеттерін дамытуға арналған жаттығуларда қиын емес әуендерді екі-үш жақын үндестікте дауысындәл келтіріп орындауға үйрету; -би түрлерімен таныстыру және оларды ажырату. Әуеннің би сипатын түсіну, би қимылдарының	**Музыка тыңдау:** «Вальс» Қ. Шілдебаев, «Полька» М. Красев, «Қамажай» халық әуені (өңдеген Н. Меңдіғалиев). **Ән айту:** «Мен өнерлі баламын» (М.Омаров) , «До-ре-ми» (Ө. Байділдаев) **Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** «Биімді қайтала» (үнтаспа) **Би:** «Күзгі жапырақтармен би». «Вальс»	1	17.09	

		элементтерін орындау дағдыларын қалыптастыру; -балалардың музыкаға деген қызығушылығын арттыру.	(П.Чайковский). **Ойындар, хороводтар:** «Орамал алу» **Музыкалық аспапта ойнау:** «Еркем-ай» қазақтың халық әні (өңдеген Б. Дәлденбай)			
7	Ұлттық аспаптар.	қазақ халқының домбыра аспабында орындалатын күй жанрымен, күйші Құрманғазы шығармасымен таныстыру. Ән айтуда дауыспен вокалдық-есту қабілетін үйлестіру. Әуеннің ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру. Әуеннің би сипатын түсіну, би қимылдарының элементтерін орындау. Балалардың музыка аспабына деген қызығушылығын арттыру.	Музыка тыңдау: «Балбырауын» (Құрманғазы, үнтаспа) Ән айту: «Біз бақытты баламыз» (К. Қуатбаев), «Мен өнерлі баламын» (М. Омаров) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Балалар полькасы» (Жилинский) Би: «Шабандоз» (Р. Шуман) Ойындар, хороводтар: «Гүлдер мен аралар» Музыкалық аспапта ойнау: «Тарелкалармен оркестр»	1	22.09	
8	Біздің аспаптар.	-қазақ халқының домбыра аспабында орындалатын күй жанрымен, күйші Құрманғазы шығармасымен таныстыру. Әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру; -әуеннің би сипатын сезіну, би қимылдарының элементтерін орындау; -балалардың музыка аспабына деген қызығушылығын арттыру.	**Музыка тыңдау:** «Адай» (Құрманғазы, үнтаспа) **Ән айту:** «Домбырашы» (Е. Төлепов), «Біз бақытты баламыз» (К. Қуатбаев) **Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** «Би» (Хамиди). **Би:** «Шабандоз» (Р. Шуман) **Ойындар, хороводтар:** «Көңілді музыканттар» **Музыкалық аспапта ойнау:** «Илигай» қазақтың халық әні (өңдеген Б. Дәлденбай).	1	24.09	
9	Күзгі серуен.	-музыканың сипатын бейненің мазмұнымен, оның көңіл күйімен байланыстыра білуді қалыптастыру. Ән айту, бірінші октаваның«Ре», екінші октаваның «До» диапазонында жеңіл дауыспен ән айту дағдыларын қалыптастыру; -марш сипатын анық ырғақты жүрумен, музыкалық қимыл сипатын жеңіл және ырғақпен секіру; -табиғатқа деген сүйіспеншілік сезіміне тәрбиелеу.	**Музыка тыңдау:** «Қазан» (П. Чайковский) **Ән айту:** «Күз келгенде» (Н. Талғатұлы). «Домбырашы» (Е. Төлепов) **Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** «Марш» (В.Дешевов) **Би:** «Шабандоз» (Р. Шуман) **Ойындар, хороводтар:** Ән-ойын "Етек-етек"(Т. Сарыбаева) **Музыкалық аспапта ойнау:** «Илигай» қазақтың халық әні (өңдеген Б. Дәлденбай)	1	29.09	

МУЗЫКА / ҚАЗАН АЙЫ/

Р/с №	ҰІӘ-нің тақырыбы	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Репертуар	Сағат саны	Өту мерзімі	Ескерту
10	Күз суреттері.	-шығармалардың эмоциялық мазмұнын, олардың сипатын, көңіл күйін, әсерлі реңктерін ажыратуға үйрету. Әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру; -қимылдарды музыкаға ілесе орындауларын қадағалау; -табиғатқа деген сүйіспеншілік сезіміне тәрбиелеу.	**Музыка тыңдау:** «Күз суреттері» (А.Досмағанбет, С.Қамшыгер) **Ән айту:** «Күз келгенде» (Н. Талғатұлы). **Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** «Марш» (Люлли) **Би:** «Күзгі жапырақтармен би». («Вальс» П.Чайковский). **Ойындар, хороводтар:** "Етек-етек" ән-ойын (Т. Сарыбаева) **Музыкалық аспапта ойнау:** «Илигай» қазақтың халық әні (өңдеген Б. Дәлденбай)	1	01.10	
11	Күз – жомарт.	-қазақ халқының домбыра аспабында орындалатын күй жанрымен, күйші Тәттімбет шығармасымен таныстыру, әнді айта отырып, әуеннің көңілді, көңілсіз екенін ажырату дағдыларын қалыптастыру; -қолдың бағыты арқылы (жоғары, төмен), әуеннің қозғалысын ажырату өз бетінше әуенге сай қимылдар жасай алуды білу; -табиғатқа деген сүйіспеншілік сезіміне тәрбиелеу.	**Музыка тыңдау:** «Саржайлау» (Тәттімбет, үнтаспа) **Ән айту:** «Күз тамаша» (С. Шынымов)«Күз келгенде» (Н. Талғатұлы). **Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** «Полька» (П.Чайковский) **Би:** «Күзгі жапырақтармен би», («Вальс» П.Чайковский). **Ойындар, хороводтар:** «Қандай ырғақ» (К. Қуатбаев)	1	06.10	
12	Күз тамаша.	-әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру, әннің кіріспесін, басын, қайырмасын ажыратуға дамыту. Әуеннің би сипатын сезіну, би қимылдарының элементтерін орындау; -музыка сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау, музыкалық	**Музыка тыңдау:** «Күзгі вальс» (Б. Бисенова үнтаспа) **Ән айту:** «Күз тамаша» (С. Шынымов), «Күз келгенде» (Н. Талғатұлы) **Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** «Полька» (П.Чайковский) **Би:** «Күзгі жапырақтармен би». («Вальс» П.Чайковский). **Ойындар, хороводтар:**	1	08.10	

		тіркестерге сәйкес қозғалыстарды өзгерту дағдыларын қалыптастыру; - музыка арқылы балалардың эстетикалық талғампаздығын дамыту.	«Қандай ырғақ» (К. Қуатбаев)			
13	Күзгі жаңбыр.	-музыканың сипатын түсініп, эмоцияларын көрсете білуге дағдыландыру. Марш сипатын анық ырғақты жүрумен, музыкалық қимыл сипатын жеңіл және ырғақпен секіру, музыканың ширақ сипатын жеңіл, ырғақты жүріспен беру дағдыларын қалыптастыру; -музыкалық шығармаға өзінің қатынасын білдіру, әннің шаттық күйін көңілді жеткізіп, жеңіл, ширақ дауыспен шумақтардың соңын жұмсартып айту; -табиғатқа деген сүйіспеншілік сезіміне тәрбиелеу.	**Музыка тыңдау:** «Жаңбыр шақыру(Д. Ботбаев) **Ән айту:** «Жау, жау, жаңбыр» (К. Дүйсекеев) «Күз тамаша» (С.Шынымов) **Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** «Көңілді балалар» литва халық әуені (өңд. Т. Ломова) **Би:** «Күзгі жапырақтармен би». («Вальс» П.Чайковский). **Ойындар, хороводтар:** «Күн мен жаңбыр» ойыны	1	13.10	
14	Жау, жаңбыр.	-балаларды шығармалардың эмоционалды мазмұнын, олардың сипатын, көңіл-күйін, динамикалық ерекшеліктерін ажырата білуге үйрету. Музыка сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау, жылдамдық пен ептілікті білдіру; -музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз жеке ән айту дағдыларын дамыту; -ойын арқылы бір-біріне деген достық сезімдерін ояту.	**Музыка тыңдау:** «Күзде» (К.Ыбырайұлы) **Ән айту:** («Жаңбыр» (А.Көшербаев) «Жау, жау, жаңбыр» (К. Дүйсекеев) **Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** «Достық» (Саусақтармен жаттығу) **Би:** «Күзгі жапырақтармен би». («Вальс» П.Чайковский). **Ойындар, хороводтар:** «Күн мен жаңбыр» ойыны	1	15.10	
15	Менің Қазақстаным.	-балаларды шығармалардың эмоционалды мазмұнын, олардың сипатын, көңіл күйін, динамикалық ерекшеліктерін ажырата білуге үйрету. Ән сипатын ұғыну, әннің көңіл күйін бере білу; -музыканың көңілді би сипатын қабылдау, музыканың кіріспесін ажырату, содан кейін қимылды бастау	**Музыка тыңдау:** «Туған жер» (Ж.Тұрсынбаев) **Ән айту:** «Отанның жас өркені»(С. Шынымов, Б. Жұмабекова) «Жаңбыр» (А.Көшербаев) **Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** «Қазақ маршы» (А. Затаевич) **Би:** «Жалаушамен би»	1	20.10	

		дағдыларын қалыптастыру; - балалардың өз Отанына деген сүйіспеншілігін арттыру.	(қазақтың халық әуені, өңдеген Е. Брусиловский) **Ойындар, хороводтар:** «Тақия тастамақ» ұлттық ойын.			
16	Қазақстан – кең байтақ елім.	-әртүрлі сипаттағы, қарқындағы музыканы қабылдау, музыкаға деген өзіндік қатынасын, ол туралы пікірін айту; әндердің және музыкалық бейнелердің арақатынасын тану және атау, хормен, сөздер мен дыбыстарды таза және анық, ән айту дағдыларын қалыптастыру; -балаларға кең-байтақ өлкеміз Қазақстан туралы мәлімет беріп, оларды музыка арқылы патриоттық сезімге тәрбиелеу.	**Музыка тыңдау:** «Туған ел» (Л.Хамиди) **Ән айту:** «Қазақстан» (С.Шынымов) «Отанның жас өркені» (С. Шынымов, Б. Жұмабекова) **Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** «Жеңіл би» (Т.Ломова) **Би:** «Жалаушамен би» (қазақтың халық әуені, өңдеген Е. Брусиловский) **«Ойындар, хороводтар:** «Шаңырақ» ойыны.	1	22.10	

МУЗЫКА / ҚАРАША АЙЫ/

Р/с №	ҰІӘ-нің тақырыбы	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Репертуар	Сағат саны	Өту мерзімі	Ескерту
17	Әсем қалам-Алматы.	-ән айту дағдыларын қалыптастыру, бірінші октаваның «Ре», екінші октаваның «До» диапазонында жеңіл дауыспен ән айту, ән айтар алдында, музыкалық фразалар арасында тыныс алу, әннің сөздерін анық айту, орташа, қатты және ақырын дауыспен ән айту; -марш сипатын анық ырғақты жүрумен, музыкалық қимыл сипатын жеңіл және ырғақпен секіру, музыканың ширақ сипатын жеңіл, ырғақты жүріспен беру; -балаларды сезімталдыққа тәрбиелеу.	**Музыка тыңдау:** «Сағындым Алматыны» (Е.Хасанғалиев, үнтаспа) **Ән айту:** «Алматы» (Е.Хасанғалиев), «Қазақстан» (С.Шынымов) **Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** «Шабандоз» (Р. Шуман) **Би:** «Гүлдермен би» («Сағындым Алматыны» (Е.Хасанғалиев, үнтаспа) **«Ойындар, хороводтар:** «Үш түрлі көңіл күй»	1	03.11	
18	Сабантойды тойлаймыз.	-музыкалық шығармаға өзінің қатынасын білдіру, әннің мазмұны мен сипаты туралы пікірін айту. Қолымен бағытын (жоғары-төмен) көрсете білу, дауыстардың биіктіктерін ажыратып, жоғары-төменгі қозғалысын ажырату; -музыка сипатына	**Музыка тыңдау:** «Күзгі құбылыс» (А.Досмағанбет) **Ән айту:** «Сабантой» Е.Хасанғалиев,«Алматы» (Е.Хасанғалиев) **Музыкалық-ырғақтық қимылдар:**	1	05.11	

		сәйкес қимылдар орындау; -мерекелік көңіл күй сыйлау, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.	«Аспанда еркін самғайды» (қол қимылдарымен жаттығу) **Би:** «Гүлдермен би» («Сағындым Алматыны», Е.Хасанғалиев, үнтаспа) **Ойындар, хороводтар:** «Соқыртеке» ойыны			
19	Күзгі вальс.	-музыкалық шығармаға өзінің қатынасын білдіру, әннің мазмұны мен сипаты туралы пікірін айту. Музыка сипатына сәйкес би қимылдарының элементтерін орындау, ән айту, бірінші октаваның «Ре», екінші октаваның «До» диапазонында жеңіл дауыспен ән айту дағдыларын қалыптастыру; -табиғатқа деген сүйіспеншілік сезіміне тәрбиелеу.	**Музыка тыңдау:** «Күзгі вальс» (А.Досмағанбет) **Ән айту:** «Күн суытты далада» (А. Айтуова) «Сабантой» Е.Хасанғалиев **Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** «Аспанда еркін самғайды» (қол қимылдарымен жаттығу) **Би:**«Күзгі жапырақтармен би» («Вальс» П.Чайковский). **Ойындар, хороводтар:** «Тақия тастамақ» қазақтың ұлттық ойыны	1	10.11	
20	Тәуелсіздік таңы.	-музыкалық шығармалардың жанрларын ажыратуға (ән, күй, марш, би) үйрету. Ән айтар алдында, музыкалық фразалар арасында тыныс алу, әннің сөздерін анық айту, орташа, қатты және бәсең дауыспен ән айту, музыкаға сәйкес орындалатын би қимылдарын білу; -би қимылдарының элементтерін жеңіл, еркін орындау дағдыларын қалыптастыру; -балалардың өз Отанына деген сүйіспеншілігін арттыру.	**Музыка тыңдау:** «Аққу» (Н. Тілендиев, үнтаспа) **Ән айту:**«Тәуелсіздік таңы» (А.Шырынбекова) «Күн суытты далада» (А. Айтуова) **Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** «Шеңберге тұр» (Л. Бетховен) **Би:** «Асатаяқ биі» («Ата толғауы» күйі, Н. Тілендиев, үнтаспа). **Ойындар, хороводтар:** «Аспаптың үнін ажырат».	1	12.11	
21	Елтаңбасы елімнің.	-әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау, балалардың музыкаға деген құштарлығын арттыру. Ән айтар алдында, музыкалық фразалар арасында тыныс алу, орташа, қатты және бәсең дауыспен ән айту; -әуеннің би сипатын сезіну, би қимылдарының элементтерін орындау,	**Музыка тыңдау:** «Қазақтың жері» (Б.Түзелбекова) **Ән айту:** «Елтаңбасы елімнің» (Д. Омаров). «Тәуелсіздік таңы» (А.Шырынбекова) **Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** «Шеңберге тұр» (Л. Бетховен)	1	17.11	

		халық биін үйрену арқылы көркем мұраның кейбір элементтерімен таныстыру.	**Би:** «Асатаяқ биі» («Ата толғауы» күйі, Н. Тілендиев, үнтаспа). **Ойындар, хороводтар:** «Орамал алу»			
22	Жомарт өлкем.	-әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру, әннің кіріспесін, басын, қайырмасын ажырату дағдыларын қалыптастыру; -музыка сипатына сәйкес ойын әрекеттерін және би қимылдарын орындау іскерліктерін дамыту; -балалардың өз Отанына деген сүйіспеншілігін арттыру.	**Музыка тыңдау:** «Туған ел» (Л. Хамиди) **Ән айту:**«Жомарт елім» (И. Нүсіпбаев)«Елтаңбасы елімнің»(Д. Омаров) **Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** «Жаса, Қазақстан» (А.Жүнісбеков үнтаспа) **Би:** «Асатаяқ биі» («Ата толғауы» күйі, Н. Тілендиев, үнтаспа). **Ойындар, хороводтар:** «Сиқырлы ағаш» .	1	19.11	
23	Туған жер.	-музыка сипатына сәйкес ойын әрекеттерін және би қимылдарын орындау. Қазақтың ұлттық ұрмалы аспаптарында ойнауға үйрету; -әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау, балалардың музыкаға деген құштарлығын арттыру; -балаларды туған өлкесін сүюге, аялай білуге тәрбиелеу.	**Музыка тыңдау:** «Туған жер» (Ж.Тұрсынбаев) **Ән айту:**«Жомарт елім» (И. Нүсіпбаев)«Тәуелсіздік таңы» (А. Шырынбекова) **Музыкалық-ырғақтық қимылдар:**«Шеңберге тұр» (Л. Бетховен) **Би:** «Домбыра күмбірі» биі («Қасиетті домбыра» Б.Бейсенова, үнтаспа) **Ойындар, хороводтар:**«Қақпан» **Музықалық аспапта ойнау:** «Сәулем-ай» (қазақты	1	24.11	
24	Асқақта, Астана!	-би элементтерін мәнерлеп жасауға үйрету. Шығармалардың эмоциялық мазмұнын, олардың сипатын, көңіл күйін, әсерлі реңктерін ажырату; -әннің шаттық көңілін көңілді жеткізіп, жеңіл, ширақ дауыспен шумақтардың соңын жұмсартып айту. Балаларға дидактикалық ойын ойнау арқылы музыкалық ұғымдарды ұғындыру; -балалардың өз Отанына деген сүйіспеншілігін арттыру.	**Музыка тыңдау:**«Асқақта, Астана»(А. Әлиев) **Ән айту:** «Астана» (А. Досмағанбет) «Жомарт елім» (И. Нүсіпбаев) **Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** «Мерекелік марш» (Б. Дәлденбай) **Билер:**«Домбыра күмбірі» биі («Қасиетті домбыра» Б.Бейсенова, үнтаспа) **Ойындар, хороводтар:**	1	26.11	

			«Мен күйшімін»			

МУЗЫКА / ЖЕЛТОҚСАН АЙЫ/

Р/с №	ҰІӘ-нің тақырыбы	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Репертуар	Сағат саны	Өту мерзімі	Ескерту
25	Гүл жайнаған Астана.	-әуеннің би сипатын сезіну, би қимылдарының элементтерін орындау, ән айтуда дауыспен вокалдық-есту қабілетін үйлестіруді жетілдіру, ән айтар алдында, музыкалық фразалар арасында тыныс алу, әннің сөздерін анық айту, орташа, қатты және ақырын дауыспен ән айту дағдыларын қалыптастыру; -музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз жеке ән айту дағдыларын дамыту; -балалардың өз Отанына деген сүйіспеншілігін арттыру.	**Музыка тыңдау:** «Асқақта, Астана» (А. Әлиев). **Ән айту:** «Астанам – бас қалам» (Ә.Қонысбеков), «Астана» (А. Досмағанбет) **Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** «Күн шықты» жаттығу **Билер:** «Домбыра күмбірі» биі («Қасиетті домбыра» Б.Бейсенова, үнтаспа) **Ойындар, хороводтар:** «Мен күйшімін» **Музыкалық аспапта ойнау:** «Илигай» қазақтың халық әні (өңд. Б. Дәлденбай)	1	01.12	
26	Біздің рәміздер.	-ересектердің орындауындағы музыкалық пьесаларды тыңдау, жоғарғы регистр, аспаптың дыбысталу тембрін ажырату. Әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру, әннің кіріспесін, басын, қайырмасын ажырату. Балаларға дидактикалық ойын ойнау арқылы музыкалық ұғымдарды ұғындыру; -қимылды қозғалысты ойын ойнату; -ән айтар алдында, музыкалық фразалар арасында тыныс алу, орташа, қатты және ақырын ән айту.	**Музыка тыңдау:** «Қазақстан жалауы»(Д. Омаров) **Ән айту:** «Мемлекеттік рәміздер»(А.Тоқанова) «Астанам – бас қалам» (Ә.Қонысбеков) **Музыкалық-ырғақтық қимылдар:**«Жаса, Қазақстан» (А. Жүнісбеков, үнтаспа) **Би:** «Қаражорға биі» (халық күйі, өңдеген Л. Хамиди, үнтаспа) **Аспапта ойнау:** «Илигай» қазақтың халық әні (өңдеген Б. Дәлденбай).	1	03.12	
27	Тәуелсіздік тірегім.	-музыкалық шығармалардың жанрларын ажыратуға (ән, күй, марш,	**Музыка тыңдау:** «Көңіл ашар» (Түркеш, үнтаспа)	1	08.12	

		би) үйрету. Әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру, әннің кіріспесін, басын, қайырмасын ажырату; -әуеннің би сипатын сезіну, би қимылдарының элементтерін орындау дағдыларын қалыптастыру; -балалардың өз Отанына деген сүйіспеншілігін арттыру.	**Ән айту.** «Мемлекеттік рәміздер» (А. Тоқанова), «Жомарт елім» (И.Нүсіпбаев), «Астана – бас қала» (Ә.Қонысбеков). **Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** «Шеңберге тұр» (Л. Бетховен) **Би:** «Қаражорға биі» (халық күйі, өңдеген Л. Хамиди, үнтаспа) **Ойындар, хороводтар:** «Әуенді тап»			
